

Еркін Тұқымов

**Американы тану:
Қазақстаннан көзқарас**

**Ұлы державаның даму тарихы:
Pro & Contra**

Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 327 (100-87)

КБЖ 66.4 (0)

Т 85

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

Т85 Тұқымов Е.В. Американы тану: Қазақстаннан көзқарас:
монография. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы Қазақстан
стратегиялық зерттеулер институты, 2020. – 380 б.

ISBN 978-601-7972-34-9

Құрама Штаттардың даму тарихына арналған бүкіл әлем ғалымдарының көптеген тамаша еңбектері бар. Сонымен қатар, Қазақстанда американистика мектебі әлі де бастапқы қалыптасу кезеңінде тұр. Автор – халықаралық қатынастар жөніндегі маман, дипломат, АҚШ-та мемлекеттік басқару магистрі дәрежесін алған және осы елде екі жыл тұрып келген, «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты, АҚШ-тың жүздеген жылдар ішінде ХХІ ғасырға қарай Британ империясы колониясынан әлемнің ең қуатты мемлекетіне қалай айналғаны турасындағы өзінің қазақстандық көзқарасын ұсынады. Бұл еңбекте супердержаваның дамуына ықпал еткен факторлар талданады, атап айтқанда, автор мәдени детерминизм және Құрама Штаттардың институционалдық даму тәсілдеріне көп көңіл бөледі. Сондай-ақ, бүгінгі таңда америкалық қоғам кезігетін проблемаларға да баса назар аударылады, атап айтқанда, заңсыз көші-қон, әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық және қылмыстылық.

Жеке блок АҚШ-тың сыртқы саясатына, сыртқы саяси шешімдерді қабылдау механизмдеріне, сондай-ақ Вашингтон мен Астананың екіжақты қатынастарына арналады. Сондай-ақ, автор америкалық профессор Джозеф Наймен Америка ғасырының аяқталуына қатысты сырттай әңгіме жүргізеді.

Бұл еңбек АҚШ туралы көбірек білгісі келетін оқырмандарға арналады, ең алдымен, өзін халықаралық қатынастар ғылымы мен практикасына арнағысы келетін студенттер мен оқушыларға бағдарланған.

ISBN 978-601-7972-34-9

ӘОЖ 327 (100-87)

КБЖ 66.4 (0)

© ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2020

© Е.В. Тұқымов, 2020

МАЗМҰНЫ

Сұлтан Әкімбековтен алғысөз	5
Кіріспе	10
1-ТАРАУ. АҚШ: «Мальтузиялық тұзақтан» заманауи мемлекетке	15
1.1 Христофор Колумбқа дейінгі мың жыл немесе Американы ақиқатында кім ашты?	15
1.2 «Бостондағы шай ішу», немесе Америка неден басталды	29
1.3 Халықтардың Ұлы көші: «Мальтузиялық тұзақ»	36
1.4 Құрама Штаттар: әлемнің халық саны бойынша үшінші және аумағы бойынша төртінші елі	59
2-ТАРАУ. Табыс алхимиясы	68
2.1 АҚШ дамуының географиялық детерминанты	77
2.2 Ғылым және білім АҚШ экономикалық өсуінің драйвері ретінде	87
2.3 Институттар, институттар?!	102
2.4 АҚШ экономикалық дамуының мәдени детерминизмі	119
2.5 Рикардо Хаусманның «Ормандар мен маймылдар» тұжырымдамасы	132
2.6 Америкалық арман, немесе адамдарды АҚШ-қа көшуге не мәжбүр етеді?	150
3-ТАРАУ. Бүгін америкалықтарды бәрінен де не толғандырады?	165
3.1 Жұмыссыздық: қорыққанға қос көріне ме?	169

3.2 Заңсыз иммиграция	183
3.3 Кедейліктің және экономикалық теңсіздіктің өсіп келе жатқан деңгейі – Дональд Трамп жеңісінің кілті.....	199
3.4 Black lives matter, немесе америкалық «балқыту қазаны» әлі жұмыс істеп тұр ма?	209
3.5 Терроризм және исламофобия	222
3.6 АҚШ-тағы денсаулық сақтау: уақыты келген реформалар.....	231
3.7 Қылмыстық Америка.....	240
4-ТАРАУ. Америка дәуірі аяқталып келеді ме?	259
4.1 АҚШ-тың сыртқы саясатын кім жүргізеді?	260
4.2 АҚШ сыртқы саясатындағы лоббизм	271
4.3 Американың ұлттық мүдделеріне қандай сыртқы саясат жауап береді?	278
4.4 АҚШ одақтастары: жаһандық көшбасшылық тірегі әлде «билетсіздер» ме?	290
4.5 Америка ғасыры аяқталып келеді ме? – Джозеф Наймен сырттай әңгіме	323
4.6 Вашингтонның Қазақстандағы мүддесі	341
Әдебиеттер	355

Сұлтан Әкімбековтен алғысөз

Еркін Тұқымовтың кітабы, күмәнсіз, Қазақстан үшін құбылыс болып табылады. Оның зияткерлік ортаны дамытуда маңызы зор. Әңгіме, қазақстандық авторлар жазған кітаптар, әсіресе халықаралық тақырыптамада жазылған кітаптар санының аса көп болмауында ғана емес. Олар өте аз десек, дұрысырақ болар. Сондықтан әрбір осындай кітап елдің зияткерлік кеңістігі мен оның дамуы үшін аса маңызды. Оның үстіне, әңгіме көптеген әдебиет қолданып жасалған сапалы жұмыс турасында болып отыр, сондай-ақ автор таңдаған тақырып, мүмкіндігінше, толық ашылған.

Сондай-ақ Еркін Тұқымовтың кітабы қазақстандық автордың қазіргі жаһандық әлемде жүріп жатқан аса маңызды процестерге деген көзқарасын көрсететіні де маңызды. Осы мақсатта автор ең маңызды заманауи кітаптарды пайдалана отырып, аса өзекті процестерді қарастырады.

Өкінішке орай, Қазақстанда үлкен әлем бізге мүлдем қажет емес, біз өз проблемаларымызға шоғырлануымыз керек, біздің талдамалық құрылымдар тек қазақстандық мәселелермен айналысуы керек деген пікірлер жиі айтылады. Шын мәнінде, осындай оқшауланған тәсіл терең провинциялық сипатты қамтиды. Кішкентай әлеміміз бар және зияткерлік кеңістік үшін осы әбден жеткілікті тәрізді.

Бірақ мұндай тәсіл кез келген заманауи елдің амбициясына ғана емес, оның дамуының нақты міндеттеріне де сәйкес бола алмайды, өйткені кез келген ел бірінші кезекте бәсекеге қабілетті болуы керек, бұл экономика мен өнеркәсіп өндірісі саласына ғана қатысты емес. Бәсекеге қабілеттілік

елдің әлемдегі басты проблемаларды талқылауға қатысуға қабілетті мемлекет ретінде танылуын білдіреді, сондай-ақ осы проблемалар бойынша өз көзқарасымыздың болуы да маңызсыз емес. Ақпараттың және қандай да бір нақты білімдердің тұтынушысы ғана болудың жөнсіз екені түсінікті. Оларды түсіндіру және өз позициямызды қалыптастыра білуіміз қажет.

Қайсыбір мемлекет туралы, оның үстіне – көршілер туралы ештеңе жазбауды қарастыратын таза шығыс дәстүрін де еске сала кеткен жөн. Бұл жерде «жақсы айт немесе үндеме» дейтін, әдетте басқа жағдайларға қатысты айтылатын қағида жиі қолданылады. Сондықтан болар, бізде Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар елдер туралы кітаптар өте аз, ал бұл кез келген елдің өзін позициялаудың бір бөлігі болып табылады. Сондай-ақ, бұл өзіндік зияткерлік кеңістікті дамыту үшін маңызды. Елде айналамызда не болып жатқаны, біздің мүддемізге әсері бар жағдайларға қатысты жұмыс жүргізіліп отыруы тиіс, сонымен қатар, өнімдерді ішкі пайдалану үшін ғана емес, кең жұртшылық үшін де өндіру керек. Жұртшылықтың ақпарат алуы қай кезде болса да, жақсырақ екені сөзсіз, ал оны шетелдік мамандардың түсіндіруіне қарағанда, өз авторларымыздан қабылдаған одан да маңызды болуы мүмкін.

Осы тұрғыда Еркін Тұқымовтың кітабы дер кезінде туындады, өйткені әлемдегі жағдай осындай белгісіздікте болмағанына талай заман өтті – осы әлем қалай дамып жатқаны және қалай дамуы тиіс екеніне қатысты бұрынғыдай айқындық жоқ. Әлемде қазір жауабы жоқ сұрақтар көп. Бұл жағдайда көп нәрсе АҚШ-та, қазіргі заманның басты

мемлекетінде жағдайдың өрбуіне байланысты болады. Дональд Трамп президент болған кезде бәріміз осыған көз жеткіздік. Автордың айтуынша, «... Трамптың әлем аренасында пайда болуы «Не? Қайда? Қашан?» деген танымал ойындағы «қара жәшікке» ұқсап кетті.

Жаңа президент сайланып, АҚШ-қа сұрақтар саны мен олардың заманауи процестердегі рөлі күрт артты. Әркімнің өз сұрағы бар. Қытай Вашингтонның сауда саясатына қатысты алаңдайды. Ресейді санкциялар мәселесі және Америкамен жалпы нашар қарым-қатынас мазалайды. Еуропа АҚШ-пен ортақ ұжымдық Батыстың келешегіне қатысты уайымдайды. Әлем экономистері жаһандық экономиканың жай-күйіне қатысты болжам жасай бастаса, саясаткерлер мен саясаттанушылар жаһандық әлем жайында алаңдай бастады. АҚШ-тың өзінде ішкі проблематикаға қатысты көптеген сұрақтар бар.

Осы айқынсыздықтың бәрінен АҚШ-қа, оның әлемде алар орнына қатысты қызығушылық үнемі артып отырады, өйткені барлығы не істеу керегін, неден қауіптену керегін, оқиғалар әрі қарай қалай дамидынын және олардың өз елдерінің мүддесіне қандай әсерін тигізетінін түсіну керек.

Еркін Тұқымовтың кітабы кейбір сұрақтарға жауап беруге көмектеседі, ал кейбірін болашақ жұмыстар мен болашақ авторлар үшін ашық қалдырады. Бір қызығы, кітапта автордың тәжірибесінен қосылған бақылау элементтері бар, бұл - зерттеу жүргізудің белгілі әдістерінің бірі ғана емес, сонымен қатар зерттелетін елдің ішкі ерекшелігін түсінуге тырысу. Құрғақ статистика мен ғылыми зерттеулер көбінде жеткіліксіз боп тұрады.

Сонымен қатар, қосылған бақылау – саяхатшының көзқарасы емес. Бұл шағын бөлшектерді ғана емес, бүкіл суретті тұтас көретін маманның әлемді тану тәсілі. XIX ғасырда, энциклопедистер дәуірінде, бұл елді зерттеудің кең тараған әдісі болды. Алексис де Токвиль оның «Америкадағы демократия» кітабымен, немесе басқа француз, Астольф де Кюстин еске түседі. Мұндай жұмыстар жекеден жалпыға және кері қарай жазылады.

Айта кету керек, Еркін Тұқымовтың кітабы, уақыт елегінен өткен көпвекторлы саясаты, сондай-ақ оған байланысты сын-тегеуріндері бар Қазақстан үшін Орталық Еуразия төңірегінде өрбіген «Жаңа Үлкен ойынға» қатысатын барлық бәсекелес тараптар туралы түсінік алу өте маңызды. АҚШ осы бәсекелестіктің бір тарабы болып табылады. Біз Ресей және Қытайды білгендей, АҚШ туралы көбірек білуіміз керек.

Басқа авторлар Ресей, Қытай және біз үшін маңызды басқа елдер туралы түсінікті қалай кеңейтсе, Еркін Тұқымов Америка жайлы түсінікті солай кеңейтеді. Бұл геосаяси бәсекелестіктің күрделі жағдайларында маневр жасау қабілетімізді арттырады.

Автордың кітабында ауқымды библиография қолданылған, бұл жұмысқа салмақты және сапалы ғылыми жұмыс үшін әлемдік деңгейдегі кітапханаларға қолжетімділіктің қаншалықты маңызды екенін тағы бір рет көрсетеді. Бұл тұрғыда Қазақстанда мұндай кітапты жазу қиын болар еді, себебі біздің кітапханалар, өкінішке орай, мұндай мүмкіндік бермейді.

Қалай болғанда да, Еркін Тұқымовтың еңбегі сияқты

кітаптар көбірек қажет. Зияткерлік кеңістік кеңейтілуі тиіс, бұл тек қана даму емес, сонымен қатар мемлекеттің сақталып қалу мәселесі. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында, өңіріміз «суық соғыс» жылдарында болған саясат саласындағы бұрынғы перифериялық жағдайдан табысты шықты. Алайда зияткерлік тұрғыда біз әлемдік стандарттардан әлі де алыспыз, бізде ғылым докторлары мен кандидаттары көп болса да, авторлар мен кітаптар аз. Еркін Тұқымовқа осымен тоқтамауды тілеймін. Әрбір бірегей өзіндік тәжірибесі бар саясаттанушы, әрине, егер ол кітап жазатын болса, ел үшін маңызды болмақ.

КІРІСПЕ

Құрама Штаттар туралы кітап жазуыма бірнеше жағдайлар түрткі болды.

Бірінші жағдай, тәуелсіз жүзудің ширек ғасыры өтсе де, Қазақстанда әлі күнге дейін әлемдегі, әсіресе Орталық Азия, Ресей, Қытай және АҚШ сияқты басты елдердегі жағдайды отандық бағалаудың тым аз болуымен байланысты. Біз көп жылдық елтану тәжірибесіне негізделген сапалы, теңдессіз ең үздік сараптамалық, ғылыми зерттеулер арқылы болса да, әлемге «бөтен көзбен» қарауды жалғастырып келеміз. Бірақ сыни көзқарас жоларалық, жиі - Қазақстанның мүддесіне барлық кезде сәйкес келе бермейтін, басқа ұлттық, геосаяси мүдделердің белгілі, айқын контексін көруге мүмкіндік береді. Бұл - елдік зерттеулердің өзіндік мектебінің қалыптасуы ғана емес, ұлттық қауіпсіздік пен еліміздің болашағы мәселесі. Бұл туралы халықаралық қатынастардың барлық маңызды зерттеушілері, елтанушылары айтады. Қазақстан үшін маңызды кез келген ел бойынша, мысалы, Өзбекстан немесе Қырғызстан бойынша мамандарды бізде бір қолдың саусақтарымен санап алуға болады, ал кейде олар мүлдем жоқ болып шығады. Біздің солтүстік көршіміз - Ресейдің күшті ақпараттық әсерін ескере отырып, Қазақстанның Ұлттық қауіпсіздігі үшін бізде осы маңызды мемлекет бойынша көптеген сарапшылар болуы тиіс. Бірақ,

қаншалықты парадоксалды болса да, Ресейде тұрақты мониторинг жүргізетін, Кремльдің шешім қабылдауының сыртқы экономикалық механизмдерін жетік түсінетін, бүкіл федерация мен оның өңірлері ауқымындағы ішкі жағдайда егжей-тегжейлі білетін Ресей бойынша сарапшылар өте аз, дәлірегі, жеткіліксіз, бұл жағдай біз үшін маңызды мемлекетті түсінуге әсерін тигізбеуі мүмкін емес.

Біздің көзқарасымыз бойынша, еліміздің мемлекеттік және жеке талдамалық құрылымында әлемнің біз үшін басты мемлекеттері мен өңірлерінде, ең алдымен, Ресей, АҚШ, Қытай, Еуропалық одақ пен Таяу Шығыста орын алған өзекті оқиғалар бойынша жедел сараптамалық пікірлер пайда болғанда, былайша айтқандағы реттеуші аналитикаға баса назар аударылады. Сарапшының ағымдағы және ұзақ мерзімді жағдайға қатысты өз болжалын қалыптастыруына негіз болатын, мемлекет немесе өңір туралы терең және кең білімсіз фактілер мен бөтен пікірлерді үстірт өндеуге келтіретін болады, нәтижесінде – осы пікірлер өзіндік идеялары ретінде ұсынылады. Егер, мысал ретінде, осы Ресейдің өзін алатын болсақ, онда Құрама Штаттармен тұрақты негізде және ұзақ уақыт бойы АҚШ пен Канада институты, ЭЭХҚИ, МХҚМИ жанындағы институттар сияқты ондаған ірі мемлекеттік және жекеменшік ақылдылар институттары айналысады. Осы ақылдылар орталықтарында АҚШ-тың барлық даму аспектілері бойынша ірі деректер қоры қалыптастырылған. Нәтижесінде, Кремль де, РФ СІМ де тұрақты негізде сапалы талдамалық материалдармен қамтылып отырады. Ал осыны қолдану сапасы – бұл басқа мәселе.

АҚШ-та әр ірі университетте әлемнің түрлі аймақтарын зерттейтін зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Мысалы, бұрынғы кеңестік кеңістікте мамандандырылған Гарвард университеті жанындағы Дэвис орталығы. Бүкіл ел бойынша мұндай орталықтардың жүздеген саны бар. Сонымен қатар, АҚШ-тың әрбір мемлекеттік органының өз зерттеу құрылымдары бар, олардың бюджеттері әлемнің кейбір елдерінің бюджеттерінен әлдеқайда көп. Мысалы, миллиардтаған доллар бюджеті және Пентагон мен Мемдептен тұрақты тапсырыстары бар РЭНД корпорейшн.

Саяси және экономикалық қуаты тұрғысынан Қазақстан Ресей де емес, АҚШ та емес, әрине, елдің аналитика мен жоғары сапалы сараптамалық материалдар жасауға қажетті әлеуеті де жоқ. Бірақ қажеттілік қала береді, сондықтан халықаралық қатынастарды іргелі зерттеу, тәуелсіз Қазақстанда өзіндік елтану мектебін қалыптастыруға қарсы ешқандай уәж жоқ.

Бұл бағытта аздаған қозғалыстар бар. Қытай, Ұлыбритания, Германия және АҚШ-та, оның ішінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқыған ондаған қазақстандықтар біртіндеп нағыз елтанушылар болып келеді. Әлеует үлкен және ол өз жемісін беруі керек. Осы мәселеде менің де шағын үлесім болар деп үміттенемін.

Менің АҚШ-қа деген қызығушылығым сонау Варшава университетінде, халықаралық қатынастар мектебінде дипломат мамандығын алып жүрген жылдары пайда болды. Сондықтан «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқу орнын таңдауға қатысты мәселе бұрыннан шешіліп қойған еді.

Мен осы бірегей елді түсініп, оның мәдениетін,

америкалықтардың менталитетін зерделегім келді. Менің кәсіби халықаралық тұлға ретінде қалыптасуымның кезеңі Құрама Штаттардың бірден-бір жоғары қолдау және әлемдегі ең экономикалық қуатты мемлекет ретінде гүлденуімен сәйкес келді. АҚШ факторы іс жүзінде барлық халықаралық мәселелерде басты рөл ойнады және соны жалғастырып келеді.

Сондықтан «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқу елі ретінде АҚШ-ты таңдаудағы ең салмақты факторлардың бірі елді ішінен көруге, сезінуге, зерделеуге бірегей мүмкіндік болды. Ең үздік оқулықтар, кітаптар елде болу атмосферасын алмастыра алмайды. Иә, қазіргі заманғы технологиялар әлемнің ең көп талқыланатын және түрлі қабылданатын елінде болып жатқан дүниелерді қашықтықтан көруге мүмкіндік береді, бірақ осында белгілі бір уақыт тұрып көргеннен кейін ғана, оның тыныс-тіршілігін сезінуге мүмкін болатынына сенімдімін.

Кітап жазуға деген қызығушылығымның екінші факторы профессор Рикардо Хаусман болды, дәлірек айтқанда, оның бүкіл Гарвардта аса жоғары танымалдылық алған «Неге мемлекеттер кедей, құбылмалы және тең емес?» деген курсы. Мен күзгі семестрде сүйсініп әрі құлшына оқыған бұл пән, осы кітапты жазуға уақыт пен энергия арнау туралы шешім қабылдауыма негізгі түрткі болды. Тек кері бағытта қозғалып отырдым – атап айтқанда: неге нақты АҚШ табысты және әлемдегі ең бай мемлекет болды? Америкалық даму жолына қандай негізгі факторлар әсер етті, олардың табыстылық құпиясы неде?

Бүгінде бір мемлекеттер байып, ал басқалары, қалай

ынталанса да, кедейлікте өмір сүруінің себептерін анықтаумен бүкіл әлем бойынша зерттеушілердің орасан зор саны айналысуда. Бұл трендтік тақырып. Ақылға қонымды түсіндірмелер, қызықты теориялар айтарлықтай көп, бірақ табысқа жетудің ортақ бір тәсілі жоқ. Ортақ тәсіл болмайтын да шығар, өйткені әрбір мемлекет – бірегей, олардың даму жолдары немесе дамымай қалуы кейде бір бірінен қатты ерекшеленеді.

Дегенмен, дамыған елдермен қатар, дамымаған елдерде де көптеген ортақ дүниелер бар, осылар ғалымдарға дамудың қандай да бір ортақ заңдылықтары бар деуге себеп болады. Арасында Қазақстан да бар, транзиттік экономикалары мен қоғамдары бар мемлекеттер үшін осындай сарапшылық ізденістер – ғылыми сәнге деген құрмет емес, әлемдік бай даму тәжірибесін ұлттық деңгейде бейімдеу, тұзақтарды айналып өту және «экономикалық жаңғырту» қателерін барынша төмендетудің шұғыл қажеттілігі болып табылады. Бұл ретте, кейде елеулі емес болып көрінетін, бірақ іс жүзінде шешуші болып шығатын «бөлшектерге» назар аудару қажет.

1-ТАРАУ

АҚШ: «Мальтузиялық тұзақтан» заманауи мемлекетке

1.1 Христофор Колумбқа дейінгі мың жыл немесе Американы ақиқатында кім ашты?

Америка Құрама Штаттарының бүгіні мен болашағын түсіну үшін осы елдің өткеніне көз жүгірту керек екені әбден анық.

Испания, Британия, Голландия және Еуропаның басқа да елдерінен алғашқы «отаршыл-келімсектер» пайда болғанға дейін көп уақыт бұрын Жаңа жердегі адамзат тарихы қызу «қайнап» тұрды. Сондықтан, АҚШ тарихымен танысуды осы елдің байырғы тұрғындары немесе дағды бойынша «үндістер» туралы сұрақтан бастау әбден қисынды және әділ болмақ.

Неге оларды үндістер деп атайтын болды және еуропалық отаршылдар келгенге дейін көптеген мыңжылдықтар бойы осы жерде тұрып келген байырғы тұрғындар саны, әртүрлі деректер бойынша, XVI – XX ғасырлар арасында 15 миллионнан бірнеше жүз мыңға дейін «қысқаруы» қалай болған? Бұл адамдар кімдер еді, қайдан пайда болды, қалай тіршілік етті, неліктен олар жер бетінен жойылып кете жаздады?

Заманауи Құрама Штаттар тарихының бастауы, көпшілік

тарапынан даулы болса да, нақты есептеу күні бар екені белгілі. Заманауи АҚШ аумағын отарлаудың басталуын алғашқы британ зерттеушісі Джон Кабот Солтүстік-Шығыс жағалауы (Коннектикут, Мэн, Массачусетс, Нью-Гэмпшир, Род-Айленд және Вермонт штаттарын қамтитын қазіргі Жаңа Англия аумағы) аумағына бірінші рет түскен 1498 жылдан бастап бейресми есептелуі мүмкін. АҚШ-тың мемлекет ретіндегі тәуелсіздік тарихы Британ империясынан бөлініп шыққан сәттен, 1776 жылдан басталады.

Сонымен қатар, қазіргі АҚШ аумағын мекендеген байырғы халықтардың нақты пайда болу күні әлі күнге дейін үлкен ғылыми даулар туындатады.

Қазақстандағы бүгінгі балалар үндістер ойыны мен Чингачук кім екенін біледі деп ойламаймын! Қалай болғанда да, үндістер ойыны менің балалық шағым өткен 80-ші жылдар кезіндегідей танымал емес. Сол алыс шақтарда үндістер тақырыбы ерекше құпия мен шытырманға толы еді. Үндістер жөніндегі бас маман, америкалық жазушы Фенимор Купердің «Соңғы могикан», «Аңшы немесе Соғыстың алғашқы соқпағы» романдарын оқып алып, сондай-ақ аты аңызға айналған Гойко Митичтің қатысуымен «Үлкен Кірекейдің ұлдары» және «Чингачук – Үлкен Жылан» фильмдеріне қанық болған барлық ұлдар қызыл тәнділер тайпасының көсемі болуды, садақты шебер атуды және атқа шабудың шебері болуды армандайтын! Романтика жетіп артылатын.

Бізге, әрине, жергілікті аборигендерді үндістер деп атау дұрыс емес, ал үндістер романтикасы Американың байырғы халықтарының қаны және трагедиясымен тығыз аралас екенінде аса шаруамыз болған жоқ! Еуропалық

келімсектердің, нақтырақ айтсақ, Үндістанда жүріп, жергілікті тұрғындарды көрдім деп ойлаған, Американы алғаш ашқан Христофор Колумбтың жеңіл қолымен, заманауи АҚШ пен екі Американың басқа да елдерінде тұрып жатқан халықтардың, мәдениеттердің тұтас конгломератын қателесіп үндістер деп атай бастады. Байырғы тұрғындарға қойылған тағы бір аса дұрыс емес атау «қызыл тәнділер» болды – олар отаршылармен алғашқы кездесулер кезінде, салттары бойынша қызыл түсті бояулар жағып алған болуы керек.

«Үндістерді» байырғы америкалықтар (Native Americans) немесе тіпті Бірінші ұлт (First Nation) деп саяси дұрыс атай бастағанға дейін көптеген алапат жылдар өтуі керек еді, осылайша бұл жерлерде көптеген ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы өмір сүріп келген, Американың нағыз алғашқы жол салушылары деген ерекше мәртебесі танылды.

Американың байырғы халықтары нақты қашан пайда болғаны анық емес, бірақ соңғы ғылыми зерттеулер қатты ілгеріледі. Жақын уақытқа дейін, заманауи үндістердің алғашқы буыны АҚШ аумағында шамамен 13 мың жыл бұрын пайда болды деп есептеліп келді. Сүйектерді зерттеу кезінде америкалық зерттеушілер анықтаған басқа ДНҚ, олардың бұрынырақ – 15 мың 500 жыл бұрын пайда болғанын дәлелдейді.

АҚШ-та болған кезімде, «National Geographic» журналында ғылыми зерттеулердің жаңа деректерін көзім шалды. Ондағы деректерге сүйенсек, жақын уақытта айтылған теория бойынша, АҚШ-тың байырғы халықтарының ата-бабалары кезінде теңіздің айтарлықтай

төмен деңгейіне байланысты, Азия мен Америка сияқты екі құрлықты жалғастырып отырған заманауи Беринг бұғазының аймағы арқылы ертеректе Азиядан қоныс аударған. Осылайша, шамамен 32 мың жыл бұрын тарихтан бұрынғы көшпенділер, дәлірегі, ұзын жүнді мамонттар, бизондар мен бұғыларды атып алушылар, бүгінгі Алясканың аумағына келіп, онда шамамен 15 мың жыл – қазіргі АҚШ аумағының басым бөлігін басып жатқан мұздықтар еріп бастағанға дейін өмір сүрген [1]. (Мысалы, қазіргі Бостон аймағында мұздың қалыңдығы шамамен 2 км болған екен – осындай ақпаратты Гарвард университетінің табиғи теориялар мұражайында болғанымда анықтадым).

Б.э.д. 15 000 және 10 000 жыл аралығындағы мұз дәуірінің аяғы оңтүстікке қарай жол ашты, ол адамдардың Аляскадан қазіргі АҚШ аумағына және әрі қарай Орталық және Оңтүстік Америкаға қарай қоныс аударуына әкеп соқты. Азиялық келімсектер өмір сүруге жарайтын жерлерге қоныстанып, Тынық мұхит бойында мыңдаған километрлерді жайлап, әрі қарай тереңдеп орналаса берді.

ДНҚ-тестілер Американың заманауи байырғы халықтарының Беринг жерінен келушілермен туыстығын растайды, олар, өз кезегінде, ДНҚ талдауға сәйкес 3/2 бөлікке Шығыс Азиядан және 3/1 бөлікке Еуразиядан шығушылар болып табылады [2]. Сондықтан қазақтардың алыс аталары мен Американың байырғы халықтары туыстығының ықтималдығы жоқ емес, әрине бұл көп адамға күлкілі көрінуі де мүмкін.

Бұл зерттеушілердің көпшілігі қолдайтын негізгі нұсқа. Рас, Американың бірінші тұрғындарының тарихында әлі

де ақтандақтар көп. Мысалы, Азиядан адамдар көші-қоны легімен болды ма, әлде бұл тұрақты орын алды ма, көші-қон Азиядан ғана болған ба? Немесе мынандай негізгі сұрақ – неге қазіргі АҚШ аумағындағы «үндіс» тайпалары Мексикадағы және оңтүстіктегі бауырластарына карағанда өркениеттік және технологиялық жағынан артта қалған болды, бұған майя мен ацтектер дамыған өркениеттері мысал бола алады ма? Неге Американың барлық байырғы халықтары қандай да бір тарихи кезеңде өзінің технологиялық және мәдени дамуында тоқтап қалды және нәтижесінде еуропалық халықтардың отарлауына төтеп бере алмады?

Негізгі нұсқамен қатар, өмір сүруге құқылы басқа да қызықты және ерекше идеялар бар.

Мысалы, белгілі америкалық журналист, тарихшы Кенез Дэвис Жаңа Жердің алғашқы адамдары туралы тағы да бірнеше қызықты теориялар келтіреді.

«...Олардың бірі Американың Батыс жағалауына Солтүстік Азия аумағынан қайықпен келген адамдардың шамамен 12 500 жыл бұрын Тұнық мұхиттан келуі жайында айтады. Перу мен Чилиде табылған ағаш құралдар, жануарлар сүйектері және адам іздері түріндегі артефактілер бұл теорияны растайды.

Солтүстік Атлант бағыты деп аталатын және Пенсильвания, Вирджиния және Оңтүстік Каролинада табылған көптеген артефактілермен расталатын екінші нұсқа 10 000 және 16 000 жылдар арасында алғашқы америкалықтар Еуропадан пайда болғанын айтады! Вашингтон штатындағы Кенневик адамы (Kennewick man), 8000 - 9300 жылдар аралығындағы кезең бойынша берілген ақ нәсілдік адам деп аталатын

олжа, жалпы алғанда, сұрақты төтесінен қойды: алғашқы америкалықтар азиялық болған ба?

Ақырында, Аустралиялық бағыт туралы ең даулы нұсқа. Осы теорияны жақтаушылардың пікірінше, алғашқы америкалықтар Оңтүстік Азиядан пайда болды. Бразилияда табылған адам қаңқасы бұл нұсқаны растағандай болады, бірақ көптеген зерттеушілердің айтуынша, Оңтүстік Азияның адамдары бүкіл Азия жағалауы бойынша ұзақ жолды еңсеріп, Беринг бұғазы арқылы өткен, осылайша, алғашқы америкалықтардың пайда болуы туралы негізгі нұсқа тағы бір расталады» [3].

Бір нәрсе анық – қазіргі Американың алғашқы қоныс аударушылары туралы жуырдағы іргелі зерттеулер тарихтың көптеген ақ таңбаларын анықтай бастады. Негізгі жаңалықтар әлі де болса алдыда екеніне сенімдімін, континентке алғаш қоныстанғандар кім екені және Колумб пен Америго Веспуччи заманындағы еуропалық отарлаушылар келмей тұрып көші-қон бағыты мен халық саны қандай болғаны туралы көп жайттар білетін боламыз. Тарихтан өз жауабын тосатын сұрақтардың тағы бірі – АҚШ-тың байырғы халықтарының тайпалық, тілдік және мәдени алуан түрлілігін реттеу болып қала береді. Климаттық жағдайлары мүлдем әртүрлі Солтүстік Шығыс ормандарынан бастап қазіргі Аризона мен Невада штаттарының шөлдеріне дейінгі үлкен аумақты мекен еткен халықтардың тұтас конгломератын бір сөзбен «үндістер» деп атау, қазіргі Еуропа аумағында тұратын адамдарды еуропалықтар деп атап, ондағы халықтың мәдени, тілдік және этникалық алуан түрлілігі жайлы сөз етпестен, қандай да бір ортақ

географиялық және өркениеттік тиістілікті білдіретін сөзбен атаумен бірдей. Біз әдет бойынша қолданатын «үндістер» термині, шындығында, балықшылар, аңшылар сияқы түрлі шаруашылық ыңғайы бар, жүздеген халықтарды, көшпенді және отырықшы тайпаларды жалпылама және қате атау болып табылады. Әңгіме бір-біріне одақтас және жау болған тайпалар, бір-бірінің тілін түсінген және түсінбеген тайпалар, түрлі құдайларға табынған, тіпті өркениетті дамудың түрлі сатыларында болған жауынгер және бейбітшіл тайпалар туралы болып отыр.

Дегенмен, әрине, оларды ажырататын дүниелерге қарағанда, біріктіретіні көбірек болды. Осындай біріктіруші факторлардың бірі – олардың табиғатпен үйлесімділікте өмір сүру қабілеті: байырғы тұрғындар жануарларды көңіл көтеру үшін өлтірмеген, тек азық ретінде пайдаланған. Есесіне, табиғат оларға тамақ, киім және баспана беріп отырды.

Он мыңдаған адамы болған Солтүстік Американың үндістер тайпаларының ең ірі тайпалары немесе бірлестіктері апачи, каманчи, чероки, ирокез, могиқан және гурондар болды.

Сонымен қатар, ақ адам келгенге дейін, атап айтқанда Колумбқа дейінгі үндістердің саны туралы «...соңғы уақытта зерттеушілердің көзқарасы түбегейлі қайта қаралды. Егер бұрын үндістердің саны АҚШ аумағында ғана емес, екі Америкада 8 - 16 миллионға дейін бағаланған болса, қазір 100 миллион туралы айтылады!» [4]. Вашингтондағы Смитсон институтында америкалық үндістердің ұлттық мұражайында естіген дәрісте келтірілген деректерге сәйкес, үндістердің

саны 1500 – 1900 жылдар аралығында 15 миллионнан бірнеше жүз мыңға дейін қысқарған. Колумб келгенге дейінгі халық саны белгісіз болғандықтан, құрбандардың нақты санын анықтау мүмкін емес. Бұл осы құпия күйінде қалатын шығар. Сонымен қатар, Вашингтондағы Смитсон институтының мұражайлары мүлдем тегін, бұл оларды Нью-Йорк және Бостон мұражайларынан ерекшелендіреді, ең бастысы, келуге өте ыңғайлы, өйткені бір көшеде - Индэпэндэнс авеню бойында орналасқан.

2014 жылғы мәліметтер бойынша, бүгінде АҚШ аумағында 5 миллионнан астам байырғы тұрғындар, соның ішінде чероки, апачи, навахо және т.б. сияқты ірі үндіс тайпаларының өкілдері тұрады. АҚШ-ты отарлау кезеңіндегі оқиғалармен танысқан кезде, олардың еуропалық отарлаушылармен тең келмейтін күрестегі тайсалмас ерлігі мен батырлығына қайран қаласың. Мыңжылдықтар бойы табиғи-климаттық жағдайларды ескере отырып, әртүрлі үнді тайпалары ең жақсы және өмір сүруге жарамды жерлерде: көбінесе АҚШ-тың шығыс жағалауында, Ұлы көлдер ауданында, өзендер мен ормандардың маңында қоныстанған болуы керек. Әрине, еуропалық отарлаушылар келісімен Американың барлық байырғы халықтары: қандай да бір күшпен, қандай да бір қулықпен, әділетсіз мәмілелерді пайдалана отырып, неғұрлым нашар, яғни тұруға жарамсыз жерлерге ығыстырылды. Бұл миллиондаған үндістердің өліміне әкеп соққан қатал және теңсіз күрес үшін негіз болды.

Үндістерге қарсы саясат мемлекеттік деңгейде жүргізіліп, қолдау алды. Мысалы, мынадай тарихи факті бар: «... АҚШ-

тың жетінші президенті Эндрю Джексон (оның бейнесі 20-долларлық банкнотаны безендіріп тұр) Президент қызметіне кірісіп, Конгреспен қабылданған, Үндіс тайпаларын елдің оңтүстік-шығысындағы туған жерінен жабайы, қатал климаты бар, Батыс аумақтарына, атап айтқанда Оклахома штатына күштеп көшіру туралы заңды бекітті» [5]. Қоныс аудару көптеген мың үндістердің суықтан, аштықтан және аурудан қайтыс болуымен сүйемелденді.

Американы отарлау кезеңіндегі үндістердің қайғылы тарихы, менің ойымша, Ресей империясы, одан кейін Кеңестер Одағының қазақ халқын отарлау кезеңіне қатты ұқсас. Ұқсастық өте көп, әсіресе отарлаушылардың пайдасына қарай байырғы тұрғындарды ең жақсы жерлерден қуу және жергілікті тұрғындардың жойылып кетуі үшін жасанды жағдайлар жасау.

Бірақ бірқатар зерттеушілер басқа пікірді ұстанады, оған сәйкес үндістердің толық жоғалуының негізгі себебі әскери іс-қимылдар емес, Еуропадан келген шешек, сүзек, қызылша, тұмау сияқты және т.б. ауруларға иммунитеттің болмауы. Кейде мұндай нұсқа көптеген мыңжылдықтар бойы үндіс тайпаларының басқа өркениеттермен байланыссыз, оқшауланып өмір сүруі есебімен, шындыққа ұқсас болуы мүмкін. Бір тұмау эпидемиясының өзі қысқа уақыт ішінде ондаған миллион адамдардың өліміне әкеп соғуы мүмкін екенін біз жалпы адамзат тарихынан білеміз, 1918-1919 жылдары осындай жағдай орын алды, бүкіл әлемді «испан» тұмауы жаулап, нәтижесінде, әртүрлі есептер бойынша, шамамен 100 миллион адам қайтыс болды.

Қалай болғанда да, бүгінгі күні екі негізгі нұсқа осы және

менің ойымша, екеуі де бірін бірі толықтырады, бірақ ешбір жоймайды.

АҚШ үндістерінің трагедиясына бұдан кем соқпайтын, тағы екі қосымша себеп әсерін тигізді. Олардың біріншісі - еуропалық отаршылдардың бизондарды ақылсыз жою. «Үндістер әдетте бизондарға өздерінің өмірлік қажеттіктерін қанағаттандыру үшін ғана аңшылыққа шықты: азық қылу, сондай-ақ киім-кешек, баспана, қару және керек-жарак жасау үшін пайдаланды, көптеген тайпалардың аман қалуы бизондарға тәуелді болды. Алайда 1800 жылдар басында еуропалық келімсектер тарапынан бизондардың терісіне деген коммерциялық аңшылық басталды. ХХ ғасырдың басында қасақана жыртқыштық жойылу нәтижесінде бизондар саны бірнеше ондаған миллионнан бірнеше жүздікке дейін төмендеді. Тарихшы Эндрю Айзенберг 1800 жылы 30 миллион болған бизондар саны ғасыр соңына қарай мыңнан да төмендеді деп жазды» [6]. Бизондарды жою негізгі күнкөріс көзі бизондар болып табылатын үндістер тайпасының санына ең елеулі түрде әсерін тигізді.

Үндістер үшін ең жағымсыз болуы ықтимал, бірақ тағы бір ақиқи себеп – әртүрлі үндістер тайпалары арасындағы жауластық, оның еуропалық отарлаушылар саясаттын «ажырат та, билік ет» деген ескі тәсілі арқылы белсенді қолданды. «1609 жылдың өзінде Самуэль дэ Чэмплэйн (Samuel de Champlain) бастаған алғашқы француз қоныс аударушылары хурон және алгонквен сияқты жергілікті екі үндіс тайпаларына ирокездердің мықты үндіс тайпасын жеңіп алуға көмектесті. Мәселен, ирокездер сол кезде Нью-Йорк аумағында 5 тайпаның ең қуатты әрі ұйымдасқан

конфедерациясы болды, бұл ретте жаңа жерді игеріп жатқан француздардың ең басты жауы ағылшындар емес, ирокездер болды» [7].

Еуропалық отаршылдар қолданып келген, тайпалар арасында жауластыру арқылы жергілікті халықты жоюдың осындай мысалдары жетіп артыларлық болды. Сонымен қатар, еуропалық отаршылдар арасында үндістерді пайдаланудың, мысалы Канада үшін жағымды жақтары болды. Канада тарихшыларының айтуынша, «егер Канада аумағына алғашқы еуропалықтар келгенге дейін 250 жылға жуық билік еткен, Ирокездер бастаған үндіс тайпалары тарапынан британ әскерлеріне белсенді әскери көмек болмаса, Канада қазір АҚШ-тың бір бөлігі болуы мүмкін еді» [8]. Дегенмен, бұл еуропалық отаршыларға британ королі Георг 1763 жылы берген уәделер мен кепілдерді бұзып, АҚШ-тағы сияқты үндістерге қарсы кемсітушілік пен жою саясатын бастауға кедергі болған жоқ.

Жалпы, АҚШ үндістері трагедиясының тарихы бірдей емес, бірақ оларды толық жоюдағы еуропалық отаршылдардың негізгі кінәсі күмән тудырмайды. Ұзақ уақыт бойы АҚШ үндістері трагедиясы мен қырып жою фактісін де, оған қатысты кінәні де ешкім мойындағысы келген жоқ. Керісінше, еуропалық жаулаушылар мен олардың ұрпақтарында үндіс тайпаларын жеңгені үшін асқақ мақтаныш болды. Айтып айтпай не керек, «...АҚШ тарихындағы әйелге арналған алғашқы ескерткіш, үндістерге қатыгездік танытып, бас терісін сыпыру мен оны жақсы ақшаға сатқаны үшін танымал болған Ханна Дастинге (Hannah Dustin) арналды» [9]. АҚШ азаматтарының көпшілігі

ұзақ уақыт бойы «жақсы үндіс – өлі үндіс» деген мәтелді айтып келді.


АҚШ-тың байырғы халқына қатысты жағдай жақсы жағына қарай өзгергенінен бері айтарлықтай көп уақыт өтті. Кінәні мойындау және АҚШ үндістерінің құқықтары мен еркіндігін қалпына келтіру қажеттігі бар. Ел азаматтарына бала кезінен, мектеп қабырғасынан бастап, байырғы америкалықтардың қайғылы оқиғасында ақ адамның кінәсі бар деген ой сіңіріледі. Бірақ менің ойымша, америкалықтардың бұрынғы ұлтпен өзара қарым-қатынасына қатысты қандай да бір ортақ позиция қалыптаспаған. Кейбірінде кінәлілік, өкініш сезімі бар, біреулерде жек көрушілік көзқарасы сақталған. Көпшілігінде – түсініксіз және айтарлықтай бейтарап сезім.

Байырғы халыққа құрмет, оның өткені туралы естелік ретінде, көптеген штаттар, қалалар, көлдер, өзендер және т.б. атаулары «үндіс» тайпалардың атауымен аталады, мысалы, Коннектикут («шырша өзені»), Айдахо («таудағы жарық»), Иллинойс («адамдар өзені»), Кентукки («ертеңгі күннің жері»), Массачусетс (Massadchu-es-et – «үлкен төбедегі кішкентай орын»), Миссисипи (maesi sipu – «балықты өзен») және т.б. [10].

Үкімет жақсы бұдан артық ештеңе ойлап таппастан, көп жылдар бойы үндіс тайпаларына берілетін түрлі игіліктермен өткен тарихи трагедияны өтеу арқылы АҚШ-тың байырғы халқының мәселесін шешуге тырысады. Үндістердің акцизсіз алкоголь мен темекі өнімдерін сатуға, сондай-ақ резервация аумағында казино ашуға, жер үшін

рента алуға құқығы бар; оларға салықтық жеңілдіктер жасалады және т.б. Әрбір тайпа (немесе ресми түрде «халық» деп аталады) өз үкіметін құрып, өз заңдарын қабылдай алады. Сондай-ақ, тайпалар салық жинауға және барлық қызмет түрлеріне рұқсат беруге құқылы. Көптеген резервацияларда үндіс соттары жұмыс істейді және өз полициясы бар.

АҚШ үндістерінің резервациялар картасы



Соңғы уақытта америкалық үндістер АҚШ үкіметінен көптеген миллиондық төлемдерге жиі қол жеткізе алып

жүр. Сотта олар бұрын федералдық билік оларға әділетсіз болғанын және олардың мүдделеріне нұқсан келтіргенін дәлелдейді. «...2014 жылғы өзіндік рекордты навахо (Аризона, Юта және Нью-Мексико штаттары) тайпасы қойды, оларға үндіс жерлерін тиісінше пайдаланбағаны үшін 554 миллион доллар төленеді. Үкімет үндістерге көмір, уран, мұнай мен газды қоса алғанда, жер қойнауынан алынған пайдалы қазбалардың толық құнын төлемеген» [11].

Фактілерге қарасақ, АҚШ үкіметі өткен күнәлары үшін «өтеуін беріп құтылу» әрекеттерімен, байырғы халықтарға пайдасынан зияны көп қызмет көрсететін сияқты. Үндістердің америкалық әлеуметке толық интеграциясы әзірге бола қойған жоқ, ал халықтың әлі де көп саны тұрып жатқан үндіс резервацияларына ақша ағыны, пайдаға қарағанда, проблемаларды көбірек туындатады. «Жеңіл ақша» шын мәнінде АҚШ-тың байырғы халқын одан әрі оқшаулауға, дәстүрлі мәдениеттің бұзылуы салдарынан туындайтын психикалық жарақаттарға алып келеді, резервацияларда маскүнемдік, нашақорлық, қылмыстылықтың өсіп-өркендеуіне және өзіне-өзі қол жұмсау санының өсуіне ықпал етеді. Жастар кедей резервацияларды тастап, америкалық әлеуметке сіңіп кетеді, ол жерде нәсілшілдікпен кезігуге, жұмыспен қамтылу (әрбір жұмыс беруші үндісті жұмысқа алуға келісе бермейді), денсаулық және баспана мәселелерін шешуге тура келеді. Үндіс шалдар, қалаларға осылайша жастар көше беретін болса, ата-бабалар жолы, тарихы мен мәдениеті мәңгілікке жойылып кетуі мүмкін деп үрейленеді.

1.2 «Бостондағы шай ішу», немесе Америка неден басталды

Бостондықтар өз қаласын Америка Құрама Штаттарының бесігі деп атап, мақтан тұтады. Әрине, егер басқа штаттардың тұрғындарын сұраса, мысалы, ресми түрде 1607 жылы британдықтар құрған бірінші тұрақты қоныс болып саналатын Вирджиния штатының Джеймстаун (Jamestown) тұрғындарынан сұраса, онда менің ойымша, жауаптар қатты ерекшеленуі мүмкін. Ол түсінікті, өйткені өз қаласының әрбір шынайы патриотына, оның тарихын біраз боямалап айту ниеті тән болатыны қалыпты жағдай.

Басқа мемлекеттер мен қалаларға сирек шығумен, Бостонда өткен оқиғаға толы екі жыл ішінде, менде, әрине, АҚШ-ты бостондық-центризмдік, осыған байланысты – субъективтік қабылдау қалыптасты. Біз осы әдемі, жігерлі және мейірімді қаланы бүкіл отбасымызбен жақсы көрдік. Бұл магнит сияқты бүкіл әлемнен адамдарды тартатын қала.

Көптеген тарихи фактілер АҚШ-тың жасырын академиялық және мәдени астанасы деп аталатын ең бай және дамыған қалалардың бірі Құрама Штаттар тарихының бастаулары ретінде, Бостонның пайдасына айтылады. Жалпы, Бостон - көптеген параметрлер бойынша бірегей қала.

Біріншіден, Массачусетс штатының астанасы және Жаңа Англия аймағындағы ең үлкен қаланы, сәулеті, мәдениеті, тіпті америкалық ағылшын диалектісі ұқсас болуына байланысты Жаңа Лондон деп те атайды. Егер Бостонды АҚШ-тың басқа қалаларымен салыстыратын болсаңыз, онда сіз бұл қала америкалық емес, көбірек еуропалық екеніне

көз жеткізесіз. Қала көптеген америкалық дәстүрлер мен бағыттардың негізін қалаушы болды. Бірінші университет (Гарвард), бірінші қоғамдық кітапхана, бірінші қоғамдық саябақ, бірінші метро және тағы көп нәрсе АҚШ-та осы «аса америкалық емес» қалада пайда болған. Бостонның әрбір бұрышы тарихқа, соның ішінде тәуелсіздік үшін күрес тарихына да қанық.

Айта кету керек, Массачусетс шығыс жағалауының бойымен бүгінгі АҚШ аумағының бөлігінде XVII ғасырдың соңына қарай құрылған 13 колонияның арасында екінші болды. «...13 колонияны алғашқы қоныс аударушылар, әсіресе ағылшындар, даниялықтар мен немістердің құруына қарай орналастыруға болады. Вирджиния 1607 жылы құрылған бірінші штат болды, әрі қарай – Массачусетс (1620), Нью Йорк – бастапқыда Жаңа Амстердам (1626), Мэрилэнд (1633), Род Айлэнд (1636), Коннектикут (1636), Дэлавер – бастапқыда Жаңа Швеция (1638), Нью Хэмпшир (1638), Солтүстік Каролина (1653), Оңтүстік Каролина (1663), Нью Джерси (1664), Пенсильвания (1682) және Джорджия (1732) – үнемі испан Флоридасы және француз Луизианосының ықтималды шабуылдарымен қауіп төндіретін Оңтүстік Каролина арасындағы маңызды арнайы стратегиялық буферге айналды» [12].

Мұнда Лондонның америкалық колонияларына қатысты бір, бірақ аса маңызды түсініктеме беру маңызды. Британияда колониялардың екі негізгі түрі болды – «жаулап алынған» және «қоныс аударушылар». Біріншілерге үндістер мен түрлі-түсті халқы бар африкалық колониялар кірді, екіншілерге – қазіргі Құрама Штаттар, Канада, Ау-

стралия және Жаңа Зеландия – олар көбінесе ақтар болды. Ресми түрде «қоныс аударушылар» колонияларын Лондон басқарса да, іс жүзінде олар үлкен саяси және шаруашылық автономияны пайдаланды.

Британдық колониялар басқа империялардың колонияларына қарағанда, әрдайым озық және ұтымды құрылған деп саналды, әсіресе бұл америкалық иеліктерге қатысты. Империяның теңіздің арғы жағындағы колонияларды басқаруының өз әдісі болды: мембасқару мен заңдардың британдық жүйесін енгізу, жергілікті халықты айрықша пайдалану емес, ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастық. Тарих көрсеткендей, «барлық 13 колонияның жеке заң шығарушы органдары болған, олар заңдар шығарған, салықтар белгілеген, ішкі саясат жүргізген және тіпті әрбір штатта әртүрлі аталатын өз конституциясын қабылдаған. Мысалы, Коннектикутта бұл «Іргелі тәртіп» (the Fundamental Orders), Пенсильванияда – «Үкімет құрылымы» (the Frame of Government), Массачусетсте – «Бостандық негізі» (the Body of Liberties)» деп аталатын құжаттар болды [13].

Бірқатар соғыстар, атап айтқанда, Франциямен болған соғыстан кейін, Британия ауыр қаржы жағдайына тап болып, кеміп келе жатқан қазынаны өзінің теңіздің арғы жағындағы колонияларға, соның ішінде америкалық колонияларға жаңа салық салу арқылы толықтыруға тырысқан кезде бәрі өзгерді. Бұл идея барлық колонияларда америкалық қоныс аударушылар тарапынан елеулі наразылықтарға кезікті және колония тарихында алғаш рет британдық тауарларды, атап айтқанда, барлық қазақ сүйетін шайға бойкот ете отырып, бірлесіп әрекет етті. 1773 жылғы 16 желтоқсанда

Бостонда символикалық оқиға орын алды, былайша айтқандағы «Бостондағы шай ішу» - бұл күні қалалық портта британдық салықтар арттыру саясатына қарсы наразылық белгісі ретінде «...массачусетс колонистері үндістер болып киініп, Бостон айлағында шай тиелген сауда кемелеріне еніп, 342 шай жәшігін борт сыртына лақтырды. Колонистер британдық шайдан бас тарта бастады және көптеген штаттар, соның ішінде Массачусетс, контрабандалық тауарға көшті» [14]. Істің насырға шапқанын және сепаратизм қаупі төнгенін көрген британдықтар қателескендерін білді, жағдайды түземек болған британ парламенті, асығыс салықтарды алып тастайды, алайда олар мүмкіндікті жіберіп алған еді, ал колонистердің қалай өмір сүретінін, салықты қалай жинайтынын өздері шешу және Британияға тәуелді болмау ниеті жаңа революциялық сипатқа ие болды.

Штаттар бойынша тәуелсіздік үшін қимылдар толқыны бола бастады. 13 колония бірікті, 1776 жылы тәуелсіздік туралы жариялады, алайда революционерлердің лоялистермен соғысы 1783 жылға дейін жалғаса берді, ол кезде Британия әскери жеңілістерден кейін өз колонияларына талаптары жоқ екенін ресми жария етті және бірқатар бейбіт шарттарға қол қойды, оның ішінде Франция да бар еді, нақты осы ел АҚШ-тың тәуелсіздік үшін күресінде маңызды рөл ойнады» [15].

Осылайша, «Бостондағы шай ішу» Америка революциясына, өз империясына қарсылық білдіруге және нәтижесінде, 1776 жылдың шілде айында Тәуелсіздік декларациясына қол қоюға бастау болды. Әрине, барлық кездегі сияқты, барлығы біркелкі және оңай болған жоқ.

1974 жылдың 4 қыркүйегінде 13 колониядан келген делегаттар Филадельфиядағы 1-ші құрлықтық конгреске жиналғанда, Британияның тәуелсіздігі туралы сөз болған жоқ, дәлірегі, колонияларды басқаруда дербестілік сақтауға қатысты болды. Бірақ колонияларда адасу басталды, отаршылар біртіндеп лоялистерге (британдық басқаруды сақтап қалғысы келгендер) және Джордж Вашингтон бастаған, Британиядан тәуелсіз болуды қалайтын революционерлерге бөлінді.

АҚШ тәуелсіздігі үшін Бостонның маңызды рөл атқаруында, менің ойымша, таңғаларлық ештеңе жоқ. Америка тарихында Массачусетс штаты мен оның жүрегі – Бостон қаласы, әрдайым еркіндік, либералдық идеялар және жаңашылдықтың бейресми орталығы болды. Жаңа Англия аймағындағы штаттар құлдықты болдырмауға қатысты XIX ғасырда басталған қозғалыста маңызды рөл атқарды, Оңтүстіктің мақта алқаптарынан қашқан көптеген афроамерикалықтар, осы солтүстік штаттарды паналады.

Екіншіден, егер АҚШ әлемнің ең бай мемлекеті болып табылса, Массачусетс – елдің ең бай және ең дамыған штаттарының бірі. Бір ғана Бостон қаласының бюджеті 2014 жылы 382 миллиард АҚШ долларын құрады. Уолт Стрит Джорнэл экономистерінің деректері бойынша, «...Бостонның ЖІӨ көлемі Дания сияқты елге тең, ал Греция және Финляндия сияқты елдердің ЖІӨ көлемінен жоғары» [16], 2014 жылы орташа кірісі бар Қазақстанның шамамен екі есе ЖІӨ көлеміне тең.

Үлкен Бостон аймағында - 5 миллионнан астам халқы бар қала агломерациясындағы технологиялық компания-

лар саны, тіпті қиялға сыймайды. Мысалы, «...қала маңын қоса алғанда, қалада биотехнология саласында зерттеумен және енгізумен айналысатын компаниялардың өзі ғана 10 мыңға жуық! Жыл сайын Бостонға медицина, фармакология, биотехнология, электроника, химия өнеркәсібін зерттеу, тестілеу, соңғы өнімдерді алу үшін бүкіл әлемнен миллиардтаған ірі инвестициялар ағылады. Бостон экономикасы ғылымды қажетсінетін тауарларды экспорттау, қызмет көрсету, медициналық туризм есебінен миллиондаған пайда табады. Тіпті қарапайым туризм қала бюджетіне көп табыс әкеледі. Мысалы, 2011 жылы 21,2 миллион турист Бостонға 8,3 миллиард доллар табыс әкелді» [17].

Ақырында, Бостон - АҚШ-тың көптеген президенттері мен саяси қайраткерлерінің туған жері, соның ішінде Джон Адамс (АҚШ-тың 2-ші президенті), оның ұлы Джон Куинси Адамс (АҚШ-тың 6-президенті) және де, әрине, АҚШ-тың ең танымал және көрнекті президенттерінің бірі Джон Кеннеди отаны. АҚШ тарихының барысын өзгерткен адам Мартин Лютер Кинг Бостон университетінде оқып, Американың көне көпшілік саябағында Бостон-Коммонда өзінің әйгілі шешендігімен өнер көрсетті. АҚШ-тың Тәуелсіздік Декларациясының астына қол қойған Массачусетс штатының бірінші губернаторы Джон Хэнкок туралы да айтпай кетуге болмайды. Тізімді одан әрі жалғастыра беруге болады.

Жалпы, Бостонды XIX ғасырдың ортасына дейін WASP – ақ ағылшын-сакс-протестанттар үшін цитадель деп атауға болады. Бірақ XIX ғасырдың қыркыншы жылдарында Бостонға ирландиялықтардың жаппай көші-қоны

басталды. Уақыт өте Бостон АҚШ-тың «ең ирландиялық» қаласына айналды. Жыл сайын 17 наурызда, барлық ирландиялықтардың қамқоршысы Әулие Патрик күнінде, Бостон жасыл түске боялады – өйткені көшелер ұлттық жасыл түсті ирланд костюмдерін киген адамдарға толады. Бұл міндетті түрде ирландиялықтар болуы керек емес, ирланд мәдениеті мен дәстүрлерін құрметтейтін барлық адамдар. Бостон тұрғындары арасында италиялықтар мен еврейлер пайызы аса жоғары.

Бостон ұзақ уақыт АҚШ-тың ең «ақ» қалаларының бірі болып қала берді, тіпті қазір де онда еуропалық халықтың үлесі айтарлықтай жоғары. Алайда соңғы онжылдықта Азиядан, әсіресе Қытайдан, Кореядан және Филиппиннен жоғары көші-қон салдарынан Бостонның нәсілдік құрамы қатты өзгерді. Азиялықтар қазірдің өзінде 8%-ды құрайды, бірақ әлі 24%-ға жуық афроамерикалықтарға дейін алыс. Алайда, халықтың осы бөлігінің өсу қарқынымен, бұл - уақыт мәселесі. Егер сіз Бостон университетінің негізгі кампустарының жанында Комонвелз авеню бойынша немесе Массачусетс технологиялық университеті аумағындағы Чарльз өзені арқылы өтетін көпірде жүрсеңіз, онда осы жоғары оқу орындарының барлық білім алушыларының жартысын құрайтын Азия студенттерінің көптігіне қайран қаласыз.

Иммиграция тақырыбын жалғастыра отырып, бірақ бүкіл ел шеңберінде халықтардың жаңа жерге ұлы қоныс аударуының тарихи перспективада бірнеше ғасырлардың қалай болғанын, сондай-ақ иммиграция триггерлері не болғанын және иммигранттардың әртүрлі толқындарының

этникалық құрамы қандай болғанын түсіну қызықты деп ойлаймын.

1.3 Халықтардың Ұлы көші немесе «Мальтузиялық тұзақ»

Жер тұрғындарының саны жылдам өсуде. «...1800 жылға қарай адамзат бірінші миллиард адамға жетуі үшін 250 мыңнан астам жыл қажет болды. Бірақ тек 200 жылдан кейін, дәлірек айтқанда, 2011 жылдың 31 қазанында әлем ғаламшардың 7 миллиардтық тұрғыны дүниеге келгенін белгіледі. Адамзат санының 6 миллиарды мен 7 миллиарды арасында небәрі 12 жыл өтті!» [18]. 250 мың және 12 жыл! БҰҰ болжамы бойынша, келесі, планетаның 8 миллиардтық тұрғыны бұдан да жылдам туылуы мүмкін.

Мұндай өсуді түсіндіретін болсақ, адамзат жаңа технологиялардың арқасында көп тұтыну тауарларын өндіруді үйренді, еңбек өнімділігі күрт өсті, сондай-ақ медицинадағы жаңалықтар мен инновациялардың арқасында өмір сүру уақыты ұзарды және балалар өлімін азайтты.

Адамзат тарихында көптеген жарқын ой халықтың экономикамен байланысын түсіндіруге тырысты. Бұл XVIII және XIX ғасырлар тоғысында өмір сүрген атақты ағылшын ғалымы Томас Мальтустың қолынан ең сәтті болып шықты. Ол тұтас тарих бойында адамзат саны неліктен осындай баяу қарқында өскенін түсіндіретін теорияны ұсынды. Өзінің «Халық санағы заңы туралы очерк» атаулы еңбегінде Мальтус былай дейді: «халық

саны тіршілік ету құралдарымен қатаң шектелген, яғни белгілі бір жердегі өнімнен артық адам саны өмір сүре алмайды, адам саны жер асырайтын көлемнен көбейіп кетсе, онда аштық және адамдардың табиғи азаюы басталады». Мальтус тағы кезеңділік туралы да айтты, өйткені халық саны қысқарғаннан кейін жан басына шаққандағы орташа кірістің артуы орын алады, халық саны тағы өсе бастайды, адам басына шаққандағы кіріс кемиді, тағы да аштық басталады және халық тағы теңеледі» [19].

Ең қызығы, Томас Мальтус XIX ғасырдың басында өзінің «Мальтузиялық тұзақ» атты теориясын жария еткеннен кейін Еуропаның кейбір елдерінде, бірінші кезекте ғұламаның отанында, индустриялық революция болды және индустриялық елдер үшін ол бақуатты болуын тоқтатты. Алайда, Мальтус теориясы сол кезге дейін индустрияға дейінгі тәртіптегі елдер үшін өзекті болып қала берді, сол кезге дейін ол қазіргі әлемнің артта қалған елдерінің, атап айтқанда, Африка елдерінің оқиғалары мен мінез-құлқының табиғатын түсіндіреді, мысалы, XX ғасырдың 90-шы жылдарында Руандада Тутси мен Хуту халықтарының геноциді орын алды. Онымен қоса, бүгінгі таңда әлемнің барлық мемлекеттері «Мальтузиялық тұзақтан» шыға алған жоқ, олар дамудың индустрияға дейінгі фазасында ұзақ уақытқа қалып қойған сияқты.

Еуропаның өсіп келе жатқан халқы және халықтың артық болуы, әсіресе XVIII және XIX ғасырларда Америкаға еуропалық халықтың жаппай қоныс аударуы үшін қозғаушы күшке айналды. Діни қуғындар, этникалық кемсітушілік және еврей ойрандары, бірінші және екінші әлемдік

соғыстар, әрине, еуропа халықтарының жаңа жерге жаппай нәтижелерінде үлкен рөл атқарды, бірақ бос жерлердің болмауы, аштық пен жақсырақ өмір сүру ниеті адамдарды батысқа қарай әлдеқайда күштірек айдады.

Мәселен, 1841-1850 жылдар аралығында АҚШ-та иммиграцияның «өршуі» 1845-1849 жылдар аралығында Ирландияда болған 5 жылдық аштықтан туындады. АҚШ-қа келген 1 миллион 713 мың иммигранттың 781 мыңы ирландиялықтар болды. Ирландиядан АҚШ-қа жүзіп келе жатқан кемелер жоғары өлімге байланысты «табыт кемелері» («coffin ships») деп аталды. Ирландықтар ең қысқа маршруттарды таңдап, АҚШ-тың солтүстік-шығыс жағалауы - Бостон мен Нью-Йорк қалаларында қоныстанды» [20].

1848 жылы сол кездегі Еуропаның көптеген елдері халқының негізгі азық-түлігі, картоптың өнім бермеуі тек ирландиялықтардың ғана емес, сонымен қатар жүздеген мың немістер, британдықтар, француздардың және т.б. кейінгі онжылдықтағы АҚШ-қа көшіп кетуіне басты себеп болды.

Жалпы, америкалық иммиграция тарихын төрт кезеңге бөлуге болады: отарлық кезең; ХІХ ғасырдың ортасы; ХХ ғасырдың басы және 1965 жылдан кейінгі кезең. Әрбір кезең қалыптасып келе жатқан америкалық қоғамның жалпы шұбар ала этникалық және діни мозаикасына өз бояуын қосты. АҚШ-тың көші-қон заңнамасы Штаттарға кіру мен ел азаматтығын алу айтарлықтай оңай болатын ырықтандыру кезеңдерін де, иммигранттардың көптеген санаттарына азаматтық құқық беру қиындатылған қатаңдату кезеңін де қамтыды. ХІХ ғасырдың ортасында ағын

негізінен Солтүстік Еуропа мен Африкадан, XX ғасырдың басында – негізінен Оңтүстік және Шығыс Еуропадан, 1965 жылдан кейін – негізінен Латын Америкасы мен Азиядан бағыт алды.

Еуропадан көшіп кетудің жаппай толқындарында индустрияландыру процесімен белгілі бір үйлесімді көруге болады. Екінші, отарлық кезеңнен кейін, Еуропалық иммиграцияның жаппай толқыны XIX ғасырда орын алды және негізінен Солтүстік Еуропадан болды - Америкаға ағылшындар, ирландықтар, немістер мен скандинавтар қоныс аударды. Иммигранттардың жаңа толқыны Американы алғашқы ашушылармен діни және этникалық тиістілігі есебімен, жылдам және жеңіл сіңіп кетті. Оның үстіне, XIX ғасырдағы Америка жұмысшылар, құрылысшылар, солдаттар, дәрігерлер мен мұғалімдерге аса мұқтаж еді, өмір сүру мен шаруашылық жүргізуге жарамды жер барлығына жеткілікті болды. Алайда, Англиядан бастап Солтүстік Еуропа елдерінде технологиялық революция орын алып, бұл елдер тұрақты индустриялық прогреске кірген соң, иммиграция айтарлықтай баяулады.

Еуропалық иммигранттардың орнына индустрияға дейінгі даму кезеңінде тұрған халықтар келді. XX ғасырдың басында солтүстік еуропалық, негізінен протестанттық иммиграцияның орнына иммиграцияның үшінші толқыны келді, көбінесе католиктік: италяндықтар мен гректер – Жерорта теңізінен; поляктар, чехтар мен венгрлер – Шығыс Еуропадан, және, әрине, еврейлер – бүкіл Еуропадан. «... Америка жаңа эмиграция уақытына қарай қатты өзгерді - бос жер қалған жоқ, индустрияландыру және қалалану

ұлттың бет-бейнесін өзгертті. Иммигранттар, негізінен ауыл тұрғындары, өздері үшін мүлдем жаңа ортада болды» [21].

Жаңа иммигранттардан ағылшын тілін меңгерген ирландиялық католиктер жылдам бейімделді. Италиялықтар, поляктардың жағдайы оларға қарағанда жақсы емес еді, олар алғашқы кезде нашар америкаландырылған болды. Айтарлықтай дұшпандық ортада демеу ретінде, осындай диаспоралар, өздерінің «қауіпсіздік айлақтарын» іздей бастады, поляктар Чикагода гетто құра бастады, қазірдің өзінде ол жерде поляктар саны 2 миллион халқы бар, Польшаның астанасы Варшаваға қарағанда әлдеқайда басым. Италиялықтар сияқты біреулері мәдени шокпен күресте дәстүрлер мен Үлкен Отбасына сүйенеді. Негізінде Америкада танымал италиялық Мафия пайда болды.

АҚШ-қа қарай көші-қон тек батыс әлемінен ғана емес, Шығыстан да жүрді. «...Қытайдан шығушылар Тынық мұхитына іргелес штаттарды белсенді игеріп, Калифорнияда ХІХ ғасырдың 80-ші жылдарының басында қытайлықтардың жалпы саны халықтың 10%-нан асып түсті. Бірақ, азаматтық соғыста құлдық қарсыластары жеңіске жеткеніне қарамастан, нәсілшілдік орта статистикалық америкалыққа тән дүниетаным болып қала берді. Егер италиялықтар мен ирландиялықтар сияқты еуропалық қоныстанушылар да сол уақытта кемсітушілікке ұшыраған болса, онда мүлдем адам деп саналмаған қытай иммигранттары туралы несін айтамыз. Мәселен, қытайлықтарда ақтар мен Африкадан шығушыларға қарағанда (1870 жылдан бастап) АҚШ азаматтығын алуға құқығы болған жоқ. Қытайлықтар ақ америкалықтардың дүниетанымында ерекше орын алды: жаппай мәдениет олар-

ды жабайы, қорқынышты және сөзсіз монолитті «сары қауіп» ретінде көрсетті (екінші дүниежүзілік соғыстың басында осы құндылықтар жүйесіндегі қытайлықтардың орнын жапондықтар басты)» [22].

Қытайларға қарсы көңіл-күйдің ұзақ уақыт жиналып қалған нәтижесі ретінде, «...1885 жылдың қыркүйек айының басында АҚШ солтүстігінде «Рок-Спрингстегі қырғын» ретінде танылған жаппай кісі өлтіру орын алды. Ондаған қытайлар өлтірілді және қытайдан иммиграцияны шектейтін Chinese Exclusion Act (1882) атаулы заң қабылданды. Бұл америкалық тарихтағы этностық топқа АҚШ-қа кіруге тыйым салынған алғашқы жағдай болды» [23]. Онымен қоса, «...1891 жылы Иммиграция туралы заң қылмыскерлер, жезөкшелер, көп балалы әйелдер, жұқпалы аурулар, сондай-ақ өздерін асырай алатынын дәлелдемеген адамдардың елге кіруіне тыйым салды» [24].

Иммигранттардың үшінші толқыны үшін жаңа отандағы үміттер мен шындық арасындағы алшақтық алғашқы екеуіне қарағанда әлдеқайда үлкен болды. Алғашқы қоныс аударушылар, көбінесе батыс Еуропа елдерінен келген мигранттар, ағылшын-саксондар, яғни WASP, оларды бөтендер деп қабылдады. Италиялықтар, гректер, ирландиялықтар, шығыс еуропалықтар екінші сұрыпты адам болып саналып, жаппай кемсітуге ұшырады. 1916 жылы Passing of the Great Race (Ұлы нәсілдің опаты) кітабында Мэдисон Грант иммиграция Американың нәсілдік ластануына әкелді деп мәлімдейді» [25].

АҚШ-та артып келе жатқан иммиграцияға қарсы көңілкүйлер, құлдырап келе жатқан экономикалық

жағдаймен ұштасып (Ұлы күйзеліс жақындап келе жатты), Ресейде басталған революция да маңызсыз болған жоқ, Еуропадағы коммунистік адасулар АҚШ-ты басқарушы элитаны иммиграция саясатын түбегейлі өзгертуге мәжбүр етті. «...1924 жылғы мамыр айында Immigration Restriction Act (Миграцияны шектеу туралы акт) қабылданды, ол америкалық иммиграция саясатын өзгерткен жаңа тармақпен белгіленді. Заң екі жаңа өлшемді қосты – иммиграцияға сандық шектеулер және осы шектерді анықтайтын квоталар жүйесі. Заң кез келген елден мигранттар санын 1910 жылы АҚШ-та тұратын осы елдің өкілдерінің жалпы санынан 3%-ға дейін шектеді» [26].

Заң Оңтүстік және Шығыс Еуропадан иммиграцияны біршама шектеуді, Африкадан иммиграцияны қатаң шектеуді және Азия мен Таяу Шығыстан иммиграцияны толық шектеуді көздеді. Сонымен қатар, Солтүстік Еуропа иммигранттарына, сондай-ақ, ең қызығы, Оңтүстік және Солтүстік Америка елдері үшін ешқандай шектеулер болған жоқ.

Мысалы, 1924 жылғы актіні енгізгеннен кейін бірден «...АҚШ-қа кіруге рұқсат алған 155 мың адамның 86% бөлігі Солтүстік Еуропа (Британия, Германия және Ирландия) елдерінен болды. Оңтүстік және Шығыс Еуропадан келген иммигранттар үшін жаңа квоталар аз болғаны соншалықты, АҚШ-қа келген италиялықтар, чехтар, гректер мен португалдықтар санына қарағанда, кеткендер саны көбірек болды» [27].

McCarran-Walter Act ұлтқа тиістілікті иммиграцияға кедергі ретінде жойған 1952 жылға дейін жалғасып келді.

Бірақ шыққан ұлтына байланысты кемсітушілік проблемасына 1965 жылғы заң ақырғы нүктесін қойып берді, ондағы жаңа иммиграциялық ережеге сәйкес, АҚШ-та туыстары бар адамдарға, сондай-ақ жоғары біліктілігі бар жұмыскерлерге артықшылық берілді.

Осы актіні күшіне енгізумен иммиграцияның төртінші толқыны басталды. 1965 жылдың жаңа заңы АҚШ-тың демографиялық және нәсілдік көрінісінің ұзақ мерзімді және түбегейлі өзгеруіне ықпал етті - Америка тарихында алғаш рет иммигранттардың көпшілігі еуропалық континенттен емес, Азиядан және Латын Америкадан келіп бастады. Италиялықтар, поляктар мен ирландиялықтардың орнына қытайлықтар, вьетнамдықтар, филиппиндер мен үндістер келе бастады. Бұл тренд әлі күнге дейін жалғасып қана қоймай, өзінің өсу үрдісі бар. Осының салдарынан, америкалық қоғамда тағы да, осыдан көптеген жылдар бұрынғы сияқты, иммиграцияға қарсы көңіл-күй артып келеді. Президент Дональд Трамптың жеңісі ақтар көпшілігін оқшаулау және өте консервативті көңіл-күйдің өзіндік шарықтау шегіне айналды.

Дегенмен, түрлі халықтардың АҚШ-қа иммиграциясы толқындарын, осы жолдағы келеңсіздіктерді, жүздеген мың және миллиондаған жаңа азаматтардың жаңа отанында кемсітушілік көруі мен бейімделу қиындықтарын сипаттау кезінде, мен осы қайғылы жағдайды Американың қалыптасу тарихының негізі ретінде келтіргім келмейді. АҚШ-қа иммиграциялау тарихы - бұл ең алдымен бүкіл әлемнен миллиондаған адамдардың табысқа жету тарихы, жаңа отан табу тарихы, жаңа бостандықтар мен жетістіктер,

миллиондаған идеалистердің «мінсіз мемлекет» туралы түсініктерін іске асыру тарихы. Жаңа отанда орын алған иммиграция мен кедергілердің қиындықтарын сипаттау кезінде бұл жолдың қаншалықты қиын болғандығы ғана көрсетіледі.

Құрама Штаттарға жердің түпкір түпкірінен қаншама адам келгені туралы әртүрлі деректер бар. Мысалы, ресей ғалымдары 1830 жылдан бастап АҚШ-қа заңды келген мигранттар санын он жылдықтарға бөліп келтіреді [28]:

- 1831–1840 жылдар – 0,6 млн. адам
- 1841–1850 жылдар – 1,7 млн. адам
- 1851–1860 жылдар – 2,5 млн. адам
- 1861–1870 жылдар – 2,3 млн. адам
- 1871–1880 жылдар – 2,8 млн. адам
- 1881–1890 жылдар – 5,2 млн. адам
- 1891–1900 жылдар – 3,6 млн. адам
- 1901–1910 жылдар – 8,7 млн. адам
- 1911–1920 жылдар – 5,7 млн. адам
- 1921–1930 жылдар – 4,1 млн. адам
- 1931–1940 жылдар – 0,5 млн. адам
- 1941–1950 жылдар – 1,0 млн. адам
- 1951–1960 жылдар – 2,5 млн. адам
- 1961–1970 жылдар – 3,3 млн. адам
- 1971–1980 жылдар – 4,5 млн. адам
- 1981–1990 жылдар – 7,3 млн. адам
- 1991–2000 жылдар – 9,1 млн. адам
- 2001–2010 жылдар – 10,5 млн. адам

Осы цифрларға қарасақ, АҚШ-қа 180 жыл бойындағы миграцияның екі тарихи шыңы болғанын көреміз – 1880 – 1920 жылдары және 1980 жылдардан бастап. 2001-2010 жылдардағы соңғы кезең тіпті барлық рекордтарды жаңартты, осыған қарағанда, заңды да, заңсыз да иммиграцияның өсу үрдісі артып келеді.


Бүгінде АҚШ, оның ішінде бүкіл планетадан тұрақты көшіп келу арқасында Қытай мен Үндістаннан кейін әлемде үшінші орын алады, ондағы адам саны 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 323 341 000 адамды құрайды.

1800 жылдан 2000 жылға дейінгі 200 жыл ішінде АҚШ халқы шамамен 303 миллион адамға ұлғайды. 1790 жылғы 1 тамызда АҚШ-тың бірінші жалпы федералдық халық санағы өтті, қорытындысы бойынша 3,9 миллион адамға тең халық саны анықталды. 1915 жылы АҚШ-та 100 миллион адам тұрып жатты. АҚШ 1967 жылда 200 миллион адамдық межеден асты. АҚШ халық санағы бюросының мәліметтеріне сәйкес, 2006 жылғы 17 қазанда елде 300 миллионыншы тұрғын дүниеге келді [29].

АҚШ халық санағы бюросы 2060 жылға қарай АҚШ халқы санының 417 миллион адамға дейін өсуін болжайды, бұл 2007 жылға қарағанда 46%-ға артық (301 300 000 адам). Біріккен Ұлттар Ұйымы 2050 жылға қарай АҚШ халқы санының 402 миллион адамға дейін өсуін болжайды, бұл 2007 жылмен салыстырғанда 32%-ға артуды білдіреді.

Бүгінде Америка Құрама Штаттары - әлемнің ең халық көп мемлекеттерінің бірі ғана емес, сонымен қатар өзінің нәсілдік құрамы бойынша әртүрлі болып табылады.

АҚШ-тың 2000 жылғы ең үлкен нәсілдік және этностық топтарының картасы



Дереккөз: The US Census Bureau.

Бірнеше жүзжылдықтар бойы орын алған иммиграцияның еуропалық толқындары 2010 жылдың санағы бойынша 47 миллионнан астам америкалықтар өздерінің германиялық тамыры туралы айтқан, 35 миллионнан астам ирландиялық шығу тегі бар, 26 миллион – ағылшын тамыры бар, ал 20 миллион олар жай америкалықтар екені туралы мәлімдеген. Ең үлкен 10 этностық топтар тізімінде америкалықтар немістер, ирландиялықтар және ағылшындардан кейін бірден төртінші орынға ие болды. Бұл әбден түсінікті: бірнеше ғасырлар ішінде америкалық қоғамда осындай

ақылсыз этно-нәсілдік араласу болды, олардың ұрпақтарына өздерінің этникалық тиістілігін айту қиын. АҚШ халық санағы бюросы этникалық шығу тегі – кең түсінік екенін нақтылайды, адамдар өзін-өзі сәйкестендіру туралы айтады және кейбір сұралғандар бірнеше этностық шығу тегі жайлы айтты.

1-кесте. 2010 жылы АҚШ-тағы 10 ең үлкен этникалық тиістілік

Ancestry of U.S. Population by Rank

(Groups with populations exceeding one million)

Rank	Ethnicity	Number
1.	German	47,901,779
2.	Irish	34,669,616
3.	English	25,926,451
4.	American	19,975,875
5.	Italian	17,235,941
6.	Polish	9,569,207
7.	French	8,761,496
8.	Scottish	5,460,679
9.	Dutch	4,645,131
10.	Norwegian	4,470,081

Note: 2010 Census figures.

Source: U.S. Census Bureau, 2010 American Community Survey.

Скандинавиялық елдерден иммиграция да едәуір болды. 11 миллионна астам америкалықтар өздерінің скандинавиялық тамырлары туралы мәлімдейді, ал норвегиялық шығу тегі бар америкалықтардың саны - 4,5 миллион - бүгінгі Норвегияның 5 миллиондық халқына тең. Ирландиядан

басқа ешқандай еуропалық ел Норвегия сияқты пайыздық қатынаста өз халқын жоғалтқан жоқ. Швеция халқының көшіп келу ауқымы жоғарыда сипатталғандарға ұқсас: 1880 және 1920 жылдар аралығында АҚШ-та халықтың 20-25%-ға жуығы түбегейлі кетіп қалды. Сонымен қатар, скандинавия мемлекеттерінің көптеген тұрғындары Американы ашудың ресми нұсқасында, Колумбқа дейін көп уақыт бұрын, нақты айтқанда 500 жыл бұрын, викингтер Солтүстік Американың Ньюфаундленд (қазіргі Канада) аумағындағы жағалауында кемелерін байлап және сол жерде қыстап шыққандары туралы айтылмағаны немесе мүлдем аз айтылатыны туралы фактіні айтып жүруді қалайды.

Скандинавиялықтар фермерлікпен айналысу үшін АҚШ-та климаттық жағдайлар бойынша ұқсас жерлерді, негізінен орта батыс өңірін (Midwest), сондай-ақ елдің солтүстік-батыс жағалауының жағасында үйреншікті балық аулаумен айналыса алатын жерлерді таңдады. Шведтер үшін өте танымал бағыт Чикаго болды және XX ғасырдың басында ол швед халқының саны бойынша Стокгольмнан кейін әлемдегі екінші қала болды. Чикаго, сонымен қатар, өзінің ең ірі этникалық диаспораларымен танымал болды және қала береді.

Алайда, Құрама Штаттар тек немістер, ирландиялар, шведтер және ағылшындар ғана емес. Америка тарихы - бұл мен егжей-тегжейлі тоқталып өткен Американың байырғы тұрғындарының тарихы, бұл, әрине, Қара Американың, афроамерикалықтардың, негізінен, елдің қалыптасу кезеңіндегі мәжбүрлі көшіп келушілердің де тарихы.

Егер еуропалықтардың жаңа континентті жаулап алу та-

рихы жан-жақты зерттелген болса, еуроамерикалықтардың басым көпшілігі өзінің шежіресін, ал кейбіреулері тіпті еуропалық отанының тілін біледі, алафроамерикалықтардың тағдыры бұл тұрғыдан неғұрлым трагедиялық. Зорлықпен шығарылған және құлдыққа сатылған, олар бірнеше ұрпақтан кейін өздерінің африкалық отанын есте сақтауы екіталай.

Құрама Штаттардағы құлдық тарихы, Американың байырғы тұрғындарының геноцид тарихымен, нәсілдік кемсітушілікпен қатар - ұят болса да, бірақ тәуелсіздік үшін күрес, азаматтық соғыс және америкалықтардың Айға ұшуы сияқты АҚШ тарихының шынайы парақтары іспеттес. Тарихи тақырыптағы америкалық авторлардың әртүрлі еңбектерін оқи отырып, америкалықтар АҚШ тарихын жасырмауға және өз бетінше түсіндірмеуге батылдығы бар деген оң пікірге келесің. Алайда барлық кезде осылай болмағанын мойындау керек.

Бір қызығы, «Америкадағы алғашқы құлдар Атлант мұхиты арқылы трансфертке айырбастауға ерікті құлдыққа келісім-шарттарға қол қойған ақ сервенттер деп аталатын еуропалықтар болды. Оларды көбінесе «келісім-шартты малайлар» деп атаған. Төрт жыл қызмет еткен соң олар бостандық пен жер алатын болған. Алайда, кейіннен жер иелеріне бұл жағдай аса пайдалы емес екені анықталды. Жағдай 1619 жылы насырға шапты, сол кезде Виргиния колониясында 1609/1610 жылдардағы аштықтың қайталану қаупі пайда болды, өйткені сол жылы астық жинау мүмкін болмады. Губернатор сэр Томас Смитке қоныстанушыларды жұмыс күшімен қамтамасыз ету талабына құл алып-сатушылар жау-

ап қатты. Тура осы кезде бортында жиырма қара нәсілді құл тиелген голландиялық кеме келіп жетті. Осы жылдан бастап АҚШ-тағы негрлер құлдығы бастау алады» [30].

Ақ уақытша құлдар сияқты, қара нәсілді құлдар да, бастапқыда, жақсы еңбегі, үлгілі тәртібі мен христиандық ұстанғаны үшін бостандық алатын болған. «...1621 жылы Солтүстік Америкаға келген Антонио Джонсонның тағдыры хрестоматиялық мысал болып табылады, кейінірек бостандық алды және тіпті өзі плантатор болды және қара құлдарды ғана емес, сонымен қатар келісім-шарт жасалған ақ құлдарды да иеленді.

Алайда көп ұзамай колония бірінен соң бірі «құл» және «меншік» ұғымдары арасында теңдік белгісін қояды, сонымен қатар, тіпті еркін негрлер өз құқықтарын күрт жоғалтады. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында АҚШ экономикасы көп жағдайда, құл еңбегіне негізделген болды. ХVІІ ғасырдан ХІХ ғасырға дейінгі кезеңнің өзінде Америкаға 12 миллионнан астам африкалық құлдар әкелінген. Африкалық құлдарды пайдалану плантаторларға үлкен пайда әкелді. Негр құлдар еуропалықтарға қарағанда ыстық климатқа бейімделген, сондай-ақ оларды басқа құрлыққа әкеткендіктен, олардың отанына қашып кетуге мүмкіндігі болмады» [31]. Сонымен қатар, «Тәуелсіздік декларациясы» авторы Томас Джефферсон және АҚШ-тың тұңғыш президенті Джордж Вашингтон құл иеленушілер болды.

Америкалықтардың санасындағы бірінші елеулі өзгерістер тәуелсіздік үшін соғыстың басталуына байланысты болды, оның батыры Джордж Вашингтон болған еді. Барлық адамдар тең жаралған, оларды Жаратушы белгілі бір ажыра-

мас құқықтар берген, оның ішінде өмір сүру, бостандық және бақытқа ұмтылу құқығы бар деп белгілейтін «Тәуелсіздік декларациясы» мазмұнындағы өшпес сөздер Солтүстік Американың екі жарым миллион тұрғыны арасында 500 мың адам біреудің меншігі болған жағдаймен үйлесімсіз болды.

Американы құлдықтан босату үшін нағыз соғысты «Том ағаның лашық үйі» романының авторы, жазушы Гарриет Бичер-Стоу бастады. Бұл еңбектің үлкен маңызы туралы Авраам Линкольн Ақ үйде 1862 жылғы желтоқсан айында айтқан еді. Жазушының сөзіне сүйенсек, романның осындай айқын және әшкерелеуші болуына, оның 1830 және 1840 жылдары Огайо штатының оңтүстігінде тұрған кезінде анық болған нақты фактілерге негізделуі себеп болған. «Том ағаның лашық үйі» америкалықтар үшін қолдан түсірмейтін кітапқа айналды, оны әр отбасында оқитын болған және оңтүстік штаттар әскерлерімен шайқасқа осы кітаппен шыққан.

Осы уақытта, 1860 жылы, Американың ұлттық батыры және америкалық құлдарды босатушы Авраам Линкольн 16-шы Президент болады, бірақ бұл оған құл иеленуші болуға кедергі болған жоқ. Оның билікке келуімен өзгерістер дәуірі басталды. Осы кезде Солтүстік және Оңтүстік штаттар арасындағы қарым-қатынас төрт жылдық азаматтық соғысқа (1861-1865) ұласқан шиеленіс шыңына жақындайды. Өңірлердің дамуының түрлі жолдары себеп болды. Іс жүзінде әрбір штат дербес саясат жүргізді.

«...Солтүстік Штаттардың қатал табиғаты фермерлік шаруашылық пен өнеркәсіпті дамыту үшін өте қолайлы,

жоғары білікті және жоғары уәждемелі еңбекті талап етеді, бұл құлдық институтына қолайлы болған жоқ. Оңтүстіктегі плантациялық экономика, керісінше, ұзақ ауыл шаруашылығы маусымы ішінде біліктілігі төмен еңбектің қомақты күшін қажет етті. Бұл Оңтүстіктің ауыл шаруашылығында бірінші орынды мақта шаруашылығы алған кезде әсіресе айқын болды, оған үлкен сұранысты Ұлыбритания туындатты.

АҚШ-тың солтүстігіне көптеген иммигранттар мен кәсіпкерлер келуге ұмтылды, себебі онда фабрикалар мен зауыттардың көп бөлігі шоғырланған. Оңтүстік Америка-Мексика соғысынан кейін егіншілік үшін қолайлы климатты үлкен бос аумақтарды иеленді, оларға тегін жұмыс күші қажет болды» [32].

Айта кету керек, соғыстың бастапқы мақсаты құлдықтың күшін жою емес, барлық штаттардың одағын қалпына келтіру болды. Бірақ соғыстың соңына қарай Линкольн құлдықты жоймай, мұның мүмкін емес екенін түсінеді. Мұны бірте-бірте емес, радикалды әдістермен жасау керек болды.

XIX ғасырдың ортасында құлдық айналасындағы күрес осындай жоғары шиеленіске жетті, бұл Құрама Штаттардың біртұтас мемлекет ретінде тіршілік етуінің өзіне қауіп төндірді. Солтүстік Штаттар Оңтүстіктегі көне институттарға байланысты уайым шегумен болды, ал оңтүстіктер бірте-бірте өзін жеке ұлт ретінде, солтүстіктен бөлек өмір сүруге лайықты жеке мәдениет ретінде сезінуді бастады.

АҚШ-та соңғы құлдық қанды Азамат соғысының төрт жылынан кейін, 1865 жылы ғана жойылды, бірақ бұрынғы құлдар мен олардың ұрпақтары Құрама Штаттарда барлық

толық құқықтарын алғанға дейін тағы 100 жыл қажет болды.

Бүгінде АҚШ-та афроамерикалықтар жалпы саны 39 миллион адам немесе АҚШ-тың барлық халқының 12,6% бөлігін құрайтын, ақ және испан тілді халықтан кейін құрметті үшінші орынды алады. Дегенмен, афроамерикалықтар мәртебесіндегі идентификацияда тек Африкадан ғана емес, Еуропа мен Оңтүстік Америкадан шыққан адамдар да бар.

Дегенмен, көптеген афроамерикалықтар үшін иммигранттардың басқа да этномәдени топтарының өкілдері сияқты, гетто - ерекше қалалық аудандарда жинақы тұру тән. Ең танымал «Қара гетто» Манхэттен аумағындағы Гарлем болып табылатын шығар. Қауіпті, бандалық, ол жаққа тіпті күндіздің өзінде барудың қажет жоқ – оны көптеген голливуд фильмдерінде тура осындай етіп көрсетеді. Мүмкін, бір кезде солай болған шығар. Бірақ қазір бұл аудан жылжымайтын мүлік сатып алу тұрғысынан ең қажетті ауданға айналып, айтарлықтай көркейіп келеді. Гарлем Манхэттен орталығында дерлік, Орталық саябақ, Колумбия университеті жанында орналасқан, ол жерде жердің әрбір метрі аса қымбат бағаланады. Гарлем бірте-бірте тек қаралар ауданы болудан қалып, оның аңызға айналған бандиттік тарихы да өткеннің еншісінде кетіп барады.

АҚШ тарихының испан тілді немесе латынамерикалық парағы мүлдем бөлек тарқатуды талап етеді – бұл ретте әңгіме Оңтүстік және Орталық Америка елдерінен шығушылар тарихы жайында, оларды қарапайым тілмен көбінесе латинос деп атайды. Олар өзінің бай тарихы бар, еуроамерикалық ұлттық-тілдік топтан кейін екінші орынды иеленеді.

XX-XXI ғасырлардағы АҚШ-тағы Латын Америкасы елдерінің үлесі тұрақты өсуде: 1900 жылы 0,7% - 1960 жылы 3,8%, 2000 жылы - 12,5% және 2015 жылы шамамен 20%.

Құрамы:

- 64% латынамерикалықтың мексикалық шығу тегі бар (АҚШ-тың Оңтүстік Батысы, Техас, Калифорния, Чикаго қ.),
- 9% - пуэрторикандық шығу тегі бар,
- Куба, сальвадор және доминикандық шығу тегі барлар 3%-дан болды [33].

АҚШ-тың испан тілді тарихы барлық басқа нәсілдік-этникалық тарихтан айтарлықтай ерекшеленеді. Себеп біреу - егер еуропалықтар, африкалықтар мен азиялықтар, қалай болғанда да, мұхит асып америкалық жағалауға жете алғанда, онда барлығын латинос деп атап, қосылғандар мен келгендер деп екі санатқа бөлуге болатын еді.

Әртүрлі деректер бойынша, автохондық топтар саны 10%-дан аспайды – 1848 жылғы АҚШ басып алған америка-мексика соғысына дейін Рио-Гранд өзенінің солтүстігіне қарай испан ұрпақтары мен испан колонияларының испандалған тұрғындары. Бұл топқа 1898 жылы Испаниядан аралды басып алғаннан кейін АҚШ азаматы болған пуэрторикандықтар да жатады.

Латиностардың басым көпшілігі – бұл Мексиканы қоса алғандағы, Оңтүстік және Орталық Америка елдерінен жақында келген иммигранттар, әртүрлі америка елдерінен келген иммигранттардың 1-4-ші ұрпақтары. Азиялық иммигранттар жағдайына ұқсас, иммигранттардың ең елеулі ағыны кемсітуші ұлттық квоталарды жойғаннан кейін, 1965 жылы тіркелді.

АҚШ халық санағы бюросының бағалауы бойынша 2010 жылғы 1 сәуірде латынамерикалықтар мен олардың ұрпақтары 50,5 миллион адамды немесе халықтың 16,4%-ын құрады. Кейбір қалаларда (Майами, Лос-Анджелес, Сан-Антонио, Хьюстон) және штаттарда (Нью-Мексико) латынамерикалықтар халықтың салыстырмалы көпшілігін құрайды, олардың үлесі барлық жерде жылдам артады, осыған байланысты басқа нәсілдік және этностық топтармен кейде нағыз нәсілдік қақтығыстарға ұласатын егесу пайда болады.

Испан тілді америкалықтардың бір ерекшелігі, мысалы, азиялық америкалықтарға қарағанда, олардың АҚШ-тың саяси сахнасына қатысуының күшейе түсуі болып табылады. 2016 жылғы президенттік сайлауда америкалық саясаттың латынамерикалық тамыры бар жаңа жұлдыздары жарқ етті – республикашылар Тэд Круз және Марко Рубио, екеуінің де кубалық тамыры бар, екеуі де – оңтүстік консервативтік штаттардан шыққан.

Сонымен қатар, АҚШ-та азшылық түгелдей демократия үшін дауыс береді деген тұрақты миф бар. Бұл тым жеңілдетілген тәсіл. Шын мәнінде, латынамерикалықтар көптеген республикалық партияларды белсенді қолдайды және консервативті, ал кейде – ультраконсервативтік позицияларды ұстанады. Оған себеп көп. Мысалы, діни. Латынамерикалықтар көбінесе католиктер болып келеді, бірақ жаңа отанына бейімделіп, америкалық қоғамға тиімді ықпалдасуды қалағандықтан, олар жиі протестантизмге өтіп жатады. Неліктен? Бұл католик шіркеуінің шектен тыс қатаңдығы (протестанттық көп еркіндік береді) және ақтар

көпшілігіне кірігу ниеті – және мұнда протестанттық байлық пен табыстың белгілі бір нышаны ретінде қабылданады. Атап айтқанда, ақ протестанттар республикалық партияның тірегі және негізгі электораты болып табылады.

Тұрғылықты жердің де маңызы зор. Массачусетс, Нью-Йорк, Нью-Джерси сияқты дәстүрлі демократиялық (көк) штаттарда тұратын латынамерикалықтар, мысалы, пуэрторикандықтар демократтар үшін дауыс беруді қалайды. Ал, керісінше, Флорида немесе Техас сияқты оңтүстік штаттарда тұруды қалайтын кубамерикалықтар республикалық партияның дәстүрлі күшті коммунизмге қарсы көзқарастарын ескере отырып, көбінесе қызылдар (республикалықтар) үшін дауыс береді.

АҚШ тарихының еуропалық, латынамерикалық және африкалықпен салыстырғанда азиялық парақтары да, әрине, әзірге қарапайым, бірақ әлеуеті үлкен.

2010 жылғы санақ мәліметтері бойынша, «...азиялық шығу тегі бар америкалықтар АҚШ халқының 5,6%-ын құрады. Оның ішінде ірі ұлттық топтар мынадай болды: қытайлар (азиялықтардың жалпы санынан 22%), филиппиндер (20%), үндістер (18%), вьетнамдар (10%), кәрістер (9%) және жапондар (7%). 30 жыл ішінде (1980 - 2010 жылдары) АҚШ-та азиялықтар саны 5 есе артты (3,5 млн. - 17,3 млн.). АҚШ азиялық қауымының басым бөлігі батыс жағалауында тұрады, сонымен қатар барлық азиялықтардың жартысынан астамы Калифорния штатында тұрады. Ірі азиялық қауымдар Солтүстік Шығыста да бар. Аса ірі орналастыру аумақтары – Лос-Анджелес және Нью-Йорк агломерациялары, сондай-

ақ Сан-Франциско шығанағы аумағы. Сондай-ақ үлкен қауымдар Чикаго, Хьюстон, Атланта және Далласта бар. Азиялықтар саны басым жалғыз штат – Гавайи» [34].

Америкалық қазақтар да пайда болып келеді. Қытай немесе Филиппин диаспораларының үлкен саны аясында қазақ диаспорасының саны өте қарапайым көрінеді, алайда бүгінде 50 мыңға жуық адамды құрайтын сан туралы айтылады – бұл студенттерді қоспағанда, АҚШ аумағында тұрақты тұратын қазақтар.

Жалпы, осы күнге дейін жалғасып келе жатқан және мықты азиялық және латынамерикалық компоненттері бар төртінші иммиграция толқыны, Американың нәсілдік және этно-демографиялық көрінісін өзгертіп келеді. «...2065 жылға қарай бірде-бір нәсілдік немесе этникалық топтың Құрама Штаттарда айтарлықтай көпшілігі болмайды деп болжануда, ақтар жалпы халықтың 46 пайызын, Латын Америкадан шыққан адамдар - 24 пайызын, азиялықтар - 14 пайызын, қара нәсілділер - 13 пайызын құрайды деп күтіледі. Қалған адамдар – аралас некеде дүниеге келгендер» [35]. Бұл есептеулерде әр жылдары Латын Америкасы, Африка және Азиядан келген миллиондаған заңсыздар армиясын есепке алмағанда, АҚШ-тың заңды азаматтары туралы әңгімеленіп отырғанын айта кету маңызды. Алайда, бүгінде болып жатқан көші-қон заңнамасы мен азаматтық алу ережелерін қатаңдату иммигранттардың заңды да, заңсыз да ағынын біршама қысқартуы мүмкін.

Жалпы, азаматтық тақырыбын көтере отырып, Құрама Штаттар тарихында, АҚШ тәуелсіздігін алғаннан кейінгі алғашқы жылдары мигрантқа америкалық азаматтық алу

салыстырмалы оңай болғанын айта кеткен жөн, мысалы, Пенсильванияда 1790 жылы азаматтық алу үшін Америка жерінде 2 жыл және 6 ай тұру, сондай-ақ салық төлеу керек екені анықталды. Оның үстіне әр штаттың азаматтық беру турасында оңай орындалатын өз ережесі болды. АҚШ жаңадан тәуелсіздік алды және жаңа бейілді азаматтарды қажет етті.

Алайда, көп ұзамай Франциядан жаппай көші-қонмен сүймелденген Ұлы француз төңкерісі болды, ол «АҚШ билігін шектеуші көші-қон заңнамасын әзірлеуге және америкалық азаматтықты алу ережелерін қатаңдатуға мәжбүр етті. АҚШ Конгресі 1795 жылда азаматтық алуға жалпы талаптарды белгілейтін заңды қабылдады: енді азаматтық беру штаттың деңгейінде емес, федералдық деңгейде өтті, болашақ азаматтан титулдардан бас тарту, кем дегенде 5 жыл АҚШ-та тұру талап етілді (оның ішінде бір штаттың аумағында - кемінде 1 жыл). 1798 жылы азаматтық алу үшін АҚШ-та тұру мерзімі 14 жылға дейін созылды. Сол жылы ел үшін қауіп төндіретін кез келген шетелдікті АҚШ президентіне депортациялауға рұқсат еткен шетелдіктер туралы федералды заң қабылданды (бірақ, ол көп ұзамай жойылды).

АҚШ Конституциясына түзету 1868 жылда АҚШ аумағында туылған барлық адамдарға азаматтық алу құқығын берді, ал 1870 жылда азаматтық құқығын Африкадан шыққандар алды (бірақ басқа барлық «ақ еместер» бұл құқықты иеленген жоқ). 1875 жылда Нью-Йорк мәріне қарсы Хендерсон АҚШ Жоғарғы сотының шешімі федералды деңгейге көші-қон заңнамасына байланысты барлық

мәселелерді түпкілікті берді; көп ұзамай штатқа келетін әрбір адамға федералдық салық енгізілді (0,5 доллар, 1892 жылға қарай - 1,5 доллар). 1882 жылы АҚШ Жоғарғы Соты «АҚШ Вонг Кимге қарсы» ісі бойынша шешіммен америка аумағында туылған тұлғалар автоматты түрде америкалық азаматтар болып табылатынын растады» [36].

1.4 Құрама Штаттар: әлемнің халық саны бойынша үшінші және аумағы бойынша төртінші елі

Америка азаматтығын алу қаншалықты қиын болса да, егер сен, әрине, АҚШ аумағында туылмасаң, бүкіл әлемнің адамдары әртүрлі тәсілдермен тырысады және көпшілігі үлкен құқықтар мен артықшылықтарды беретін таны-мал америкалық төлқұжат алады. Мынадай фактінің өзін алып қарайық – АҚШ төлқұжатымен бүкіл әлем бойынша кедергісіз саяхаттауға болады: АҚШ төлқұжаты иесіне әлемнің 172 мемлекеті визасыз кіруге рұқсат береді. Америка азаматын АҚШ елшілігі мен консулдығы мен ең ықпалды мемлекеттің қуатты күші бүкіл әлем бойынша қорғайтынын есептемесек те болады.

Жаңа аумақтарды басып алуға және игеруге бағытталған белсенді экспансионистік саясат, бірнеше ғасырлар бойы ұзақ мерзімді қарқынды көшіп келу 325 миллион тұрғыны бар АҚШ-тың халық саны бойынша әлемде үшінші орынға шығуына ғана емес, сонымен қатар 9 миллион 519 мың шаршы километрлік аумағымен, Ресей, Канада және Қытайдан кейін әлемдегі төртінші аумақ ретінде қалыптасуына мүмкіндік берді. XVII-XVIII ғасырларда

шығыс жағалауын-да орналасқан алғашқы шағын 13 колонияның аумағында қазіргі АҚШ-тың негізі қаланды. Одан әрі америкалықтар Батысқа әдістемелік түрде жылжи отырып, үндістермен соғысты жүргізіп және құнарлы жерлерді белсенді игере отырып, жаңа мемлекеттің аумағын бірнеше рет кеңейтті. Алайда, тарих мемлекет шекарасын кеңейтудің ең маңызды құралы басқа империялардан жерлерді сатып алу болғанын айтады. Атап айтқанда, АҚШ үшін ең ірі жер мәмілесі Наполеон Бонапарттың Француз иеліктерінің 1803 жылдағы «Луизиан саудасы» делінетін мәміле болды. «...Соңғысы Еуропадағы соғысқа белсенді дайындалып жатты және оған өз әскерінің қару-жарағы үшін шұғыл қаржы қажет болды. Сатып алынған аумақтың көлемі шамамен 2 100 000 шаршы километр болды, бұл әлемдегі 10-шы ел Алжир аумағына шамалас жер еді. Мәміле құны 15 миллион америка долларын немесе 80 миллион француз франктерін құрады (несие бойынша пайыздарды қоса алғанда, АҚШ үшін мәміленің соңғы сомасы 23 213 568 америка долларын құрады)» [37].

1803 жылдың шарты бойынша АҚШ-тың пайдасына кеткен аумақтарға қазіргі уақытта мына заманауи штаттар орналасты: Арканзас, Миссури, Айова, Оклахома, Канзас, Небраска, сондай-ақ Луизиана, Техас және т.б.

АҚШ үшін екінші ірі және тиімді мәміле 1867 жылғы 30 наурызда өткен Алясканы сатып алу болды. «...1 518 800 ш. км аумағын небәрі 7,2 миллион долларға сатқан Ресей үшін бұл үлкен тарихи қателік, ал АҚШ үшін құны жоқ аумақтық жеңіс болды. Кейіннен Аляскадан алтын табылды, атақты алтын безгегі басталды және

өндірілген қазбалардың өзі сатып алу құнынан бірнеше есе асып түсті» [38]. Аумағы бойынша ең үлкен Алясканы сатып алу - ел экономикасының дамуына баға жетпес үлес болды, Алясканың геостратегиялық орналасуы АҚШ-тың әлемдегі позицияларын нығайтуда маңызды рөл атқарды.

Үшінші маңызды қосылу Мексикамен бұрын атап өтілген соғыстың нәтижесінде болды – соғысты аяқтаған 1848 жылдың бейбіт келісімі, болашақ штаттар - Калифорния, Невада, Юта, Жаңа Мексика мен Аризонаның басым бөлігін, Вайоминг және Колорадо бөлігін, сондай-ақ Техасты қамтитын 500 мың шаршы милядан астам жерді Құрама Штаттарға қосуға мүмкіндік берді.

Одан әрі 1917 жылы Даниядан Виргин аралдары, 1819 жылы Испаниядан Флориданы сатып алу, 1898 жылы Гавай аралдарын күштеп басып алу орын алды, мұның барлығы, әрине, Құрама Штаттардың қазіргі аумағының жартысынан артық бөлігін қосқан үш алып бірігумен салыстырғанда, жағымды «ұсақ-түйек» саналады.

Нәтижесінде бүгінгі таңда АҚШ-тың федеративтік құрылымы бар және әкімшілік 50 штатқа және Колумбия федералды аймағына бөлінеді. 50 штат – бұл аймақтық бірліктер ғана емес, бұл, негізінен, өз астанасы мен заңдары бар әртүрлі 50 мемлекет. Бостон немесе Нью-Йорк тұрғыны үшін Техас немесе Аризона сияқты штаттар – бұл басқа мәдени әлем, басқа дәстүрлер, тағамдар, өмірге деген басқа көзқарастар. Сонымен қатар, штаттар бір-бірінен экономика көлемімен де, тиісінше, халықтың байлығы мен табыс деңгейі жағынан да ерекшеленеді. Мысалы, 2010

жылы жан басына шаққандағы ЖІӨ бойынша ең бай АҚШ штаты (Колумбия округі, 1 адамға шаққанда 174 500 доллар) ең кедей штаттан (Миссисипи, 1 адамға 32 967 доллар) 5,3 есе артық болды.

Дегенмен, штаттар арасында ортақ дүниелер де көп, сондықтан 50 штатқа тарих, география, экономика ықпалымен құрылған аймақтар да кіреді. Әрбір аймаққа өзінің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері, тіпті әдет-ғұрыптары мен диалектілері тән. АҚШ-та барлығы бес үлкен аймақ бар [39]:

1. Солтүстік-Шығыс (Northeast), немесе Жаңа Англия (New England): Мэн, Нью-Хэмпшир, Вермонт, Массачусетс, Коннектикут, Род-Айленд.

Бұл аймақтың қысы суық, жері аса құнарлы емес, сондықтан ол егін шаруашылығына қолайлы емес. Бұл аймақтың экономикасы өндіріс пен саудаға негізделе бастады. Солтүстік-шығыс мәдениетімен (театрлар, мұражайлар), сондай-ақ тамаша білім беру жүйесімен танымал. Аймақта елдің Гарвард, Йель, Массачусетс технологиялық институты және т.б. сияқты жоғары рейтингтік бағалары бар ең құрметті университеттер орналасқан. АҚШ-тың бұл аумағы өз халқының аралас этникалық құрамымен белгілі, аймақта Ирландия, Италия және Шығыс Еуропа елдерінен келген көптеген адамдар бар.

2. Орта-Атлантикалық аймақ (Middle Atlantic):

Нью-Йорк, Нью-Джерси, Пенсильвания.

Осы аймаққа келген еуропалықтар солтүстік-шығысқа

келушілерге қарағанда әр түрлі құрамда болды. Бұл тек ағылшын протестанттары ғана емес, сонымен қатар Англия, Голландия және Швециядан келген католиктер болды. Орта Атлантикалық штаттардағы климат солтүстік-шығыстан неғұрлым қолайлы, алайда, ауыл шаруашылығы қызметі шектеулі. Сондықтан қызметтің негізгі түрлері өндіріс пен тасымалдау болды. Орта Атлантикалық аймақта АҚШ-тың ең ірі қаласы - Нью-Йорк орналасқан. Бүгінде аймақ экономикасының негізі - қаржы, коммуникация, медицина.

3. Үлкен Оңтүстік (South)

Оңтүстік Атлантикалық аймақ (South Atlantic): Делавэр, Мэриленд, Колумбия округі, Вирджиния, Батыс Вирджиния, Солтүстік Каролина, Оңтүстік Каролина, Джорджия, Флорида.

Оңтүстік-Шығыс орталығы (East South Central): Кентукки, Теннесси, Миссисипи, Алабама.

Оңтүстік-Батыс орталығы (West South Central): Оклахома, Техас, Арканзас, Луизиана.

Оңтүстік аймаққа алғашқы қоныстанушылар да ағылшын протестанттары болды. Алайда, солтүстік ағайындарға қарағанда, олардың тәуелсіздігі төмен әрі бүлік шығаруға бейім болды. Экономиканың негізі ауыл шаруашылығы болды, оған климат пен кең құнарлы жерлер ықпал етті. АҚШ-тың оңтүстігіндегі тұрғындар, бәлкім, барлық америкалықтардан ерекшеленетін шығар: олардың көпшілігі консервативті, дәстүрлі өмір салтын ұстанушылар болып табылады. Бүгінде ауыл шаруашылығы оңтүстік

штаттардың экономикасында маңызды рөл атқаруды жалғастыруда, алайда өндіріс пен туризмге көптеп көңіл бөлініп келеді.

4. Орта Батыс (Midwest)

Солтүстік-Шығыс орталығы (East North Central): Висконсин, Мичиган, Иллинойс, Индиана, Огайо.

Солтүстік-Батыс орталығы (West North Central): Миссури, Солтүстік Дакота, Оңтүстік Дакота, Небраска, Канзас, Миннесота, Айова.

Алғашқы қоныс аударушылар мұнда шығыс жағалаудан келген. Олардың басым бөлігі Германия, Норвегия және Швециядан шыққан. Орта Батыс АҚШ өңірлерінің ең ірісі болып табылады. Ауа райы алуан түрлі, төрт маусым бірдей жақсы ерекшеленеді. Жер өте құнарлы және ауыл шаруашылығы өте дамыған. Мұнда сұлы, бидай және жүгерінің мол өнімі өсіріледі. Орта Батыста Батыс штаттары тығыз орналаспаған. Аймақтың ең ірі қаласы - Чикаго. Орта Батыс тұрғындары дәстүрлі құндылықтарды құрметтейтін адал, тік адамдар ретінде белгілі.

5. Батыс (West)

Таулы немесе Таулы Батыс (Mountain немесе Mountain West): Айдахо, Монтана, Вайоминг, Невада, Юта, Колорадо, Аризона, Нью-Мексико.

Тынық мұхит аймағы (Pacific): Аляска, Вашингтон, Орегон, Калифорния, Гавайи.

Бірінші болып батысқа Тынық мұхиты жағалауында католик миссияларын құрған испандықтар келді. АҚШ-тың

батыс бөлігі түрлі ландшафтары және климатпен танымал. Солтүстіктен оңтүстікке созылатын тау тізбектері АҚШ-тың осы аймағын екіге бөледі: ылғалды батыс және құрғақ, қатал шығыс. Халықтың ұлттық құрамы өте алуан, кейбір аудандарда мексикалық және азиялық ықпал басым болып табылады. Калифорния - АҚШ-тың ең тығыз штаты, ал оның тұрғындары ең төмен консервативті деп саналады. Батыстағы ең ірі қала – Лос-Анджелес.

Елдің көлемі мен ландшафттардың алуан түрлілігі есебімен, АҚШ-тың ішкі туризм бойынша әлемде жетекші орын алуы таңғаларлық жағдай емес. Америкалықтар үшін өз елін, мәдениетін, Американың алуан түрлілігін білу өте маңызды. Дегенмен, елді білу, түсіну және сезіну үшін, оның барлық штаттарын айналып өтудің қажеті жоқ шығар. Америкалықтардың ішінде осы алып елдің барлық штаттары мен бұрышын аралап келгендер саны көп емес. Дегенмен, америкалықтар - өмірінде тұрғылықты жерін орта есеппен 7 рет ауыстыратын аса мобильді халық. Америкалықтар – бұл сондай бір заманауи номадтар. Бірақ, америкалық экономиканың дамыған сервисін ескере отырып, көлік қызметтеріне қатысты АҚШ-қа, тіпті үлкен қашықтыққа, мысалы, Бостоннан Калифорнияға көшу, күйзеліс емес, шытырманға толы оқиға.

Айтпақшы, менің бұрынғы арманым, әзірге арман күйінде қала береді – АҚШ-тың шығыс жағалауынан бүкіл ел арқылы батыс жағалауға қарай машинамен жүріп, мүмкіндігінше көп штат аралау. Бостонда болған кезімде, мен тіпті, Бостоннан Чикагоға дейін Буффало арқылы өтіп Ниагара сарқырамасын көру, әрі қарай – америкалық

автоөнеркәсібі астанасы Дейтройтка, содан кейін танымал 66 (Route 66) дейтін жол арқылы Чикагоға өтетін маршрут та құрып қойғанмын. Бұл АҚШ-тағы ең тарихи маңызы бар және танымал жол болып табылады: оны тағы «Жолдар анасы» және «Американың басты көшесі» деп те атайды. Жол Чикагодан Лос-Анджелеске дейін 3 мың 940 километрге созылады. 66 тас жолы бүгінде Құрама Штаттардың аса маңызды көлік күре жолы ретіндегі мәнін жоғалтса да, ол АҚШ-тың ең қызықты туристік көрнекі орнына айналды.

Бүкіл елді жүріп өтуге тәуекел еткен және өз ақыл-ойының табиғи алғырлығы мен талпынысы арқасында Американы көріп, түсініп, сезіне алған адамдар әрқашан болған және бар, өз ойларын шеберлікпен қағазға түсіре алды, олардың «жол жазбалары» әлі күнге дейін АҚШ-та да, одан тыс жерлерде де үлкен танымалдыққа ие болды. Бір қызығы, Құрама Штаттардың ең көреген «ашушылары» шетелдіктер болды. Олардың бірі, ең танымалы - Алексис де Токвиль, ол 1831 жылы Америкаға саяхат жасағаннан кейін, өзінің «Америкадағы Демократия» бестселлерін жазды, ол әлі күнге дейін АҚШ бойынша ең ықпалды еңбек болып саналады. Токвиль Құрама Штаттарға саяхат жасап, материалдарды жинай отырып, өзінің болашақ кітабы үшін қазіргі социологиялық ғылымда кеңінен қолданылатын сұхбат алу әдісін қолданған. Оның тарихи әдісіне тән тағы бір ерекшелігі, оның әрдайым фактілерден теориялық талдап қорытуға қарай әрекет етуге тырысуы болды.

Мен үшін Американың жаңа қырларын ашқан екінші автор, таңғаларлық болса да, тағы да Франция азаматы болды. Француз философы және журналист Бернар-Анри

Леви де өзінің атақты жерлесінің маршруты бойынша АҚШ-тың әртүрлі штаттарына саяхат жасай отырып, бір жыл жолда өткізді. Өз кітабын «Ес кетіретін Америка» (American Vertigo) деп атады. Американың қалалары мен ауылдарын, Детройт мұсылман қауымынан, Чикаго шіркеулерінен бастап, Айовадағы шағын анклавтарға дейін саяхаттады. Бернар Леви Америка қоғамының феномені туралы өз түсінігін тауып, Америка мен оның халқының бірегейлігі, Америка патриотизмінің құпиясы неде деген сұраққа жауап беруге, сондай-ақ Америка жерінде түрлі халықтар мен діндердің қатар өмір сүруінің қиындығы мен қызығын сипаттауға тырысты. Оның кітабы тамаша, әзіл-оспаққа толы және америкалық шындықты күңгірт және жағымды жақтарымен көрсете білген, жаңа көзқараспен ерекшеленеді, бұл кітапты мен қазіргі Американы түсінгісі келетін барлық жандарға ұсынамын.

Әрине, менің АҚШ тарихы турасындағы қысқаша пікірлерім арқылы Америка неден бастау алғаны, оның ежелгі заманнан қазіргі уақытқа дейін қалай дамығаны мен қалыптасқаны туралы білгісі келетіндер үшін саңылау сияқты ғана болар. Менің басты мақсатым – оқырмандардың АҚШ тарихына деген қызығушылығын ояту. Осы ұлы мемлекет туралы білімін тереңдетемін деушілерге АҚШ-ты өткені мен болашағының алуан түрлі қырларын ашуға көмектесетін мыңдаған тамаша туындылар жазылған.

2-ТАРАУ

Табыс алхимиясы

Кремль мұнарасында Кеңес Одағының туы артық сән-салтанатсыз ресейлік триколормен ауыстырылған күні, осы тарихи сәттің еріксіз куәгері болып, әкеммен Қызыл аланда тұрдық. 18 жасқа толған жігіт болсам да, мен, болып жатқан оқиғаның маңыздылығын айқын түсінбедім. Сол кезде мені мүлдем басқа эмоциялар толқытты: мен Польшадағы оқудың бірінші семестрін жаңа ғана аяқтап, алғашқы студенттік демалысқа бара жатқан едім. Тарихи сәттің маңыздылығын ұғыну, әрине, кейінірек, Кеңес империясының ыдырауына қандай жаһандық «жер сілкінісі» себеп болғанын және сол күні бүкіл планетадағы адамдар қалай қуанғанын немесе қайғырғанын түсінумен немесе олардың қалай болғанын түсінбеумен келді.

«Зұлымдық империясының» ыдырауына, АҚШ президенті Рональд Рейган 1983 жылы Кеңес Одағын осылай деп атады, ең алдымен, Ақ үйде және жалпы Құрама Штаттарда қуанды. Және бұл қуаныш түсінікті болды -жарты ғасыр бойы бүкіл Батысты өзінің ядролық қаруларымен жүйкесін құртқан олардың басты қарсыласы кенеттен күйреді. Қуаныш және өркениетті болды - АҚШ-тың басшылығымен ұжымдық Батыс идеологиялық шайқасты жеңіп алды. Капиталистік нарықтық жүйе «ең адами»

коммунистік жүйеге қарағанда анағұрлым тиімді және адами болып шықты. Дегенмен, әрине, КСРО мұрагері ретінде Ресейді алмастыруға кім келеді, санаулы минуттарда бүкіл әлемді жоюға қабілетті ядролық арсенал кімнің қолында болады деген қауіп сезімі де болды.

Жоғарғы державаның ыдырауы КСРО миллиондаған азаматтарының тағдырына әсер етіп қана қоймай, неге Кеңес Одағы 73 жылдай ұзақ өмір сүре отырып, өзінің өмір сүруін тоқтатқаны, ал оның басты оппоненті, АҚШ – барлығының қызғанышына қарай өмір сүруде және аман-сау екені туралы көптеген сұрақтар мен түрлі теорияларды тудырды!

Бүгінгі күні бұл сұраққа жауап жеткілікті. Өткен жылдардың биіктігінен үйлесімді теориялар «КСРО ыдырауының айқын және шарасыздығын» әдемі және анық түсіндіреді. Бірақ тек 50-60 жыл бұрын КСРО міне Американы қуып жетеді және асып кетеді деп көрінген кезде, жағдай айқын және шарасыз болған жоқ, бұл жай ғана КОКП (КСРО Коммунистік партиясы) көшбасшыларының ізгі тілектері ғана емес, сонымен қатар, айтарлықтай экономистердің, мысалы, экономика жөніндегі Нобель сыйлығының лауреаты Пол Самуэльсонның болжамдары болды.

Пол Самуэльсон 1984 жылдан 1997 жылға дейін КСРО АҚШ-тан экономикалық даму бойынша асып кететініне сенімді болды. Айтпақшы, экономисттің болжамы 1961 жылы жасалды, онда КСРО бірінші әлемде бортындағы адам бар ғарыш кемесін іске қосты, бұл нақты дәлел, Кеңес Одағындағы ғылым мен техниканың дамуының квинтэссенциясы болды. Менің ойымша, Кеңес Одағы өзінің

күдіретінің шыңында болған кезде, оның жыл сайынғы екі мәнді экономикалық өсуі 50-60 жылдары қазіргі Қытай сияқты болды, көпшілігінде Одақтың жарқын болашағына шынайы сенім болды. Әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде КСРО-да, коммунизмнің жақын жаһандық триумфын және, әрине бірінші кезекте АҚШ-та «іріп-шіріген капитализмінің» жедел құлдырауын күту болды. Сонымен бірге кеңестің ерекше екендігіне бұл сенім М. Горбачевтің келуіне дейін өте ұзақ созылды.

80-ші жылдардың басында, әлі кішкентай бала бола тұрып, мен ірі зауыт директоры, аңқау адам да емес, бірақ кеңес құрылымының идеалына берік сенген әкемнен, «ал коммунизм деген не?» деп сұрағаным менің есімде қалып қойыпты. Менің жасымды есепке ала отырып, әкем маған түсінікті тілмен жауап беруге тырысты және былай деді: «Коммунизм – бұл барлық адамдарда бәрі бар және тегін, адамдар жұмыс істейді, бірақ ақша үшін емес. Коммунизм пайда болған кезде - ақша жоғалады, және барлық кеңес адамдары дүкендерден тауарларды, тіпті ойыншықтарды да тегін алатын болады, бірақ сенің қалауың бойынша емес, қажеттілік шамасына қарай!». Есімде, тегін ойыншықтар туралы жауап менің көңілімді көтерді және қуантты.

Алайда, Пол Самуэльсонның және менің әкемнің болжамдары, сондай-ақ миллиондаған адамдардың армандары ақталмады. КСРО ұзақ өмір сүруге бұйрық берді, коммунистік идея әлемдік контр-идеология болудан қалды, «шіріген» Батыс біржола еш шірігісі келмеді, ал АҚШ - Кеңес мемлекетінің бас жауы, қару-жарақтың аса қымбат жарысына қарамастан, бірқатар сарапшыларының пікірінше,

шын мәнінде осыдан КСРО «құлдырады», өсуді және бекуді жалғастырды.

М.Горбачев бастамашылық жасаған, мемлекетті басқарудың жаңа либералдық және нарықтық әдістеріне «коммунистік көшбасшылардың сенімді бақыланатын көшуі» сияқты ойластырылған қайта құру және жариялылық, ядролық қаруды жасаудан басқа, мұнай мен басқа да табиғи ресурстарды экспортқа шығарудан басқа Кеңес Одағы ештеңе істей алмағанын ашты. Мен дәл технологиялық артта қалу КСРО-ның құлдырауына себеп болды ма деп пайымдай алмаймын - зерттеушілер ұлтаралық қарым-қатынастар дағдарысынан, мұнайдың төмен бағасынан бастап Батыстың астыртын жасырын теорияларына дейін, жоғарғы державаның бұзылуына әкеп соққан факторлардың әртүрлі спектрін атайды.

Алайда КСРО-ның өмір сүру тарихы мен ыдырауы мәселелеріне нақты жауаптар табу өте маңызды болып табылады. Ең болмағанда осы сұрақтарға жауаптар қазіргі заманғы әлемнің жаһандық сараптамалық пікірталастарына үйлесімді түрде жататындықтан, оларға жауап табу қажет, неге бір елдер – бай, ал басқалары – кедей, неге біреулер, АҚШ сияқтылар дамиды, ал басқалары КСРО сияқтылар ыдырайды немесе экономикалық және саяси тоқырайды? Мұнда негізгі рөлді қандай факторлар атқарады? Халық, география, мәдениет, дін, білім, институттар? Табыстың негізі не болады, мұнда қандай да бір бірегейлік және заңдылық бар ма?

Бүгінде көптеген зерттеушілерде мынадай негізгі сұрақ туындайды, неліктен КСРО емес, не болмаса, көптеген

ғасырлар бойында, кемінде 500 – 1500 жылдар аралығында, яғни тұтас мыңжылдық бойы, еуропа және азия елдерінен ғылыми және технологиялық басымдығын сақтап келген Қытай емес, дәл Ұлыбритания, содан кейін АҚШ әлемдегі нөмірі бірінші державаларға айналды?

Жақында ғана әлем барлық жерде кедей болғанынан бастайын, артта қалды, сауатсыз болды, миллиондаған өмірді әкететін – оба, тырысқақ, безгек және басқа да жұқпалы аурулар індетіне шалдықты. Орташа өмір сүру ұзақтығы Африкада да, Азияда да, Еуропада да бірдей төмен болды. Қазіргі заманның көптеген экономистерінің, оның ішінде Джеффри Сакстың зерттеулері ХІХ ғасырдың басында сол кезде болған әлем елдері кедей және салыстырмалы түрде бір-бірінен айырмашылығы аз екенін көрсетеді. Яғни, сол кездегі әлемнің жетекші экономикалары, Голландия, әлемдегі ең кедей елдерден - Сахараның оңтүстігінде орналасқан Африка елдерінен төрт есе ғана бай болды.

Экономикалық тарихшы Ангус Мэдисон жасаған жаһандық болжамдарға сәйкес 1500 жылда әлемнің 440 миллион халқы былайша бөлінді: Азия – 65%, Африка – 11%, Еуропа – 20%, Америка – 4%. Әлемдік өндірістің бөлінуі мынадай болды: Азия-65%, Африка-8%, Еуропа – 24%, Америка – 3%. Мэдисонның пікірінше, әлем тең кедей, аграрлық болды, және ең үлкен аграрлық империялар Шығыс пен Оңтүстік Азияда шоғырланған.

ХУІІІ ғасырдың аяғындағы тоқыма өндірісі механизациясының ашылуымен, болат өнеркәсібін индустрияландырумен, және ең бастысы, 1769 жылы шотланд механигі Джеймс Уаттың бу қозғалтқышын ашуы-

мен жарияланған Англиядағы индустриалды революция, ақыр аяғында 1900 жылға қарай бүкіл әлемнің саяси және экономикалық жағынан Еуропаның «қолында» болуына ықпал етті. Азия әлі де жер бетіндегі халқы ең көп мекен бола берді, бірақ экономикалық орталық болудан қалды.

1900 жылға қарай біз әлемнің 1500 жылдан өзгеше, өте басқа бейнесін көреміз. 1900 жылы әлем халқы шамамен 1,6 миллиард тұрғынға жетті: Азия – 56%, Еуропа – 27%, Африка – 7% және Америка – 9%. Сонымен қатар, байлықтың таралуы сыни түрде өзгерді: Азия – 28%, Еуропа – 47%, Африка – 3% және Америка – 20% [40].

XIX ғасырдың басынан бастап Батыстың технологиялық прогресі жаңа технологияларға қол жеткізген елдердің баяу, бірақ үздіксіз өсе бастауына әкелді, ол екі ғасырдан кейін әлем мемлекеттерінің арасында үлкен мүліктік жіктелуге алып келді.

Мәселен, «...АҚШ экономикасы 1820 жылдан бастап 1998 жылға дейін жыл сайын 1,7%-ға өсті, бұл жан басына шаққандағы табыстың 25 есе 1820 жылы 1200 доллардан 1998 жылы шамамен 30 мыңға дейін ұлғаюына алып келді. АҚШ әлемдегі ең бай экономикаға айналды, өйткені ел жыл сайын қарапайым 1,7%-ға өсті, бірақ шамамен екі ғасыр бойы. Африкалық елдер де осы жүзжылдықтар бойы өсті, бірақ жыл сайын 0,7%-ға өсті, және 1,7% америкалық және 0,7% африкалық өсу арасындағы айырмашылық, бірінші қарағанда, елеулі емес болып көрінеді, 180 жыл ішінде үлкен көрсеткішке айналды. Оның үстіне, африкалық елдерде өсім тұрақты емес, ал жиі минусқа кетті. Нәтижесінде, егер 1820 жылы ең бай африкалық елдердің жан басына

шаққандағы табысы 400 АҚШ долларына жуық болса, сол кезде АҚШ-тағы бір адамға шаққандағы жыл сайынғы табыстан 3 есе аз болды, бірақ 1998 жылы бұл айырмашылық 23 есе болды» [41].

Екінші жағынан, қоғамда және мемлекетте үнемі туындайтын, үкімет тез және тиімді тануы мүмкін емес мәселелерге диагноз қою және оны шешудегі үлкен алшақтықты бүкіл елде ғана емес, және орталықта, Вашингтонда да мыңдаған және мыңдаған адамдар толтырады. Хаусманн АҚШ Конгресі жүйесінің және Конгресс пен АҚШ үкіметінің айналасында орналасқан мыңдаған лобби топтарының мысалын келтіреді. АҚШ Конгресінде әр сенаторға 40 көмекшісімен 100 сенатор және әрбіріне 25 көмекшісімен 435 өкіл палата мүшелері бар. Олардың барлығы 42 комитетте, 182 кіші комитетте ұйымдастырылған, бұл тұрақты жұмыс істейтін 224 қосарлас байланыс арналарын білдіреді. Сондай-ақ, 15 мыңнан астам адамнан тұратын бұл топ жалғыз емес. Оларға шамамен 22 мыңға жуық тіркелген лоббистерді де қосуға болады, олардың миссиясы басқа мақсаттардан басқа, заң шығарушылармен бірге заңдарды зерттеу және құру. Мұның бәрі еркін баспасөзбен бірге миллиондаған заңнама парақтарын оқып, үкіметтің не істейтінін қадағалайтын құрылымның бөлігі болып табылады. Нәтижесінде, мұның бәрі пайда болатын мәселелер мен проблемаларды шешуге арналған ақпарат пен ынталандыруды тудырады және бұл бюджет шығыстарының бөлінуіне әсер етеді. Бұл механизмсіз (орталықсыздандыру) саяси жүйе қазіргі заманғы экономика қажет ететін орта құра алмайды.

Бұл орта бізге дамыған елдердің дамыған азаматтық қоғамы, биліктің айқын және тұрақты ауысуы, тәуелсіз парламент, соттар, күшті және еркін БАҚ бар демократиялық, ал араб монархияларын, Сингапурды және басқа да бірқатар

елдерді қоспағанда, авторитарлық елдердің барлығы неліктен кедей екенін түсіндіруге мүмкіндік береді. Көптеген авторитарлық елдердің сайлау өткізгеніне қарамастан, бұл елдер көбінесе өздерінің жабық және сол себепті саяси жүйе қоғамының проблемаларын нашар түсінетіндіктен, мемлекеттің өмірін үйлестірудің қарапайым мәселелерінен сүрінеді.

Осыдан тағы бір маңызды қорытынды жасауға болады: дамыған институттары бар елдер үкімет қабылдаған қате шешімдерді барынша тез таниды (мысалы, еркін БАҚ арқылы) және авторитарлық тұйық жүйелерге қарағанда, тұрақты пайда болатын қоғамдық сын-қатерлерге анағұрлым тиімді әрекет етеді.

Шынында да, The Economist Intelligence Unit Британдық зерттеу орталығының әдістемесі бойынша есептелген демократияның даму деңгейін негізге алатын болсақ, 2015 жылғы 167 елдің рейтингінде Норвегия, Швеция, Исландия, Дания, Жаңа Зеландия, Аустралия, Швейцария, Канада, Финляндия және Нидерланды сияқты үздік ондыққа кірген мемлекеттер өмір сүру деңгейі және қауіпсіздігімен ерекшеленеді. Бұл бәрі өмір сүргісі келетін елдер. Керісінше, рейтингтің Ауғанстан, Судан, Орталық-Африка Республикасы, Чад, Солтүстік Корея және т.б. сияқты төменгі жолдарын алған елдер терең кедейлікте, азаматтық соғыстарда ластанып, көбінесе тирандық және жексұрын тұлғалар басқарады.

Айтпақшы, мемлекеттік институттардың басымдығы тақырыбына қатысты - АҚШ-тағы президенттік науқан кезінде қызықты пікірталас туды, демократиялық партия-

дан президенттікке үміткерлердің бірі, скандинавиялық социалистік модельге деген сүйіспеншілігімен танымал Берни Сандерс: «Америка Дания, Швеция және Норвегия жағына мұқият қарап, осы елдердің тәжірибесі мен жетістіктерін қабылдауы тиіс», - деді. Қаншалықты парадоксалды болса да, бұған скандинавиялықтар тарапынан да өте сыни реакция болды, оны швед сарапшысы, Колумбия университетінің шақырылған профессоры Даниэль Шатцтың сөзімен түйіндеуге болады: «...Сандерс мырзаны таң қалдыратын, шведтердің экономикалық табысы әл-ауқаты бар мемлекетке қарағанда мықты институттар мен біріккен қоғамның арқасында пайда болды. Сонымен қатар, швед социализмі мен күшті мемлекет идеясының өркендеуі кезінде Швециядағы экономикалық өсу іс жүзінде 1970 жылы әлемдегі екінші орыннан 1990 жылы ЭЫДҰ (OECD) елдерінің арасында соңғысына дейін құлдырады. Ел орталықсыздандырудан, экономикалық реттеуден және салықты қысқартудан кейін қалпына келді» [58].

Алайда демократиялық дамыған инклюзивтік институттар – бұл бір рет және мәңгі алынатын қамал емес. Бүгінде дамыған елдердегі институттардың ықтималды құлдырауы турасындағы әңгімелер жиі таралып жүр. Институттардың біртіндеп және байқалмай тоттануы Батыс пен АҚШ-тың экономикалық қуатын жоғалтуға әкеп соқтыруы мүмкін деген пікірталастар ондаған жылдар бойы жалғасып келеді. Егер мемлекеттердің гүлденуін институционалдық түсіндіруді негізге алатын болсақ, мемлекеттердің ықтималды құлдырауы мен тіпті нашарлауы турасындағы түсіндірме болатыны қисынды. Мысалы, оны экономикалық

тарих мамандығы бар белгілі британдық тарихшы Нэйл Фергюсон өз еңбегінде ұсынды. 2013 жылғы «Ұлы дегенерация: институттар қалай тозып, экономика қалай құлдырайды» атты еңбегінде Фергюсон «институттардың кең таралған құлдырауы дамыған елдердің болашағына қауіп төндіруі мүмкін деген қорытындыға келеді. Оның пікірінше, құлдырау белгілері анық және біздің айналамызда орын алып тұр: өсудің баяулауы, жинақталып жатқан қарыздар, халықтың қартаюуы, қоғамға қарсы мінез-құлық және бұған себеп – институттардың, қоғамды өркендетіп немесе құлдырататын нәзік ортаның дегенерациясы» [59].

АҚШ-қа демократияның құлдырауы және авторитаризм орнау қаупі бар ма? Бір қарағанда, бүгін бұл екіталай болып көрінеді. Бірақ мұндай пікірмен, әсіресе жер бетіндегі барлық циклдылықты, соның ішінде саяси жүйелерді есепке ала отырып, бәрі бірдей келіспейді. Оның үстіне, АҚШ-тағы болашақ өзгерістер үшін де, біртіндеп және әзірге байқалмай белгілі бір тенденциялар етек алуда. 2009 жылы шыққан «Америкалық саясаттағы авторитаризм және поляризация» («Authoritarianism and Polarization in American Politics») кітабында Марк Гетерингтон мен Джонатан Вайлер атты әлеуметтанушылар мынадай қорытындыға келді: «Республикалық партия өз табиғаты бойынша авторитаризмге бейім адамдарды тарта бастады. Қазіргі әлеуметтанушылардың анықтамасына сәйкес, бұл адамдарда келесідей ерекшеліктер бар: тәртіпке деген сүйіспеншіліктің жоғары болуы, әсіресе «өз адамдары» мен «бейтаныс адамдар» арасындағы айырмашылықты айқын көру, әлемді жақсылық пен жамандық тұрғысынан

түсіну (өзгешеліксіз), саяси мәселелерді күшпен шешуді қалау және қоғамда әлеуметтік өзгерістерден бас тарту.

Көптеген әлеуметтанушылар авторитарлық тенденциялар адамның бойында маздап, қандай да бір қауіп пен қорқыныш сезінгенде оянуы мүмкін деген пікірмен келіседі. Әлеуметтанушылардың айтуынша, бүгінде АҚШ-тағы ең үрей билеген топ - ақ ер адамдар, олар Трамптың негізгі жақтаушылары. Бұл топтың көптігіне қарамастан, ақ ер адамдар өзін қоршау ішінде сезінді. Бір жағынан, оларға әйелдер босансуға жол бермейді: соңғы бірнеше онжылдықта халықтың осы бөлігінің әлеуметтік жағдайы күрт өзгерді - қатал бәсекелестік тудырып, әйелдердің көбісі кәсіпқой мамандарға айналуда. Екінші жағынан, елде демографиялық өзгерістер орын алуда - болжамдарға сәйкес, 30 жылдан кейін ақ америкалықтар аз болады. Бұл жағдайда авторитарлықты тудыратын сезімдер осы топта күшейе түседі, және авторитарлы ниеттенген сайлаушылар саны артуы мүмкін» [60].

Басқа әлеуметтік зерттеулер АҚШ-тың аса маңызды институттарына қоғамдық сенімнің айтарлықтай төмендегені туралы айтады: «...Егер 1964 жылы халықтың 3/4 федералдық үкіметке толық сенімі туралы айтқан болса, бүгінде мұндай сенім тек 1/5 сұралғандарда ғана бар. Үкімет жалғыз емес, басқа институттарға да қатысты сенім төмендеді: университеттерге 61-ден 30%-ға дейін, америкалық ірі корпорацияларға 55-тен 13%-ға дейін, медицинаға 73-тен 33%-ға дейін, БАҚ-қа 29-дан 11%-ға дейін» [61].

Америкалық әлеуметтанушылардың дәлелдері, әрине,

назар аударуға және мұқият зерделеуге лайықты, дегенмен, демографиялық өзгерістер корреляциясы мен институттардың коррозиясы туралы тезис толығымен негізделген емес сияқты. Нәсілдік және діни шығу тегіне қарамастан кез-келген адам, тиісті институционалдық ортаға түсіп, әлеуметтену және одан дербес пайда алудың қажеттілігіне байланысты өзгеруге және бейімделуге мәжбүр.

Жалпы, менің ойымша, АҚШ тарихындағы 2016 жылғы қалыпсыз президенттік науқан және Дональд Трамптың әлеуметтік феномені жаңа дағдарыстарға, соның ішінде институционалдық сипаттағы өзгермелі сыртқы және ішкі ортаға америкалық қоғамның жоғары бейімделу мүмкіндіктерін растайды. Мұнда демократтар мен республикашылдардың дәстүрлі күрес жағдайы туралы айту аз. Америкалық қоғам партиялар мен БАҚ сияқты дәстүрлі институттар арқылы АҚШ-тың саяси жүйесі елеулі іркілістер беретінін, билік жүргізіп отырған саясат қоғам бөлігінің күткенімен қарама-қайшы келе жатқанын және оны күрделі күйге келтіру немесе тіпті қайта құру қажет екенін анық көрсетеді.

Мүмкін, менің тезисім даулы болар, бірақ мен саяси сахнада Дональд Трамп сияқты жүйесіз кандидаттың пайда болуы – бұл саяси инклюзивтік институттардың икемділігін көрсету және жаңа әлеуметтік, экономикалық және саяси шындыққа ден қоя білу деп есептеймін. Брексит, Трамп феномені, сол жақтағы және оң жақтағы танымалдықтың өсуі - мұның бәрі іс жүзіндегі формалды институттар шеңберінде болды. Мен Трампқа дауыс беретін адамдардың

барлығы нәсілшіл және исламофобтар деп ойламаймын, бірақ АҚШ халқының бұл бөлігі аз емес, айта кетсек, оның бөлігі заңсыз иммиграция, қалыптасқан институционалдық орта, америкалық қоғамның кооптациялық мүмкіндіктері заңсыз иммиграция ағынына төтеп бере алмауына әкеп соғады деп ойлайды. Нәтижесінде, Құрама Штаттардың күшіне негізделген қағидалар мен ережелер жойылуы мүмкін.

Саяси және экономикалық дамудың институционалдық детерминанты туралы даулар әлі де жалғасуда. Мен тіпті олардың нағыз қызып тұрған кезі дейтін едім, біз әлі де көптеген жаңалықтарды, дәлелдемелерді немесе, керісінше, экономикалық өсуді институционалдық түсіндіруге, саяси және қоғамдық трансформацияларға қатысты қарсы тезистерді көреміз. Институционалдық түсініктемелер бірқатар елдер экономикасының өсу табиғатын түсінуде көптеген кемшіліктер мен шектеулерді қамтиды, мысалы, ешқандай демократиялық институттары жоқ Сингапур, алайда, мемлекет жер бетіндегі ең табысты жерлер қатарына кіреді, онда азаматтар мен бизнес өздерін сенімді сезінеді, онда заңдар жұмыс істейді, ал экономикалық өсім көптеген он жылдықтар бойы жалғасуда.

Басқа мысал: Тунистен басқа Мысырдағы және Таяу Шығыстың басқа елдеріндегі халықтық төңкерістер, бұл елдерде неғұрлым инклюзивті қоғамдар құруға әкелмеді. Мысыр халқы Хосни Мубарактың эксклюзивті режимін құлатқаннан кейін, тіпті демократиялық емес «мұсылман бауырлар» мен Мурсиді таңдады, содан кейін олар мысырлықтар үшін үйреншікті әскери режимді қалпына

келтіру үшін әскери төңкеріс жасауға мәжбүр болды. Сонымен қатар, Таяу Шығыстағы авторитарлық режимдерге қарсы төңкерістер хаос пен саяси анархия тудырды, нәтижесінде ИГИЛ түріндегі фанаттар армиясының пайда болуына ықпал етті.

Тағы бір мысалды қарастырайық: Дарон Аджемоглу және Джеймс Робинсон «Неліктен кейбір елдер бай, ал басқалары кедей» деген еңбегінде Луис Инасиу Лула да Силва ел президенті болғаннан кейін Бразилияның саяси және экономикалық эволюциясын біздің заманымыздың оң институционалды дрейфінің мысалы ретінде келтіреді. Алайда, 2014 жылы басталған тергеу нәтижесінде, Лула да Силва билікке келгеннен кейін сыбайлас жемқорлық схемасы ұйымдастырылғаны анықталды, оның шеңберінде құрылыс компаниялары, оның топ-менеджерлеріне ақы төлеп, еңбекшілердің билеуші партиясының ақшасын оның науқандарын қаржыландыруға және жеке саясаткерлерге аударып, Petrobras мұнай компаниясы үшін ірі жобаларға мердігерлік алды. Лула да Силва осы сыбайлас жемқорлық схемасының басты пайда алушыларының бірі деп аталды.

Дарон Аджемоглу мен Джеймс Робинсон жұмысына тарихшылар тұрғысынан елеулі сын ескертпелер бар. Бірқатар тарихшылардың пікірінше, «...екі Ногалесті салыстыра отырып, авторлар айырмашылықтар америкалық Ногалес америкалық инклюзивтік институттардың басым кеңістігінде, ал мексикалық – нашар экстрактивтік институттар кеңістігінде тіршілік етуіне негізделген деген қорытынды жасайды. Бірақ Аджемоглу мен Робинсон за-

манауи Ногалес туралы айтады. Ал 1950 жылы америкалық Ногалес, 1950 жылғы емес, 1900 жылғы Американың кедей ауылдық жерлерінің табиғаты ретінде, «Оклахома!» фильмін түсіруге пайдаланылды: қала осындай айықпайтын кедейлік пен мешеулікте өмір сүрді. Ғасырдан астам уақыт бойы америкалық институттар қандай да бір себептермен Ногалеске бет бұрмады, оның өрлеуі кейінірек басталды, қазірдің өзінде қала жан басына шаққандағы кірісі бойынша орташа америкалық деңгейден әлдеқайда төмен. ХХІ ғасырда Ногалесте мүлдем басқа институт әрекет етеді, оны америка-мексика шекаралас аймағының ірі зерттеушісі Джеймс Гербер «шекара институты» деп атады. Америкалық Ногалес экономикасының көп бөлігін құрайтын макиладор-фабрикалары жеңілдетілген кеден режимі мен жалақысы төмен жұмыс күші үйлесімінің арқасында тиімді; оларды еске түсіре отырып, оның арқасында 1994 жылдан бастап макиладорлар бар, кітапта NAFTA сөзі қолданылмайды. Ногалес бизнесі - шекаралық жалға алудың классикалық мысалы, ол Аджемоглу және Робинсон терминологиясы бойынша – «экстрактивті институт». Америкалық Ногалес тұрғындарының ең ірі жұмыс берушісі кім? 2010 жылғы санақ бойынша, бұл АҚШ-тың Ішкі қауіпсіздік министрлігі, оның қарауында шекара қызметі; одан кейін полиция. Бұл сол институттар, бірақ инклюзивтік емес: олар АҚШ азаматтарын ғана жұмысқа қабылдайды. Осылар турасында кітапта әңгімеленбейді» [62].

Демократия мен даму немесе жалпы мемлекеттің әл-ауқаты туралы көптеген зерттеулерде көбінесе екі

процестің сызықтық қатынасы мен корреляциясына күмән жиі кездеседі. Бір жағынан, демократиялық режим мен мемлекеттің әл-ауқатының мықты және оң корреляциясы туралы дәлелдің эмпирикалық растамасы бар: АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Ирландия, Голландия, Бельгия, Люксембург, Швейцария, Германия, Аустрия, Финляндия, Швеция, Норвегия, Дания, Аустралия, Жаңа Зеландия, Франция, Испания, Португалия, Италия, Греция, Кипр, Чили, Тайвань, Корея Республикасы, Жапония, Ботсвана, Маврикий, Словения, Эстония, Венгрия, Чехия, Польша, Латвия, Литва және Словакия сияқты мемлекеттер бір мезгілде демократиялық (түрлі дәрежеде) саяси режимді және мемлекеттік ауқаттылықтың жоғары деңгейін (бұл да түрлі дәрежеде) көрсетеді.

Сонымен қатар, демократиялық өзгерістер (дегенмен, табыстылық деңгейі алуан түрлі) мемлекеттің әл-ауқатының нығаюынсыз немесе оның төмендеуінен де орын алған мемлекеттердің мысалдары да көп - олардың арасында Аргентина, Венесуэла, Буркина-Фасо, Танзания, Либерия, Сьерра-Леоне, Бурунди, Кения, Нигерия, Индонезия, Үндістан, Непал, Бангладеш, Филиппин, Израиль, Болгария, Румыния, 1990 жылдардың бірінші жартысында Ресей, Армения» [63].

Жалпы алғанда, бәрі бірдей емес, тіпті, бір қарағанда, осындай даусыз институционалдық тәсілдің өзінде. Алайда, институционализм теориясының кемшіліктерін мойындай отырып, дәл осы тәсілдің мемлекеттер мен қоғамдардың даму табиғатын түсінуге барынша жақындығын мойындамауға болмайды. География елдің

экономикалық дамуына ықпал ететіні шүбәсіз. Бірақ қаншама мемлекеттің тамаша географиялық сипаттамалары бар, дегенмен де, кедейлікте өмір сүреді және тұрақты экономикалық өсімі жоқ – Венесуэла мен Колумбия мысал бола алады – осындай түрдегі барлық елдердің тізімі айтарлықтай үлкен.

Адами капитал - дамудың тағы бір маңызды факторы, бірақ бұл фактор сонымен қатар институттардан ілеспе және туындысы болып табылады. АҚШ-та адами капитал мұндай дамуға лайықты орта болмаса дами алмайтын еді. Гарвард немесе МТИ инновацияның бүгінгі нышандары емес, жарқын ашылымдар мен үздік адами капиталдың шоғырлануы АҚШ-ты құрды, ал керісінше, мен айтқандай, Гарвард пен МТИ тек АҚШ сияқты ортада және елде пайда бола алады.

МТИ профессоры Лорен Грэхем «Жалғыз идеялар» атты еңбегінде бұл туралы одан да жақсы айтты - оның пікірінше, МТИ жетістіктерінің кілті тек МТИ мәдениетінде ғана емес, сонымен бірге жалпы Бостон мен АҚШ мәдениетінде. Бұл идеяны әзірлеуге және жоғары сапалы кәсіпорындар шығаруға мәдениеттің қандай элементтері мүмкіндік береді? Демократиялық басқару формасы, еркін нарық, мұнда инвесторларға жаңа технологиялар, зияткерлік меншікті қорғау, сыбайлас жемқорлыққа және қылмысқа бақылау жасау, айыпталушы ақталуға және өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге мүмкіндігі бар құқықтық жүйе қажет. Бұл мәдениет сыни пікірлерге мүмкіндік береді, тәуелсіздікке жол береді. Онда тағы бір рет әрекет ету үшін сәтсіздікке ұшырауға болады. Міне, инновациялық қоғамның сезілмейтін сипаттамаларының кейбірі ғана.

Нақты, дамыған әлеуметтік нормалар түріндегі формалды және формалды емес институттар АҚШ дамуының негізгі қозғаушы күшіне айналды. Инклюзивті экономикалық институттар, орталықтандырылмаған, сайланбалы және ашық үкімет, заңның үстемдігі және азаматтық жоғары мәдениеті бар қоғам – басқа демократиялық қоғамдар сияқты Американың төрт тірегі.

Институционалды тәсілді жалғастыра отырып, келесі бөлімде сипатталған мәдени детерминизм теориясын қарастырған жөн.

2.4 АҚШ экономикалық дамуының мәдени детерминизмі

Мәдени фактор – посткеңестік кеңістіктің сарапшылары, экономистері мен саясаттанушылары дәл осыған ең аз назар аударады, бірақ оны неғұрлым көп зерттесең, экономикалық және саяси кез келген бағытты дамытудағы мәдени компоненттің маңыздылығын түсіну соғұрлым көбірек келеді. Бүгінде сарапшылар әлемінде, бірнеше рет атап өтілгендей мәдени факторға қарағанда неғұрлым түсінікті және қолдануға ыңғайлы институционалдық көзқарас ұнамды. Мәселен, нақты мерзім, алгоритмдер, іске асыру тетіктері бар сот жүйесін жетілдіру тұжырымдамасын жазу шенеунік үшін түсінікті және қолжетімді болып көрінеді. Ал мәдени деңгейді арттыру бағдарламасын сандар мен мерзімді қалай есептеуге болады, жоғары этика мен моральды қоғамды қалыптастыру кезеңдерін қалай болжауға болады? Ал ең бастысы,

посткеңестік елдерде әлі күнге дейін экономикалық дамудың қоғам мәдениетінің деңгейіне тәуелділігіне мән берілмейді.

Сонымен қатар, институционалдық тәсіл мен мәдениет арасында ең тығыз және өзара тәуелді байланыс бар. Американың ең беделді зерттеушілерінің бірі Алексис де Токвиль осы өзара байланыс туралы былай айтады:

«Мен ең сәтті географиялық жағдай мен ең жақсы заңдар конституцияның өмір сүруін үстемдік етуші адамгершілікке қарамастан қамтамасыз ете алмайтынына сенімдімін, ал адамгершіліктің арқасында ең қолайсыз географиялық жағдайлар мен ең қолайсыз заңдардан да пайда табуға болады. Адамгершілік ерекше мәнге ие – тұрақты зерттеулер мен тәжірибеге әкеліп соғатын, міне осы өзгеріссіз қорытынды. Бұл тұжырым менің бақылауымның ең маңызды нәтижесі болып табылады, менің барлық ойларым осыған кеп түйіседі» [64].

Біз өте таңдаулы және конъюнктуралық түрде жүгінетін баға жетпес әлемдік тәжірибе (ораманы аламыз және мазмұнына қарамаймыз), институционалдық қабатты импорттау, үздік заңнамалық тәжірибені қайта жазу аз екенін көрсетеді, формалды емес институттар қажет, олар туралы, айтпақшы, бірнеше іргелі зерттеулер жазылған. Айта кетерлігі, Дарон Аджемоглу мен Джеймс Робинсонның экономикалық дамуды түсіндірудің институционалдық тәсілдері түбегейлі жаңа ештеңе ашпайды. Егер өткенге көз салсақ, экономикадағы институционалдық тәсілді құрушының бірі 1993 жылғы экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Дуглас Норт болды. Ол Роберт

Фогельмен бірге экономикалық және институционалдық өзгерістерді түсіндіруге мүмкіндік беретін экономикалық теория мен сандық әдістер қосымшаларының арқасында «Экономикалық тарих саласындағы зерттеулерді қайта жандандырғаны үшін» сыйлық алды.

Америкалық ғалым өзінің көптеген еңбектерінде институттардың анық сипаттамасын және олардың экономикалық процестерге әсерін берді. Норт бойынша, «...институттар шеңберлер болып табылады, олардың шегінде адамдар бір-бірімен өзара әрекеттеседі. Норт оларды формалды және формалды емес деп бөледі:

Ережелер мен нұсқамалар түрінде формалды (жазылған) шектеулер (мысалы, конституция, келісім-шарттар, жарлықтар, және т. б.);

Белгіленген ережелерден ауытқитын мінез-құлықты анықтау және жолын кесу бойынша рәсімдер;

Формалды ережелер мен рәсімдердің әрекет аясын шектейтін формалды емес (жазылмаған) мінез-құлық кодекстері, әдет-ғұрыптар, әдеттер. Бұған қоса, Норттың пікірінше, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер формалды институттардың тиімді алмастырушысы болып қызмет ете алады, осылайша ресурстарды едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді.

Формалды емес институттарға Нобель сыйлығының лауреаты негізінде маңызды мән берді. Мысал ретінде ол Солтүстік және Латын Америкасы мемлекеттерін алды, онда бірінші формалды және формалды емес институттарды Британ империясынан, ал екіншісі, тиісінше, Испан империясынан қабылдады. Сонымен, Латын Америка

мемлекеттері, АҚШ-тан формалды институттарды импорттап - конституция мен рәсімдер түрінде, АҚШ-пен салыстырғандағы, тиісті формалды емес әдет-ғұрыптар мен ережелердің болмауы себебінен экономикалық дамудағы елеулі табыстарға қол жеткізе алмады [65].

Қарапайым сөзбен айтқанда, дамыған конституцияны немесе заңдарды қайта жазуға болады, бірақ олар адамдар дәстүрлі түрде сыбайлас жемқорлыққа бейжай қарайтын, ал қоғамның өзі ережелердің сақталмауымен, мәдениеттің төмен деңгейімен және мінез-құлықтың әлеуметтік нормаларымен сипатталатын мемлекеттер мен қоғамдарда іске аспайды. Бұл қозғалтқышы жоқ машина сияқты, сыртынан бәрі дұрыс, ішінде отыруға болады, бәрі жайлы, тұтқасы (билік) бар, қаңқасы (аумақ және халық) бар, ол әдемі боялған (конституция мен заңдар), доңғалақтар (экономикалық институттар) бар, бірақ машина ешқайда бармайды, өйткені қозғалтқыш қойылмаған және жанармай құю ұмыт қалған. Жанармай құйылған қозғалтқыш - бұл зерттеушілер айтатын формалды емес институттар.

XIX ғасырда Үндістанның ең жақсы зиялылары, олардың көпшілігі батыстық білім алған, упанишад мәтіндерін - діни-философиялық сипаттағы ежелгі үнді трактаттарын және үнділік діни эпостарын мұқият зерттей бастады. Үндістан тарихына деген қызығушылық Үндістанның Батыстан артта қалуының негізгі себептері қандай деген сұраққа жауап беру болды. Тарихты зерттеуді саяси жазықтыққа аударған алғашқы зиялылардың бірі бенгал жазушысы Банкимчандра Чаттападхья (1838–1894) болды. Үндістанды бағындыруды алдын ала анықтаған

себептерді талдап, Батыстан артта қалуы бостандыққа ұмтылуды білдірмейтін, экономикалық және әлеуметтік жаңғыртуға кедергі келтіретін Үндістан мәдениетінің ерекшеліктерімен байланысты деген қорытындыға келді [66].

Мұның бәрін мен жалпы қоғамда формалды ережелермен қатар, қоғам өмір сүретін көптеген жазылмаған ережелер бар және жеке адамдар тарапынан оларды бұзу елеулі бұрмалауға және жазалауға әкеп соқтыратын өмір сүру ортасы деп атайтын едім. Өзінің бай нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік алуан түрлілігімен белгілі америкалық қоғамда мұндай ережелер де бар. Менің терең сенімім бойынша, бұл, ең алдымен, заңды мүлтіксіз сақтау, басқа адамдардың, өз азаматтарының мүдделеріне, олардың өмірлік ұстанымына, сондай-ақ өз отаны, штаты, қаласы, округі ережелеріне құрметпен қарау. Америкалықтардың айналадағының бәріне уақытша, тұтынушылық көзқарасы жоқ. Оларда нағыз патриотизмге қисынды өсетін, өз елінің қожайыны ретінде өзін мақтан ету және өзін-өзі тану сезімі бар. Мен америкалықтардан басқа, өз елінің патриоттарын көрген емеспін. Өз араларында олар жамандап, кемшіліктерін таба алады, бірақ шетелдіктермен сөйлескенде, армандайтын жер болса, бұл - АҚШ деген позицияны ұстанады. Біреулер мұның институттарға қандай қатысы бар? - деп айтуы мүмкін. Міне, жазылмаған ережелер, дәстүрлер, мәдени кодтардың жиынтығы – құндылығы тең және жазылған ережелер мен заңдарға қарағанда тіпті жоғары, кем дегенде, олар комплиментарлық күйде болатын формалды емес институттар.

Мысалы, қазіргі әлемдегі барлық қоғамды дамытудың маңызды аспектісі - бұл мәдени негізі бар әйелдерге деген көзқарас. Қысқаша, мұны шамамен осылай түсіндіруге болады. Инклюзивті институттар жынысына, жасына және нәсіліне қарамастан, барлығына өзін-өзі жүзеге асыруға, соның ішінде кәсіби тұрғыда да мүмкіндік береді. Гендерлік тұрғыдан алғанда, әйелдердің көбісі еңбек нарығында орын тапқанын білдіреді, бұл сәйкесінше тауарлар өндірісі, қызмет көрсету, ЖІӨ өсуіне және экономикалық өркендеуге жетелейді. Мысалы, «...АҚШ-та 1960 жылы 6 жасқа дейінгі балалары бар америкалық отбасылық әйелдердің тек 15%-ы жұмыс істеді, ал 2010 жылы бұл көрсеткіш 64%-ға жетті - бұл әлемдегі жұмыс істейтін әйелдердің ең жоғары пайызы» [67].

Елдің дамуына әйелдерді тарту мен олардың қатысуының маңыздылығын түсіну әлемдік тенденцияға айналуға. 2014 жылы ДЭФ жариялаған есепте айтылғандай, соңғы 10 жылда әлемде гендерлік теңдік айқындала түсті, өйткені әйелдер саясат пен іскерлік өмірге араласуға көбірек мүмкіндік алды. Соңғы он жыл ішінде әлемде төрттен бір миллиардтан астам жұмыс істейтін әйелдер болуына қарамастан, осы қарқынмен жүре беретін болсақ, жұмыстағы гендерлік теңсіздікті толығымен жою үшін кем дегенде 170 жыл қажет болады. Яғни, белгілі бір дәрежеде гендерлік теңдік мәселесі дүниежүзілік дамудың ашылмаған әлеуетіне айналады деп айтуға болады.

Формалды емес институттар мен әлеуметтік нормалар күшті қоғамның іргелі қырының бірі - бұл азаматтардың еркіндігі: ішкі және сыртқы, ол идеялар бостандығы

арқылы көрінеді. Солтүстік-батыс университетінің профессоры, Джоэл Мокир (Joel Mokyr) «Батыс Еуропа елдерінің, атап айтқанда, Ұлыбританияның технологиялық және өнеркәсіптік дамуы «идеялар нарығын» дамытудан, ғылыми идеяларды еркін, бәсекелі білдіруден басталды, оның ресми бастауы Корольдік қоғам клубының 1660 жылы Лондонда құрылуы болды, онда әрбір азамат өз идеялары мен нанымдарын адал дауларда жеткізіп, қорғай алды деп айтады. Әрі қарай «Хаттар республикасы» трансұлттық қоғамы пайда болды, оның мүшелері шекаралары арқылы таныстырып, дауласып, өз көзқарастары мен жаңалықтарына сендірді. Идеялар нарығында «қасиетті сиырлар» мен беделділер болған жоқ, кез-келген идея күмән тудырды, сондай-ақ кез-келген идея маңызды болды. Сол кездегі дамып келе жатқан идеялар нарығының басты принципі Фрэнсис Бэконның: «ғылымның нақты және дұрыс мақсаты - адам өмірін жаңалықтар және ресурстармен қамтамасыз ету» деп айтқан сөздері болды [68]. Мұның бәрі, сайып келгенде, батыс өркениетінің экономикалық дамуына негіз болған технологиялық дамуға серпіліс берді.

Көптеген ғалымдар протестанттық мәдениет, демократия және АҚШ-тың экономикалық дамуы арасында тікелей байланыс көреді. Борттағы алғашқы пилигримдермен Мэйфлауэр дәуірлік кемесінен бастап жаңа жерлерге келген протестанттар Американың болашақ жетістігінің мәдени негіздерін қалады. Зерттеулер көрсеткендей, еңбек, білім арқылы адамдарды табысқа, материалдық байлыққа ұмтылысты тәрбиелеген діндер, онда ізбасарлары

жаңа заттарға, инновацияларға, кәсіпкерлікке, капитал жинақтауға бейім болғандар демократия мен жаңғыртуға қолайлы жер болып табылады. Протестанттық осындай дін болып табылады.

Сэмюэль Хантингтон өзінің «Біз кімбіз? Америкалық ұлттық бірегейліктің сын-қатерлері» атты соңғы кітабында жеке тарауды ағылшын-протестант мәдениетіне арнады, онда былай деп жазды: «Төрт ғасырға жуық алғашқы қоныстанушылардың бұл мәдениеті америкалық бірегейліктің негізгі элементі болып қала берді» [69].

Еңбек этикасы мен жеке жауапкершілік - иерархияға қарама-қарсы болып, ағылшын-протестанттық мәдениетте орталық орын алады. Хантингтон: «Еңбек этикасы – протестанттық мәдениеттің негізгі ұғымы, және басынан бастап америкалық дін еңбек діні болды деп келтіреді. Басқа қоғамдарда мәртебе мен заңдылықтың негізгі көздері дәстүр, таптық және әлеуметтік жағдай, этникалық және отбасы мүшелігі болды; Америкада мұның қайнар көзі еңбек болды. Аристократтық және социалистік қоғамдар да еңбектің маңыздылығын төмендетеді; буржуазиялық қоғам еңбекті мадақтайды. Америка, бұл буржуазиялық қоғамның квинтэссенциясы, еңбекті дәріптеп келді және дәріптей бермек» [70].

Ағылшын-протестанттық «нонконформистік, інжілдік» мәдениет қайта-қайта реформаторлық бастамалардың қозғаушы күші болып шығып, америка тарихының барысына терең әсер етті, олардың қатарына: Америкалық революцияның өзі; құлдықтың жойылу қозғалысы; ХІХ ғасырдың 80-ші жылдарында басталған прогресшілдердің

қозғалысы; XX ғасырдың 50-ші жылдарының соңында басталған нәсілдік тепе-теңдік үшін күрес; және 60-шы жылдары америкалық институттарға қарсы жалпы наразылық жатады. Ағылшын-протестант мәдениеті сыртқы саясатқа да әсер етті. «Халықаралық қатынастарда көптеген елдер «шынайы көзқарас» деп аталатын, мемлекеттік билікке, қауіпсіздік пен материалдық байлыққа басымдық береді. Іс «күрделі» болғанда, Құрама Штаттары дәл солай әрекет етеді. Бірақ америкалықтар басқа қоғамдармен қарым-қатынаста және осы қоғамдардың ішінде өз үйінде ұмтылатын ең этикалық идеалдарды ілгерілетудің үлкен қажеттілігін сезінеді» [71].

Формалды емес институттардың, саяси мәдениеттің ерекше маңыздылығы туралы басқа танымал америкалық зерттеуші – Френсис Фукуяма да айтады. Өзінің «Ұлы алшақтық» атты танымал еңбегінде жапон тамыры бар, әлемге әйгілі америкалық сарапшы, формалды заң, сондай-ақ күшті саяси және экономикалық институттар қазіргі заманғы қоғамның табысқа жетуіне кепілдік беру үшін қажетті болып табылатынын, олардың өздері жеткіліксіз екенін айтады. Либералды демократияның қалыпты жұмысы қоғам қабылдайтын белгілі бір мәдени құндылықтардың болуына байланысты болды. АҚШ пен Латын Америкасы мемлекеттерін өзара салыстыра отырып, оған көз жеткізу оңай. XIX ғасырда Мексика, Аргентина, Бразилия, Чили және басқа да Латын Америкасы мемлекеттері тәуелсіздікке қол жеткізген кезде, олардың көпшілігі АҚШ президенттік жүйесінің үлгісі ретінде болған формалды демократиялық конституциялар мен заң

жүйелерін қабылдады. Алайда содан бері бірде-бір Латын Америка мемлекетінде саяси тұрақтылыққа, экономикалық өсуге және АҚШ-қа тән демократиялық институттардың тиімді жұмысына қол жеткізе алмады.

Фукуяма былай деп айтады, «мәдени фактор барлық қалған факторларды біріктірген басты цемент болды. АҚШ-ты бірінші кезекте Британия құрды және тек британдық заңдарды ғана емес, сонымен бірге британдық мәдениетті де мұра етті, мысалы, Аджемоглу мен Робинсон бастаған кейстік зерттеулерді жалғастыра отырып, Латын Америкасы Пиреней түбегінің бір-бірінен ерекшеленетін мәдени дәстүрлерін мұра етті. АҚШ конституциясы шіркеу мен мемлекеттің бөлінуін белгілесе де, өзінің қалыптасу жылдарында америкалық мәдениетті үлкен дәрежеде протестанттық секталар құрды. Протестантизм америкалық дарашылдықты да күшейтті, сондай-ақ Алексис де Токвиль америкалық «біріктіру аймағы» деп атаған - яғни ерікті бірлестіктер мен қауымдардың мириадына қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру тенденциясын күшейтті. Америкалық азаматтық қоғамның өмірлік күші АҚШ демократиялық институттарының тұрақтылығы үшін де, олардың дамушы экономикасы үшін де қажет болды. Испания мен Португалияның империялық рим-католиктік дәстүрлері, керісінше, ірі, орталықтандырылған институттарға - мемлекет пен шіркеу сияқты тәуелділікті күшейтті, сәйкесінше тәуелсіз азаматтық қоғамды әлсіретті» [72].

Жалпы, Фукуяма барлық қоғамдар үшін өзекті - қоғамдық сенім деңгейі мен дамуы тақырыбын көтереді. Қоғамда

сенім деңгейі төмен болған сайын, қоғамдық ыдырау, сыбайлас жемқорлық және непотизм деңгейі соғұрлым жоғары. Керісінше, дамыған елдерге тән қоғамдық сенімнің жоғары деңгейі социум ішіндегі кооперацияның жоғары деңгейіне, салауатты құндылықтар мен нормалардың кең таралуына әкеледі. Айтпақшы, Фукуяма АҚШ үшін негізгі қауіпті америкалық қоғам арасындағы сенім деңгейінің төмендеуі, отбасылық құндылықтар дағдарысы, қылмыстың өршуі және көптеген ұрпақтарда қалыптасып келе жатқан әлеуметтік капиталдың құлдырауы ретінде көреді.

Мәдениет пен дамудың өзара байланысының тағы бір жарқын мысалын келтіруден бас тарта алмаймын, бірақ АҚШ-тың афроамерикалық тарихы мысалында.

1981 жылы шыққан «Этникалық Америка» атты алғашқы еңбегінде қара нәсілді экономист және шолушы Томас Сауэлл америкалық мейнстримге қара нәсілділер дамуының пайдасына сенімді дәлелдер келтіреді. Ол афроамерикалықтарды үш топқа бөледі: 1) «еркін түстілер»; 2) Линкольн шығарған Босату туралы прокламациямен босатылған құлдар, және 3) Вест-Үндістаннан көшіп келушілер.

Сонымен, Томас Сауэлл өзінің зерттеу негізінде, әртүрлі өмір салты, әлеуметтік нормалар АҚШ халқының бір нәсілдік тобының ішінде сәттілікке немесе сәтсіздікке әкеп соқтырғаны туралы көптеген мысалдар келтіреді. Мәселен, құлдар мен олардың ұрпақтары «еркін түсті» топтардағы олардың аздаған бауырларына және Вест-Үндістаннан келген иммигранттарға қарағанда әлдеқайда аз табысты болды. XIX ғасырда және XX ғасырдың алғашқы онжылдығында

қара нәсілділердің көшбасшылары негізінен америкалық мейнстримге даму процесін ерте бастаған «еркін түстілер» ұрпақтары болды, және осы көздер сол кездегі қара нәсілділердің жетістіктерінің көпшілігіне ие болды.

Тағы бір көрнекі мысал - Америкаға Батыс Үндістаннан келген иммигранттар. Батыс Үндістаннан, ең алдымен Ямайка, Барбадос, Тринидад және Багам аралдарынан айтарлықтай ауқымды иммиграция ХХ ғасырдың басында басталды. Сауэлл 1920 жылға қарай Гарлем тұрғындарының төрттен бір бөлігі Батыс Үндістаннан келгенін айтады, алайда елдің қара халқының жалпы санындағы олардың үлесі тек 1% ғана болған. Бұл бір пайыз көшбасшылар мен табысты адамдардың үлкен санын берді: Маркс Гарви, Сток-ли Кармайл, Малкольм Икс, Джеймс Фармер, Рой Иннис, Конгресс өкілдері Палатасының депутаты Ширли Чизхолм, Кеннет Б. Кларк, сэр У.Артур Льюис, Сидни Пуатье, Гарри Белафонте, Годфри Кембридж, Форд қорының бұрынғы президенті Франклин Томас және генерал Колин Пауэлл.

Сауэлл былай деп қорытындылады: «Батыс Үндістаннан шыққандардың және америкалық негрлердің арасындағы контраст олардың кәсіби дайындығында ғана емес, мінез-құлық үлгілерінде. Батыс Үндістаннан шыққан қара нәсілділер ұқыпты, қажырлы еңбек пен кәсіпкерлікке бейім. Олардың балалары ынталы және жергілікті қара нәсілді ата-аналар балаларының мектептегі жетістіктерінен асып түседі» [73].

Мәдени фактор кез-келген қоғамның дамуында орасан зор рөл атқаратындығына күмән жоқ, сонымен бірге америкалық қоғамның дамуында шешуші рөл атқарды. Алай-

да, барлық жерлерде сияқты, мұнда да бұл көзқарастың өз сыншылары бар. Көптеген сарапшылар жоғары мәдениетті қоғамдардың болуы және протестанттық этиканың үстемдігі Германияның, Италияның және Жапонияның 1930 жылдары дәстүрлі қоғамдық құрылғының ең нашар түрлерінің бірі - тоталитарлық деспотияға қайта оралуына кедергі келтірмегенін көрсетеді. Әлемнің бірқатар елдерінде тарихи дамудың айқын циклділігі әлі күнге дейін көпшілікке танылған деп санауға болатын себепті түсіндірмелерге ие емес. Сарапшылардың айтуынша, мәдени детерминизмнің жалпы кемшілігі мемлекеттердің даму процесіндегі адам санасының рөлін арттыру және стихиялық эволюциялық факторлардың рөлін бұзу болып табылады» [74].

Дегенмен, сыншылардың өздері «модерн қоғамын» құрмай мемлекеттің нақты жаңғыртылуын жүргізу мүмкін емес екенін айтады. Модерн қоғамды айналып өту үшін елді жаңғыртудың кез келген әрекеттері сөзсіз күйреуге алып келді. XX ғасырдың кеңес эксперименті - оның ең үлкен дәлелі. Модерн қоғамын құрастыруда мәдени компонент, егер басты рөл атқармаса, маңызды рөл атқарады. Бұған дейін атап өтілген, Британияда пайда болған «Хаттар республикасы» модерн қоғамының бейнесі болды, онда қоғам, оның еркін және шығармашылық мүшелері және мемлекеттің дамуының жалғыз энергиясына айналады. Нэйл Фергюссон өзінің еңбегінде атап өтетін батыс өркениетінің барлық игіліктері, «...батыс өркениетінің әлемдегі ұзақ, 500 жылдық үстемдігі, бірінші кезекте, оның алты инновациялық әлеуметтік тұжырымдаманы: бәсекелестік, еңбек этикасы, экономикалық тұтыну, замана-

уи ғылым, заманауи медицина, құқықтық тәртіпті меңгеріп, әлемге ұсына алғанымен түсіндіріледі» [75], британдық және кеңірек, батыс өркениетінің әлеуметтік нормаларына тамырымен кетеді деп айтуға тәуекел еттім.

Өмір сүру ортасы америкалық әлеумет ережелерінің қалыптасқан және тұрақты бейімделіп келе жатқан жиынтығын сақтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар жердің әр бұрышынан келетін және, әдетте, олармен таныс емес жаңа америкалықтарды үйретеді және бейімдейді. Егер АҚШ-тың жаңа азаматы қоғамдық орындарда дәрет сындырып немесе жол қозғалысы ережелерін сақтамайтын елден келген болса, онда жаңа отанда ол міндетті түрде қоғамдық қолайсыздық пен әкімшілік жазаға тартылады. Сондықтан: өз америкалық арманыңа қол жеткізгің келсе, қоғамға кіргің келсе, ережелерді ұстану керексің.

Отанында әуелі өз көліктерінің терезесінен түкіріп, жаяу жүргіншілердің өтуіне рұқсат бермейтін әртүрлі елдердің азаматтары, заңдарға «түкіруі» де ықтимал, олар үлкен проблемаларға тап болады және тұрудың жаңа ережелерін үйренуге мәжбүр болады. Әйтпесе - түрме немесе сөзсіз маргинализация және этникалық геттолардан шығу мүмкіндігінің болмауы.

2.5 Рикардо Хаусманның «Ормандар мен маймылдар» тұжырымдамасы

АҚШ-тың экономикалық табысының алғашқы себебі бойынша сарапшылар қоғамдастығының арасында өткізілетін даулар мен қызу пікірталастар тоқтатылмайды, қандай да

бір консенсус байқалмайды және бәрінен бұрын күтілмейді де. Экономикалық өсу туралы барлық белгілі теорияларға үлкен күмән келтіретін ғалымдар да бар, олар неліктен кейбір елдер - бай, ал басқалары - кедей екендігіне ешкім нақты дәлелдер келтірген жоқ деп айтады.

Мұндай ғалымдардың бірі - Гарвард мемлекеттік басқару мектебінің профессоры Рикардо Хоусман, ол сонымен қатар, өзінің жұлдызды сыныбын мынадай жақын атпен жүргізеді - Неліктен елдер кедей, тең емес және құбылмалы (Why some countries are poor, volatile and uneven?). Өткенге көз жүгіртсем, бұл менің Кеннеди мектебінде алған ең пайдалы сабақтарымның бірі болды деп сенімді түрде айта аламын. Хаусман сыныбы жаңа білім алу және экономикалық даму теориясы туралы менің бұрынғы білімдерімді жүйелеу тұрғысынан көп нәрсе берді. Бүкіл семестр бойы біз әлемдік практикадан әртүрлі кейстерді қолдана отырып, даму факторларын егжей-тегжейлі талқыладық және тестіледік.

Хаусман тәсілі даусыз, бірақ әлем елдері, мен айтар болсам, АҚШ-тың экономикалық даму теориясына қатысты ой-пікір үшін зор азық береді. Оның идеялары Құрама Штаттар табысының табиғатын түсіну тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар Қазақстан үшін тұрақты даму жолдарын ұғыну тұрғысынан да үлкен практикалық қызығушылық тудырады деп ойлаймын.

Гарвард профессоры білім, география, институттар және экономикалық өсу сияқты факторлардың арасындағы сызықтық байланысты көрмейді! Оның пікірінше, егер білім экономикалық өсудің жеткілікті факторы болса, онда кедей және дамушы елдердегі білім деңгейін

көтеру арқылы біртіндеп бай елдер деңгейіне жетуге болады. Бастапқы кезеңде мұндай арақатынас шынайы көрінеді, бірақ біртіндеп экономикалық әсерді минимумға дейін төмендетіп, белгілі бір уақыттан кейін білімге инвестициялардың қайтарымы төмендей бастайды.

Мүмкін, барлық проблема – дамушы елдердегі сапасыз білім беруде шығар? Онда, мүмкін, мамандарды неғұрлым дамыған елдерде оқытып, білім мен ноу-хау экспорттап, сол арқылы кедей және/немесе дамымаған елдердің экономикасын көтеру керек шығар! Негізінде, мұндай үміт ұзақ мерзімді жоспарда бар, сондай-ақ кедей немесе технологиялық жағынан артта қалған мемлекеттердің миллиондаған студенттері Еуропа мен АҚШ елдеріне «ғылым гранитін кеміруге» барады. Мысалы, статистикалық мәліметтерге сәйкес, жыл сайын АҚШ-қа жоғары білім алу үшін Сауд Арабиясынан 70 мыңға жуық студент және Ираннан 40 мыңға жуық студент келеді!

Бұл жағдайда АҚШ-та алған білімін, ноу-хауды өз студенттері арқылы импорттайтын елдер (оларды қосып Х деп атаймыз) АҚШ-пен бірдей даму дивидендтерін (оларды U деп атаймыз) алатын ерекше формуланы алуға бола ма? Көптеген зерттеушілер теориялық тұрғыдан - мүмкін, дегенмен, алынған білім дұрыс қолданылуы, пайдалы әрекет коэффициенті тиісті жоғары болуы үшін тиісті инфрақұрылым қажет деген тұжырымға келді. Әйтпесе, АҚШ-та әдеттегі түрде алынған барлық білім ерекше маңызды рөл атқармайды.

Географиялық детерминизм факторы, оның барлық маңыздылығы жағдайында, теңіз коммуникацияларына қол

жеткізу, жүктерді тасымалдау немесе тропикалық ауруларға бейімділік контекстінде, оның ішінде технологиялардың дамуына байланысты, оның экономикалық дамуға ықпалының жеткілікті дәлелдемелері жоқ немесе жоқ күйінде қалды.

Хаусманның пікірінше, экономикалық өсу үшін институттардың өзін-өзі қамтамасыз ететін рөлі туралы айту мүмкін емес. Бір жағынан, мысалы, сыбайлас жемқорлық пен экономикалық дамуға эмпирикалық тәуелділік бар. Сараптамалық зерттеулер деректері сыбайлас жемқорлық деңгейінің 1%-ға өсуі экономиканың өсуін 0,72%-ға қысқартатынын дәлелдейді. Яғни, ел бай болған сайын, сыбайлас жемқорлық деңгейі соғұрлым төмен, ал керісінше болса, жоғары деп айтуға болады.

ХВҚ экономисі Пауло Мауроның есептеуі бойынша, «...егер Ресейде сыбайлас жемқорлықты тек Греция немесе Чехия деңгейіне төмендетсе, инвестициялар 4%-ға, ал ЖІӨ-нің өсу қарқыны кем дегенде жылына 0,5 пайыздық тармаққа ұлғаятын еді. Ал егер Ресей скандинавиялық елдер деңгейіне жеткен болса, онда нәтиже үш есе көп болар еді» [76]. Егер сыбайлас жемқорлыққа қатысты жағдай көбінесе Ресей мен Қазақстанда өте жақын (өткен жылы Ресей сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне Қазақстаннан төмен – 136-шы орын алды) екенін ескерсе, онда бұл деректерді біздің елімізге да батыл көрсетуге болады.

Алайда, Хаусман атап өткендей, «...ешбір кері тәуелділік жоқ. Өзінен-өзі сыбайлас жемқорлықтың төмендеуі экономикалық өсімге әкелмейді. Егер 1996 жылдан бастап

180 ел бойынша жарияланатын сыбайлас жемқорлықты бақылау бойынша Әлемдік банктің деректеріне сүйенсек, онда олар Гана, Коста Рика немесе Дания сияқты өзінің даму деңгейі үшін сыбайлас жемқорлықтан аз елдер басқа елдерден жылдам өспейтінін көрсетеді. Замбия, Македония немесе Жаңа Зеландия сияқты сыбайлас жемқорлықты төмендету бойынша өз көрсеткіштерін жақсартқан мемлекеттер жылдам өскен жоқ. Хаусман айтқандай, полиция қызметкері пара алуды тоқтатса, ол автоматты түрде қылмыскерлерді жақсы ұстай бастады дегенді білдірмейді» [77].

Яғни, институттардың жақсаруы, профессордың пікірінше, экономикалық өсімге әкелмейді. Шартты елде сыбайлас жемқорлықты толығымен жеңді, тартымды инвестицлия климат құрды, әкімшілік кедергілерді жойды және басқа да жағдайлар болды делік. Мемлекет институттар арқылы өсе ала ма? Хаусманның пікірінше, тікелей тәуелділік дәлелденбеген.

Хаусман теориясының маңыздылығы - экономиканың күрделілік дәрежесі, атап айтқанда: экспортты әртараптандыру және еңбек өнімділігінің деңгейі!


Экспорт қаншалықты әртараптандырылған болса, елдің барлық экономикасы соншалықты әртараптандырылған, тиісінше, оның экономикалық өсуі де жоғары. Бұл формула әлемнің барлық елдері үшін дұрыс. «...Тіпті Қытай немесе Үндістан сияқты үлкен ішкі нарығы бар елдерге экспорттық табыстарды тек ішкі нарықтағы белсенділікті арттырумен ғана алмастыру қиын. Қазіргі заманғы жағдайларда экспорттық бағдарланған стратегиялардың

пайдасына маңызды дәлел ұлттық экономикалардың ашықтығының жоғары дәрежесіне қол жеткізілген кезде, ішкі және сыртқы нарық арасында айырмашылықтар жасамайтын, бәсекелестіктің жаһандануы орын алады. Сондықтан қазіргі жағдайда кез келген импорт алмастыру бағдарламасы ұлттық өндірушілердің ішкі нарықта ғана емес, сыртқы нарықта да жұмыс істеуге мүмкіндік беретін бәсекелестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізуіне бағытталуы тиіс» [78].

Хаусман соңғы 200 жыл ішінде бүкіл әлем елдерінің экономикалық дамуын, немесе мен бұдан бұрын айтқан мальтузиандық кезең соңынан айтарлықтай қызықты салыстыруды тапты. Ол экономикалық даму процесін «Эрудит» ойынымен салыстырады [79]: елде, шартты түрде, әріптер (ресурстар, технологиялар) неғұрлым көп болса, соғұрлым ол тауарлар мен қызметтерді жақсы өндіре алады. Егер елде 3 әріп болса, онда ол 20 сөз құра алады, егер бес әріп болса, онда – 120 сөз және т.б. Яғни, елдің әріптері неғұрлым көп болса, соғұрлым ол көп сөздерді (экспорттық өнімдерді) және көп ұзын сөздерді (күрделі, жоғары технологиялық экспорттық өнімдерді) құру мүмкіндігіне бай.

Бұл жерде оны Хаусманның өзі айтқандай, «қозғалыссыздық тұзағы» пайда болады, бай мүмкіндіктері бар елдерде оларды көбейту үшін ынталары көбірек және керісінше деп болжайды. Бұл ресурстары шектеулі елдер (әріптердің аз саны), сирек жағдайларда өз экспортын әртараптандыра алатынын түсіндіреді. Керісінше, АҚШ-тың жоғары әртараптандырылған экономикасы неге бұл процесті сәтті жалғастырып жатқанын түсіндіреді. Егер


\$88.6B USD



Дереккөз: <http://atlas.cid.harvard.edu/>

Біз экспорттық әлеуетті дамытудың бастапқы сатысында

\$2.46B USD



Дереккөз: <http://atlas.cid.harvard.edu/>

екенімізді түсіну үшін үлкен сарапшы болудың қажеті жоқ. Голланд ауруы, мемлекеттің барлық күш-жігеріне қарамастан бізді де аямады. Айтпақшы, Хаусман Қазақстанды голланд ауруының әсерімен қалай күресу керектігіне мысал ретінде келтірді. Қазақстан пайдаланған ең тиімді құралдардың бірі - Норвегия тәжірибесі бойынша тұрақтандыру қорын құру, онда Қазақстан «майлы жылдары», яғни мұнай бағасы жоғары болған кезде, бір жағынан экономиканың шикізаттық емес салаларының бәсекеге қабілеттілігін сақтау тұрғысынан артық «зиянды» қолма-қол ақшаның пайда болуына мүмкіндік бермеу үшін, екінші жағынан проблемалы жылдары бюджет тапшылығын жабуға арналған қор болуы үшін ақша жинады.

«Ресурстық қарғыс» проблемасы өзінің экспорттық себеттерінде негізінен шикізат өнімдері бар барлық елдерге әсер етеді. Мұнай - біздің экспортымыздың 65%-дан астамын алатын Қазақстан экономикасы үшін негіз. Сондықтан, мұнай бағасы төмендеген кезде, бұл тек мұнай секторы бойынша ғана емес, сонымен бірге біздің экономикамызға да айтарлықтай әсер етеді. Айтпақшы, жалпы көлемдерде Қазақстанға қарағанда мұнай көбірек өндіретін АҚШ-қа (ОПЕК деректері бойынша, 2015 жылы АҚШ күн сайын 9,430 миллион баррель, Қазақстан – 1,321 миллион баррель өндірген) мұнай бағасының құбылмалы болуы айтарлықтай әсер етпейді. Мұнай өнеркәсібін басқа да көптеген шикізаттық емес салалармен оңай салыстыруға болады. Сонымен қатар, мұнай бағасының төмендеуі бүкіл экономика жағдайына жағымды әсер етеді: бүкіл америкалық экономикаға қатысты аз мұнай саласы ғана зардап шегеді, ал өнеркәсіп, көлік, қызмет көрсету және т.б. жанармайдың төмен бағасынан пайда көреді.

Осылайша біз 2015-2016 жылдары шикізат экономика-


ларына әсер еткен мұнай бағасының рекордтық және күрт төмендеуі АҚШ экономикасына мүлдем әсер етпегенін түсіндіре аламыз. Мысалы, «...Сауд Арабиясының ЖІӨ 12 миллиардқа, 2015 жылы 652-ден 2016 жылы 640 миллиард долларға төмендеген кезде, АҚШ-та ЖІӨ 2015 жылы 18 триллион 37 миллиардтан 2016 жылы 18 триллион 569 миллиардқа дейін өсті», яғни жарты триллион АҚШ долларынан асады!» [80].

Алайда, осындай тұрақты, дамыған және әртараптандырылған экономикаға, экспорттың алуан түрлілігіне, Құрама Штаттар екі жүз жыл бойы келгенін, шартты түрде сөз тұрғысынан 5 әріптен 25-ке дейін секіру мүмкін еместігін түсіну керек. Көптеген елдер әртараптандырудың күрделі жолын өту үшін онжылдықтар жұмсады, бірақ одан да көп елдер осы жолда жеңіліске ұшырады. Хаусманның пікірінше, әрбір елдің ерекшелігіне қарамастан, көпшілікті экономикалық әртараптандыру стратегиясымен жалпы сәтсіздіктер біріктірді. Мысалы, дамыған елдерге ұқсайтын мемлекеттердің өте көп саны бірден жоғары технологиялық өнімдер өндірумен айналысуға тырысты, олар уақыт пен ақша, ал жиі саяси тұрақтылықты жоғалтып, қисынды түрде зорықты.

Әртараптандырудың жетістіктері мен сәтсіздігінің бай әлемдік тәжірибесін егжей-тегжейлі зерделеп, Рикардо Хаусман әріптестерімен бірге (Дж. Хванг және Д. Родрик) «өнім кеңістігі» (product space) сияқты модель жасады. Өнім кеңістігі барлық экспортталатын өнім туралы графикалық көрініс береді. Төменде АҚШ пен Қазақстанның өнім кеңістігі салыстыру үшін ұсынылады.


АҚШ үшін өнім кеңістігі

\$1.39T USD




Қазақстан үшін өнім кеңістігі

\$87.7B USD



Салыстыру үшін Ресей үшін өнім кеңістігі.

\$515B USD



Әлем елдерінің экспорттық мамандануы мен әртараптандыру мүмкіндіктерін жаңаша түсіндіретін бұл модель кімге қызықты болса, Гарвард университеті мен МТИ (The Atlas of economic complexity) бірлесіп шығарған экономикалық күрделілік атласын қарай алады.

«Экономикалық күрделілік» идеясының негізгі мәні мынада, елдердің байлығы мен әлеуеті өнімді білімнен туындайды, әлем елдерінің тауарлар мен қызметтерді қалай өндіруге болатындығы туралы әртүрлі білімі бар. Тауарлар мен қызметтер оларды өндіруге қажетті, өндірістік білім көлемінде бір-бірінен ерекшеленеді.

Қысқаша және түсінікті тілмен айтқанда, «экономикалық күрделілік» идеясын осылай түсіндіруге болады. Түрлі-түсті шеңберлермен молынан көмкерілген, АҚШ өнімдері

кеңістігінің құрылымы, әсіресе оның орталығы, ел экономикасы жоғары әртараптандырылған екенін және жоғары технологиялық өнімдердің кең ауқымын экспорттайтынын білдіреді. Шеңберлер экспорттық тауарларды білдіреді, онда олардың мөлшері осы тауардың әлемдік саудасының көлемін, түсі – тауар өндірісі жататын саланы, ал шеңберлерді қосатын сызықтар – тауарлар арасындағы қашықтықты көрсетеді. АҚШ өнімдерінің құрылымы ортасында шеңберлердің жоғары тығыздығы технологиялық неғұрлым күрделі тауарлардың шоғырлануын білдіреді, ал төмен технологиялық деңгейдегі тауарлар, ең алдымен шикізат құрылымның шеткі аумағында орналасады. Экспорт себеті бойынша бір-біріне өте ұқсас Қазақстан мен Ресейде орталық толығымен бос, ал шеткі аймақтарда кейбір жерлерде дөңгелектермен толтырылған, бұл Қазақстан мен Ресей негізінен мұнай, металл, бидай сияқты және т.б. шикізат бағытындағы экспорттауға маманданатынын білдіреді.

Бұл модель жаңа экспорттық өнімге көшу және экономикалық әртараптандыруды арттыру үшін елдің қандай мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді. Рикардо Хаусман әріптестерімен бұл мүмкіндіктерді «Ормандар және маймылдар» тұжырымдамасы көмегімен түсіндіреді. Осы тұжырымдамаға сәйкес, азық-түлік кеңістігін орманмен салыстыруға болады, ал «маймылдар» - бұл елдің жаңа өнімге көшу жолындағы мүмкіндіктері және ормандағы ағаштар жиі өскен сайын, «маймылдарға» ағаштан ағашқа секіру оңайырақ болатыны түсінікті. Сирек орман елдің тауарлар мен қызметтерді қалай өндіретіні туралы білімі

төмен және мұнай, ағаш, мақта сияқты қарапайым тауарларды өндіруге маманданған немесе сәл жоғары деңгей – мақтадан тоқыманы өндіру екенін білдіреді.

Медициналық немесе ғарыштық жабдықтар сияқты жоғары технологиялық тауарларды шығару үлкен ұжымдық өндірістік білімді қажет етеді. «Ормандар және маймылдар» тұжырымдамасына сәйкес мұндай елде тығыз орман бар, бұл кез келген күрделі деңгейде - қарапайымнан өте күрделіге дейін өнім өндірудің жоғары әлеуетін білдіреді. Құрама Штаттары – мұндай экономиканың керемет мысалы: ел мұнай мен газ сияқты қарапайым өнімдерді де, жоғары технологияны да өндіреді.

Экономикалық күрделілік теориясы сонымен бірге шикі мұнайды экспорттауға бағытталған ел қайта өңделген мұнайды өндіруді бастаудың, содан кейін мұнайдан тауарлар (жанармай, пластмасса және т.б.) өндіруге көшудің және одан әрі химия өнеркәсібін дамытудың және т.б. теориялық мүмкіндіктері бар екенін білдіреді. Бірақ, мұнай экспортына мамандана отырып, бірден смартфондар өндірісіне көшу мүмкін емес. Маймылдар ұзақ қашықтыққа секіре алмайды - ол үшін ағаш отырғызу керек, басқаша айтқанда, өндірісті қарапайымнан күрделіге дейін дамыту керек. Мұндай жолды Финляндия сәтті өткерді, ағашты экспорттаудан бастап, кейіннен сүрек өңдеутін машиналардан, және «көбірек ағаш отырғыза отырып», біраз уақыттан кейін телекоммуникациялық, IT және электротехникалық салалардағы жоғары технологиялық өнімдерге көшті (ең танымал бренд - Nokia).

Екінші жағынан, АҚШ сияқты дамыған автомобиль

өнеркәсібі бар ел үшін медицина, ғарыш, авиақұрылыс және т.б. өнімдердің кез келген түрін өндіруге көшу өте оңай болды.

Әрине, кез-келген үйлесімді және дұрыс теорияларды орындау іс жүзінде қиын, сондықтан Қазақстан экспорттық мүмкіндіктер «орманын» отырғызудың қиын жолын еңсеруге тиіс. Бүгін біз – саяхаттың ең басында тұрмыз. Мәселен, жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы жыл сайынғы есеп бойынша «...138 елдің ішінде Қазақстан 53 орынға ие болды. Сонымен қатар, жергілікті бәсекелестік қарқындылығы сияқты көрсеткіш бойынша біз әлемде 106-шы, ішкі нарықта жеткізушілер саны бойынша – 97-ші орындамыз. Немесе кластердің дамуы сияқты көрсеткіштерді алайық (фирмалар, жеткізушілер мен өндірушілердің географиялық шоғырлануы) – әлемде 119-шы орындамыз» [81].

Рикардо Хаусман ерекше атап өткен тағы бір кезең – демография. Бұл жерде мен біздің америкалық тақырыптан әдейі ауысамын.

Кез келген мемлекеттің демографиялық тарихында «демографиялық терезелер» деп аталатын кезеңдер орын алатыны белгілі, бұл кезеңде халықтың жалпы құрылымында жас ұрпақтың (15 жасқа дейін) және егде адамдардың (65 жастан асқан) тәуелді адамдар саны еңбекке қабілеттіліктен әлдеқайда төмен. БҰҰ «демографиялық терезе» туралы келесі пропорцияда айтады: 30%-дан кем жас балалар (15 жасқа дейін) және 15%-дан артық емес егде адамдар.

«Демографиялық мүмкіндіктер терезесі» - бұл ел эко-

номикасы үшін өте қолайлы кезең, әдетте қысқа мерзімді, 10 жылдан 20 жылға дейін. Төмен тәуелділіктегі адамдар мен көп жұмыс істейтін азаматтар ел экономикасына ненің жақсы екенін түсіну үшін жоғары экономист болу қажет емес. Бірақ аз ғана мемлекеттер «демографиялық терезенің» мүмкіндіктерін толығымен пайдаланады.

Қазақстан дәл қазір «демографиялық терезенің» жоғары мүмкіндіктері кезеңінде тұр. Шамамен 1995 жылы басталған бұл кезең 2025 жылға дейін созылады. 2015 жылы 15 жасқа дейінгі халықтың үлесі 26,72%, ал 65 жастан жоғары - 6,74% құрады. Еңбекке қабілетті халықтың үлесі 66,55% құрады, және бұл көрсеткіш «демографиялық терезе» кезінде артады, өйткені жастар еңбекке қабілетті жасқа кіреді» [82]. Алайда, 2025 жылдан кейін жағдай қарама-қарсы бағытта өзгере бастайды: еңбек нарығына аздаған жастар енеді (90-шы жылдары, бала туудың күрт төмендеген кезеңі болғаны көбінің есінде), зейнет жасына көбірек адамдар кіреді. Яғни, жұмыс істейтіндер аз және тәуелді адамдар көп болады, демек, медицина, зейнетақы төлеу бойынша шығындар көбірек болады, бұл, сайып келгенде, экономикалық өсуге әсер етеді.

Сондықтан бұл қолайлы уақытты «жіберіп алмау» керек. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанда ұзақ уақыт бойы, ең болмағанда, ХХІ ғасырда инфрақұрылымды, зейнетақы және білім беру жүйесін, денсаулық сақтауды және т.б. жақсарту үшін бұдан жақсы мүмкіндік болмайды. Біз үшін алдағы кезеңде Қазақстанда еңбек нарығына кіретін жаңа еңбек ресурстарының білім беру сапасы өте маңызды болады. Сонымен қатар, Қазақстан азаматтары көпшілігінің

еңбекке қабілетті жасқа енуінің басқа әлеуетті жағымсыз жағы бар. Егер жастар еңбек нарығында сұранысқа ие болмаса, мемлекет назарынан тыс қалса, онда бұл Тәжікстан мен Қырғызстанда орын алған сияқты шет елге жаппай қоныс аударуға немесе Египет, Тунис және Таяу Шығыстың басқа да елдерінде Араб көктемінде болған сияқты қуатты әлеуметтік күйзелістерге әкеп соғуы мүмкін.

Адамикапиталдыңқұлдырауы, кәсіпсіздену экономикалық әртараптандыру стратегиясының мүмкін болмауына әкеп соғады. Қолайлы демографиялық мүмкіндіктерді жіберіп алу елдің дамуын едәуір қиындатады. Бүгінгі күні біз шикізат саласында ғана күрделі өнімдерді өндіре алатынымызды шынайы түрде мойындауымыз керек, бірақ бұл – жоғалтуға болмайтын жетістік. Әрбір экспорттық өнім белгілі бір мүмкіндіктер жиынтығын қажет етеді, ал мемлекет осы өнімнің салыстырмалы артықшылығын анықтаса, онда бұл мемлекетте осы өнімді бәсекеге қабілетті өндіру үшін арнайы мүмкіндіктер жинақталған деген сөз. Шикізат секторындағы күрделі өнімдерден алдымен қарапайымға, содан кейін шикізаттық емес, жоғары технологиялық саладағы күрделі өнімдерге жол бар.

Белгілі норвегиялық экономист, заманында әйгілі «Бай елдер қалай бай болды ...және кедей елдер неге кедей болып қалады» атаулы кітаптың авторы Эрик Райнерт айтқандай, «...бай елдер ресурстық базаны емес, өндеу өнеркәсібін дамытқаны үшін осындай болды. Соңғы бес жүзжылдықтар кешегі аутсайдерлер ескі шикізат парадигмасын бұзып, нөлден бастауының арқасында ғана өркендеу көшбасшысына айналғанын көрсетті. Бұрын

Сомали көптеген басқа елдерге қарағанда бай болды. Ал Оңтүстік Корея өте кедей болды. Қазір Корея күрішті көп өсіргеннен ғана емес, онда индустриаландыру пайда болғандықтан, еңбек аса қымбаттағандықтан керемет өсуде. Сомали қарақшылыққа мамандана бастады. Бұл ел оны ресми бизнеске айналдырды. Немесе: Колумбия Оңтүстік Америкадағы ең тиімді елдердің бірі болды, бірақ қазір онда қылмыс пен кедейшілік жайлап тұр» [83].

Алайда, Хаусманның айтуынша, бүгінде жаһандану жағдайында аз дамыған елдер тауарларды басынан аяғына дейін шығармауы керек, бірақ өндірістің кезкелген жеке кезеңіне оған қолайлы ресурстармен қатыса алады. Жаһандық құндылықтарды құру тізбегіне қатысу, ол басынан аяғына дейін бірдеңе өндіру үшін ресурстары жеткіліксіздерге «бизнеске кіруге» мүмкіндік береді. Бұл әдіс, керісінше, ашық сауда саясатын талап етеді және білім беру, ғылыми-зерттеу, инфрақұрылым сияқты басқа да түрлі салаларда дамуды ынталандырады. Бұл ел басқалар үшін жинаушы ретінде қызмет етеді дегенді алға тартып, кейбіреулер бұл стратегиядан бас тартады, бірақ әйгілі астрономдардың бірі айтқандай, бәлішті нөлден бастап пісіргіңіз келсе, сізге әлемді ойлап табуға тура келеді.

Тіпті АҚШ сияқты жоғары әртараптандырылған және қуатты экономика, мысалы, жүздеген мың құрамдас элементтерден тұратын жолаушылар ұшағы сияқты өте күрделі өнімдерді жалғыз жасай алмайды. Мысалы, Боинг ұшақтарын бүкіл әлем бойынша ондаған ұйымдар (креслолар – Италиядан, ас үй және қанаттар – Жапониядан, шасси – Оңтүстік Кореядан және т.б.) құруда және осының

барлығы ақыр аяғында АҚШ-тың әртүрлі бөліктерінде (Калифорния, Вашингтон және Миссури штаттарында) жиналады.

Алайда, экономикалық теориялар көбінесе жаңа технологиялар мен жалпы әлемдік экономиканың даму қарқынына сай келе бермейді деген пікір қалыптасады. Әлем түбегейлі және жылдам өзгеруде. Жаңа енгізілімдер бизнестің ережелері мен формаларын өзгертеді. Мысалы, бүгінде әлемдегі ең ірі таксомотор компаниясы UBER болып табылады, оның бірде-бір меншікті көлігі жоқ! Немесе қонақ үй бизнесіндегі ең ірі әлемдік ойыншы, ешқандай жылжымайтын мүлкі жоқ Airbnb компаниясы! Жаңа технологиялар, жаңа бизнес-өнімдер жасайтын және инновациялық тәсілдерді пайдаланатын мемлекеттер арасындағы және шикізатқа идеяларды айырбастайтын тұтынушы мемлекеттер арасындағы экономикалық алшақтық тек ұлғая береді.

2.6 Америкалық арман немесе адамдарды АҚШ-қа көшуге не мәжбүр етеді?

Мен Америка Құрама Штаттарын осы қиын және тұрақсыз әлемде жұмақтың бір бұрышы ретінде көрсеткім келмейді. Бұл үшін Американың басты идеологы рөлін жақсы орындайтын қуатты Голливуд бар, ол жыл сайын АҚШ пен осы өткінші әлемді құтқарған батыл америкалықтардың рөлі туралы айтатын жүздеген фильмдерді ойдағыдай шығарады. Сонымен қатар, АҚШ-та өткен екі жыл маған, бүгінгі күні ел бастан кешіп жатқан күрделі кезеңді,

америкалық қоғамның алдында тұрған үлкен мәселелер мен қиындықтарды, америкалық мемлекет өмірінің көптеген маңызды салаларының стратегиялық белгісіздігін барынша түсінуге мүмкіндік берді. Бүгінгі нәсілшілдіктің гүлденуі, көші-қон саясатындағы мемлекеттің құлдырауы, жалғасып жатқан әлеуметтік қатпарлану, көптеген мәселелер бойынша қоғамдық айырық - бұл АҚШ-тың барлық болмысы. Осы және басқа да мәселелерге кітаптың келесі бөлімін арнадым.

Иммиграция мен туризмнің бір-біріне ұқсамайтыны сияқты, АҚШ туралы фильмдердегі шындық пен жақсы көрініс өте аз ұқсастыққа ие. Дүние жүзінде, ең болмағанда, АҚШ-қа қарағанда қауіпсіз және жайлы өмір сүретін кем дегенде ондаған ел бар. Мысалы, өмір сүру үшін ең жақсы 10 қаланың тізімінде америкалық қалалар жоқ, бірақ Аустралия, Жаңа Зеландия, Еуропа және Канада қалалары бар.

Алайда, бүкіл әлемнен миллиондаған адамдарды тартатын, ерекше америкалық қоғамға тән нәрсе бар. Жыл сайын миллиондаған адамдар АҚШ-қа көшу туралы жоспарларын ойлайды және жүзеге асырады, айтпақшы, сол Аустралия, Жаңа Зеландия, Еуропа елдеріне және Канадаға барғысы келетіндерге қарағанда олардың саны әлдеқайда көп. Осылай санаудың себептері мен уәждері және АҚШ-та тұрақты тұруға мүмкіндік беретін жолдарды табу әркім үшін әртүрлі. Кейбіреулер үшін Америка - өз еліндегі саяси қуғыннан жалғыз құтқарушы және сенімді баспана, біреу америкалық кеңістікте көзден таса болып, әділеттен құтыламыз деп үміттенеді, ал біреу мұнда өмірлік ма-

хаббатын жолықтырады. Себептердің басым көпшілігі - жақсырақ және қауіпсіз өмір сүру.

Мен өзім үшін адамдардың Американы таңдауына негіз болатын басты төрт себепті анықтадым.

Бірінші себеп - азаматтың мемлекет алдындағы басымдылығы.

Көптеген адамдар АҚШ-тағы өмір сол посткеңестік елдердегі өмірден байлықпен, дүкендердегі өнімдер мен заттардың әртүрлілігімен, жақсы үйлермен және т.б. ерекшеленеді деп ойлайды. Ішінара бұл солай, бірақ, менің ойымша, бұл ең басты айырмашылық емес. Бір-бірімізден тәуелсіздік алған уақыт ішінде, кеңестік заттар мен өнімдердің біркелкілігінен кейін дүкендерде АҚШ-пен салыстыруға болатын, кейде тіпті одан да жоғары таңдау бар. Меніңше, біздің көкөністеріміз бен жемістеріміз әлдеқайда жақсы және сапалы, адамдар америкалықтарға қарағанда әлдеқайда нәзік талғаммен киінеді, сондай-ақ үлкен қалалардан бастаса да, жақсы жолдар салына бастады.

Менің АҚШ-та өткен екі жылдағы негізгі сезімім - бұл ел адамдар үшін салынған, ал мемлекет осыдан туындайтын салдарлар бар басты құндылық болып табылмайды. Америкалық мемлекет, қоғам ондаған жылдар және ғасырлар бойы әр азаматтың өмірі мейлінше ыңғайлы, қауіпсіз және мемлекеттік машинадан тәуелсіз болатындай етіп жасалған және шыңдалған. Прагматизм мен іскерлік өмірдің барлық саласында көрініс береді. Әрине, мен жоғарыда атап өткенімдей, мұндай жағдайға америкалықтар ұзақ және күрделі жолмен жүрді және бұл - миллиондаған америкалықтардың қайғы-қасіретінің

нәтижесі. Бірақ ең бастысы - сенімді және дұрыс жол салу еді. Гете айтқандай: «Кім бірінші түймесін дұрыс салмаса, одан кейінгісін дұрыс сала алмайды».

Азаматтық құқықтары кең америкалықтарда қандай мамандыққа және қандай әлеуметтік мәртебеге ие екеніне қарамастан, жоғары дамыған өзін-өзі бағалау сезімі бар екені қисынды. Бұл, айтпақшы, басқа құндылықтар бар елдердің азаматтары, қызмет көрсету даяшылары немесе басқа қызметкерлері неге «бірінші сұрыпты» адамдардың алдында жағымпазданбайды және қалтырамайды деп түсінбейтін күлкілі жағдайларға жиі ұшыратады.

Америкалықтар, әдетте, біз үшін үйреншікті жоғары шендерге, күш ведомстволарына және осы дүниенің мықты адамдарына асқан құрмет білдірмейді және көше сыпырушылар немесе қонақ үй қызметшісіне ұқсас «шығу тегі төмен» кәсіптерге бетін тыжыртпайды. Кез келген мамандық құрметтеледі және әлеуметтік пайда әкеледі. Америка қоғамындағы тең құқылы, құрметтеуші қатынастардың, тиісінше, осы нормаларды қорғайтын мемлекетке деген қоғамның оң көзқарасының негізі, іргесі нақты осы болып табылады. Мықты азамат = мықты қоғам = мықты мемлекет - менің ойымша, АҚШ-тағы қоғамдық-саяси қатынастардың формуласы осындай. Адам өзін мемлекеттік машинадағы бұранда ғана емес, мемлекеттің негізі ретінде сезінетін осындай өмір салтының тартымды болуы қисынды.

Біріншінің тікелей салдары болып табылатын екінші себеп - жеке қауіпсіздік басымдығы.

Қауіпсіздік туралы бізде айтқанда, қандай да бір

себептермен қауіпсіздіктің тек бір ғана формасын - мемлекеттің қауіпсіздігін еске алатынымыздан бастайын. Яғни қауіпсіздік деп біздің еліміз сыртқы және ішкі жаудан сенімді қорғалғанын түсінеміз. Осымен біз әлемнің көптеген дамыған елдерінен, соның ішінде АҚШ-тан тұжырымдамалық түрде ерекшеленеміз, онда қауіпсіздік астарында ең алдымен, азаматтың, қоғамның және одан кейін ғана мемлекеттің қауіпсіздігі түсінік береді.

Бір жағынан, АҚШ - әлемдегі ең қауіпсіз елден алыс, сондықтан АҚШ заңдары - әлемдегі ең қатал заңдардың қатарына жатады. «Заң қатал, бірақ бұл заң» сөзі америкалық қоғамды жақсы көрсетеді. Кез келген заңсыздық үшін - айыппұл және түрме жазасы. Оның ішінде, басқа елдерде тіпті назар аудармайтын бұзушылықтар бар. Мысалы, мас күйінде көлік жүргізген кезде полицияға бірнеше рет түскені үшін ұзақ мерзімге түрмеге жабылуы мүмкін.

Мүмкін, олардың арасында көптеген авантюристер, қарақшылар және басқа да «сәттілік джентльмендері» болған, иммигранттар құрған елде, басқаша әрекет етуге болмаған шығар. Тек қатаң заңдар мен оларды мүлтіксіз сақтау ғана елдің, ұлттың бірлігін сақтауға және парасатты адамдар мен олардың жаңа мемлекетке деген сенімін қорғауға көмектесті. Бұл жерде, менің ойымша, Дональд Трамптың да «егер сіз өлсеңіз, сіздің азаматтық бостандықтарыңыз ештеңені білдірмейді» деген сөзін келтірсе орынды болар еді деп ойлаймын. Міне, сондықтан қоғамдық қауіпсіздік мәселесіне және тәртіпке АҚШ-тың негізін қалаушы-әкелері бірінші кезекте көңіл бөлді. «...Егер адамдар өзінің физикалық өміріне қауіптенсе, олар

өмірдің қуанышынан ләззат ала алмайтынын түсінді. Діни еркіндіктен, экономикалық еркіндіктен, сөз бостандығынан ләззат ала алмайды» [84].

Қатал заңдар, олардың дәрежелері мен мәртебелеріне карамастан, оларды қатаң қолдану, тиімді және әділ сот жүйесі, ерте жастан бастап тәртіп пен заңды құрметтеуге тәрбиелеу толыққанды дамыған құқықтық қоғам құрды. Голливуд түсірген, атысу, мафиямен және көшедегі заңсыздықтармен жасалған қылмыстық Америка бейнесінің шынайы өмірге еш қатысы жоқ. Иә, АҚШ-тың кез келген үлкен қаласында бейтаныс адамдың бас сұқпауы жөн болатын жерлері бар, ал этникалық мафия құрылымдары – мүлдем режиссерлік ой емес, ал Кембридждегі қауіпсіз өмірді Бостонның басқа бөліктерімен салыстыруға болмайды. Бостонның өзі салыстырмалы түрде қауіпсіз қала болып табылады және Детройт, Чикаго немесе Балтимор сияқтылармен салыстыруға келмейді. Жалпы алғанда, америкалықтардың көпшілігі міндетке, заңды сақтауға құрметпен қарайды және өз құқықтарын өте жақсы біледі.

Екінші заң осыдан туындайды - мүмкін емес жерде, мүмкін емес, бірақ тыйым салынбаса, мүмкін. Бізде көбінесе керісінше болады, егер мүмкін болмаса, бірақ қаласаңыз, онда кейбіреулерге мүмкін болады. Мысалы, күзетілетін жерлерде коттедждер салуға болмайды, бірақ қатты қаласаңыз және ақшаңыз болса, онда кейбіреулерге мүмкін болады. АҚШ-та бұл мүмкін емес. Егер бұл орын алса, онда ол көп ұзамай қоғамдық игілікке айналады және кез-келген шенеунік немесе бай адам қызметінен айырылады. Сондықтан ешкім заңсыз әрекеттер жасауға тырыспайды.

Заң сізді кез-келген өмірлік жағдайда қорғауға болатындығын түсіну адамды, оның айналасындағы шындықты қабылдауын айтарлықтай өзгертеді. Адам ертеңгі күнге сенімді, психологиялық байсалды, аз агрессиялы болады. Айтпақшы, адам агрессиясына қатысты, әдетте кедей мемлекет пен заңсыздық неғұрлым көп болса, қоғамдағы агрессия деңгейі соғұрлым жоғары екенін дәлелдеген зерттеулер аз емес. Мысал үшін алысқа барудың қажеті жоқ, посткеңестік кеңістіктегі елдерде халықтың агрессия деңгейі өте жоғары, өйткені мұнда адамдар, табиғаты бойынша, дамыған елдердің тұрғындарынан генетикалық жағынан қатты ерекшеленуінен емес, ол құқықтық нигилизм мен бір-біріне деген жоғары сенімсіздік деңгейімен байланысты, олар санамызда терең тамырланған.

Америкалықтардың күлімсіреуімен қазақстандықтардың тұнжырлығы, соның ішінде құқықтық қорғалу мен заң күшінің деңгейін көрсетеді. Сондықтан бізді және оларды салыстыра отырып, бізде неліктен көп таныс, достар және туысқандардың болуы маңызды екенін түсіне бастаймыз. Біздің қонақжай және ұжымшыл ойлауымызға байланысты ғана емес, ең алдымен, менің ойымша, мемлекет тарапынан өзіміздің құқықтық қорғалуда сенімсіздік жағдайында өмір сүру қажеттігіне байланысты. Адам құқықтары бос декларация болған, онда заң қоғам мен адамның емес, әрқашан мемлекет жағында болған кеңестік өткеннің көлеңкесі бізде әлі де ұзақ уақыт бойы сақталады.

Нәтижесінде, америкалық сияқты құқықтық қоғамдарда

адамдар заңмен, ережелермен өмір сүреді, өйткені бұл олардың өмірлік мүдделерінде екенін біледі. Керісінше, посткеңестік адамдар алдау, заңдарды айналып өту, ережелерді бұзудан қорықпайды, өйткені олар заң әрдайым олардың емес, күшті жақтың жағында екенін біледі. Сондықтан, мұндай құқықтық джунглилерде ең төмен өмірлік ұстанымдары бар мықты, айлакер және арсыздар аман қалады.

Сандар өздері үшін айтады. Transparency International «Адамдар және сыбайлас жемқорлық: Еуропа және Орталық Азия» баяндамасында «29% қазақстандық негізгі мемлекеттік қызметтер үшін пара береді. Бүкіл посткеңестік кеңістіктегі жағдай мәз емес: Ресейде бұл көрсеткіш 34%, Қырғызстан мен Әзірбайжанда - 38%, Тәжікстанда - 50%, Өзбекстанда - 18%, Арменияда - 24%. Нақты құқықтық реформа арқылы халықтың санасын өзгерту туралы шешім қабылданған жерде, олардың саны мүлде басқа. Мысалы, Грузияда елдің бұрынғы президенті Михаил Саакашвили құқық қорғау органдарында кең ауқымды реформа жүргізген, онда адамдар заң жұмыс істейтінін сезінді, бұзушылар 7% болды» [85].

Үшінші себеп - азаматтық құқық.

Әлбетте, барлығында - осы толеранттылықтың әртүрлі белгілері бар, біреуінде бұл жыныстық азшылықтарға, мүгедектерге, ұлттық азшылықтарға және т.б. көзқарас. Мұнда әркімнің өз талғамы бар.

Жеке мен үшін мемлекет пен қоғамның төзімді болуының жарқын белгісі - протестанттықтың бір тармағы болып

табылатын амиш (Amish) сияқты діни бірлестікке деген көзқарас. Менің ойымша, әртүрлі көздерде жиі көрсетілетін секта емес, нақты қоғам. Мүмкін, бұл жерде семантикалық түрде секта мен қауым арасында қайшылықтар жоқ шығар, бірақ мен үшін бұл өте маңызды, өйткені соңғысы агрессивті таралуды, қатаң иерархияны, барлық діндарлар өз басшылары үшін пайдаланылатын, дінді монетизациялауды жиі болжайды.

Амиш қауымында бәрі басқаша. Әлемдегі ең технологиялық дамыған елдердің бірінде өмір сүретін бұл ерекше адамдар әлі күнге дейін белгіленген ескі ережелерге сай өмір сүреді, олардың бірі қазіргі өркениеттің артықшылықтарынан толығымен бас тарту болып табылады. Амиштер жылқыны автомобиль мен тракторға карағанда тәуір көреді, электр, телефон және өркениеттің басқа да жетістіктерін пайдаланбайды. «...Қазір АҚШ-та шамамен 250 мың амиштер тұрады. Олар, әдетте, жинақы түрде тұрады. Олардың ірі қоғамдастықтары ортаңғы батыстарда (Индиана, Канзас) орналасқан, олар Мэриленд пен басқа штаттарда тұрады. Ең үлкені (82 мың адам) Пенсильваниядағы амиш қауымдастығы болып табылады» [86].

Амиштер, әдетте, Американың қоғамдық өміріне қатыспайды: олар сайлауда дауыс бермейді, олар мемлекеттік қызметші бола алмайды немесе армияда қызмет ете алмайды, олардың елдегі болып жатқан өзекті оқиғалармен істері жоқ. Егер олар әлі АҚШ президенті кім болғанын білмеуі мүмкін десем, қателеспеймін. Бернард Левидің айтуынша, олар «жаман азаматтар және өз елінің

патриоттары». Амиштер үшін «...қазіргі АҚШ - бұл ел емес, қандай да бір абстракция, жалған идея» [87]. Олар сыртқы әлемді елемейтін, тұйық, өз әлемінде өмір сүреді. Олардың мемлекетке қарсы тұруы екіталай, мүмкін олардың негізін қалаушы ата-бабаларынан, ұмытылған дәстүрлерден бастап, АҚШ қандай болуы керек екеніне қатысты басқа идеалдары бар!

Міне, амиштер тарапынан мемлекетке деген достық көзқарасқа қарсы билік пен жалпы қоғам оларға қатысты не істейді? – Ақиқатында, ештеңе! Репрессиялар мен қуғындар жоқ. Мемлекет оларға былай дейді: АҚШ заңдарын бұзбасандар, қалғандарыңша өмір сүре аласыңдар. Бұл толеранттылық пен араласпау қағидаты АҚШ-тың барлық азаматтарына, олардың діни, нәсілдік немесе саяси мүшелеріне қарамастан қолданылады. Бірақ айта кету керек, амиштер ең радикалды нұсқадан алыс, өйткені, мысалы, Юта (Utah) штатында өз мемлекетін құра жаздаған және көп әйел алумен белсенді айналысатын мормондар бар.

Жалпы, амиштер мен мормондар тақырыптарына қатысты, бастапқыда АҚШ Еуропа елдерінде қуғынға ұшыраған діни қауымдардың өзіне қауіпсіз баспана тапқан асыл жері деп біреу қарсылық білдіруі мүмкін. Мүмкін, бұл белгілі бір дәрежеде Құрама Штаттарының жоғары діни ел болып қалуымен түсіндіріледі. Бұл тұрғыда АҚШ дамыған және бай демократиялық елдер арасында айтарлықтай ерекшеленеді. АҚШ, бір жағынан, діншілдік деңгейі мен екінші жағынан әл-ауқат деңгейі арасындағы өзара қарым-қатынастың үйлесімді теориясынан «шығады», өйткені:

«Елдегі қауіпсіздік пен әл-ауқат қаншалықты жоғары болса, қоғамның діншілдігі де соғұрлым төмен болады» деген заңдылық белгіленген. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропа елдеріндегі қарқынды экономикалық өсу еуропалық қоғамдардың діни деңгейінің күрт төмендеуімен байқалды. Америкалықтардың әл-ауқатының өсуі олардың діншілдігіне аз әсер етті. Мұны қалай түсіндіруге болады - осы сұраққа феномен зерттеушілерінің өзі (мысалы, Гарвард профессоры – Пипа Норрис) жауап беруге қиналады.

Діндердің негізгі палитрасына деген көзқарас, менің ойымша, азаматтардың бостандықтары, жеке құқықтары және мораль мен заңның шекарасынан шықпастан америкалық қоғамда болу мүмкіндігі сипаттайды. АҚШ Конституциясына енгізілетін негізгі түзетулер тізімінде алғашқы түзету дәл діни сенім бостандығы құқығы болғандығы кездейсоқ емес.

Алайда, Америка қоғамының басты құндылықтары үшін күрес – азаматтық және діни бостандыққа құқық - осы күнге дейін де жүргізілуде. Бұл процесс ешқашан тоқтамайды деп ойлаймын, өйткені қоғамның өзі де үнемі өзгеріп отырады. Бүгін америкалық қоғамда болып жатқан нәсілдік және діни өзгерістер, оны құндылықтардың беріктігіне үнемі тестілейді. Менің ойымша, 11 қыркүйек оқиғасы америкалықтар үшін осындай күшті сынақ болды және олар өз құндылықтары бойынша осы соққыға лайықты төтеп берді. Бұл күні америкалық қоғамның едәуір үлкен бөлігі - мұсылмандар кенеттен БАҚ пен саясаткерлердің арқасында Америка халқының басты дұшпандарына ай-

налды және ел бірнеше онжылдықта алғаш рет дінаралық және нәсілдік қақтығыстар табалдырығында тұрды. Бұл «терроризмнің үш қарағайының» артында бейбіт мұсылмандардан тұратын бүтіндей орманды, өз елінің азаматтарын көре білген, жетілген америкалық қоғамның арқасында орын алған жоқ.

Сонымен, төртінші, мүмкін, көпшілік үшін басты себеп - бұл жеке өзін-өзі танудың жаңа мүмкіндіктері.

Жазушы Джеймс Траслоу Адамстың жеңіл қолынан 1931 жылы «Америкалық Арман» (American Dream) сөзі бүкіл әлемде керемет танымал болды. «Америка эпопеясы» атты кітаптың эпилогында оның авторы былай жазды: «...Америкалық арман әр адамның өмірі жақсырақ, бай және толық болатын мемлекет туралы, онда әркімде өзіне лайықтыны алуға мүмкіндік болады».

АҚШ-тың әрбір тұрғыны, жаңа жерді аттағандар сияқты, керемет болашақ туралы арманға өзіндік, бірегей мәнін енгізеді. «Әрбір адам өз бақытының ұстасы» - АҚШ-тың ұраны мен басты принципі. Кәсіпкерлік рухы және ақылға симайтын идеяларын жүзеге асырудың шексіз мүмкіндіктері – мұның барлығы АҚШ. Бүгінде әлемде Құрама Штаттарға қарағанда өзін-өзі жүзеге асыру үшін үлкен мүмкіндіктері бар мемлекет жоқ шығар деп ойлаймын.

Бір кішкентай жеке мысал. Университет қалашығындағы біздің көршілеріміз Испаниядан шыққан отбасы болды, онда ерлі-зайыптылар, жоғары білікті мамандар өз отандарында жұмыс таба алмады - жұбайы Лола, ХІХ ғасырдың өнер саласындағы маманы, ал жолдасы Карлос

сында, мысалы, de facto әлемге әйгілі Кремний алқабын – жоғары технологиялық әзірлемелер орталығын құрған Аустриялық эмигрант Юджин Клейнерді атауға болады. Клейнердің қатысуымен Netscape, Sun Microsystems, Amazon, Lotus сияқты және басқа компаниялар құрылды. 1956 жылы Венгриядан қашқан Эндрю Гроув Intel компаниясын құрды және әлемнің жетекші позицияларына шығарды.

АҚШ бүгінгі күні, шын мәнінде, қазіргі заманғы бизнес пен озық технологиялар әлемін бейнелейтін алып «штаб-пәтер» болды. «...2016 жылғы Форбс мәліметтері бойынша, әлемнің 2000 ірі әйгілі компанияларының тізімінде 587 компания АҚШ-қа тиесілі, екінші орында, үлкен алшақтықпен, Жапония – 219 және Қытай - 200. Әлемдегі үстемдік сонымен қатар негізгі рейтингтерді америкалық рейтинг агенттіктері анықтайтынына байланысты, сақтандыруды негізінен АҚШ компаниялары жүзеге асырады, осы елдің заң фирмалары мәмілелер жүргізеді, мұнда олар интернет және әлеуметтік желілер қызметтерін ұсынады, бағдарламалық жасақтама әзірлейді, стартаптар жасайды. Ірі инвестициялық банктер АҚШ-та орналасқан» [88].

Алайда, адамдар АҚШ-қа тек қана бай болғысы келіп емес, америкалық арманы үшін барады. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған адамдар, соның ішінде Еуропа мен Азияның бай елдері, өз отандарында жоқ шет елдердің мүмкіндіктерін көреді. Кейбіреулерін Уолл-стриттің миллионы немесе Голливуд шамдары, ал басқаларын америкалық университеттер мен зерттеу орталықтарының

бай архивтері қызықтырады. Америкалық арман әркім үшін әртүрлі, бірақ бәрін бір мемлекет біріктіреді, олардың армандарын орындауға ол ерекше мүмкіндік береді.

3-ТАРАУ

Бүгін америкалықтарды бәрінен де не толғандырады?

Британдық классик Чарльз Диккенс бір кездері америкалықтар мен олардың Америкаға деген көзқарасы туралы тамаша фраза айтты, алайда бұл көптеген басқа халықтар мен елдерге қатысты. Ол: «Егер АҚШ тұрғындарын тыңдасаңыз, онда олардың елі әрдайым депрессиялық күйде, тоқырау, алаңдатарлық дағдарыста болады және ол ешқашан басқаша болған емес» деді. Ағылшын классигінің Америкаға ХІХ ғасырдың 40-жылдарында жасаған сапарынан кейін айтқан сөзі, менің ойымша, осы күнге дейін өзекті көрінеді.

Америкалықтардың өз еліне деген сыни көзқарасы таңғаларлық және үйлесімді түрде жоғары патриотизммен және АҚШ-тың планетадағы ең жақсы мемлекет екеніне берік сеніммен үйлеседі. Мұны жоққа шығаруға тырысатын кез келген адам, ең болмағанда, түсініксіз болуы мүмкін, ал жалпы алғанда – бұл америкалықтардың көз алдында тәртіпсіз және жағымсыз адамды сипаттаудың ең тікелей және қысқа әдісі.

Тек құрмет тудыратын америкалықтардың тағы бір ерекшелігі - шетелдіктер алдында өз елін сынауға жазылмаған тыйым. Посткеңестік кеңістіктегі көптеген тұрғындар бұл жазылған шындықты ұмытып кетеді, өзін-

өзі сөгу шетелдіктердің көзінше өздерінің жеке мәртебесін көтереді деп ойлайды. Бәрі керісінше, өз елін сол және оң қырынан сынайтын адам, әдетте, ешқандай құрмет пен түсіністік тудырмайды. Сондықтан менің кеңесім: сізде орынды себептер болса да, өз еліңізді де, сіз баратын елді де бекер сынға алмаңыз.

Менің бақылауларым бойынша, Құрама Штаттарға ұзақ немесе мәңгілікке келетін көптеген шетелдіктер, әдетте, қайда келгендігі туралы нақты түсінікке ие емес. Мұндай «жаңа келгендерді» әртүрлі санаттарға бөлуге болады.

Олардың арасында, бұл қарама-қайшы болса да, келген елге қатысты бастапқыда дұшпандық немесе скептикалық көңіл-күйдегі адамдар да бар. Мен мұндай адамдарды көп кездестірдім, және мені адам бір қолымен оған ел берген барлық игіліктерді алып, ал екіншісімен – осы елге және бүкіл халыққа қолдың орта саусағын көрсеткен адамдардың екі жүзділігі таң қалдырды. Олардың басты месседжі – мына АҚШ-та барлығы сондай жаман, ал менің отанымда жақсы деген сияқты болды.

Алайда, басты санат және олар өте көп, мен оларды «қызылт көзілдірікті» адамдар деп атаймын. Олар АҚШ туралы ойлары романдар мен тарихи әңгімелер, ал ең бастысы - Америка туралы Голливудтың түрлі-түсті шытырман оқиғалы және фантастикалық фильмдері, онда әр фильм соңында бақытты, бұрып сөйлегенім үшін кешіріңіз, хэппи-энд болатын фильмдер негізінде құрылған иммигранттардың санаты. Олардың АҚШ-ты қабылдауы - тек қана позитивті, бала сияқты шаттанған және қарапайым.

Америкалықтар мұны біле отырып, осы мәдени

сілкініске қалай жауап берудің тұтас жүйесін құрды. Мысалы, шетелдік студенттер сабақ басталғаннан кейін бірден АҚШ-та жаңа студенттің бейімделуінің барлық кезеңдерін егжей-тегжейлі кестемен және ден қоюдың пәрменді әдістерімен жеке дәріс оқиды. Көп жылдық зерттеулер АҚШ-та өмірге бейімделудің осындай кезеңдері - бірнеше екенін көрсетті және әрқайсысы өзінің «психологиялық емін» талап етеді. Мысалы, Америкамен танысқан алғашқы «бал айынан» кейін студенттердің шаттанған эмоциялары тез «бұл мақтаулы Америкада бәрі бірдей керемет емес екен, мен бұл жерде не істеп жүрмін?» кезеңіне өткереді. «Кенеттен» жат елдің адамы АҚШ-тағы нақты шындық Голливуд фильмдерінен алыс, ол қатал, кей жерлерде жағымсыз және жайдарлы емес екенін түсінеді. Жарты жылдан кейін өмір қайтадан өз жолына енеді, мәдени сілкініс өтеді, ағылшын тілі жақсарады, өмір қара және ақ қана емес, түрлі рендерге де енеді.

Америка жеріндегі өмірге толық бейімделіп, көптеген адамдар өз еркімен немесе еріксіз америкалана бастайды, бұл америкалық тұрғынның қалай өмір сүріп, тыныс алатындығын, оны не қызықтырады, нені ұнатады, нені өзгерткісі келетінін сезінуге мүмкіндік береді.

Бір қарағанда, мәңгі алаңдатарлық жаңалықтар лентасының тұтқынына түсіп, халықаралық өмір проблемаларының «сүйкімділігі» жағына кетіп және оларды бұрынғы кеңестік адамдар сияқты, Гондурас және халықаралық жағдай қатты алаңдатады деп ойлауға болады. АҚШ-та жеткілікті уақыт өмір сүріп, бұл олай емес екенін түсінесіз. Орташа статистикалық америкалық бұл

тұрғыда орташа статистикалық қазақстандықтан немесе ресейліктен өте ерекшеленеді. Ешқандай әзіл-оспақсыз, біз әлемді көбірек білеміз, басқа елдерде не болып жатқанына көп қызығамыз, бізде географиялық ой-өріс кең деп айта аламын. Ешқандай сынсыз, негізінен америкалықтар алыс және жақын елдерде болып жатқан оқиғаларға немқұрайлы қарайды деп айта аламын. Иә, оларды халықаралық терроризм, есірткі, Эбола вирусы және трансұлттық жемқорлық алаңдатады, бірақ бұл ел мен олардың жеке басына қалай әсер етуі тұрғысынан ғана.

Қарапайым америкалықты, оның үй-жұмыс-үй өмірлік бағытымен, уик-эндте табиғатқа шығу және отбасылық мейрамдар, денсаулық, ақша, жұмыс, балалар, қауіпсіздік сияқты классикалық проблемалар алаңдатады. Жер бетіндегі кез-келген адамды толғандыратын бұл маңызды сұрақтар, әдеттегідей, Нью-Йорктен Лос-Анджелеске дейін және Чикагодан Майамиге дейінгі қарапайым америкалықтарды да толғандырады. Негізгі құндылықтар – өзгеріссіз және әмбебап. Әр елде, сонымен қатар АҚШ-тың көлемі мен географиясын ескере отырып, өз нюанстары пайда болады, бұл мемлекеттер сонысымен қызықты. Мысалы, әлемнің ең дамыған экономикасын біріктіретін ЭЫДҰ (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) сияқты танымал ұйым АҚШ-тың әлемнің басқа дамыған елдерінен келесі маңызды айырмашылықтарын табады.

Бірінші. Құрама Штаттары ұйым мүшелері арасында кедейліктің ең жоғарғы деңгейіне ие - 17%. Мысалы, Данияда 6%.

Екінші. АҚШ халқы дамыған экономикалар арасында ең

жоғары семіздікке ие, ол 36% құрайды. Мысалы, Жапонияда ең төменгі деңгей - 3%.

Үшінші. АҚШ-тағы өмір сүру ұзақтығы ұйымның жетекші елдерінен кемінде 4 жылға артта қалады - Жапониядағы 83,7 жасқа қарағанда АҚШ-та 79,3 жас.

Төртінші. Ең жоғары кірісі бар ЭЫДҰ елдерінің арасында АҚШ байлықты бөлуде ең тең емес ел болып табылады, қазіргі Джини коэффициенті 0,41.

Бесінші. АҚШ әлемдегі дамыған елдердің ішінде түрме халқы ең көп ел. АҚШ-тың 100 мың тұрғынына 716 тұтқын келеді, ал Скандинавия елдерінде бұл көрсеткіш 65 пен 75 тұтқыншыға дейін жетеді» [89].

Тізімді одан әрі жалғастыруға болады. Бүгінгі күні АҚШ - қоғам тек мүліктік жағынан ғана емес, нәсілдік, діни және идеологиялық белгілері бойынша да терең сызықтармен бөлінген ел. Трамптың жеңісі нәсілшілдікті кеше ғана мәңгілікке жеңген Америкада бұл зұлымдықтың нормаға айналуына ықпал етті. «Бөлінген Америка» туралы жиі айту кездейсоқ емес.

Менің ойымша, бұл тарауда қарапайым америкалықтарды толғандыратын мәселелерге тоқталу қажет деп санадым. Бұл проблемалардың шеңбері әлдеқайда кең екені анық: америкалық қоғамның түрлі топтарында олар әртүрлі, бірақ барлығын, Уолл-стриттегі қаржылық шонжарларды да алаңдататындар бар. Бұл проблема - жұмыссыздық.

3.1. Жұмыссыздық: қорыққанға қос көріне ме?

Америкалықтар жұмыссыздық мәселесін АҚШ-тағы ең

басты мәселе - 24% деп атайды, Гэллап институты жүргізген сауалнама бойынша [90], ол үкіметке сенім, нәсілдік қарымқатынас және заңсыз иммиграция сияқты проблемалардан да жоғары тұрады.

Сыртынан қарағанда бұл өте айқын емес. Біріншіден, бүгінде АҚШ экономикасы 2008 жылғы қаржы дағдарысынан кейін тағы да көтерілуде. Мұнайдың төмен бағасы, негізінен, АҚШ-тағы экономикалық жағдайға оң әсер етті, өйткені олар көлік, қызмет көрсету, құрылыс және басқа салалардың одан әрі дамуына ықпалын тигізді. АҚШ-тың Еңбек есебі бюросының мәліметінше, «...2016 жылы жұмыссыздық деңгейі шамамен 4,9% немесе шамамен 7,8 миллион еңбекке қабілетті америкалықтарды құрады. Бұл 1948 жылдан 2016 жылға дейінгі АҚШ-тағы жұмыссыздықтың орташа деңгейінің 5,82%-нан әлдеқайда аз, 1982 жылы рекордтық ең жоғары жұмыссыздық деңгейі 10,8% және 1953 жылы ең төменгі деңгей - 2,5%. АҚШ еңбек ресурстарын пайдаланудың экономикалық орындылығын анықтайтын «табиғи» жұмыссыздық деңгейін 5%-ға анықтады, сондықтан қазіргі 4,9% бұл нормаға өте сәйкес келеді» [91].

Екіншіден, америкалық еңбек нарығы – әлемдегі ең үлкен және әртараптандырылған. Егер ерекше мәселелер бойынша маман тапқыңыз келсе, онда оны АҚШ-тан таба аласыз. Сирек кездесетін инфекциялар бойынша мамандардан бастап бұрыннан жоғалып кеткен әлем тілдері майталмандарына дейін. Керемет дамыған және ауқымды еңбек нарығы бүкіл ғаламшардан миллиондаған жоғары білікті және сирек мамандарды тартады.

Үшіншіден, жаңа жұмыс орындарын құру әрқашан АҚШ-тың кез келген президентінің ең жоғарғы басымдығы болып табылады. Осы мақсаттарға әрбір әкімшілік үлкен қаражат бөледі, нәтижесінде, АҚШ-та ай сайын ондаған мың жаңа жұмыс орны пайда болады. Мысалы, «...2016 жыл ішінде елде ай сайын орта есеппен 180 мың жаңа жұмыс орны, ал 2015 жылы орта есеппен 229 мың жұмыс орны пайда болды. Президент Трамп сондай-ақ 8 жылда 25 миллион жаңа жұмыс орнын ашуға уәде берді. Ол үшін оған 8 жыл бойы ай сайын орташа есеппен 260 мың жаңа жұмыс орнын құру қажет, бұл өте қиын, бірақ қолжетімді» [92].

Алайда, еңбек нарығы бойынша мамандар АҚШ-тағы жұмыссыздық мәселесі - бұл бір қарағанда неғұрлым маңызды деп санайды. Жұмыссыздықпен күрес бойынша әсерлі сандар - бұл тағы да, аурухана бойынша орташа температура сияқты. Әдемі сандармен мүлдем түсініксіз болып қала береді – толық жұмыспен қамтуға қол жеткізу үшін ай сайын қанша жұмыс орындарын құру керек? Сонымен қатар, мыналарды білу қажет: қазіргі уақытта толық және толық емес жұмыс күні бойынша қанша адам жұмыс істейді, жұмыссыздықтың нәсілдік, жас және гендерлік құрамы қандай және қанша адам әлеуметтік жәрдемақы (welfare) алады?

Кейбір сарапшылар 4,9% әдемі жұмыссыздық саны алдамшы болуы мүмкін деп санайды, «...өйткені ол жұмыс іздемейтін адамдарды есепке алмайды. Жұмыс істейтін америкалықтардың нақты дәлелі - бұл жұмыс күшіне қатысу коэффициенті: жұмыс жасындағы барлық жұмыс істейтін ересек азаматтардың пайызы. Бұл көрсеткіш 2000 жылы

67%-дан асқанда, ең жоғары деңгейге жетті, ол бірақ содан кейін 63% дейін төмендеді. Әсіресе ер адамдар арасында азаю байқалды. 1954 жылы толық кемеліне келген кезде (25 пен 54 жас аралығындағы) америкалық ер адамдардың 98%-ы еңбек нарығында болды; бүгінде бұл көрсеткіш 88%-ға дейін төмендеді» [93].

Сарапшылардың пікірінше, АҚШ-та толық жұмыспен қамту мақсатына жету үшін ай сайын 300 мың жаңа жұмыс орнын құру қажет. Яғни, тіпті Трамп өзінің жұмыссыздықпен күрес жөніндегі өршіл бағдарламасымен де идеалды нормаға жетпейді.

Жалпы, жаңа жұмыс орындары туралы әдемі және үлкен сандар ойды арбайды. Алайда, жұмыспен қамту мәселесіне қатысты толық бейнеге ие болу үшін құрылатын жұмыс орындарының саны туралы ғана емес, сонымен қатар сол кезеңде қанша жұмыс орны жабылды, сондай-ақ осы жұмыс орындары санының қаншасы тұрақты, ал қаншасы - уақытша, толық емес жұмыс күні болатыны туралы деректер болуы тиіс.

«...Егер штаттар бойынша таралуын қарастыратын болсақ, онда соңғы мәліметтер бойынша жұмыссыздықтың ең төменгі деңгейі 2016 жылғы мамырда Оңтүстік Дакотада (2,5%), ең жоғары деңгей - Аляскада (6,7%) тіркелді.

Бүгінгі таңда ресми тіркелген 7,8 миллион жұмыссыздан басқа, тағы 7 миллион америкалық жарты күн жұмыс істеуге мәжбүр. Мұндай адамдар ақшаларын әрең жеткізетіні немесе америкалықтардың өздері айтқандай, жалақыдан жалақыға дейін (live from paycheck to paycheck) өмір сүретіні түсінікті.

Тағы 48 миллион америкалықтар жалақысы төмен жұмыстар істейді. Яғни, олар штаттан штатқа қарай өзгеретін ең төменгі тарифтермен жұмыс істейді (мысалы, Калифорнияда 2016 жылы ол сағатына 10 долларды құрады). Әдетте бұл қызмет көрсету саласында жұмыс істейді: тез тамақтану, аумақтарды жинау, ауыл шаруашылығы және т.б. Көбінесе бұл жаңа келген АҚШ азаматтары немесе заңсыз жұмысшылар, яғни ең төменгі жалақыға жұмыс істеуге мәжбүр адамдар.

Нәсілдік айырмашылықтар тұрғысынан қазіргі статистика мынандай: ақ азаматтар арасында 4,1% жұмыссыздар, 5,6% испан тілінде сөйлейтіндер, 4,1% азиялықтар, 8,2% афроамерикалықтар.

Шамамен 1,9 миллион америкалықтар жарты жылдан астам жұмыс таба алмайды. Мемлекет бұл азаматтардың тобын ұзақ мерзімді жұмыссыздар деп атайды (long-term unemployed)» [94].

Өмірдің қымбаттығы көптеген америкалықтарды зейнетке шыққанда да жұмыс істеуге мәжбүр етеді, бұл АҚШ-та - әлемдегі ең жоғары көрсеткіш: ер адамдар үшін де, әйелдер адамдар үшін де 66 жас. Тағы бір айта кететін мәселе, көптеген басқа елдерде орын алған, жасына байланысты кемсітушіліктің болмауы. Зейнеткерлік жастағы жұмыс істейтін адамдардың саны жыл сайын артып келеді: егер 80-ші жылдардың ортасында зейнеткерлік жасқа жеткен адамдардың тек 18%-ы жұмыс істеуді жалғастырса, бүгінде бұл көрсеткіш 29%-ға дейін өсті және өсуде. АҚШ-та 60 жастан асқан адам қарт адам деп саналмайды және әдетте болашаққа үлкен жоспарлар жасайды. Бұл орташа өмір сүру

ұзақтығының 80 жастан асқанын ескере отырып, қалыпты жағдай. Кеннеди мектебінде менімен бірге ағымда 50 және 60 жас аралығындағы америкалықтардың көпшілігі оқыды. Негізінен бұл қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізген және өз қалаларында сайланған лауазымдарда жұмыс істеуге өзін арнағысы келген ауқатты немесе тіпті бай адамдар.

Аға буынның белсенді ұстанымына жұмысқа орналасуда үлкен қиындықтарға тап болған, атап айтқанда, оларды бәсекелес ретінде көретін жастар әрдайым риза болмайтыны түсінікті. Тұрақты, жақсы ақы төленетін жұмыс табу проблемасы, әсіресе, жоғары оқу орнын бітірген студенттер үшін қиын. Бұл, әрине, әмбебап проблема, бірақ АҚШ-тың ерекшелігі - жастардың көпшілігі колледждер мен университеттерде оқу үшін несие алады, олар барлық жеңілдіктер мен артықшылықтарға қарамастан, көптеген жылдар бойы оларға ауыртпалық салады. Көптеген адамдар үшін бұл қарыз сомалары қомақты мөлшерге, жүздеген мың долларға дейін жетеді, мысалы, медициналық факультетте оқу үшін. Жалпы, АҚШ-та студенттердің жалпы қарызы 1,2 трлн. долларға дейін өсті.

Несиелертақырыбына тоқталайық: орташа статистикалық америкалық әртүрлі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді, мейлі ол тұрғын үй, көлік, өзінің және балаларының білімі болсын, несиелік міндеттемелері бар. Сондықтан жұмыссыздық қаупі - кез келген америкалық үшін ең қорқынышты апат, егер, әрине, ол Форбс тізімінен шықпаса. Табыс жоқ болса, міндеттемелер, медициналық сақтандыру, ипотека бойынша және т.б. төлейтін ақша болмайды. Көп ұзамай, әлеуметтік баспалдақтан тез түсіп кету әбден мүмкін.

Әрине, «...бүгін жұмыссыздық енді үкім сияқты естілмейді. Ең қиын жағдай үшін әлеуметтік төлемдер түрінде қауіпсіздік жастығы бар. АҚШ-та жұмыссыздық бойынша жәрдемақы бұрын алынған жалақының 50-70% бөлігін құрайды, ал кейбір Еуропа елдерінде бұл 80-90%-ға дейін жетеді. АҚШ-та жұмыссыздық бойынша жәрдемақының орташа ұзақтығы - 6 ай. Салыстыру үшін, Батыс Еуропаның көптеген елдерінде төлемдер бір жылға созылады, ал кейбір елдерде - 5 жылға дейін. Мысалы, Бельгияда уақыт шектеусіз» [95].

Менің ойымша, халықтың осал топтарына әлеуметтік көмек көрсету жүйесі АҚШ-та прагматикалық тұрғыдан құрылған. Бір жағынан, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамға әрдайым өтініш жасайтын жер бар. Екінші жағынан, жүйе адамдарды әлеуметтік жәрдемақыға өмір сүруге, масылдық өмір салтын жүргізуге ынталандырмайды, бірақ АҚШ-та дәл осындай жолмен өмір сүруге ұмтылатын халықтың үлкен тобы бар.

Жалпы, АҚШ-тағы әлеуметтік көмек жүйесінің сынына рефлексия жасай отырып, бұл жүйені кез-келген қатал, бюрократталған, өте прагматикалық деп атауға болады, бірақ оның тамырлары солтүстік-америкалық континенттің бірінші бағындырушыларының негізін қалаушы-әкелер мен протестанттық этикадан бері дамып келеді: тәртіп пен еңбек құрметті, сондай-ақ әркім тек өзіне ғана сенуі керек. Егер сен жұмыс істей алсаң, мемлекет саған көмектесуге міндетті емес.

Бұл тұрғыда АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық жүйесін Еуропаның көптеген бай елдері зардап шегетініне

қарағанда ынталандырушы масылдық деп айту қиын. АҚШ-та жағдай керісінше, ол ескі Англия, Германия және Скандинавия елдерінің протестанттық этикасының әлеуметтік мемлекеттің тоттанудан алынған бірнеше қағидаттарынан таңғаларлық емес. Өз үйінен ескі жарықта кеткен миллиондаған иммигранттар жаңа жерде тек өзіне, өз қабілетіне, еңбекқорлығына және бармақтай бағына ғана сене алады – ауа райы оған биылғы жылы жақсы өнім береді және қарсыластарымен немесе үндістермен қандай да бір қақтығыста атып кетпейтініне сене алады.

Шексіз, құнарлы жерлер мен еркін заңдар жаңа тұрғындарға еңбек етуге, табыс табуға және тіпті бай болуға мүмкіндік берді. Сол кезде көптеген адамдар бұрынғы отанында мүмкін болмаған, осындай экономикалық әл-ауқатқа қол жеткізді. Мұнда мен АҚШ-тың бүкіл аумағы бойынша алтын кен орындарында қызықты оқиғалар және жылдам баяуды іздеушілер және басқа да тез жеңіл табыс әуесқойлары туралы айтпаймын. Көптеген иммигранттар өздерінің өмірлерін жер, фермерлерлік, ауыр еңбек және бақытты болашаққа деген сенімдермен байланыстырды, егер өздері үшін болмаса, кем дегенде, олардың балалары мен болашақ ұрпақтары үшін. Сондықтан бұл көпшілікте мемлекет тарапынан көмектің аса қажеттілігі болмады. Енді дамып келе жатқан мемлекет өз азаматтарына көмектесе алмады. Жұмыс, демек, нан барлығы үшін жеткілікті болды. Қоғам мен мемлекет арасында «Маған мемлекеттің көмегі қажет емес, бірақ ол менің заң бойынша байып кетуіме кедергі келтірмейді» деп жазылмаған келісімнің бір түрі болды. Америкалық қоғамды ұйымдастырудың басты ұстанымы -

әрбір адам өз бақытының ұстасы болды.

«Идиллия» АҚШ-та 1939 жылға дейін созылатын ең ұзақ экономикалық дағдарыс басталған кезден 1929 жылғы «қара қазанға» дейін жалғасты. Ұлы депрессия жұмыссыз қалған, миллиондаған америкалықтарға көмек көрсетуде АҚШ саясатын түбегейлі өзгерткен санақ нүктесіне айналды. Дағдарыстың ортасында жұмысқа қабілетті америкалықтардың 1/3 дерлік тұрақты табысы болмады және мемлекет тарапынан көмекке мұқтаж болды. Бұл жерде жоғары мораль мен ар-намыс туралы, жалқау және мүмкіндігі шектеулі адамдарға ғана көмектеседі деген лебіздер мен әңгімелер айтуға мұрша болған жоқ. Мемлекет тарапынан алғаш рет миллион америкалықтарға ауқымды көмек қажет болды, және мемлекеттің әрекет етуі қажет болды.

Президент Гуверден бастап, бірақ президент Рузвельттің тұсында құрылған, АҚШ «...халыққа әлеуметтік көмек көрсету бағдарламасын бастады. Үкімет қоғамдық-пайдалы жұмыстар – қоршаған ортаны қорғау, бөгеттер салу, жолдар мен қоғамдық ғимараттарды жөндеу, ауылдық жерлерді электрлендіру жобалары шеңберінде жұмыс орындарын құру үшін өз қаражаты мен билігін пайдалана бастады.

Көптеген бағдарламалар қабылданды, олардың бәрін есте сақтау мүмкін емес еді. Ең бастысы, америкалықтар: үкімет оларға практикалық көмек көрсете бастағанын білді. Депрессия кезінде енгізілген бағдарламалар арасында 1935 жылы қабылданған «Социал секьюрити» (Social security) әлеуметтік сақтандыру бағдарламасы да болды. Ол зейнеткерлерге аздаған тұрақты ай сайынғы табыс, жұмыссыздық

және еңбек ету қабілетін жоғалту бойынша сақтандыру, кедейлерге қоғамдық қорлардан көмек, балаларға арналған жәрдемақы, Құрама Штаттардағы әлеуметтік қамтамасыз етудің негізгі бағдарламасына айналды» [96].

Рузвельт саясатын Джон Кеннеди де, оның ізбасары - Линдон Джонсон да жалғастырды, сол кезде айтпақшы, «Ұлы қоғам» және «Кедейлікпен соғыс» идеялары дүниеге келіп, жарыққа шықты. Осы екі бағдарлама шеңберінде АҚШ-тың әлеуметтік осал топтарына медициналық көмекті түбегейлі қайта қарау көзделді. Қарттар (Medicare) және кедей (Medicaid) азаматтар үшін ауру жағдайына медициналық сақтандыру сияқты бағдарламалар пайда болды. «Ұлы қоғам» бағдарламасында тек медициналық көмек қана емес, сонымен бірге кедейлерге ақшалай жәрдемақылардың барлық түрлері, білім беру гранттары және басқалары бар, және ол керемет жұмыс істеді, осы бағдарламаның жемістері әлі де жиналуда. Осылайша, бағдарлама басталғаннан кейін кедейлікте өмір сүретін америкалықтардың үлесі екі есе азайды. Джонсонның президенттігі кезінде Джон Кеннеди идеялары жүзеге асырылды, олар ақырында америкалық қоғамда орасан зор өзгерістерге бастау берді. Линдон Джонсон демократ бола отырып және Техастың оңтүстік консервативті штатынан шығып, Джон Кеннедидің жартылай харизмасы мен талантына ие болмаса да, Мартин Лютер Кингпен де және оңтүстік штаттардағы нәсілдік элиталармен де және арнайы қызметтермен де тіл таба алды.

Жұмыссыздықты азайту саясатында, әлеуметтік көмек пен басқа экономикалық құралдардан басқа, АҚШ жұмысшылардың біліктілігін арттыруға байып-

пен қарайды, бұл әсіресе еңбек нарығындағы ауырлық орталығы зияткерлік жағына ауысқан кезде өте маңызды. Біліктілікті арттыру қысқа мерзімді тренингтер және семинарлармен шектелмейді. Мысалы, көптеген ұйымдар өз қызметкерлеріне магистр дәрежесін алуға жіберіп, тек оқуға ғана емес, сонымен қатар тұру стипендиясына да ақша төлейді. Ұйым үшін бұл - бәсекеге қабілетті әлемде өмір сүру үшін еңбек өнімділігін үнемі жақсарту қажеттілігі туралы мәселе. Қызметкерлер үшін - жалақыны жоғарылату және мансаптық өсу ғана емес, сонымен қатар жұмыстан босатылған жағдайда жұмыссыз қалудың белгілі бір кепілдігі бар.

Бүгінгі таңда АҚШ-тағы жұмыссыздық мәселесін көтеретін болсақ, еңбек нарығы түбегейлі өзгеріп жатыр деп айтуымыз керек. Технологиялық прогресс, АҚШ-тың экономикалық әлауқатының өсуіне айқын және сөзсіз әсер етумен қатар, осы елдің еңбек нарығымен қатал әзіл ойнады. Бір жағынан, «... АҚШ-та төртінші өнеркәсіптік революция басталды, оның сипаттары: шаруашылықтың барлық салаларына интернеттің енуі, интернеттің экожүйесін және олармен байланысты жасанды интеллект технологияларын, нейрон желілерін, 3D – принтинг//аддитивті технологиялар, робототехника, электромобильдер және т.б. дамыту болып табылады. Технологиялардың және өндірісті роботтандырудың арқасында еңбек өнімділігі артып, ел экономикасы өсуде.

Екінші жағынан, АҚШ-тағы байлық пен кірістің өсуі, бұрынғыдай, жаңа жұмыс орындарын құруға автоматты түрде аударылмайды. Мәселен, 1990 жылы Детройттағы ең

ірі үш автогиганттардың нарықтық капиталдануы 36 миллиард доллар және 1,2 миллион жұмыс орны болды. Жарты ғасырдан кейін, 2014 жылы Силикон алқабында ең ірі фирмалар 1 триллион АҚШ долларынан астам және тек 137 мың қызметкер ғана нарықтық капиталдандырылды» [97].

Немесе осындай факт: Ақ үйден кетер алдында Барак Обама өте қызықты ақпарат жариялады. Атап айтқанда: келесі 15 жыл ішінде 3 миллионға жуық жүк көлігі, автобус және такси жүргізушілері қазіргі жұмысынан айрылады, өйткені оларды машиналар мен компьютерлер басқаратын құрылғылар алмастырады. Осылайша, жұмыс орнынан айрылу қаупі, кейбір кәсіпорындар АҚШ-тан Қытайға немесе Мексикадан шығарылғандықтан емес, өндірісті жедел автоматтандырудан туындайды.

АҚШ-та байқалып отырған жаңа технологиялық цикл салдарынан дәстүрлі өндірістегі еңбек нарығының қысқаруы «...занды және өте ауыр құбылыс. Занды - өйткені технологиялық және әлеуметтік циклдардың әр кезеңінде ескі буындар мен олар жұмыс істеген әдістер мен жаңа буындар, олардың жұмысының жаңа құралдары мен әдістері арасында алшақтық бар. Бастапқы кезеңде бұл артық өндіріс пен жұмыс күшінің дағдарысымен қауіп төндіреді, содан кейін жаңа өсім басталады, жаңа жұмыс орындары пайда болады, сонымен қатар өндіріс қана емес, жұмыстың күрделілігі де артады.

штаттарда шамамен бір мезгілде болып өтті, осы жағдайлар америкалық қоғамда полицейлер тарапынан қаруды теріс пайдалану мәселесін күрделі етіп көтерді.

Мәселенің бір жақты көрінісі шындықты біршама бұрмалап, бір жақты қабылдауға алып келеді. Ақпаратты БАҚ-тан ғана алатын болсақ, АҚШ полициясы өз қара отандастарын өлтірумен ғана айналысады деген қорытындыға келуге болады. Бірақ статистиканы қарайтын болсақ, мысалы, 2015 жылы полицейлер өлтірген америкалық азаматтардың егжей-тегжейлі саны бойынша дайындалған Гардианды алып қарасақ, «...АҚШ полициясының 1146 құрбандарының ішінен «бар-жоғы» 306 адам афроамерикалықтар, ал өлтірілгендердің көпшілігі – 581 адам ақтар болған. Сонымен қатар, миллионға шаққандағы афроамерикалықтар мен ақтардан өлтірілген адамдар саны тұрғысынан көрініс мүлдем басқа болады. Полицейлердің кісі өлтіру жиілігі 1 миллионға 7,27 афроамерикалықтар және 2,93 ақ халық өкілдері болады, яғни екі еседен артық. Бұл жерде полицейлердің құрбандары, негізінен полицейлерге шабуыл жасаған, көбінесе қаруланған адамдар болғанын ескеру қажет» [119].

Ең қызығы, «2014 жылы қара нәсілді америкалықтар өлтірілген 6095 жағдайда, басым көпшілігі, кейбір деректер бойынша, шамамен 97%, оларды өлтіргендер осындай қара нәсілді америкалықтар болған» [120].

Әлбетте, бұл жағдайларды тек нәсілдік жорамалдармен ғана түсіндіру үлкен жеңілдік болар еді. Егер ең болмағанда 2015 жылғы статистиканы алсаңыз, онда нәсілдік жағынан өлтірілген америкалықтар тізімінен ең соңғы орынды

азиялық-америкалықтар алады – 28 адам. Әрине, АҚШ-тағы азиялықтар санының аздығы туралы айтуға болады, бірақ жиілік тұрғысынан да, олар соңғы орында – АҚШ-тың азиялық халқының 1 миллион санына 1,34 кісі өлтіру. Яғни, объективтілік болсын десек, ақ полицейлердің бүкіл түрлі-түсті халыққа қандай да бір жаппай жек көрушілігі мен теріс түсінігі туралы айту әбден дұрыс емес. Сонда мәселе неде?

Біріншіден, АҚШ полициясы заңды бұзған кіммен болса да әуірімдеп отыруға әдеттенбеген. Мұнда нәсілдік белгі екінші орында. Бұл үшін АҚШ полициясын құрметтейтінін айта кету керек. АҚШ полициясы – бұл қоғам пікірінше негізгі қауіпсіздік институты, бұл жерде полициядан қорықпайды және көшенің басқа жағына өтпейді, бұл жағдайда полиция – бас көмекші және қорғаушы екенін біледі. АҚШ-та полицияға деген сенім деңгейі, тіпті президенттік билік институттарына қарағанда жоғары. Бұл көп нәрсені білдіреді.

Афроамерикалық халыққа қатысты орын алған ескішілдік, АҚШ-та ғасырлар бұрын қалыптасқан қара нәсілді халықтың тең құқылы емес әлеуметтік-экономикалық жағдайынан бастау алатыны, басқа мәселе. Ұзақ жылдар бойы АҚШ-тың қара тұрғындарын оқымаған, кедей, криминал мен зорлық-зомбылыққа бейім деп қабылдаудың тұрақты имиджі қалыптасқан.

Тіпті, АҚШ-тың ең дамыған қалаларының бірі, жанға жайлы Бостонның өзінде, көбінесе қара халық тұратын, аса қажет болмаса аяқ басудың қажеті жоқ саналатын Роксберри немесе Джамайка Планта сияқты аудандар бар. АҚШ-тың басқа экономикалық жағынан аз дамыған қалалары туралы не айтуға болады, онда қара халық қылмыс пен

қолайсыздықтың тұрақты символы болып табылады.

Дегенмен, АҚШ-тағы нәсіларалық қарым-қатынастар мәселесі контекстінде ақ басымдықтың идеясы өзекті болып қала береді, бүгінгі күні қара немесе испан тілді халықтың жинақы қоныстанған жерлерінде де нәсілдік кемсітушілікті кездестіруге болады.

Нәсілшілдік тек ақ болуды қойды. Әуелгіде америкалық қоғамда ақ нәсілшілдікті туындатқан, Мартин Лютер Кингтің ақ көпшілікпен бейбіт өмір сүру мен күштеусіз тойтарыс беру тұжырымдамасын қамтитын кітабы ғана емес еді, сонымен қатар қараларды кемсітушілікке жауап қатудың радикалды жақтаушылары да үлес қосты. Олардың ең танымалы «... афроамерикалық ислам уағызшысы, Ислам ұлты ұйымын құрушы және «қара артықшылық пен нәсілшілдік» делінетін тұжырымдаманың бас идеологы Малколм Икс» болды. Қара нәсілшілдердің бірқатар оңтүстік штаттардың АҚШ-тан бөлініп, «Жаңа Африка Республикасын» құру туралы ерсі идеялары да болды [121].

Алайда, АҚШ-тың еуро және афроамерикалық халқының әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтары арқылы ғана америкалық қоғамның нәсіларалық мәселелерін қарау тым оңай болар еді. Америка қоғамындағы нәсіларалық қақтығыстар көрінісі ақ көпшілік пен қара азшылықтың күрделі қатынастарымен ғана шектелмейді.

Тұрақтылар қатарында – тарихи тұрақты кемсітушілік объектілеріне АҚШ-тың байырғы халықтары да, саны өсіп келе жатқан латынамерикалық халық та, азияамерикалық халық та бар деуге болады. Соңғысы туралы ақпарат аз, алайда бұл феномен жеке көңіл бөлуге лайық, өйткені АҚШ-

та елдің ең жылдам өсіп келе жатқан азияамерикалық бөлігі болып табылатын қазақ диаспорасы да пайда болып келеді. Азия - америкалықтар - бұл ең алдымен қытайлықтар, үндістер, кәрістер, жапондықтар, вьетнамдықтар, филиппиндер, тайландықтар және басқа да өкілдер, негізінен Оңтүстік-Шығыс Азиядан.

Азия-америкалықтар сан жағынан өсе отырып, hate-simes делінетін нәсілдік жек көрушілік негізіндегі қылмыстар үшін жылдам өсіп келе жатқан нысаналы топқа айналып келе жатқанын өзім үшін үлкен таңғалыс тудыратын жаңалық болды. Азиядан шығушыларға нәсілшіл шабуылдар 100 мың халыққа шаққанда саны бойынша афроамерикалықтарға, латын америкалықтарға, байырғы тұрғындарға, еврейлерге және т.б. ұқсас шабуылдардың санын ығыстырды. Бұл маған екі себеп бойынша таңғаларлық болды.

Ең алдымен, әдетте азияамерикалықтар АҚШ-тағы ең заңға бағынушы және қақтығысқа бейім емес топ болып саналады. Қытайлықтар, үндістер, кәрістер, вьетнамдықтар және басқа да Азиядан шығушылар бөгде адамдардың назарын аудартпай бейбіт және оқшау өмір сүруге тырысады. Тіпті азиялық этностық қылмыстық топтар, мысалы, атақты жапон Якудзасы, қытай Триадасы, өздерінің қылмыстық істерін негізінен өз қауымы ішінде жүргізеді.

Сондықтан болар, азиялықтар, кемсітушілікке жиі ұшырайтын нәсіл болса да, ресми статистика мен зерттеулерде аз байқалады. Мысалы, «...ФТБ нәсілдік, діни, этникалық және дәстүрлі емес жыныстық көзқарас негізінде жасалған қылмыстар бойынша, «қате түсініктің

11 иісі» деп аталатын зерттеу азиялықтарға қатысты осындай қылмыстарды анықтаған жоқ. 11 санаттағы шабуылдар немесе қауіп-қатерлер қара нәсілділер, ақтар, латындар, еврейлер, мұсылмандар, гомосексуалистерге және т.б. бағытталды» [122].

Сонымен қатар, нақты азияамерикалықтар АҚШ-тағы ең экономикалық табысты нәсілдік топ болып саналады. «... Азиялықтардың АҚШ-тағы басқа топтарға қарағанда кірісі жоғары, орта есеппен \$68,088 табады, бұл \$54,857 табысы бар америкалықтардан айтарлықтай көп және \$ 35,341 табысы бар афроамерикалықтардан қарағанда шамамен екі есе жоғары» [123].

АҚШ-тың азиялық халқының үлкен әлеуетін көрсететін тағы бір маңызды факт. Азияамерикалықтар орташа алғанда елдің халқын орташа алғандағыға қарағанда, неғұрлым білімді. «Экономист» журналының зерттеулері бойынша, 49% америкалық азиялықтар Америка бойынша орта есеппен салыстырғанда, 28% көрсеткіштен бакалавр дәрежесі бойынша жоғары. Азиядан артып келе жатқан иммиграцияға АҚШ-тың басқа тұрғындарымен білім жағынан айырмашылықты одан әрі арттыруы мүмкін, өйткені жаңа иммигранттар неғұрлым білімді болып табылады – 61% жаңа иммигранттың бакалавр дәрежесі бар.

Қызықты көрініс қалыптасады – азияамерикалықтар америкалық қоғамның экономикалық табысты бөлігі, мемлекет тарапынан көмекті ең аз қажет етеді және сұрайды, қақтығыстарға төмен бейімділікте, кемінде, бөтен адамдармен, дегенмен, олар басқа нәсілдер мен этностық топтар тарапынан ең үлкен агрессия тудырады!

Осындай нәсілдік жек көрушілікке себеп айтарлықтай көп.

Біріншіден, азиялықтарды кемсітудің терең тарихи тамыры бар. Американың қара халқын кемсіту туралы көп айтылады және жазылады, Латын Америкадан шығушылар туралы сәл аз және азиялықтар туралы мүлдем аз. Сонымен қатар, АҚШ тарихы оның азиялық азаматтарына қатысты көптеген қара дақтар бар. Мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде, жапондық 120 мыңға жуық азаматты сенімсіздер ретінде қамауға алу және АҚШ үкіметінің батыс штаттардан елдің түкпіріне концентрациялық лагерьлерге жөнелтуі. Сол кезеңде неміс немесе итальян шығу тегі бар АҚШ азаматтарын жаппай кемсіту фактілері болған жоқ. Бұл, менің ойымша, мемлекеттік деңгейде мақсатты нәсілшілдік болды, оның салдары әлі күнге дейін сезіледі.

Екінші себеп, менің ойымша, АҚШ-тағы азиялықтардың экономикалық табыстылығына байланысты. Бүгінде Үндістаннан шыққан адамдардың бизнесте, IT-индустрияда, медицинада, білім беруде, қытайлықтардың - кәсіпкерлік, тамақтану, жылжымайтын мүлік және т.б. салаларда нағыз экспансиясы байқалады. Кәсіби табыстылық халықтың белгілі бір, табысы аз бөлігінде теріс сезімдерді тудырады, нәсілшілдікке негіз береді және тек ақ тұрғындар тарапынан ғана емес.

Өйткені, елдің ақ және қара халқына қарағанда, азиялық халқының, ең алдымен қытайлықтардың, АҚШ-қа жаппай көші-қоны салыстырмалы түрде жақында басталды, ресми түрде - 1965 жылы ұлттық квоталар туралы түзетулерді алып тастағаннан кейін, бірақ іс жүзінде XX ғасырдың 80-90 жылдары басталды, ол жыл сайын қарқынды өсіп

келеді. Үлкен азиялық топтардан Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін АҚШ-тың жапон халқы ғана көптеп көшіп келген болатын. Жаңа мигранттар ақ тұрғындар тарапынан да, афроамерикалықтар тарапынан да, Американы салған «нағыз» америкалықтар ретінде қабылданбайды. Сондықтан, азиялықтарға дайынға көшіп келген деген айтарлықтай тұрақты көзқарас пен теріс ұғым қалыптасқан.

Бүгінде атақты «балқытушы қазан» түрлі нәсілдік-этностық топтардан біртұтас америкалық ұлт қалыптастыру міндетін орындай алмайтыны туралы пікір жиі айтылып жүр. Аса ерекшеленетін, бірақ нәсілдік және өркениеттік жағынан жақын ақ еуропалықтарды араластыру ісін аздықөпті атқара алған болса да, АҚШ-қа Азия, Латын Америкасы, Африка және Таяу Шығыстан иммигранттар толқыны ұрғанда, шамамен 70 жылдардың бас кезінде «қазан» елеулі іркілістер бере бастады. Жаңа иммигранттардың көпшілігі жаңа отанда дәстүрлі әлеуметтік құрылымдар, этникалық гетто құра бастады, олардың ішіндегі ең танымал Чайнатаундар болды. Ресми түрде олар америкалықтар болды, бірақ іс жүзінде сыртқы әлеммен өзара іс-қимыл жасаудың, ағылшын тілін білудің өткір қажеттілігі жоқ өз этникалық әлемдерінде өмір сүрді, яғни америкалық қоғамға бірігу туралы әңгіме болған жоқ. Кем дегенде, бұл дүниеге келіп, мектептер мен университеттерде білім алған ұрпақтарға даруы мүмкін, олар америкалық қоғамға табысты кіріге алатын болады.

Шын мәнінде, менің ойымша, егер ағымдағы жағдайға ретроспективті қарайтын болсақ, әртүрлі этностық топтардың кіруінің ұқсас кезеңдері көптеген Еуро-

па елдерінен шығушылармен, сол итальяндықтар, ирландықтар, поляктар, гректермен және т.б. болғанын еске түсірсек, «сынық қазан» туралы сараптамалық пікірдің елеулі негіздері жоқ екенін көреміз. Уақыт өтеді, кәрістермен қытайлар да, пәкістандықтар мен үнділер де, түптің түбінде, америкалық қоғамның интегралдық бөлігі бола алады. Дегенмен, бұл басқа Америка болады дегенмен келісемін. Қазіргі кезде нәсілдер мен этностардың өсіп келе жатқан алуан түрлілігі америкалық қоғамдағы әлеуметтік динамика мен шиеленіске негіз болады.

Тарихи қысқа уақыт ішінде америкалық қоғам қоғамдық дамуда үлкен қадам жасады. 1663 жылғы 28 тамызда афроамерикалықтардың тең құқықтылығы үшін қозғалыс көшбасшысы, доктор Мартин Лютер Кингтің *I have a Dream* (Менің арманым бар) тарихи сөз сөйлеуі мен алғаш рет афроамерикалықтың АҚШ-тың 44-ші президенті болып сайлануы арасында жарты ғасырдан сәл ғана асты. Сондай-ақ, 1965 жылы қазан айында АҚШ президенті Линдон Джонсон АҚШ-қа тек «ақ» иммиграцияға бағытталған жүйені жоятын, «түрлі-түсті» иммиграцияны қатаң квоталауды көздейтін революциялық «Иммиграциялық акт» құжатына қол қойған сәтінен жарты ғасырдан сәл асты.

Мартин Лютер Кинг, Джон Кеннеди және бәріне тең әділ қоғам туралы армандайтын барлық басқа да идеалистердің арманы орындалды ма? Бұл сұраққа ешкім біржақты жауап бере алмайды. Белгілі бір шамада, әрине, иә. АҚШ-та елдің оңтүстік штаттарындағы нәсілдік сегрегацияны, мүлдем құқығы жоқ түрлі-түсті тұрғындарға автобустар мен мейрамханалардағы арналған орындар туралы естелігі

бар буын әлі тірі. Керісінше, нәсілшілдік ескіліктің ұятты қалдығы және тап таза жабайылық болып табылатын америкалықтардың көптеген ұрпағы өсіп шықты.

Польшада көп жыл өмір сүрген және бүкіл студенттік жазын Ұлыбританияда ағылшын, испандықтар және чехтармен қоян-қолтық жұмыс істеп келген адам үшін Еуропадағы нәсіларалық қатынастар АҚШ-пен ешбір салыстыруға келмейді. Франция мен Англияны, басқа нәсілдер мен этностық топтарға, байырғы тұрғындар тарапынан толерантты көзқарастың жоғары деңгейі бар, көп этностық елдер деп санасақ та, Франция – бұл, ең алдымен, француздардың, ал Англия – ағылшындардың елі болып табылады. Осыған байланысты, африкалық шығу тегі бар, бір Ұлыбритания азаматының сөздері есіме түсті, ол былай деген еді: «...мен АҚШ-қа келген кезімде, АҚШ-тың кез келген азаматына, оның нәсілдік тегіне қарамастан, Welcome Home дейді, ал мен Британияға, өз отаныма келгенде, маған осылай айту ешкімнің ойына да келмейді!».

АҚШ-тағы этногеографиялық көрінісі жылдам өзгереді. Көп ұзамай ақтар көпшілігі осындай болуды тоқтатады және оны өзгерте алмайсың. Америкалықтар осыны түсінеді. Сондай-ақ, олар АҚШ-тағы нәсілшілдік – тұғырыққа және бүкіл әлемнің иммигранттары құрған көп ұлтты елдің құлдырауына әкеп соғатын жол екенін түсінеді.

3.5 Терроризм және исламофобия

Гэллап институты 2015 жылы жүргізген әлеуметтік зерттеу мәліметтері бойынша, «... жаппай террористік шабуыл-

дар қауіпі америкалықтарды, атап айтқанда сұралғандардың 51% бөлігін алаңдатады» [124]. Қарапайым америкалықтардың үрейін бүкіл әлем бойынша терроризм қауіпінің өсуі аясында түсіндіруге болады. Алайда, 2012 жылы терроризмнің жаһандық индексында «...АҚШ олардың аумағында жасалған терактілер саны бойынша әлем мемлекеттерінің арасында тек 41-ші орында тұр. Салыстыру үшін: Ресей бұл қаралы рейтингте 158-ден 9-шы орында, Ресейден жоғары тек Ирак, Пәкістан, Ауғанстан, Үндістан, Йемен, Сомали, Нигерия және Таиланд. Мәселен, Қазақстан қауіпсіздеу 47-ші орынды иеленді» [125].

Алайда, АҚШ-тағы 2001 жылғы 11 қыркүйектегі терактілер, соңғы жылдары Еуропада (Парижде, Ниццада, Брюссельде және т.б.) орын алған көптеген құрбандары бар террорлық шабуылдар кезеңі, америкалықтардың арасында АҚШ-тағы терроризм негізінен сыртқы қауіппен, ал террористердің өздері мұсылмандармен байланыстырылуына ықпал етті. Жалпы әлемдік исламофобия мәселесі АҚШ-та сырт айналған жоқ.

АҚШ-та терроризмнің бай тарихы 1865 жылдың 14 сәуірінде болған АҚШ президенті Абраам Линкольнді өлтіруден бастап, оң және сол радикалдық, ұлтшыл топтар мен жалғыз әрекет етушілер жасаған жүздеген ауқымды террорлық акт болса да, дәл осы ислам террористік ұйымдары соңғы жылдары алдыңғы қатарға шықты. 2001 жылғы 11 қыркүйек олардың қызметінің апофеозы болды. Сонымен қатар, 2013 жылы мұсылман елдерінен шыққандар немесе мұсылман-америкалықтар жасаған «Бостон марафоны» және 2016 жылы Орландодағы қырғын сияқты террористік

әрекеттер қарапайым америкалықтардың «ислам террорлық қатерге», «батыс өркениетіне қарсы ислам майданы» деген сенімін одан әрі нығайтты.

Сонымен қатар, соңғы жылдарда бүкіл америкалық қоғамды дүр сілкіндірген терактілер елдің ұлттық қауіпсіздік жүйесінде және атап айтқанда, радикал діни идеологияның таралуына қатысты көптеген кемшіліктер анықталды. 2001 жылғы трагедиядан кейін ғана америкалықтар террористік топтардың, олардың елінде тамырын тереңге жайғанын білді. Осылайша, Қауіпсіздік саясаты орталығы (Center for Security Policy) бағалауы бойынша, АҚШ-та мешіттердің 80%-ын «ваххабиттер» бақылауында ұстаған. Таяу Шығыстың бірқатар елдері АҚШ мұсылмандары арасында исламдағы радикалды ағымдардың таралуына демеушілік көрсеткен.

Америкалықтар, өздеріне тән прагматизммен террорлық пен экстремистік жолға түскен адамдар мен ұйымдарды белсенді жоюды қолға ала тұру, ислам құрылымдарын ажыратуда аса сақтықпен әрекет етеді, онысын, кемінде екі жағдаймен түсіндіреді.

Біріншіден, АҚШ діни еркіндік қағидаларын құрметтейді және «ваххабизмді» терроризм үшін дәлелсіз айыптағысы келген жоқ. Мәселен, АҚШ Мемлекеттік департаментінде дін бостандығы халықаралық мәселелерімен айналысқан Джон Хэнфорд, Мемлекеттік департаменттің әлемдегі діни сенім бостандығы туралы жыл сайынғы жаңа баяндамасын ұсына отырып, ваххабизмге ерекше тоқталды және «АҚШ оны бастапқыда исламдағы қылмыстық ағым деп есептемейді және «салмақты көзқарасты ұстанады» деп

мәлімдеді. Адамның діни нанымы туралы мәселе тұрған жоқ, мәселе оны қалай ұстануы – олар адамды басқа адамға зиян келтіруге және терактілер жасауға итермелеуі турасында. Ресми терминологияда америкалықтар экстремизм сияқты тұтас ұғымды «жай ғана» экстремизм мен зорлық-зомбылық экстремизмге айналдыра отырып, сол арқылы зорлық-зомбылық жасау жолына әлі түспеген кез келген адам қылмыскер ретінде қарастырмайтыны кездейсоқтық емес.

Екіншіден, Құрама Штаттар мен Сауд Арабиясын байырғы серіктестік қатынастары байланыстырады және «ваххабиттік» құрылымдарға қарсы кез келген іс-әрекеттер саудқа қарсы ретінде қабылдануы мүмкін, ал Сауд Арабиясы Таяу Шығыстағы және жалпы мұсылман әлеміндегі АҚШ-тың негізгі серіктестерінің бірі екені белгілі» [126].

Жалпы мұсылмандар демографиялық және діни тұрғыдан америкалық қоғамның біртіндеп елеулі бөлігіне айналып келеді. Ислам, бүкіл әлемдегі сияқты, АҚШ-та ерушілер санының өсу қарқыны бойынша алғашқы орындардың біріне шығады. Жалпы, АҚШ заңнамасының ерекшеліктерін ескеру керек – мысалы, діни тиістілік статистикасына АҚШ заңнамасымен тыйым салынған, сондықтан осыған қатысты ресми статистика жоқ. Кейбір деректер бойынша, 2015 жылы АҚШ-та әртүрлі жастағы 3,3 миллион мұсылман тұрып жатты, бұл ел халқының 1%-ын құрайды. «Діни ландшафты зерттеу» атаулы 2014 жылғы жұмыс (ағылшын және испан тілдерінде) көрсеткендей, ересек америкалықтардың 0,9% бөлігі өздерін мұсылман ретінде белгіледі. 2011 жылы

америкалық мұсылмандар арасында ағылшын, араб, парсы және урду бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша, елде 2,75 миллион мұсылман тұрады, оның 1,8 миллионы – ересектер. Осы сауалнама көрсеткендей, америкалық мұсылмандардың басым көпшілігі (63%) - иммигранттар. Демографиялық болжамға сәйкес, 2050 жылға қарай мұсылмандар АҚШ халқының 2,1% бөлігін құрайды және діні жоқ адамдарды есептемегенде (қазіргі уақытта яһудилер осындай позицияны ұстанады), саны бойынша елдің екінші діні тобына айналады.

АҚШ-та исламның тек қара болғаны, саяси әдептілікпен айтсам, афроамерикалық болып келгені, өз басым үшін жаңалық болды. Өйткені, Африкадан күштеп әкелінген афроамерикалықтар ұзақ жылдар бойы өз тамырын, шыққан жерін білмеген, олардың тегі де болмаған. Нәтижесінде, қара құлдардың көпшілігі құл иелерінің тегін алатын болған. Сондықтан, афроамерикалықтардың исламға бейімділігі, АҚШ-тың қара халқының этникалық және діни тұрғыда ақ нәсілден тәуелсіздігін іздеуімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, көптеген афроамерикалықтар исламға түрме арқылы келді. АҚШ-та ислам дінін ұстанушылардың 40-45% бөлігін афроамерикалықтар құрайтынын ескеретін болсақ, артып келе жатқан исламофобия шабуылдар, кісі өлтіру мен жаппай зорлық-зомбылықпен ашық нәсілшілдік сипатты қабылдай алады, оның үстіне «далданың» екі жағында да орын алуы мүмкін.

Афроамерикалықтардан бөлек, «...басқа ірі топтарға Оңтүстік Азиядан шыққандар кіреді (Пәкістан, Үндістан, Бангладеш), олар америкалық мұсылмандар құрылымының

шамамен 25% бөлігін құрайды. АҚШ мұсылмандары арасында саны бойынша үшінші этностық топ арабтар, Египеттен шыққандар, палестина мен ливандықтар болып табылады (шамамен 15%). Сондай-ақ, Ираннан шыққандардың айтарлықтай шағын тобын атап өтуге болады (3,5–4%). Кейінгі жылдары АҚШ-та латинос-мұсылмандар саны артып келе жатқаны байқалады: 2011 жылы 524 мешіттің имамына (жалпы ел бойынша кемінде 1200 мешіт бар) жүргізілген сауалнамаға сәйкес, олар жаңадан қосылғандардың жалпы санына 12%-ды құрады. Техас пен Флоридадағы мұсылман халқының жоғары тығыздығы осымен түсіндіріледі. Мұсылмандар санының жылдам өсуіне ислам елдерінен артып келе жатқан иммиграция да әсерін тигізеді: егер 1992 жылы Штаттарға 50 мың мұсылман кірген болса, 2009 жылы – 115 мың болды» [127].

АҚШ-тың жылдам өсіп келе жатқан Ислам халқы ИЛИМ және басқа да ұйымдар тарапынан террорлық шабуылдар қаупінің өсуі аясында америкалық қоғамдағы көңіл-күйге әсерін тигізбей қойған жоқ. 11 қыркүйектен кейін АҚШ-та исламофобияның нағыз толқыны болып өтті.

Сауалнамаға сәйкес, америкалық республикашылар әлемдегі (қатты алаңдайтыны туралы 67% республикашылар мен 40% демократ айтты) және АҚШ-тағы (тиісінше 64% және 30%) ислам экстремизміне қатысты демократтардан күштірек алаңдайды. 2016 жылғы желтоқсандағы сауалнама көрсеткендей, ислам басқа діндерге қарағанда зорлық-зомбылықты көбірек құптайды деген пікірмен республикалықтар демократтардан жиі келісетінін көрсетті

(тиісінше 70 және 26%). Америкалықтардың көпшілігі (57%) АҚШ-та мұсылмандарды қатты кемсітеді деген пікірмен келіседі, бірақ бұл мәселеде партиялар тағы да бөлінді: 69% демократ, 40% республикалықтар осылай санайды. 2016 жылғы қаңтарда жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сәйкес, америкалықтардың жартысына жуығы (49%) кемінде, АҚШ-тағы «кейбір» мұсылмандар америкаға қарсы көзқараста деген пікірді ұстанады. Осы пікірді бөлісетіндер, «аз ғана» мұсылман осындай көзқараста немесе «ешбірі» осындай көзқараста емес дейтіндерден көбірек болды.

Соңғы 14 жылда бұл мәселе бойынша позициялардың партиялылығы айтарлықтай күшейе түсті (кестені қараңыз), бірақ 2017 жылғы ақпандағы сауалнамаға сәйкес америкалықтардың көпшілігі, АҚШ мұсылмандары жаппай экстремизмді қолдайды деп санамайды. Шамамен 40% адамның пікірінше, экстремизмді қолдау жоғары емес, ал 15% – оның мүлдем жоқ екенін айтты. Шамамен 25% адамның пікірінше, америкалық мұсылмандардың едәуір бөлігі экстремизмді қолдайды, ал 11% – қолдау дәрежесі аса жоғары деп белгіледі» [128].

2001 жылғы 1 қыркүйектегі терактілер кезінен бері қарапайым адамдардың нәсілшілдік, фобия, сақтығы өлшеусіз өсті. АҚШ-қа келген кезде, көп жыл өтіп кетсе де, осы әлі күнге дейін сезіліп тұрады. Әуежайдың шекаралық аймағында өте мұқият бақылау бойынша аса назар аударатырып, террористік қауіптілігі жоғары елдердің төлқұжатымен келе жатқан барлық адамдарға, соның ішінде біздің үлкен өкінішке орай, Қазақстан да кіретін «Стандар» тобына да ерекше назар аударылады. «Стан-

дар» санатындағы елдер орташа америкалық тарапынан, дәлірегі, теріс коннотацияға ие және кедейлік, сыбайлас жемқорлық, терроризм және жалпы қауіптілікке байланысты тірі ассоциациялар тудырады. Әрине, соңғы жылдары АҚШ-та Қазақстан туралы білу қатты артты, бұл тек Боратпен ғана байланысты емес, алайда оның да үлесі әлі де сезіледі. Көптеген жас, білімді америкалықтар Қазақстанды бизнесті дамыту үшін перспективалық нарық ретінде, инвестиция салуға болатын ел ретінде біледі және бұл қуантпай қоймайды.

Мұсылмандар қай жерде болмасын жоғары назар аудару мен кемсітушілік объектілеріне айналды: мектептер, мешіттер, жұмыста, қоғамдық орындарда, сондай-ақ, әуежайларда, ол жерде араб, мұсылман келбеті бар азаматтарды аса мұқият тексеріп жатады. Тіпті көп жылдан кейін де исламмен байланысы бар нәрсенің барлығына сақтықпен қарау, АҚШ-тың қарапайым азаматтары тарапынан күшті және лайықты емес реакция туындатып жатады. Мысалы, БАҚ бір бірімен жай ғана араб тілінде сөйлесіп келе жатқан адамдардың ұшақтан түсіп келе жатқанын жиі көрсетіп жатады. Тіпті мынадай сорақы жағдай орын алған, American Airlines бортында, басқа жолаушылардың пікірінше, таяу шығыстық түр сипаты бар және блокнотына аса бір күдікті жазбалар жазған күдікті адам тұтқынға алынған. Жолаушының бірі ол террорист болуы мүмкін деген болжам жасап, оны ұшақтан шығаруды талап етті. Кейіннен анықталғандай, осы «күдікті» адам – итальяндық, Пенсильвания университетінің құрметті математика профессоры, ал оның «күдікті» жазбалары, басқа емес, дифференциалдық теңдеулер болып шыққан!

Трампың президенттік кезеңінде, АҚШ-тағы басқа да фобиялар сияқты, исламофобия да айтарлықтай өршіп кетті, Трамп мұны шебер ойынға айналдырып, қажет болғанда саяси мақсаттарында пайдаланады. АҚШ президенті қызметінде Трамп алғашқы шешімдерінің бірі ретінде, Иран, Ирак, Йемен, Ливия, Сирия, Сомали мен Судан секілді Таяу Шығыс және Африка мұсылман елдерінің азаматтарына кіруге уақытша тыйым салу туралы оның жарлық еткеніне ешкім таңғалған жоқ. Әрине, жарлықтың күші шектеулі болды және кейіннен күші жойылды, бірақ Трамп пен оның жақтаушыларының көзқарасын жақсы білдіреді.

Үш қарағайдың артында орман көрінбейтін жағдай жиі болып жатса да, сарапшылар АҚШ үшін террористік қауіп-қатерді «исламдық» террористік ұйымдарға қарағанда, бүкіл әлемдегі «жалғыз қасқырлар» делінетін жаңа феномен тудыратыны туралы айтады. «Heritage Foundation» жетекші америкалық ақылдылар орталығының аналитиктері осындай террористер туралы былай дейді, «...оларды алдын ала болжау қиын, әуелі сол мүмкін болса, өйткені болашақ терактілер туралы олардың өздері ғана немесе өте азда адам біледі, оларды әртүрлі жағдайлар, көбінесе кез келген діннен алыс жағдайлар ынталандырады» [129]. Орландолық атқыш және осындай «жалғыз қасқырлар» жасаған басқа да оқиғаларға көбінесе жеке басына байланысты жағдайлар себеп болады, мысалы, сәтсіз жеке өмірі, жұмыстағы проблемалар және психикалық ақаулар. Осындай жалғыз адамдар, теракт жасаған кезде, әдетте көбірек назар аударғысы келеді. Бұл жағдайда ИЛИМ, Эл-Каеда сияқты және т.б. әйгілі террористік ұйымдардың туын көтергенді жөн көреді.



Нәтижесінде, бүгінде АҚШ арнайы қызметтері алдында, ел үкімет алдында үлкен міндет тұр: нақты қауіп-қатерге қарсы тұру кезінде, қоғамда басқа қауіп – исламофобия және онымен байланысты нәсіларалық және діни проблемалардың таралып кетуіне жол бермеу.

3.6 АҚШ-тағы денсаулық сақтау: уақыты келген реформалар

Америкалық денсаулық сақтау жүйесі екі жақты әсер қалдырады.

Бір жағынан, АҚШ-та, әсіресе Бостонда, елдің ғана емес, бүкіл әлемнің үздік клиникалары мен дәрігерлері жиналған, медициналық туризм - қала мен штаттың бюджеті кірісінің ең үлкен баптарының бірін құрайтын қалада тұрып, медициналық жүйенің қалыптасқан, жоғары ұйымдастырылған және сапалы жұмысын атап өтпеуге болмайды. Денсаулық сақтауға үлкен қаражат жұмсалады. «...АҚШ бюджетіндегі денсаулық сақтау бойынша бабы 2016 жылы екінші орын алды – 28%, оған ұлттық қорғанысқа қарағанда екі есе көп ақша бөлінді. Медицинаға жұмсалатын қаражат бойынша АҚШ әлемде бірінші орын алады – АҚШ-тың 2016 жылғы 3,95 триллион долларды құраған жалпы бюджетінен 1,004 триллион доллар болды» [130].

FY 2016 Program Spending



Source: Office of Management and Budget - Table 3.2

Дәрігер мамандығы және жалпы АҚШ-тағы медицинаға қатысты болу беделді және жоғары табысты іс болып табылады. Салада жұмыспен қамтылғандар саны 10 миллионнан астам адам болуы таңғаларлық емес.

Нақты осыған байланысты, қатаң талаптарға, медициналық мектептерге түсу бойынша конкурстарға қарамастан, оқу құны америкалықтардың өздері үшін өте қымбат болуы қисынға сай және жоғары болып табылады. Алайда оқуға түсудің өзі ешқандай кепілдік бермейді,

дәрігер дипломын барлығы бірдей ала бермейді, селекция аса үлкен, ал жолы болып диплом алғандардың өзінде жұмысқа орналасуға ешқандай кепіл жоқ. Мысалы, медицина саласында жұмыс істеу үшін тартымды Бостонда, дәрігерлер арасында бәсекелестік өте жоғары, бір орынға 100 адамға дейін таласады. Сондықтан, барлығы құрметті және үлкен табыс әкелетін дәрігер орнын жоғалтқысы келмейді. Дәрігер – АҚШ-тағы ең жоғары ақы төленетін кәсіптердің бірі, олардың табысы елдегі орташа айлықтан жоғары – 150 мыңнан бастап атақты нейро- және кардиохирургтар табысы жылына бірнеше миллион долларға дейін барады. Сонымен қатар, жоғары мәртебесі мен табысы бар дәрігерлер жайбарақат өмір сүріп жүре бермейді, олар үнемі жаңа технологияларға оқиды, медицинаның жаңа жетістіктері туралы ақпараттың кең ауқымын сіңіреді, бір жақсысы, әлемдегі медицина бойынша ақпараттың 90%-дан астамы - ағылшын тілінде.

Бұл ретте АҚШ-та медицина ғылымы мен тәжірибесінің байланысы өте тығыз, және АҚШ-та медициналық жаңалықтар мен жаңа препараттарды жасау үшін әлемдегі ең үздік жағдайлардың бірі жасалғаны кездейсоқ емес. Нобель премиясының медицина саласындағы кейінгі 25 лауреатының ішіндегі 18 адам америка азаматтары болуы қалыптасқан жағдайдың көрнекі нәтижесі болды.

Алайда, америкалық дәрігер мен сапалы медицинаның беделі мен жоғары мәртебесінің басқа қыры да бар.

Сарапшылар АҚШ-тағы денсаулық сақтау проблемаларын үш негізгі себеппен түсіндіреді:

Біріншіден, денсаулық сақтау жүйесіне үлкен салымдарға

қарамастан, әлемнің басқа дамыған елдерінің аясында өмір сүру ұзақтығы өте төмен болып қалуда. Бұған дейін айтылғандай, АҚШ-тағы өмір сүру ұзақтығы ЭЫДҰ жетекші елдерінен, кем дегенде, 4 жылға артта қалып отыр.

Екіншіден, нәсілдік тиістілік пен табысқа байланысты ел халқының арасындағы медициналық теңсіздіктің артуы жалғасуда. Мысалы, «...Обаманың реформасынан кейін медициналық сақтандырумен қамту 90,9%-ға жетті, ЭЫДҰ елдері арасында тек 33-ші орын алып, дағдарыспен қамтылған Грецияны ғана басып озды. Сонымен қатар, Американың ең бай ерлерінің 1% бөлігінде өмір сүру ұзақтығы 87,3 жасқа жетті, ал ең кедей ерлердің 1%-ы тек 72,7 жасқа жетті, 15 жылды құрайтын елеулі айырмашылық.

Ақырында, медициналық қызметтердің өте жоғары құны, әлемдегі ең қымбат болып шықты. Мысалы, АҚШ-тың денсаулық сақтау шығындары 2013 жылы бір адамға 8,713 долларға жетті, ал ЭЫДҰ-ның барлық елдері арасында адамға жұмсалатын орташа шығындар 3,453 долларды құрады» [131].

Шынында да, медицина, АҚШ-тағы барлық салаға ұқсас, бизнес жүргізудің, халыққа қызметтер сатудың бір түріне айналды. Бүгінде АҚШ ЭЫДҰ елдері арасында орталықтандырылған медициналық көмек жүйесі жоқ жалғыз мемлекет. Бұл АҚШ-та медициналық көмексіз қалған адамдардың қалың тобының пайда болуына әкелді. Халық санағы бюросының мәліметтері бойынша, «...2009 жылы 50,7 миллион тұрғынның (оның ішінде 9,9 миллион азаматтығы жоқтар) немесе халықтың 16,7% бөлігінде медициналық сақтандыру болмай шықты» [132].

Бұл медициналық сақтандыруы жоқ миллиондаған америкалықтар үшін кез келген ауыр ауру, операция көтере алмайтын қаржы шығындарына және тіпті банкротқа ұшыратады дегенді білдіреді. Көптеген адамдардың пікірінше, бұл тұрғыда Америка қатыгез демесек те, қатал мемлекет. Медицинада жаңа технологиялар мен дәрі-дәрмек жасауда жетекші орын алып, ең үздік дәрігерлері бар болса да, CIA World Factbook мәліметтері бойынша, АҚШ балалар өлімінің деңгейі бойынша әлемде 41-ші орында (дамыған елдер арасындағы ең нашар көрсеткіш) және өмір сүру ұзақтығы бойынша 45-ші орында болуы таңғаларлық жағдай емес.

Шын мәнінде бақуатты адамдар ғана бөгде көмексіз емделе алады. Мысалы, аппендицит сияқты қатардағы операциялар ақысы АҚШ-та он мың долларға жетуі мүмкін. Мұндай шығындарды орташа табысы бар америкалық отбасы жалғыз төлеу алуы сирек жағдай.

Нәтижесінде, жалғыз көмек медициналық сақтандыру болып табылады, оған адам аздап болса да, үзбей төлеп отырады, ауырып қалған жағдайда, негізгі шығындарды сақтандыру компаниялары өтейді. Әркім өз бетінше таңдаған сақтандыру компаниясы медициналық шығындармен көмектеседі, сол арқылы әркім медициналық көмек қажет болған жағдайда күтпеген жоғары шығындардан қорғалуды қамтамасыз етеді.

Медициналық сақтандыру дегеннің не екенін білмейтін адам үшін қызықтың барлығы осы кезде басталады, өйткені АҚШ-та ересек адамды сақтандырудың орташа құны айтарлықтай ерекшеленеді және айына 150 – 500

доллар арасында құбылады (2015 жыл бойынша). Осылайша, төрт адамнан тұратын отбасы, біз АҚШ-та осындай құрамда тұрдық, сақтандыру шығындары айына 1000 долларға дейін жетіп отырды. Айтарлықтай сома. Көптеген америкалықтардың, тіпті жұмыс істейтіндердің қалтасы көтере бермейді. Оның өзінде, орташа сақтандыру, әдетте, медициналық шығындарды тек ішінара өтейді. Кейбір қызметтерге, мысалы, дәрі-дәрмекке, бәрібір қосымша ақы төлеу керек болады.

Дәрі-дәрмек бағасы - бұл аса өзекті әлеуметтік тақырып. Бүгінгі таңда көптеген пациенттердің, тіпті сақтандырулары барлардың өздерінің, дәрі-дәрмек сатып алуға мүмкіндігі әркезде бола бермейді, өйткені дәрілер бағасы басқа дамыған елдермен салыстырғанда, өлшеусіз жоғары деңгейде болады. Проблема – мемлекет бағаның қалыптасуын реттемейтін болуында, осындай маңызды мәселе фармацевтикалық бизнес пен нарықтың қарауы мен жауапкершілігіне қалдырады. Осындай әдіс америкалықтар тарапынан қатаң сыналады, өйткені мұндай жағдайда бастысы фармкомпаниялардың пайдасы болады, нәтижесінде, көптеген америкалықтардың қалтасы көтермейтін шығындарға әкеп соғып, өмірлеріне қауіп төндіреді. Мысалы, мынадай жағдай орын алды, «... Джилид Сайенс (Gilead Sciences) компаниясы бір шағын биотехнологиялық компаниядан С гепатитін емдейтін препаратқа патент сатып алу үшін 11 миллиард доллар жұмсады. Джилид Сайенс компаниясы препараттың бір қаптамасын өндіру үшін небәрі 1 доллар жұмсап, оны сатып алушыларға 1000 долларға сатуы көптеген адамдардың наразылығын тудырды. Нәтижесінде, Джилид Сайенс осы

дәріні сатудан жыл сайынғы 11 миллиардтық табыс алғанға дейін, көптеген америкалықтар осы дәріні сатып алуға мүмкіндігі болмай, аурудан көз жұмады» [133].

Медициналық қызметтердің қолжетімсіз болуы проблемасы бүгін пайда болған жоқ. Елдің көптеген президенттері оны өз тәсілдерімен шешуге тырысты. Менің ойымша, екі президент бұл мәселеде ең маңызды нәтижелерге қол жеткізе алды. Осы президенттердің біріншісі болып 1965 жылы Медикэр (Medicare) және Медикэйд (Medicaid) тарихи бағдарламаларына қол қойған Линдон Джонсон болды. Біріншісі 65 жастан асқан азаматтарға, сондай-ақ денсаулығында проблемалары бар зейнеталды жастағы адамдарға арналған. Екіншісі – аз қамтылған азаматтарға. Бұл бағдарламалар революциялық болды және бір жағынан, миллиондаған америкалықтарға медициналық қызметтерге қол жетімділік беріп, екінші жағынан, елдегі денсаулық сақтау саласын әрі қарай дамытуға түрткі болды, медицинаға мемлекеттік шығындарды едәуір арттырды, осыған дейін айтылғандай, бүгінгі таңда АҚШ-тың рекордтық триллион доллар межесінен асып кетті және әрі қарай ұлғаю үрдісін қамтиды.

Екінші осындай Президент Барак Обама болды, ол 2010 жылы америкалықтар қарапайым Обамакэр (Obamacare) деп атайтын Affordable Care Act заңын ұсынды. Осы бағдарламаға сәйкес, АҚШ-тың барлық тұрғындарында медициналық сақтандыру болуы тиіс, әйтпесе оларды мөлшері штатқа байланысты өзгеріп отыратын айыппұлдар күтеді. Бұл заң АҚШ тарихындағы ең қымбат заң болды, өйткені оның ережелеріне сәйкес, визалық мәртебесіне қарамастан, заңды

тұрып жатқан және кірісі төмен барлық АҚШ тұрғындары мемлекеттен тегін сақтандыру алады. 10 жылға есептелген денсаулық сақтау саласындағы реформалар АҚШ бюджеті үшін 940 миллиард доллар болды. Бюджет жүктемесін төмендету үшін үкімет бай азаматтар мен фармацевтикалық компанияларға жаңа салықтар енгізді. Соңғысы бизнес пен бақуатты топтар тарапынан Обама әкімшілігіне едәуір сын айтылуға негіз болды. Реформаға қарсы болғандардың пікірінше, медициналық қызметтердің жалпыға бірдей қолжетімділігі денсаулық сақтау жүйесіне үлкен жүктеменің, кезектердің, бір дәрігерге пациенттердің жоғары саны болуына әкеп соғады, нәтижесінде – оның сапасы төмендейді.

Денсаулық сақтау және Обамакәрді жою мәселелері Трамптың сайлау алдындағы науқаны іргетасына айналды, сондықтан оның Президент лауазымындағы алғашқы жарлықтарының бірі бағдарламаның күшін жою болды. Оның бұл қадамын АҚШ Конгресіндегі республикалық көпшілік сол сәтте қуана қолдады.

Менің субъективтік көзқарасым бойынша, АҚШ медицинасын коммерциялық етудің ең аз айтылатын жасырын проблемаларының бірі пациенттерді емдеуге емес, оларға медициналық қызмет көрсету процесінің ұзақтығына мүдделі болатын кейбір дәрігерлер тарапынан пациенттерге деген ықылассыз қарым-қатынастың туындауы болып табылады. Қарапайым сөзбен айтқанда, теріс пиғылды дәрігер науқасты неғұрлым ұзақ «емдесе», соғұрлым көп ақша алады.

Онымен қоса, АҚШ-та еуропалық мемлекеттер сияқты, халықтың қартаю проблемасы бірінші кезекте қарастырылмайды. Бүгінгі таңда, өмір сүру ұзақтығын

зерттеу бойынша Стэндфорд орталығы директорының пікірінше, «...өмір сүру ұзақтығы артуы мен балалардың төмен саны (бұрынғыға қарағанда), жер тұрғындары пирамидасының негізінде жас адамдардың көпшілігі, ал жоғарғы жағында қарт адамдардың аз ғана саны болып тік төртбұрышқа айналатын жаһандық процеске әкеп соғады. Адамзат тарихында алғаш рет, бүгінде дамыған елдерде дүниеге келгендердің көпшілігінде кәрілікке дейін өмір сүруге бүкіл мүмкіндіктері бар» [134].

Бүгінде АҚШ-ты бүкіл әлемнен келіп жатқан жастар иммиграциясы құтқарып тұр, бірақ 25 жастан ересек халықтың үлесі үздіксіз артып келеді және тиісінше, Медикэр бағдарламасы бойынша шығындар да жыл санап артып келеді. 2060 жылы 65 жастан асқан адамдардың үлесі қазіргі 46 миллионнан 98 миллионға дейін ұлғайып, АҚШ-тың барлық халқының 24% бөлігін құрайды деп болжануда. Әлемдегі ең үлкен бюджет артып келе жатқан жүктемені еңсереді ме деген сұраққа, әзірге ешкім жауап бере алмайды. Көптеген сарапшылар мемлекеттің денсаулық сақтауға арналған орасан шығындарын қолдау мүмкіндігіне үлкен алаңдаушылық және күмәнмен қарайды, оларды одан әрі ұлғайту қолданыстағы денсаулық сақтау жүйесінің күйреуіне әкеп соғуы мүмкін деп ойлайды. Олардың пікірінше, денсаулық сақтау жүйесінің өзі «сауықтыру» мен реформаларға мұқтаж.

Осылайша, америкалық қоғам мен үкімет алдында менің ойымша, екі көп қырлы міндет тұр. Біріншіден, америкалық медицинаның сапасын сақтап, оған елдің барлық мұқтаж тұрғындарының қол жеткізуін қамтамасыз ету. Екіншіден,

медициналық қызметтердің сапасы оларға өсіп келе жатқан үлкен шығындардан асып түсетіндей етіп жасау. Әлде сапалы америкалық медицина қамтамасыз етілген адамдардың бөлігі алатын қызмет болып қала береді ме?!

3.7 Қылмыстық Америка

Мен Бостон университетінде ағылшын тілінің курсында оқуды енді ғана бастаған кезде, әрине, қайда оқуға түсе алатынымды білген жоқпын, Чикаго университеті, Нью-Йорктегі Колумбия университеті мен Вашингтондағы Джон Хопкинс (халықаралық зерттеулер мектебі) сияқты нұсқалар жайында ойланып жүрдім. Барлық мектептер жақсы болды – оқу сапасы және орналасқан жері, бірақ мен отбасыммен келгендіктен, олардың жабдықталуы мен қауіпсіздік туралы ойлауым керек болды. Бостон, әсіресе Кэмбридж, әрине, осы тұрғыдан ең жақсы нұсқа болды, дегенмен басқа қалалар да маған көңіл бөлуге лайықты көрінді.

Менің осы мәселеге көзқарасыма бір жағдай біршама әсерін тигізді. Бір жолы, таксидің қызметтерін пайдаланып, ал аса қымбат бостондық таксиді мен АҚШ-қа келгендегі алғашқы апталарда, қаланы және АҚШ-тағы ең үздік қоғамдық көлік жүйесін аса жақсы білмеген кезімде ғана пайдаландым, сол кезде афроамерикалық жүргізушімен әңгімелесіп кеттік. Мен болашақ тұрғылықты жеріме қатысты тақырып қозғағанымда, басқа қалалар арасында Чикагоны да айтып кеттім, сол кезде ол кенеттен басын шайқап, маған бұрылды да, осы қатерлі ойымнан бас тартқаным жөн боларына эмоциялық түрде сендіре бастады. Белгілі болғандай, осы қалада оның ұлын

өлтіріп кеткен, басқа ұлдарын да өлтіре жаздаған, сондықтан оның отбасы түгелдей Чикагодан кетуге мәжбүр болған. Мен, әрине, оның әңгімесінде эмоция көп екенін, АҚШ-та ғана емес әлемнің әрбір қаласында қылмыстық аудандар бар екенін, ал Чикаго – Американың ең қауіпті қаласы емес екенін түсіндім, бірақ естіген оқиға көңілімде бір сызат қалдырды.

Сондықтан, «Америкада тұру қауіпті ме?» деген сұраққа, менің көзқарасым бойынша, ең дұрыс жауабым мынадай: қай жерінде тұратынына байланысты! АҚШ-та жыл сайын ең қауіпті қалалардың ондығы сияқты ақпарат жарияланып отырады.

Мәселен, ФТБ аналитиктері жасаған АҚШ-тың ең қауіпті қалалар ондығы 2013 жылы мынадай болды:

10. Кливленд, Огайо штаты (халық: 393 781). Кедейлік деңгейі: 34,3%, 2012 жылы кісі өлтіру саны: 84;

9. Балтимор, Мэриленд штаты (халық: 625 474). Кедейлік деңгейі: 25,1%, 2012 жылы кісі өлтіру саны: 219;

8. Нью-Хейвен, Коннектикут штаты (халық: 129 934). Кедейлік деңгейі: 30,1%, 2012 жылы кісі өлтіру саны: 17;

7. Бирмингем, Алабама штаты (халық: 213 266). Кедейлік деңгейі: 32,0%, 2012 жылы кісі өлтіру саны: 67;

6. Стоктон, Калифорния штаты (халық: 299 105). Кедейлік деңгейі: 25,8%, 2012 жылы кісі өлтіру саны: 71;

5. Мемфис, Теннеси штаты (халық: 657 436). Кедейлік деңгейі: 27,2%, 2012 жылы кісі өлтіру саны: 133;

4. Сент-Луис, Миссури штаты (халық: 318 667). Кедейлік деңгейі: 27,0%, 2012 жылы кісі өлтіру саны: 113;

3. Окленд, Калифорния штаты (халық: 399 487). Кедейлік деңгейі: 21,0%, 2012 жылы кісі өлтіру саны: 126;

2. Детройт, Мичиган штаты (халық: 707 096). Кедейлік деңгейі: 40,9%, 2012 жылы кісі өлтіру саны: 386;

1. Флинт, Мичиган штаты (халық: 101 632). Кедейлік деңгейі: 40,6%, 2012 жылы кісі өлтіру саны: 63.

Бұл тізім жыл сайын жаңартылып отырады, ол статистикалық емес және қылмыс географиясы осы қалалармен шектелмейді. АҚШ-та әрбір ірі қаланың өз қылмыстық аудандары бар. Бірақ АҚШ-тың барлық қылмыстық қалалары, олардың географиясына қарамастан, әртүрлі нәсілдік, климаттық және басқа да жағдайлар жалпы сипаттамалармен біріктірілген. Біріншіден, қылмыстың өршуі экономикалық проблемалармен тығыз байланысты. Кедейшілік пен шарасыздық бейәлеуметтік мінез-құлық пен қылмыстылық тудырады. Экономикалық проблемалардан басқа, қауіпті қалалар халықтың білім деңгейінің өте төмендігін көрсетті. Осы қалалардың бәрінде орта мектепті аяқтау аттестаты бар ересектер пайызы 80%-дан аспайды, ел бойынша жалпы көрсеткіш - 86%.

Ең классикалық мысал - Детройт, ол АҚШ автокөлік өнеркәсібінің астанасы болып саналады және ұзақ уақыт бойы Американың ең бай және тартымды қалаларының бірі болды. Үш автомобиль алыбы – Форд, Крайслер және Дженерал Мотор XX ғасырдың ортасында 2 миллионға жуық халқы бар қаланың жартысын асырады. Мәңгі осылай болатын сияқтанды, өйткені Америка – автомобильдік ұлт, ал барлық америкалықтар АҚШ-тың нағыз патриоттары ретінде өздерінде шығарылған машиналарды ұнатады. Бірақ жеке экономикалық мүдде пайда болған кезде, патриоттық аяқталды. Жапон және еуропалық машиналар арзан,

жақсырақ және пайдалану кезінде үнемді болып шықты.



Бүгінде, еуропалық және жапондық үнемді автомобильдерімен бәсекелестікке төтеп бере алмаған америкалық автоиндустрия дағдарысынан кейін, қаланы тұрғындардың жартысынан астамы тастап кетті. Экономикалық қиындықтар, жұмыссыздық бір кездері үлкен үміт сыйлаған қалада қылмыстың өршуіне әкеп соқты. ФТБ деректері бойынша, «...Детройттың әрбір елуінші тұрғыны ауыр қылмыс жасайды, ал қауіпті қалаларда халықтың үштен бір бөлігіне дейін кедейлік шегінде өмір сүреді, барлық қалаларда жұмыссыздық күшейе түседі. Олардың жетеуінде ол 10% белгісінен асып кетті, ал жұмыспен қамтылмаған халықтың деңгейі 18%-дан асты. АҚШ-та орташа кедейшілік деңгейі 15%, Детройт және Флинт сияқты жерлерде бұл көрсеткіш 40%-дан асты. Тіпті Оклендтің өзінде 20%-дан астам халық кедейшілік шегінде тұрады, дегенмен Калифорния Американың ең бай штаты болып саналады» [135].

Зерттеу АҚШ-тың ең қауіпті қалалары бойынша ғана емес, штаттар бойынша да жүргізіледі. 2013 жылы жасалған қылмыстар саны бойынша ең қауіпті және қауіпсіз штаттар статистикасы бойынша 100 000 адамға, «...Юта ең қауіпсіз штаттар тізімінде тұр. Оның ішінде, бұл қоғамның қатпарлануының салыстырмалы төмен деңгейіне байланысты: 2013 жылы Ютаны 12,7% ғана бөлігі кедейлік шегінде өмір сүрді. Басқа да салыстырмалы қауіпсіз штаттардағы сияқты, Юта салыстырмалы аз халқы жылына кемінде 10 мың долларға немесе 200 мың доллардан астам сомаға өмір сүреді» [136].

Осы статистика тұрғысынан, ойламаған жерден, АҚШ-

тың ең қауіпті штаты Аляска болып шықты. Әлбетте, қатал жағдайлар қатал адамдарды тартады!

2013 жылғы ең қауіпсіз және ең қауіпті штаттар



Жыл сайын ФТБ «АҚШ-тағы қылмыскерлік» деп аталатын есеп жариялайды. Мысалы, 2014 жылғы есепте бір жыл ішінде 1 миллион 165 мың 383 зорлық-зомбылықпен (кісі өлтіру, тонау, зорлық-зомбылық және т.б.) қылмыс тіркелген. Мүлікке қатысты қылмыстар көп болды – 8 миллион 277 мың. ФТБ бүкіл ел бойынша 11 миллион 200 мың тұтқындау, соның ішінде көлік бұзушылықтары үшін қамауға алу жүзеге асырылғаны туралы деректер келтірді» [137].

Жыл сайынғы қамауға алудың осындай үлкен санын ескере отырып, елдің әлемдегі көшбасшылығы, жағымсыз жағынан, атап айтқанда сотталғандар мен түрмеде жазасын өтеп жүрген азаматтар саны бойынша да көрініс беретіні қуанарлық емес. Бұл тек дамыған елдер арасында ғана емес, бүкіл әлемде осылай. 320 миллион халқы бола тұра, бұл бүкіл әлем тұрғындарының шамамен 5% құрайды, «...2015 жылы АҚШ-тың үлесіне әлемнің барлық тұтқындарының төрттен бірі келеді! Атап айтқанда – 2,3 миллион адам» [138].

Ел игілігі үшін нәтижелі және пайдалы жұмыстың орнына қамау орындарында жүрген АҚШ азаматтарының осындай армиясы билік үшін үлкен сомаға айналып отыр. Мысалы, Нью-Йорк мэриясы үшін әрбір қамаудағыны асырау жыл сайын 168 мың долларды құрайды, бұл ақшаға АҚШ-тың беделді университетінде 4 жыл оқуға болады.

АҚШ-та түрмеге отыру өте оңай, басқа елдерде айыппұл жазбақ тұрмақ, көңіл де бөлмейтін қылмыстар үшін бұл жерде адамдар қамауға алынады. Мысалы, «...Флорида штатында теңіз өнімдерін импорттаушы Аби Шойенвет-

тер деген бизнесменді тұтқындап, соттап жіберген жағдай болған, ол лобстерлерді дұрыс тасымалдамағаны үшін темір тордың арғы жағында алты жыл отырған, сондағысы теңіз өнімдерін шығаратын Гондурастың заңнамасы бойынша лобстерлер қораппен тасымалдану керек болса, ол целлофанмен тасымалдаған екен. АҚШ-та басқа мемлекеттің табиғат қорғау заңнамасын бұзған адамды Штаттарда соттауға рұқсат беретін Лейси делінетін заң бар» [139].

Басқа өнеркәсіптік дамыған елдердің криминологтары мен құқықтанушылары айтуынша, оларды Америкада шығарылған үкімдердің саны мен қорытынды мерзімінің ұзақтығы таң қалдырады. Көптеген сарапшылар америкалық құқық қолдану тәжірибесін елеусіз құқық бұзушылықтар үшін қатаң жазалайтынына қатысты сынға алады. Сотталғандардың тым көп саны қаржылық және әлеуметтік шығындарға соқтырады. Ең қарапайым есеп бойынша, қамаудағыларды асырау жыл сайын 80 миллиард долларға жетті. Сарапшылардың айтуынша, 10 жылға қамауға алу бір жылға қарағанда он есе қымбат. Бірақ ол 10 есе тиімді болуы екіталай. Сонымен қатар, зерттеулердің бірінде анықталғандай, түрмедегі әрбір қосымша жыл қылмыстық рецидивизм мүмкіндіктерін 6%-ға арттыратынын анықтады. Бұдан әрі, қазіргі және бұрынғы сотталғандардың көп миллиондық армиясы, олардың ішінде жұмыссыздар көп, ұлттық кедейлік деңгейін 20%-ға арттырады!» [140].

Заңды және қарапайым сұрақ туындайды: өз азаматтарына осыншама қатал қараудың себебі неде? Жауаптар әртүрлі көзқарасты камтиды.

Жауаптардың бірі – бүкіл әлемнен әртүрлі халық, оның

ішінде қашқын қылмыскерлер, авантюристер ағылып келіп жатқан мемлекетке қатал заңдар қажет болды. Нақты осы қатал заңдар мен ең бастысы, тиімді құқық қолдану тәжірибесі иммигранттардың елдегі бейберекет әрекет етуінің алдын алып қана қоймай, жаңа мемлекеттің негізін берік нығайтты.

Ең көп таралған тағы бір жауап – халықтың қаруға еркін қол жеткізуі.

АҚШ үшін қаруға еркін қол жеткізу мәселесі, соның ішінде жаппай қырып-жою, өте өзекті және саяси мәртебеге ие болды. Тіпті жаппай кісі өлтіру сериясынан кейін автоматты қару-жараққа тыйым салу ең сақ әрекеттері лоббистер, ең алдымен, аса ықпалды Ұлттық атқыштар қауымдастығы тарапынан ең қатал жауыздыққа алып келді. Бірақ барлығы үшін лоббистерді айыптай салу тым оңай тәсіл болар еді.

Қару сатып алу және алып жүру құқығы - бұл АҚШ-тың кез келген азаматының XVIII ғасырдың соңында екінші түзетуде тіркелген конституциялық құқығы екенінен бастайық (Second Amendment to the United States Constitution). Құрама Штаттардың қалыптасуының бастапқы кезеңінде, мемлекеттік институттардың салыстырмалы әлсіздігі, халықтың әртүрлілігі, тез өзгертін шекаралар мен ережелер жағдайында азаматтар өз қауіпсіздігін өздері қамтамасыз етуге тиіс болатын және мемлекет оларға қару алу құқығы түрінде осындай мүмкіндік берді. Бұл құқық Америка қоғамында қалыптасып кеткені сонша, АҚШ тарихында болған және жазықсыз азаматтардың, жиі – балалардың жаппай атылуына әкеп соққан ешқандай қылмыстар қандай да бір елеулі өзгерістерге әкелмеді. Мы-

салы, Обаманың президенттік кезеңінде, автоматтық қару-жарақты қолдана отырып, балалар мен ересектер атылып кеткен бірнеше жан түршігерлік жағдайлар орын алды. Бір ғана 2012 жылы бірнеше жеке атқыштар кінәсі жоқ жүздеген адамдарды құрбан етті. 2012 жылы 14 желтоқсанда 20 жасар Адам Лэнза Коннектикут штатындағы Ньютон қаласындағы Сэнди Хук бастауыш мектебінің ғимаратында орналасқан 27 адамды өлтірді. Өлгендер арасында бастауыш мектеп жасындағы 20 бала, мектептің 6 мұғалімі және оның өз анасы болды. Обама әкімшілігінің автоматтық қару-жараққа тыйым салу мәселесін шешу әрекеті сәтсіз болды.

Америкалық «дирижерлік ету» сыншылары АҚШ-тың халықаралық қауіпсіздік биполярлы жүйесінің ыдырауынан бері әлемдік қауіпсіздік жолында ілгерілеуге қарағанда, хаос пен проблемалар көбірек әкелді деп сенеді. Атақты америкалық профессор, гуманист Ноам Хомскийдің пікірінше, ИЛИМ сияқты қазіргі заманғы монстрлардың және басқа да террористік ұйымдардың пайда болуына дәл осы АҚШ басты жауапты болып табылады. Оның айтуынша, 2003 жылы Иракқа басып кіру Ирак қоғамының тұрақсыздығына әкеп соққан конфессияаралық бөлектенуді

тудырды. Нәтижесінде Сауд Арабиясы қаржыландыратын радикалдар өңірлік саясат субъектісі бола алатын жағдай пайда болды. Нақты осы жағдайларда «Ирак және Левант ислам мемлекеті (ИЛИМ)» пайда болды, кейіннен ол «Ислам мемлекеті» (ИМ) болып өзгерді [165].

Алайда, АҚШ-тың сыртқы саясатындағы либералды-демократиялық принциптердің әмбебаптығы және басқа елдердің ұлттық мүдделерін және саяси жүйелерді мойындауды, АҚШ-тың сыртқы саясатын идеологиясыздандыруды көздейтін іске асыру жақтастары ретінде АҚШ-тың жаһандық миссиясына сенуге негізделген идеализм жақтастары арасындағы дау академиялық ортада ғана жүріп жатпағаны түсінікті жағдай. Ақ үйде, Капитолияда, сондай-ақ мемдепте де сыртқы саяси шешімдерді қабылдау процесі ауыспалы табыспен, негізінен, осы екі тәсілдің арасында іске асырылады. Бір елеулі ескерту бар: қандай өлшемде осы айырмашылықты қабылдасам да, барлық тараптар, республикалықтар немесе демократтар болсын, жоғарыда аталған сыртқы саяси консенсустың бірыңғай бас желісін жасырын ұстанды.

2016 жылы Трамптың жеңісі АҚШ-тың 25 жылдық жаһандық үстемдігінің өзіндік қорытындысын шығарды және Вашингтонның әлем аренасындағы орныққан іс-қимыл тәртібіне айтарлықтай сын болды. Америкалықтардың басым бөлігінде АҚШ-тың сыртқы саясаты қандай болуы керек деген мәселе бойынша дәстүрлі вашингтон элитасымен принципті айырмашылықтары бар болып «шықты». Трамптың бұқарасының сезіліп қалған көңіл-күйі «...сыртқы саяси көзқарастың басты нүктелерінің

бірі бір жағынан, АҚШ ұлылығы мен олардың либералды халықаралық тәртіптегі көшбасшылық рөлі арасындағы байланысты (одақтардың, сауда-экономикалық блоктардың және халықаралық экономикалық институттардың америкалық жүйесі) жоққа шығаруы және екінші жағынан, америкалық мүдделер мен құндылықтарға сәйкес әлемдік жүйені өзгертуге ұмтылу болғаны кездейсоқ емес» [166].

Трампың «Американы тағы ұлы етеміз» (Make America Great Again) деп жеңіске жеткен ұраны, АҚШ-та, 25 жылдық көшбасшылық етуінде, елдің орасан зор, бірақ шексіз емес ресурстарын америкалық ұлылықты жоятын ішкі проблемаларға бағыттайтын кез келді деп сенетін «неоизоляциялизм күштердің» жеңіске жетуі айқын мысалы болды. Трамп пен оның жақтастары іс жүзінде АҚШ-тың әлемдік тәртіпте үстемдігі мен елдің дамуы арасындағы байланыс туралы сыртқы саяси консенсустың басты қағидаттарының біріне күмән келтірді.

Сонымен қатар, Трамп ел бюджеті үшін үлкен және қажетсіз қаржылық жүктеме ретінде АҚШ-тың жаһандық үстемдігінің қалыптасқан жүйесі туралы, сондай-ақ АҚШ-тың шетелдік одақтастары өздерінің қауіпсіздік мәселелерін Америка есебінен шешетінін айтады. Мысалы, Трамп жиі көтеретін мәселелердің бірі америкалықтардың АҚШ-тың америкалық салық төлеушілер есебінен одақтастардың қорғаныс шығындарын іс жүзінде тартып отырғанына наразылығы болды. АҚШ одақтастарының қауіпсіздігі америкалықтар үшін тым қымбатқа түседі. Сайлау алдындағы науқан барысында АҚШ-тың НАТО-ның еуропалық блогын ұстау жөніндегі шығыстардың ең көп

үлесін өзіне алғандығы, ал еуропалық елдердің көпшілігі еуропалық қауіпсіздік қобдишасына төлеуге міндетіне немқұрайдылық танытады деп жиі айтылды.

Еуропарламент президенті Мартин Шульцтің айтуынша, егер 2001 жылы ЕО елдері қорғаныс қажеттілігіне 251 миллиард еуро жұмсаса, 2012 жылы - тек 190 миллиард, яғни төрттен бір бөлігіне төмен. Әділдік үшін АҚШ-тың «қомақты шығындары» туралы осындай әңгімелерімен барлығы келісе бермейтінін айта кету керек. Сарапшылардың айтуынша, НАТО бюджеті үшін АҚШ ең ірі қаржы доноры болып табылады, бірақ олардың үлесі 72% емес, 22%-ды құрайды, одан әрі Германия – 14,5%, Франция - 11% және Ұлыбритания - 10,5%. Ал 72% деген ірі үлес АҚШ-тың Ауғанстан мен Ирактағы әскери операциялар құнын есептеу кезінде қалыптасады.

Алайда бір қызығы, бүгінгі таңда Трамп ұрандап, дауыстап айтып жүрген әрекеттің барлығын, Обама әкімшілігі 8 жыл бойы үндемей іске асырып жүрді. Мемлекеттік хатшы ретінде тәжірибелі саясаткерлер (Хиллари Клинтон мен Джон Керри) қызмет еткен Обаманың әкімшілігінде АҚШ күштерінің жаһандық аса кернеулігін, қатардағы америкалықтардың көңіл-күйіндегі протекционизмнің өсіп келе жатқан сыртқы саяси стратегияны түзету қажеттігін түсіну болды. Егер барлық насихаттау штамптары мен эмоцияларға көңіл бөлмей, фактілер мен сандарды мұқият қарайтын болса, онда Обаманың басқару кезеңінде АҚШ-тың әлем аренасына қатысуы біртіндеп қысқарғанын көруге болады. Обамаға АҚШ-тың бұрынғы президенттерінен, әсіресе кіші Буштан қалған сыртқы саяси мұрасы өте күрделі бол-

ды. «...АҚШ Ирактағы танылмаған соғысқа белшесінен баты, Ауғанстанда шешуші табысқа қол жеткізілген жоқ, Таяу Шығыстағы позициялардың босаңсуы жалғаса берді». [167].

АҚШ-тың 44-ші президенті көп күш жұмсады және көптеген шығындық әскери қақтығыстардан шыға алды. Ең алдымен, АҚШ-тың бюджетіне аса ірі ақша жұмсалған Ауғанстан мен Ирактан. Браун университеті жанындағы халықаралық зерттеулер институты жүргізген «Costs of War» зерттеуінің мәліметтері бойынша, «...Ирактағы соғысқа АҚШ-тың шығындары 2 триллион доллардан асты, ал 1,7 триллион тікелей әскери операцияларды қаржыландыруға, ал 490 миллиард соғыс ардагерлеріне түрлі төлемдерге жұмсалды. Тағы шамамен 800 миллиард Ауғанстанға жұмсалды» [168]. Одан да ірі сомалар бар. Эйзенхауэр зерттеу тобының (Бостон және Браун университеттерінің ғалымдар командасы) деректері бойынша, 2001 жылдан бастап Ауғанстандағы және Ирактағы соғыстарға АҚШ-тың тікелей және жанама шығындары (мысалы, соғыс ардагерлеріне арналған шығындар) 4,4 триллион АҚШ долларын құрады!» [169].

Қатардағы америкалықтар осы керемет сомалар туралы білді ме? Әрине, білді, сондай-ақ олардың осы ысыраптарға теріс реакциясы, ресурстарды ішкі проблемаларға бағыттау ниеті әбден түсінікті.

Жалпы, изоляционизм жаңа тақырып емес және Трамп тек «ескі теріге жаңа шарап» құюға тырысуда. XX ғасырдың неоизоляционизмнің жарқын өкілдерінің бірі сенатор Уильям Фулбрайт болды, ол 15 жыл бойы шетелдік істер бойынша сенат комитетін басқарды. Ол әйгілі «The Arrogance of Power» («Күш менмендігі») кітабының авторы болды, онда

«халықаралық жандармның рөлі Американы әлсіретіп, оны сыртқы жаулар мен ішкі проблемалардың алдында осал етеді. Вьетнам соғысы қызып тұрған кезде айнымас республикашыл Фулбрайт АҚШ-тың билеуші тобын өзінің ішкі проблемаларына назар аударуға және халықаралық аренадағы елес мақсаттарды қуып, елдің әлеуетін жоғалтпауға табанды түрде шақырды» [170]. Өзінің басқа «The Crippled Giant» («Ақсақ алып») кітабында Фулбрайт «...АҚШ үшін өз күшін неғұрлым дана пайдалану қажеттілігін; АҚШ миссиясы – өз бейнесі мен ұқсастық бойынша әлемді қайта жасау туралы қауіпті иллюзиясын тоқтату керектігін» көрсетеді» [171].

Америкалық әткеншектер - жаһандық басымдықтан изоляционизмге дейін қазіргі заманғы дамыған әлемнің жаңа трендіне: жаһанданудан ұлтшылдық пен протекционизмге дейін толығымен сәйкес келеді. Бүгінде америкалықтардың көпшілігі жаһандану мен әлемдік көшбасшы саясатының шығындары алынған пайдаға қарағанда әлдеқайда жоғары деп шешті.

АҚШ рөлінің күрт қысқаруы мүмкін әлемдік саяси жүйеге не қауіп төндіреді?

Ең алдымен, көптеген ондаған жылдар бойы халықаралық қауіпсіздік жүйесі тұрақтандырғыш және теңестіргіш жетекші рөлін Құрама Штаттар ойнайтындай етіп құрылғанын ескеру қажет. Сондықтан АҚШ-тың әлемдік аренадан «кетуі» халықаралық қатынастардың барлық жүйесін тұрақсыздандыру қауіпін төндіреді. АҚШ сыншылары «әлемдік жандарм» ретінде не айтса да, АҚШ-сыз әлем бүгінгі күнге қарағанда әлдеқайда қауіпті және тұрақсыз болар еді. Идея бойынша осындай функциялармен айна-

лысуы тиіс құрылым, БҰҰ әлсіздік жағдайында «жоғарғы төрешінің», жаһандық модератордың болуы әлемдік тұрақтылықты қолдау үшін аса маңызды болып табылады. Біз халықаралық аренадағы оқиғалардың дамуынан көріп отырғанымыздай, тіпті әлсіреуді тұспалдаудың өзі, АҚШ-тың басты тұрақтандырушысы болатын қақтығысушы елдер арасындағы шиеленістің өсуіне алып келеді.

Егер АҚШ-тың оқшаулануы практикалық фазаны қабылдаса, бұл көптеген жасырын қақтығыстардың: қытай-жапон, иран-сауд қақтығыстардың теңгерімі бұзылуына алып келеді; Тайвань, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы, Таяу Шығыстағы басқа да даулы жерлердің кейінгі тағдыры және т.б. туралы мәселе өзекті бола түседі.

Әлемдік империялардың (рим, византия, испан, ресей, кеңестік) шарықтау мен құлдырау тарихы көрсеткендей, ұлы державалардың құлдырауы қақтығыстар тәуекелін күрт арттырады, бірінші кезекте жақын ортада, бірақ АҚШ жағдайында бұл жаһандық сипат алады. Әлемдік полицейдің рөлін басқа державалардың ешқайсысы тез алмастыра алмайды, ол үшін Қытай, Ресей немесе біріккен Еуропа болсын, ешбір державада жеткілікті ресурстар жоқ.

Американың рөлін қысқартудың екінші маңызды салдары АҚШ-тың «табиғи» сияқты қақтығысының өсуі, сарапшылардың пікірінше, халықаралық істердегі Вашингтон рөлінің әлсіреуіне жауап болуы мүмкін. «...Өзінің әлсіздігін түсіне отырып, АҚШ Фукидид тұзағына түсіп қалуы мүмкін (қазіргі ұлы державалардың әрекеттері, артып келе жатқан жағдайдың алдында қорқыныштан туындай бастауы)». Қытай, Ресей, ішінара ЕО тежеудің ықтимал

саясаты әлемдік қауіпсіздік жүйесін одан әрі теңгерімнің бұзылуына әкеп соғатын болады» [172].

Бұл жағдайда АҚШ пен басқа да әлемдік көшбасшылыққа үміткерлер арасындағы әскери және басқа да қақтығыстардың тәуекелдері артады. Гарвард университетінің Белферов халықаралық зерттеулер орталығының директоры Грэм Аллисон есептері бойынша, 1500 ж. бастап өрлеуші держава мен гегемон арасындағы соғыс 15 жағдайдың 11-де орын алған. Бүгін, әрине, АҚШ-тың Қытай немесе Ресеймен ашық әскери қақтығысын елестету қиын, бірақ адамзат тарихы бұл әлемде бәрі мүмкін екенін айтады.

Дегенмен, АҚШ-тың жаһандық істердегі көшбасшы рөлі үшін дәлелдер, менің ойымша, осыған қарсыға қарағанда көп. АҚШ-тың ішкі және сыртқы саясатында оңтайлы теңгерімді табу, артық халықаралық міндеттемелерден арылу, одақтастармен қарым-қатынаста сәйкессіздікті түзету және рөлдерді олардың үлкен жауапкершілігін нығайту пайдасына қайта бөлу, бір жағынан, ел ресурстарын өзекті мәселелерді шешуге шоғырландыру - екінші жағынан, ұзақ мерзімді келешекте АҚШ-тың әлемдік аренадағы рөлін тек нығайтуға ықпал ететін болады.

АҚШ-тың күші, ең алдымен, америкалық қоғам мен экономиканың өміршеңдігіне әсер етеді. Құрама Штаттар заңсыз көші-қон, медициналық сақтандыру мәселелерін шеше отырып, еңбек нарығындағы жағдайды жақсарта отырып, дамушы елдерден дәстүрлі өнеркәсіпті қайтару жолымен ғана емес, жаңа жоғары технологиялық өндірістерді, серпінді инфрақұрылымдық жобаларды құру, сапалы нығайтылып, жаңа күш, жаңа көзқарас және халықаралық

қатынастардың шынайылығын жақсы түсіну арқылы шешетініне куә болуымыз мүмкін.

Осының барлығы халықаралық қауіпсіздіктің өсіп келе жатқан проблемалары аясында өте маңызды, оларды шешу АҚШ-тың белсенді рөлінсіз проблемалы болып көрінеді. Бұл - көптеген рет айтылған халықаралық қақтығыстардан басқа, жаһандық жылынуға, ғаламшардың су ресурстарын қысқартуға, ядролық қаруды таратпау, бүкіл адамзат үшін қауіпті аурулардың әлеуетті эпидемиологиясына және т.б. байланысты проблемалардың тұтас спектрі.

Әлбетте, әлем қуатты АҚШ-қа мүдделі, бұл тіпті Американың ең жарқын қарсыластары үшін де осылай. Алайда, мынадай сұрақтар туындайды: америкалықтардың өздері қандай әлемге мүдделі, Вашингтонның саяси элитасы бүгінгі әлемді қалай көреді және бұл Америкалық ұлттық мүдделерге қалай жауап береді? Сұрақтар күрделі, бірмәнді емес, алуан түрлі түсінік береді.

4.4 АҚШ одақтастары: жаһандық көшбасшылық тірегі әлде «билетсіздер» ме?

Негізінен екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптасқан және бірінші кезекте, «суық соғыс» кезеңінде КСРО басшылығымен мемлекеттердің Варшава блогына қарсы тұру және тиімді тежеуге бағытталған АҚШ одақтастық қатынастар желісі, биполярлық жүйе ыдырағаннан кейін іс жүзінде халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты конструкциясына айналды. Әрине, бұл америка ортасында болатын тәсіл барлығына бірдей ұнай бермейді және

ара-тұра басқа державалар, бірінші кезекте, КСРО-ның құқықтық мирасқор елі ретінде Ресей мен өзінің қарқынды өсіп келе жатқан және жаһандық амбицияларын нашар жасыратын Қытай тарапынан дау тудырып отырады.

Мәскеу мен Пекин, сондай-ақ басқа да өсіп келе жатқан әлемдік күштер қазіргі ортасында америка болатын әлемдік тәртіпті қайта форматтауға тырысуда. Мысалы, қазіргі жағдайда, барлық батыс жартышары АҚШ-тың табиғи және монополиялық мүдделері мен ықпал ету аймағында орналасатыратын «Монро доктринасы» туралы қаншалықты айтуға болады? XIX ғасырдың доктринасы біржола ескірді және қазіргі заманмен ортақ ештеңесі қалмады. Бразилия аморфты болса да, «америкаға қарсы ниеті бар» БРИКС ұйымына кіреді (Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай және ОАР). Латын Америкасының барлық елдерінде Қытайдың экономикалық қатысуы жыл сайын артып келеді, осылайша аймақтағы америкалық мүдделерге қауіп төндіреді. Атап айтқанда, «... ХВҚ деректері бойынша, Латын Америкасына Қытай экспорты 2000 жылғы 6 миллиард доллардан 2014 жылы 130 миллиард долларға дейін өсті. Қытай АҚШ-ты басып озып, Бразилия, Чили және Перудің негізгі сауда серіктесіне айналды» [173].

Екінші жағынан, АҚШ-тың басшылығымен екі жақты және көп жақты одақтар желісінің өміршеңдігін қолдауда қатысушылардың өздері де, олар бір-бірін сынға алып, міндеттемелерді орындауды тоқтатумен бопсаламаған. Мысалы, Еуропалық одақтастар АҚШ тарапынан іс-әрекеттердің келісілмеуіне және олардың мүдделерін ескермеуіне наразылығын білдіретін немесе Жапония

Қытайға қатысты америкалықтардың қатаң ұстанымдарына қанағаттанбайтын жағдайлар. Трамптың сайлау алдындағы науқаны кезінде ол бір ойды жиі айтты, оның мәні мынадай: одақтастық Жапониясына шабуыл жасаған жағдайда АҚШ оған міндетті түрде көмекке келеді. Бірақ Жапония АҚШ-қа көмекке келеді ме?! Сол арқылы ол одақтастардың формажорлық жағдайларда Вашингтонға көмектесу ниеті мен мүмкіндіктеріне үлкен күмән келтірді.

Керісінше, Вашингтон, уақыт өте келе, әсіресе сайлау алдындағы президенттік науқан кезеңінде АҚШ-тың өз одақтастарын қорғау жөніндегі «зор ауыртпалық» туралы мәселесін көтеріп, оларды «билетсіздер» деп атай отырып, АҚШ-тың жаһандық ұстанымдарына, олардың қауіпсіздігіне және жалпы алғанда, әлемдік үстемдік шеңберінде алынатын мол рента әскери-саяси альянстардың жұмыс істеу тұрақтылығына тікелей байланысты екенін түсінеді. Вашингтонның жаһандық көшбасшылығы, ең алдымен, бүкіл әлем бойынша одақтастық қарым-қатынасқа негізделеді. АҚШ қаншалықты супер күшті және құдыретті болса да, Вашингтон жаһандық және өңірлік сын-қатерлерді жалғыз жеңе алмайды.

Бұл ретте қатардағы америкалықтардың қоғамдық пікірі бүкіл әлем бойынша тығыз одақтастық қатынастарды қолдауға бейім. Бұл мәселеде АҚШ-тың және оның азаматтарының өркендеуінде одақтастардың рөлін түсіну факторы немесе АҚШ-тың әлемнің барлық дерлік елдерінің өкілдері тұратын иммигранттар елі болатын факторы маңызды рөл атқарады. Кез келген жағдайда, АҚШ-та америкалықтар өзінің қауіпсіздігі үшін бүкіл әлем бойын-

ша көптеген одақтастарын қолдауы тиіс деген пікір әлі де танымал. Жақында жүргізілген сауалнамалар көрсеткендей, «70% америкалық Жапония мен Оңтүстік Кореяның әскери қолдауға байланысты ешқандай проблема көрмейді. НАТО бойынша одақтастарына әскери көмекке қатысты америкалықтардың ынта-ықыласы біршама төмен көрінеді, шамамен 53%. НАТО-ның барлық бюджетінің рекордтық 72% мөлшерін төлеу АҚШ азаматтарының наразылығын тудырады» [174].

Америкалықтардың төмен ынта-жігеріне қарамастан, Вашингтонды НАТО бойынша серіктестермен ерекше қарым-қатынастар байланыстырады, онда одақтастар бірқатар жаһандық мәселелер бойынша тығыз ынтымақтастық етеді, соның ішінде:

- терроризммен күрес;
- жаппай қырып-жою қаруының таралуына қарсы әрекет ету;
- аймақтық мәселелер (Африка, Таяу Шығыс, Балқан, Орталық Азия және т.б.).

НАТО бойынша одақтастық қарым-қатынастар «суық соғыс» аяқталғаннан бері, АҚШ террористердің бұрын-соңды болмаған шабуылына ұшырап, Вашингтон терроризмге қарсы операцияға бастамашылық еткен 2001 жылдың 11 қыркүйегінде сын алды. Одақтастар сынақтан сүрінген жоқ. АҚШ-тың алдымен Ауғанстанда, содан кейін Ирактағы терроризмге қарсы арнайы операциясын көптеген одақтастар қолдады, олардың қатарында тек НАТО елдері ғана емес, Аустралия, Жапония, Оңтүстік Корея да болды, олар Вашингтонға көмек ретінде көптеген миллиард-

тар мен қарулы күштерін бөлді. Олар мұны өз елдеріндегі жұртшылықтың пікіріне қарамастан жасады. Сондықтан одақтастық қарым-қатынастар, көптеген сыншылар ойлап жүргендей, сондай бір тиімсіз емес.

Мысалы, Жапония аралдағы америкалық базаны ұстауға жұмсалатын қаржы шығындарын көптеп көтеріп келеді. Оңтүстік Кореяның Ирактағы қатысуы баға жетпес болып табылады, олар ел бойынша 2003 жылы 3500 әскери қызметкерден тұратын бөлімшені орналастырды. Таяу Шығыста аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, АҚШ-тың аймақтағы бас одақтастары, Сауд Арабиясы мен Иордания елеулі үлес қосуда.

Сауд Арабиясы Таяу Шығыстағы Вашингтон саясатының басты тіректерінің бірі болып қала береді, оған себеп геосаяси жағдай, ислам әлеміндегі ықпалы, соның ішінде АҚШ демеушілік ететін күшті әскер, ірі энергетикалық қорлар. АҚШ-тың көптеген бұрынғы білім беру бағдарламаларының түлектері өз елдерінде жетекші мемлекеттік қызметтерде болу фактісі де, саудтықтардың америкалық одақтас болуына әсерін тигізеді деп ойлаймын. Сауд Арабиясы үкіметі мүшелерінің 80% бөлігі америкалық университеттерде білім алды.

АҚШ-тың Таяу Шығыс аймағындағы стратегиясына артып келе жатқан ықпалы және террористік ұйымдардың күшею факторы да әсер етеді. Ирактың, Сирияның және Таяу Шығыстың басқа да елдерінің түрлі күштермен, соның ішінде ИМ сияқты террористік күштермен бақыланатын шағын мемлекеттерге нақты ыдырауы АҚШ үшін ұзақ мерзімді сын-тегеурінге айналды.

Өңірдегі қауіпсіздік мәселелерінен басқа, терроризмге қарсы күрес, Араб-Израиль қақтығысы, Иранды тежеу контекстінде АҚШ үшін өңірде қатысудың негізгі факторы энергетикалық фактор болып табылады. «...Таяу Шығыста әлемдік көмірсутектер қорының 2/3 бөлігі орналасқан және бұл өңір Канададан кейін АҚШ-тағы негізгі мұнай жеткізушілері тізімінде 2-ші орынды алады. Мысалы, 2012 жылдан бастап Сауд Арабиясы тәулігіне шамамен 1,06 миллион баррельді қамтамасыз ете отырып, маңыздылығы жағынан АҚШ-қа екінші мұнай экспорттаушы ел болып қалады» [175].

Бұл ретте Таяу Шығыс елдері америкалық қарудың ірі импорттаушыларының бірі болып табылады. Беделді Стокгольм қару-жарақ проблемаларын зерттеу институты (SIPRI) деректеріне сәйкес, «...АҚШ қару-жарақ сату бойынша әлемде бірінші орын алады - қару-жарақ экспортының жалпы көлемінің 33%-ы, 2014 жылы 72 миллиард долларды құрады. Олардың ең ірілері - Сауд Арабиясы (Америка экспортынан 9,7%), БАӘ (9,1%) және Түркия (6,6%)» [176].

АҚШ әскери көмегін алушы он мемлекеттің тізімі: Ауғанстан (5,4 миллиард доллар), Тайвань (4,9), Үндістан (4,5), Аустралия (3,9), Сауд Аравиясы (3,5), Ирак (2,0), БАӘ (1,5), Жапония (0,5), Швеция (0,5)» [177].

Кейде АҚШ-тың көмек беруден бас тартуы қысым құралы ретінде пайдаланылады. Осылайша, АҚШ-пен АҚШ азаматтарын халықаралық қылмыстық сотқа бермеу туралы келісімге қол қоюдан бас тартқан 35 мемлекетке әскери көмек тоқтатылды (АҚШ осы сотты құру туралы шартқа алдымен қол қойды, бірақ одан кейін өз қолын қайтарып алды).

Алайда, Араб серіктестерінің қауіпсіздігіне барлық көмек пен жәрдемдесуге қарамастан, Вашингтон үшін басты стратегиялық одақтас Израиль болып табылады. Мысалы, «...Израильге жыл сайынғы америкалық әскери көмек Израиль әскери бюджетінің 20% бөлігін құрайды, ал 2016 жылы осы елге америкалық көмек сомасы бүкіл әлем бойынша шетелдік мемлекеттерге барлық әскери көмектің 53%-ын құрады. Вашингтонның әскери көмегінің жартысынан астамы бір Израильге ғана беріледі! Жалпы, АҚШ бұл мемлекетке 1987 жылдан бастап, жыл сайын 3 миллиард долларға жуық қаржылық көмек көрсетіп келеді. 2016 жылы АҚШ пен Израиль келісімге қол қойды, оған сәйкес, Вашингтон 10 жыл бойы Тель-Авивке әскери көмекке кем дегенде 38 миллиард доллар жұмсайды [178].

Алайда, АҚШ пен Араб монархиялары үшін де, Израиль үшін де қуатты біріктіруші фактор ретінде қызмет ететін жағдай бар – бұл Иран, соңғы уақытта – Иракта, Сирияда, Йеменде, Ливанда және басқа да бірқатар елдерде позициялардың күшеюі олардың сыртқы саясатында үлкен мазасыздық пен жүйкелік қозғалыстар тудырады. Барак Обаманың екінші мерзімі кезінде Вашингтон мен Тегеран арасындағы қарым-қатынастардың жақсаруы, 2013 жылы Ирандағы билікке қалыпты реформатор Хасан Рухани келгеннен кейін, Израиль тарапынан бірқатар демарш тудырды және Вашингтон мен Тель-Авив қарым-қатынасын бұзды. АҚШ тарихындағы Иранмен шартты «нашар мәміле» деп атаған Трамптың билікке келуі - Израильмен де, араб елдерімен де Вашингтонның бұрынғы мәртебесін қалпына келтірді.

Обаманың Иранды тарту арқылы АҚШ-тың жаңа таяу

шығыстық стратегиясын құру әрекеті ақылға қонымды мағынасын жоғалтқан жоқ. Таяу Шығыста Вашингтон құрған өңірлік қауіпсіздік жүйесі көп жылдан бері өткір және әділ сынға ұшырауда. Араб монархиясы мен Израильге Вашингтон ставкасы өңірдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді. Сарапшылардың пікірінше, Ираннан санкцияларды алып тастау және осы елді аймақтық қауіпсіздік жүйесіне тарту, оның ішінде Обама әкімшілігіне кірген елдердің қауіпсіздік саласындағы өзекті мәселелерге жауап табудың неғұрлым тиімді болуына ықпал етер еді. Хиллари Клинтонның келу ықтималдылығы, Иранды аймақтағы қауіпсіздіктің жаңа жүйесіне тарту және Вашингтон мен Тегеран арасындағы қарым-қатынастарды АҚШ пен Сауд Арабиясы мен Израиль арасындағы қарым-қатынастармен, Иранның «қас» жауларымен байланыстыру желісін жалғастыра алады.

Бүгінде Ақ үйдің жоспары айтарлықтай өзгерді. Алайда, Трамп әкімшілігінің өзі «Таяу Шығыста күшті және тұтас мемлекеттер санаулы қалып, ал аймақ өзі ұзақ турбуленттілік жолағына кіргенін» жақсы түсінеді» [179]. Сондықтан Вашингтон өзінің Таяу Шығыс стратегиясын, соның ішінде Иран факторын ескере отырып, қайта қарауға мәжбүр болады.

Таяу Шығыстан басқа, кезек бойынша, бірақ маңыздылығы жағынан одақтастармен өзара іс-қимыл аймағы емес, стратегиялық маңызды Азия-Тынық мұхиты өңірі болып табылады.

Егер ХХ ғасырда сыртқы саясат қосымшасының негізгі векторы Еуропа болса, онда ХХІ ғасырда Вашингтон

белсенділігі Азия-Тынық мұхиты аймағына қарай біртіндеп жылжиды. Бұл таңғаларлық емес.

Біріншіден, Қытай жаңа жүзжылдықта АҚШ-қа негізгі серіктес және сын-тегеурін болды. Пекин Азиядағы АҚШ-тың Бас сауда серіктесі болып табылады және керісінше, Қытай үшін АҚШ – ЕО-дан кейінгі екінші сауда серіктесі, 2018 жылы айналымы 633,5 миллиард доллар. Бұл ретте АҚШ-қа Қытай экспорты 11,3%-ға өсіп, 478,4 миллиард долларды құрады, ал АҚШ-тан Қытайға импорт 0,7%, 155,09 миллиард долларға дейін өсті. Осылайша, 2018 жылы сауда теңгерімсіздігі 2017 жылы 275,8 миллиард доллардан 323,3 миллиард долларға дейін өсті. Бұл аталған теңгерімсіздікті төмендету үшін Трамп әкімшілігі бастамашылық жасаған екі ел арасындағы сауда соғысы аясында орын алады! [180].

Екі астам державаның қарым-қатынасы қалай дамיתындығына өңірлік және жаһандық даму перспективалары толық тәуелді болады.

Екіншіден, Вашингтон сыртқы саясатының экономикалық құрамдас бөлігі АТА-ға АҚШ-тың бүкіл жаһандық экспортының 50%-дан астамы тиесілі болуына негізделеді, сондықтан америкалық өнімді өткізу нарықтарын одан әрі кеңейту және Азия елдерінің, ең алдымен Жапония мен Қытайдың қолдампаздық саясатын жүргізу үшін кедергі жасау Вашингтон үшін басты міндет болып табылады.

Үшіншіден, ынтымақтастық саясатымен қатар – қытайды тежеу саясаты жаңа жүзжылдықта Вашингтон үшін басты міндет болып отыр. Қытай амбицияларын тежеу Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан және Аустралия сияқты аймақтағы АҚШ-тың бұрынғы ірі одақтастарының басқа да

АТА елдерінің мүдделеріне толық сәйкес келеді. Үндістан қоспағанда, АТА елдерінің ешқайсысы Вашингтонның әскери көмегінсіз Қытайдың амбициясына қарсы тұра алмайды.

Жалпы, Таяу Шығыс жағдайындағы сияқты, сарапшылар Вашингтонның азиялық стратегиясын да «қайта теңгерімдеу» қажеттілігі туралы айтады. Оған қол жеткізуде екі тактиканы пайдалану ұсынылады. Біріншісі – өз жобалары мен бастамаларында экономикалық өсу нүктелерінің тұйықталуы арқылы аймақта америкалық капитал үшін әрі қарай мүмкіндіктер құру және аймақтық беделді арттыру. Екіншісі - аймақтық одақтастарға арқа сүйеу арқылы транс-тынық мұхит әріптестікті нығайту: олар Жапония, Оңтүстік Корея, Аустралия, Филиппин және Таиланд. АҚШ-та «Тынық мұхиттық НАТО» құру туралы әңгіме бұрыннан айтылып келеді» [180].

«Азиялық» одақтастарынан Азия-Тынық мұхиты аймағындағы АҚШ-тың негізгі әскери одақтастары мен сауда-экономикалық әріптесі **Жапония** болып қала бермек.

Соңғы жылдары АҚШ-тағы қолайлы экономикалық конъюнктураға байланысты жапон өнімдерін Америка нарығына жеткізу көлемінің кеңеюі байқалуда. АҚШ-қа жапон экспорты ең алдымен машина жасау және электроника өнімдерінен тұрады.

Америка-Жапон қарым-қатынастарының негізгі проблемасы қазіргі Қауіпсіздік шартын және болашақ Америка-Жапон одағын трансформациялау туралы мәселе болып табылады. Америкалық саяси истеблишменттің бір бөлігі Жапония Вашингтон есебінен қорғаныста «үнемдейді» деп

санайды. Алайда, саясаткерлердің басқа тобының пікірінше, америкалық әскерлерді елден шығару Жапонияны толық масштабты милитаризациялауға алып келуі мүмкін және оны қысқа мерзім ішінде аймақтағы америкалық гегемонияны даулауға қабілетті жаңа ядролық державаға айналдыруы мүмкін.

Дегенмен, Қытайдың аумақтық түйткілдерінің өсуі және КХДР тарапынан зымырандық қауіп Вашингтон мен Токионы тығыз ынтымақтастыққа итермелейді, бұл бірлескен қауіпсіздік қағидаларын ұстануда көрінеді.

Корея Республикасын сыртқы агрессиядан қорғау жөніндегі міндеттемелер шеңберінде елде елеулі әскери қатысу (*30 мыңнан астам әскери қызметкер*) орын алады. Алайда, АҚШ Оңтүстік Корея мен КХДР арасындағы бөлінууді сақтауға бағдарланады және КХДР-ны экономикалық және саяси құралдармен «бұрмалау» және қосып алу арқылы Кореяны біріктіру идеясына сүйенеді.

КХДР зымырандық бағдарламасы Сеулдің ракетаға қарсы қорғаныстың (*РҚК*) жаһандық америкалық жүйесіне қосылуында шешуші мәнге ие болды. Сонымен, 2017 жылы Солтүстік Корея аумағынан зымырандарды ұшыру ТНААД (*Terminal High Altitude Area Defense*) жүйелерін орналастыру бойынша шешім қабылдауға негіз болды.

Солтүстік Корея жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті басты әлеуетті бұзушылардың бірі ретінде көптеген онжылдықтар бойы ауыр әскери іс-қимылдар жасамайды, өйткені бұл жағдайда ол жойылатынын анық біледі. АҚШ-тың әскери қатысуы әзірге Пхеньян мен Пекиннің аймақтағы екпінін тиімді басып отыр.

Аустралия мен Құрама Штаттардың қарым-қатынасы мәдениеттегі, демократиялық құндылықтар мен көптеген халықаралық мәселелердегі позициясына сүйенеді. АТА-ға ықпалын күшейту мақсатында Вашингтон Үнді мұхитының акваториясында кокос аралдарында американо-аустралиялық Әскери-теңіз базасын құру мүмкіндігін қарастырады, сондай-ақ аустралиялық аэродромдарға қолжетімділікті көздейді.

АҚШ, Жапония, Аустралия және Үндістан арасындағы қауіпсіздік бойынша төрт жақты диалогты айтарлықтай байыппен бағалайды. Әскери-стратегиялық ынтымақтастықтың мұндай форматын сарапшылар Қытай тарапынан әлеуетті әскери қатерді тежеу құралы ретінде қаралады.

Үндістанда, өзін өркендеп келе жатқан жоғарғы держава ретінде қарайтын мемлекет ретінде, өңірлік саясатта негізгі қайшылықтар Қытаймен тарихи түрде қалыптасады. Сақталып келе жатқан аумақтық даулар мен өзара сенімсіздік аясында Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ықпал үшін күрес Үндістандағы жігерлі Нарендра Моди мен Қытайда Си Цзиньпин билікке келуімен соңғы жылдары аса өткір көрініс бере бастады. Алайда, Қытай 1993 жылдың өзінде Үнді мұхитына қатысты түбегейлі позициясын білдірген болатын: «Қытай ендігәрі Үнді мұхиты тек Үндістанға тиесілі деп санай алмайды» деген пікірмен, өршіп келе жатқан аймақтық қақтығыс отына май құйғандай болды. Мұндай жағдайда, Вашингтонның және жердің осы бөлігіндегі маңызды одақтасы Делидің – Қытайдың амбициясын тежеу турасындағы мүдделері толық сәйкес келеді. АҚШ стратегиялық маңызы бар Үнді

мұхитына қатысты дәл осы Үндістанды Қытайға басты қарсылас күш ретінде көреді.

Әділдік үшін айта кету керек, өсіп келе жатқан геосаяси бәсекелестікке қарамастан, Дели мен Пекиннің сауда-экономикалық ынтымақтастығы үздіксіз артып келеді, 2015 жылы 70 миллиард долларға жетті. Соңғы жылдары Дели, әсіресе Моди Үкіметі жанындағы өңірлік қауіпсіздік мәселелерімен шектелмей, жаһандық аренадағы өзінің сыртқы саясатын айтарлықтай жандандырды. Мәскеу және Пекинмен қарым-қатынасын жақсартуға тырысып, Үндістан ШЫҰ және БРИКС мүшесі болды, бірақ Делидің басты стратегиялық одақтасы АҚШ болып қала береді. «...2009 жылдан бастап 2015 жылдың басына дейін екі ел арасындағы тауар айналымы 60,5-тен 100 миллиард долларға дейін артты. Ауқымды жоспарларда – тауар айналымын бес есеге – 500 миллиард долларға дейін ұлғайту бар» [181].

Жалпы, Үнді мұхитының аумағы ХХІ ғасырда геосаяси бәсекелестік пен бақталастық ғана емес, ынтымақтастық пен кооперацияның басты театрларының біріне айналды. АҚШ пен Үндістанның одақтастық қарым-қатынасы және олардың Қытайға қарсы бірлескен дуэті - жалпы көріністің бір бөлігі ғана. Үнді мұхиты әлемнің ең жүктелген және маңызды көлік дәлізіне айналды. Бүгінде мұнда әлемдік теңіз мұнай саудасының 50%-дан астамы, әлемдік контейнерлік тасымалдың 50% бөлігіне дейін өтеді. Қазақстан үшін өте қызықты және перспективалы бағыттардың бірі Орталық Азия мемлекеттерін, атап айтқанда, Үндістан және Үнді мұхитымен Чехбехар Иран порты арқылы байланыстыратын

Солтүстік-Оңтүстік халықаралық көлік дәлізінің Үндістан мен Иран жүзеге асыратын жобасы болады.

АҚШ-тың АТА-дағы сыртқы саясатының негізгі және ең талқыланатын мәселелерінің бірі: неге Құрама Штаттары Еуропадағыдай НАТО сияқты көпжақты ұжымдық қауіпсіздік институтын құрған жоқ? Көпжақты тәсілдің орнына Вашингтон Азиядағы өз одақтастарымен екі жақты келісім-шарттар жасауды жөн көрді. «Суық соғыстың» бастапқы кезеңінде жасалған бұл таңдау аймақтағы америкалық қатысудың сипатын ғана емес, сондай-ақ кейінгі онжылдықтарда әлемнің осы бөлігіндегі институционалдық ортаның даму ерекшеліктерін де анықтады. Америкалық профессор Виктор Ча Вашингтонның екі жақты дипломатиясын былай түсіндіреді «...Құрама Штаттардың аймақтық мемлекеттерге (Азия) сенімсіздігі және олардың авантюралық саясатына тартылу мүмкіндігіне қатысты қауіптену. Екі жақты тәсілдердің стратегиясы АҚШ-тың салмақты экономикалық салымдарын талап етті, бірақ кіші одақтастардың сыртқы саяси тәртібіне нәтижелі бақылауды қамтамасыз етті. Көпжақты институттарды пайдалану альянстың серіктестері үшін ұжымдық күш-жігермен америкалық директиваларға қасақылық жасауға мүмкіндік жасай отырып, оның тиімділігін төмендетер еді» [182].

1950 жылы Кореядағы соғыс АҚШ-тың азиялық стратегиясын кристалдауға түрткі болды, бірақ 70 жыл өткеннен кейін, Вашингтон әлі де екі жақты альянстарды аймақтық қауіпсіздік архитектурасының негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Алайда, көптеген сарапшылардың пікірінше, бұл болашақта АҚШ-тың жетекші рөлімен

Азиядағы көпжақты ынтымақтастықты институционалдық ресімдеу жағына қарай қозғалысты жоққа шығармайды.

4.4.1 Қытай мен Ресей – бәсекелестер немесе одақтастар ма?

АҚШ-тың әлемдік аренадағы рөлі мен орнын көрудегі тұжырымдамалық айырмашылықтар Вашингтонның жаһандық ойыншылар және одақтастармен, бірінші кезекте Қытай және Ресеймен қарым-қатынасына қалыпты түрде әсер етеді. Бүгінгі таңда АҚШ-тың Еуропа, Еуразия, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы және Таяу Шығыстағы жаһандық саясаты дәл осы қарым-қатынастардың айнала-сында қалыптасып отыр.

4.4.2 Қытай – ХХІ ғасырдың басты сын-тегеуріні ме?!

ХХІ ғасырда әлемдік тарихтың барысы көп жағдайда АҚШ пен Қытай қарым-қатынастарының жай-күйімен анықталатын болады. Бұл үшін бірқатар себептер бар. Бірінші себеп - екі ел де әлемнің ірі экономикасы және жаһандық мүдделері бар ядролық державалар болып табылады. Екінші себеп - Вашингтон мен Пекин ХХІ ғасырдағы әлемдік экономика мен саясаттың басты аренасына айналған Азия-Тынық мұхит аймағында өмірлік маңызды мүдделерге ие. АҚШ пен Қытайдың АТА-дағы мүдделері көбінесе қайшы келеді, бұл екі державаның қарым-қатынасын қарулы қақтығыс тәуекелдерінің тұрақты шиеленісуіне және өсуіне әкеледі. Үшінші себеп - АҚШ пен Қытайдың әлемге, оның

кұрылымына деген әртүрлі көзқарасы бар, бұл екі елдің түрлі саяси және өркениеттік жүйелерімен алдын ала анықталған.

АҚШ пен Қытайдың өткен ХХ ғасырдың Тайвань, Тибет және Ұйғыр мәселелері, адам құқықтары, юаньмен айла-шарғыларға айыптаулар, сауда дефициті сияқты «ескі» проблемаларына қатысты қарым-қатынасына келсек, ХХІ ғасырда оларға кибер тыңшылық, Оңтүстік Қытай және Шығыс Қытай теңіздерінде Пекиннің қатысуын кеңейту, АТА-да АҚШ-тың әскери қатысуын ұлғайту және Оңтүстік Кореяда РҚҚ орналастыру бойынша Вашингтон жоспарлары қосылды.

ҚХР-да Си Цзиньпин билікке келген соң, «...Қытай 2014 жылы «қытайлық сипаттары бар дипломатия» деп аталатын сыртқы саяси стратегияда мәлімдеген жаһандық амбициялары туралы ашық мәлімдеді, онда мынадай тармақтар бар:

1. Көпполярлы әлем құруға ұмтылу;
2. «Негізгі державалар арасындағы қатынастардың жаңа түрін» құру (оның ішінде Қытай);
3. Көршілестіктің жаңа саясатын іске асыру.

Қытай Дэн Сяопиннің «өз мүмкіндіктерін жасыру және тасада болу» тұжырымдамасын біртіндеп ысырып, неғұрлым белсенді сыртқы саясатқа көшеді. Бүгінде Қытай өзінің сыртқы саясатын, ең алдымен, стратегиялық болып табылатын Азия-Тынық мұхиты өңірінде өзгертті. Пекин Цзян Цзэмин мен Ху Цзиньтао сияқты Азия істеріндегі азиялық емес елдердің рөлін даулай отырып, Азия елдерінің АҚШ-пен одақтастық қарым-қатынастарын сынаумен қоймай, баламалы институционалдық құрылымдарды ұсынады және өзінің қарулы күштерін жедел жаңғыртуды жалғастыруда» [184].

Қытайдың жаңа тәсілдері Си Цзиньпиннің 2014 жылы Шанхайда Азиядағы ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі конференциядағы мәлімдемесінде: «...Азияның істерін азиялықтардың өздері шешуі тиіс» деп нақты тұжырымдады. Сол жерде Пекин Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкіні Пекиндегі штаб-пәтерімен, «Жібек жолы экономикалық белдеуі» және «Теңіз Жібек жолы» ірі мега-жобаларын құру туралы бастамалармен шықты. Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» мега-жобасы, шын мәнінде, Вашингтонға оның трансазиялық ынтымақтастық стратегиясына симметриялы жауап болды.

Өзінің амбициялық жоспарларын іске асыру үшін Пекин әскери қуатын күшейтеді. Британдық «World Military Balance» деректері бойынша, «...Қытай 2017 жылы АҚШ-тан (604 миллиард) кейін әскери шығыстар бойынша әлемде екінші орынға шықты» [184].

Пекиннің өсіп келе жатқан амбициясы және АТА-дағы, ең алдымен, Қытай өзінің табиғи ұлттық мүдделерінің аймағы деп санайтын Оңтүстік-Шығыс Азиядағы агрессивті сыртқы саясат, АҚШ-ты аландатпауы мүмкін емес. Вашингтон Пекин мен Вашингтон арасындағы аймақтағы қарама-қайшылықтар, оның ішінде Оңтүстік Қытай теңізіндегі аумақтық даулар (Спратли аралдары мен Парасель архипелагы) тікелей күштік қақтығыстар тәуекелін арттыратыны турасында шын үрейленеді. Ең нашар сценарийлерге дайындала отырып, екі супердержава да өзінің әскери әлеуетін тездетіп, жылдан жылға қарай оқу-жаттығулар мен маневрлер жиі өткізеді, әскери-теңіз күштерін жаңғыртады, барлау және ӘҚҚ саласындағы жаңа қару-жарақтарды тестілейді.

Әлбетте, өзінің экономикалық құдіретінің нығаюы мен ұлғаюына қарай Қытай өзінің жаһандық қатысуын кеңейту мәселелерінде неғұрлым белсенді болады. Әсіресе, энергетикалық қауіпсіздік, инвестициялар, жаһандық проблемаларды шешу сияқты мәселелерде: жаһандық жылыну-дан өңірлік қақтығыстарды реттеуге дейін, оның ішінде ҚХР-дан тыс жерлерде, атап айтқанда Африка мен Латын Америкасында. Соңғы жағдайда бұл Монро тұжырымдамасы аясында Латын Америкасында шексіз басым Вашингтонға айқын сын-тегеурін болады.

Қатты және жұмсақ күш қосындысы, орасан зор валюта жинақталуы (3,5 триллион доллар) барлық континенттердегі Пекиннің өктемпаздық саясатын қаржыландыру үшін қуатты база құрды. Бұған Қытайдың барлық деңгейдегі – корпорациялардан бастап үкіметке дейінгі ерекше икемді экономикалық дипломатиясы ықпал етеді.

АҚШ үшін Қытай, бір жағынан, АҚШ көшбасшылығын сақтау кезінде және олардың ережелері бойынша жаһандық тәртіптің бір бөлігіне айналуы өте маңызды, бірақ екінші жағынан, Рах Americana жүйесін зақымдауы мүмкін Пекинді тежеу саясатын жүргізеді. Бұл АҚШ экономикасының Қытайға артып келе жатқан тәуелділігін ескере отырып, ХХІ ғасырдағы Вашингтонның басты сын-тегеуріні болмақ. АҚШ-тың Қытаймен сауда тапшылығы соңғы уақытта жыл сайын 350 миллиард доллардан асады. Жалпы, сарапшылардың есептеуінше, Қытай ДСҰ-ға кірген сәттен бастап 15 жыл ішінде АҚШ-тың сауда тапшылығы «таңырқарлық 3,5 триллион долларға» жетті. Мұндай сандар көптеген америкалық саясаткерлер мен Трампты, атап

айтқанда, белсенді қытайға қарсы тежеуге және жалпы сыртқы протекционизмге шабыттандырады.

Дегенмен, Қытайдың, оның аймақтық және жаһандық амбициясына қатысты медальдің екінші беті де бар. Агрессивті аймақтық дипломатия шын мәнінде Азиядағы Қытай көршілерін қорқытып, негізделген қытайфобиялар тудыра отырып, оларды АҚШ-пен одан да жақындастыруға итермелейді, Вашингтон бастаған өңірдегі Қытайды тежеудің «стратегиялық бірыңғай майданын» ұйымдастыру үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Олар АҚШ-тың АТА аймағындағы, атап айтқанда, тұрақтандырушы ретінде, әсіресе Қытаймен аумақтық, саяси және өзге де қайшылықтары бар елдер тарапынан рөлін сақтауға ықпал ететін болады. Пекин өз әрекеттерімен Азия елдерін АҚШ-тың қауіпсіздік қолшатыры астына белсенді түрде итермелейді. Мысалы, америкалық сарапшылардың деректері бойынша, «...қытай әскери және ғылыми орталарда Окинаваның Жапонияға тиесілігі туралы мәселе көтерілуде. ҚХР Үндістанмен даулы аумақты межелеуден табанды түрде бас тартады. ҚХР патрульдік кемелері Вьетнам мен Филиппин балық аулау кемелерін бейтарап суларда қудалайды, Малайзияның ерекше экономикалық аймағына басып кіреді» [185].

Бұл қауіпті қытайлықтар да түсінеді. Тату көршіліктің тиімді өңірлік саясатының жоқтығы оларға «ұлы держава ретінде одан әрі көтерілуге» кедергі ретінде көрінеді. Қытай сарапшысы Янь Сюэтуң КСРО ыдырауының себептерінің бірі болған британдық-америкалық гиперкеңейтілу (*imperial overstretch*) тұжырымдамасында сипатталғандай, «шектен

тыс өктемпаздық» қаупі туралы айтады» [186].

Бұл ретте, АҚШ-тың КСРО-ға қатысты жүргізген «тежеу саясатына» қарағанда, Вашингтон бүгінде Қытайдың изоляциясын көздемейді, бұл жаһандық экономика үшін қандай келеңсіз салдарға әкеп соғуы мүмкін екенін түсінеді. Америкалық сарапшылар тұжырымдағандай, мақсат бөлек: «...Қытаймен конфронтацияны болдырмай, АҚШ гегемониясын нығайту» [187].

Қытайдағы әлеуметтік-саяси тұрақсыздықта және экономикалық реформалардың сәтсіздікке ұшырауы АҚШ-тың мүддесіне сәйкес емес. Әлемнің барлық экономикасы үшін жағымсыз салдардан басқа, мұндай сценарий Қытайдағы америкаға қарсы көңіл-күйдің өсуіне, қытайлық басшылықтың өз қолдауының рейтингін арттыру үшін ресейлік нұсқа бойынша америкаға қарсы қолдануға әкеледі.

Күштік жанжал Қытайдың АҚШ-қа экономикалық тәуелділігін, сондай-ақ АТА аймағындағы тұрақтылықтан Қытай ішіндегі тұрақтылықты сақтауды есебімен, қытайлықтарға да қажет емес.

Қытайдың бұрынғы мәртебесі бұзылған жағдайда АҚШ-пен экономикалық саясатта тараптардың әрқайсысы шығынға ұшырайтынын түсінеді. Қытаймен сауданың күрт қысқаруы АҚШ-та тауарлардың 15-20% қымбаттауына алып келеді, ал бұл теріс әлеуметтік реакция тудырады. Қытай да экспорттық операциялар, кедендік төлемдер бойынша жоғалтады. Кәсіпорындардың жабылуы Қытайда жұмыссыздықтың өсуіне алып келеді, бірақ, өндірістер Қытайдан ауыстырылатын болса, АҚШ-та жаңа өндіріс құру үшін білікті жұмыс күші тапшы болатыны анық.

Жалпы бұл америка-қытай қатынастарының «саясатта салқын, ал экономикада ыстық» дейтін дәстүрлі формуласын жығады. Әзірге кәсіпорындарды көшіру процесі өте қымбат, ал кейбір өндіріс түрлері үшін (Apple сияқты) Қытайдан тыс «баға/сапа» арақатынасын табу тіпті мүмкін емес» [188]. Бірақ қытайлық артықшылықтар - бұл уақыт мәселесі: Қытайдағы жұмыс күші қымбаттап келеді, ал АҚШ өндірісті белсенді түрде роботизациялауда, осылайша шығындарды төмендетеді.

Қытай АҚШ-пен жасырын қарсыластықта өзінің елеулі артықшылықтары бар. «...Пекин АҚШ басшыларының жаңа бастамалар мен арандатуларға деген реакциясын қиындату үшін өз жүйесінің салыстырмалы жабық және тез шешім қабылдауын пайдаланады. Америкалық әрекеттер неғұрлым баяу, неғұрлым плюралистік және жариялы процеспен ауырлатылған. Бірақ АҚШ өз саясатының дәйектілігін, одақтастармен қарым-қатынасын нығайтатын және Азия саясаты бойынша екі партиялы консенсус жасайтын болса, бұл артықшылықтар шешуші сипатқа ие болмайды» [189].

Бүгін АҚШ-тағы жаңа әкімшілік Қытаймен экономикалық және сауда қарым-қатынаста қалыптасқан, оның ішінде Аспан асты елінің мүддесі есебінен ғажайып үйлесімсіздікті батыл түзетуге ниетті. Бүгін АҚШ пен Қытай арасында сауда соғысы ғана емес, технологиялар саласындағы көшбасшылыққа таласу болды. Трамп әкімшілігі, оның Ақ үйдегі алдыңғы президенттері сияқты, Қытайдың технологиялық және инновациялық өсуі және АҚШ-тың әлемдік көшбасшылығы мен экономикалық мүдделеріне ең басты қауіп бар деп шындап қорқады. Huawei мәселесі —

бұл тек алғашқы күш сынамасы. Трамптан кейін кім келсе де, бұл іргелі қайшылықтар қала бермек.

Сондай-ақ, Вашингтон өзінің азиялық серіктестерімен әскери ынтымақтастықты нығайтуға ниетті, бірақ бастапқыда Трампың өзі одақтастарды қаржыландыруды азайту туралы айтқан болатын. Мао Цзэдуннан кейінгі ең өршіл көшбасшы билік ететін ҚХР қалай әрекет ететінін болжау қиын. Қалай болғанда да, бүгін, «жұмсақ» Обама кетіп, Пекинге қатысты белгілі жағымсыз пікірлері бар, әлдеқайда қатал және прагматикалық президент Трампың келуінен кейін, Қытай-Америка қарым-қатынасы үшін қиын кезең басталды. Жалпы алғанда, АҚШ пен Қытайдың қарым-қатынасы көп жағдайда ХХІ ғасырдың жаһандық саясатында айқындалушы болады, болашақ әлемдік саяси және экономикалық архитектура дәл осыларға тәуелді болады.

4.4.3 Америка-ресей қатынастары: сенім дағдарысы

АҚШ пен Ресей қарым-қатынасын өте қысқа және ауқымды - созылмалы сенім тапшылығы деп сипаттауға болады. Өкінішке орай, КСРО тарап, «суық соғыс» аяқталған сәттен бастап 29 жыл өтсе де, идеологиялық қарсы тұру жоқ, бір-біріне қарсы ядролық соққы қауіпі айтарлықтай азайды, қазіргі және бұрынғы жоғары шығындардың өзара сенімсіздігі әлі де бар және артып келеді. Ауқымды алып қарасак, бүгінгі ең басты кедергі – тараптардың ешқайсысы қарсыласының ұлттық мүдде мен қауіпсіздікке қауіп төндірмейді дегенге сенбейтінінде болып тұр. Мәскеудің сенімі бойынша, Батыс өз ықпалын Ресейдің шекарасына

өкілі» деп атаған.

Осыған байланысты, басты сұрақ туындайды: неліктен АҚШ және жалпы Батыс өте позитивті көңіл-күй мен үлкен шегінулерге дайын болу аясында, мысалы, қарусыздану, терроризм бойынша ынтымақтастық және халықаралық өмірдің басқа да маңызды аспектілері саласында, Ресейді еуроатлантикалық құрылымдарға, атап айтқанда, НАТО мен ЕО-ға енгізе алмады? Жалпы, бұл мүмкін болды ма?

Вашингтон мен Мәскеу қарым-қатынастарында сұрақтар жауаптардан көп және бұл жауаптар жиі бір-біріне қайшы келеді. Егер оларды біріктіру және бірнеше негізгі түсініктемелер шығаруға тырысса, онда олар былайша баяндалуы мүмкін:

Біріншіден, АҚШ-тың Ресейге қатысты саясатына «жеңімпаздың өзін кем сезінуі» делінетін жағдай әсер етті және әлі де көптеп әсерін тигізуді жалғастырып келеді. Клинтон әкімшілігі осыны тіке айтты: «...КСРО жеңілген тарап, демек, Ресей де солай. Үміт бір жақты сыртқы саяси бағытқа болды, ол, атап айтқанда, Югославияда 1999 жылдың наурыз айында соғыс кезінде көрініс тапты. НАТО-ның кеңеюі осы тәсілдің бір белгісі болды» [190]. Тек ресейлік сарапшылар ғана емес, сонымен қатар америкалық сарапшылар да осылай ойлайды, атап айтқанда, Джеффри Сакс сөздері бірнеше жерде қайталап айтылды.

Ресей бағытындағы АҚШ-тың сыртқы саясаты көп дәрежеде аңыздар және стереотиптермен ауырлатылғаны кұпия емес, олар көп жағдайда КСРО-ны «жеңу» кеңестік мемлекеттің Ресей Федерациясы түріндегі мұрагерімен ымыраларға ауыстыруға болмайтын әмбебап құндылық деп

қарастыратын негізгі батыстық аңыздан бастау алады.

Әділдік үшін айта кететін жағдай, ресейлік мифологияда да мынадай пікір нық қалыптасқан: «Ресей, шын мәнінде, ұлы держава, демек, құрметке лайық болып қана қоймай, еуропалық және әлемдік істерді басқаруға тең дәрежеде қатысуға құқылы, ең бастысы – құрлықтағы ірі державаның артықшылықты мәртебесіне ие болуға құқылы» [191].

Екіншіден, ресейлік сарапшылардың пікірінше, Ресей тарапынан көрсетілген ынтымақтастықты кеңейту туралы кез келген бастамалар мен идеяларды Вашингтон неғұрлым әлсіз серіктестің шегінуі ретінде қабылдады. Мұндай тәсіл 1962 жылғы Кариб дағдарысында немесе горбачевтық қайта құру және қарым-қатынастардың жылынуы кезеңінде сияқты АҚШ - КСРО кезіндегі дағдарыстық сәттерде өзінің тиімділігін көрсеткен бұрынғы өзара іс-қимыл механизмдері кеңестік дәуірден кейін бұзылды.

Үшіншіден, тәуелсіздіктің басынан бастап Ресей мүдделерін есепке алу қажеттілігі туралы қойылған талаптар жалпы іске асырылмаған күйінде қалды. Ресейдің сыртқы саясатындағы императивтері арасында мыналар болды: «...1) Ресейдің қатысуынсыз бірде-бір ірі халықаралық шешім қабылданбауына қол жеткізу; 2) НАТО шығысқа қарай кеңімейді, ал Еуроодақ өз құрамына бұрынғы КСРО мемлекеттерін қоспайтынына кепілдік алу; 3) Ресей және онымен көршілес мемлекеттерде батыстағы сияқты демократияны ілгерілетудің барлық әрекеттерін тежеу және кері қайтару, режимді ауыстыру мүмкіндігін немесе жақын шетелдің қандай да бір мемлекеттерінде тұрақсыздықты барынша азайту» [193].

Төртіншіден, бұл менің ойымша, ең бастысы – Вашингтонда қандай Ресей қажет екенін ұзақ уақыт бойы анықтай алмау. Осы белгісіздікке сүйене отырып, кешегі геосаяси қарсыласқа қатысты стратегия мен дұрыс саясат туралы әңгіме болған жоқ. Бір жағынан, АҚШ әлемдегі ең ірі Ресейдің, Стокгольмдік әлем проблемаларын зерттеу институтының деректері бойынша, ядролық қару саны бойынша, 7400 ядролық оқтығы бар мемлекеттің саяси және экономикалық тұрақсыздығына мүдделі емес еді. Ресейде тұрақсыздану және бақылаудың жоғалуы бүкіл әлемге және, ең алдымен, АҚШ-қа қауіп төндіруі мүмкін.

Бірақ Ресейдің жаңғыруына ауқымды экономикалық көмекті болжайтын ресейлік «Маршалл жоспарында» да, тиісінше, өзінің бұрынғы бас қарсыласының экономикалық, одан кейін геосаяси және әскери-стратегиялық өрлеуіне Вашингтон мүдделі болған жоқ немесе дайын емес деуге болады.

Қандай қадам жасамасын АҚШ үшін қолайсыз нәтижелерге алып келетін тұғырықты жағдай туындады, сондықтан Вашингтон бастапқы кезден жартылай шаралар саясатымен шектелді. Бір жағынан, Ресей мөлшерленген экономикалық көмек көрсетті, оның ішінде ХВҚ арқылы, қарусыздану саласында және бірқатар халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша ынтымақтастық жүргізілді. Екінші жағынан, Вашингтон үшін Ресей саясатының басты мақсаты бұрынғы кеңестік республикалардың Ресей басшылығында реинтеграциялануы және посткеңестік кеңістікте ықпалды геосаяси актордың пайда болуы арқылы Кеңес Одағының қандай да бір аналогын құруға жол бермеу болды.

Бұл тұрғыда АҚШ саясаты Ресейдің геосаяси әлсіреуіне бағытталған – НАТО-ның шығысқа қарай жылжуы, алдымен - Орталық және Шығыс Еуропа, содан кейін Балтық посткеңестік республикаларын біріктіруді көздеді. Әділдік үшін айта кететін жағдай, бұрынғы соцлагерь елдерінің бірігуі ісінде Вашингтон ұзақ жылдар бойы салқын позициясын сақтады, өйткені америкалықтардың пікірінше, НАТО-ның Шығысқа жылжу жобасы күмәнді болды, ол үшін Ресеймен араздасудың қандай да бір геосаяси мағынасын көрмеді. Шығыс Еуропа елдерінің табандылығы, сондай-ақ еуропалық бағыттағы Мәскеудің қателіктері, соның ішінде Югославия төңірегіндегі қақтығыста АҚШ саясатын өзгертті.

Сондай-ақ, Вашингтон посткеңестік кеңістіктегі демократиялық идеялар мен құндылықтарды ілгерілетуде, қорғаныс саласында ТМДелдеріне қолдау көрсетуде, сондай-ақ Ресейдің айналып өтіп энергетикалық бағдарлардың құрылысымен байланысты бастамаларда айтарлықтай белсенділік танытты.

Әрине, АҚШ-тың мұндай саясаты Ресей тарапынан кейде қатаң әрекеттер туындатпауы мүмкін болған жоқ, РҚҚ орналастыру жоспарларына қатысты осылай болды, сондай-ақ Мәскеу мен Вашингтон қатынастары онжылдықтар бойы америкалық әткеншектерге ұқсас болды, кейде салқын кезеңдер болып жатса, кейде бір жылыну да байқалып жатты.

Америка-Ресей қатынастары мәселелерімен айналысатын мамандар Ресей мен АҚШ қатынастарын «қайта жүктеудің төрт талпынысын» бөліп көрсетеді: 1) Үлкен Джордж Буштың президент қызметіндегі соңғы жылы; 2) Билл Клин-

тон әкімшілігі кезіндегі Ресей-Америка қатынастары; 3) 2001 жылғы 11 қыркүйектегі лаңкестік әрекеттерден кейін терроризмге қарсы науқанда қолдау көрсетуді ұсынған Владимир Путиннің бастамасы; 4) 2008 жылғы ресей-грузин соғысынан кейін Барак Обаманың Ресеймен қарым-қатынасын қайта құру уәдесі» [193].

Трампың сайлау алдындағы науқанында айтылғандай, ол Мәскеумен қарым-қатынастарды бесінші рет қайта жүктеуге тырысып көруі әбден мүмкін. Алайда мұны орындау өте қиын болады, көпшілігі демократтардан тұратын Конгресс ресейге қарсы көңіл-күй танытады және Трампқа онымен санасуға тура келеді. Оның Мәскеумен қарым-қатынас орнатудағы сақтығы осымен түсіндіріледі. Сапер екі рет қателеспейді демекші, Трамп та Кремльге қатысты қателік жібере алмайды: өйткені, егер АҚШ президенті Мәскеумен Ресейге қол созып, содан кейін Украина бойынша өзіне алған міндеттемелерді сақтай алмаса немесе сақтағысы келмесе, онда Конгресс, БАҚ және қоғамнан қысым көрген Трампқа Ресейге қатысты өте қатаң шараларға баруға тура келеді. Дегенмен, ресейлік фактор Украина арқылы болса да, демократиялық көршілік бақылайтын Конгрестің 2019 жылы Президент Трампқа қатысты импичмент процесін бастауына себеп болды.

Негізі Ресейде Америкаға қатысты аса зор құрмет кезеңдері оны эзәзіл етумен тығыз байланысуы дәстүрге айналғандай. «...Кеңестік және ресейлік көшбасшылар Америка, осы елдің идеалдары ресейлік революционерлер мен идеалистерді әрдайым шабыттандырып келгенін білді. Америкалық Тәуелсіздіктің декларациясы I Николай патша-

сына қарсы көтеріліс жасаған 1925 жылдың декабристеріне шабыт берді. 1917 жылдың кейбір революционерлері Американы жол сілтейтін жұлдыз ретінде көрді: Ресей жаңа Америкаға айналып, бірақ одан да жақсы және әділ болуы тиіс деп саналды» [194].

Керісінше, бүгінде Мәскеу үшін ешбір ел АҚШ сияқты «ұру» нысанасы емес. Мысалы, 2016 жылы америкалық Гамильтон колледжінің элеуметтанушылары «Ресейлік элита – 2016» атты зерттеу жүргізді, оған ресейлік элитаның 243 өкілі қатысты, олар негізінен федералдық шенеуніктердің жоғары эшелоны, парламентарийлер, бизнес-элита өкілдері, БАҚ басшылары және ғалымдар болды. Зерттеу барысында анықталғандай, «респонденттердің 80,8%-ы АҚШ Ресейдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді деп санайды, ал 88%-ы АҚШ-тың Ресейге деген көзқарасы дұшпандық деп атады. Билеуші элита арасында мұндай көзқарастар бос жерде пайда болған жоқ. КСРО-ның ыдырауымен байланысты кемсіту, Ресейдің мүдделеріне қарамастан, Батыстың Шығысқа ықпал ету аймағының кеңеюі, Путиннің «батыстық жобасы» сәтсіз болуы, нәтижесінде Ресей халықаралық қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі болу үмітін жоғалтты, осының барлығы Америкаға қарсы көңіл-күйдің, экспансионизм мен милитаризмнің дамуына әсерін тигізді» [195].

Америкалық сарапшылардың айтуынша, Ресейдің сыртқы саясаты беделге негізделіп құрылған және Мәскеу оны АҚШ-қа қарсы тұру және негізгі сыртқы жау ретінде Америка бейнесін халық арасында тұрақты тарату арқылы арттыруға ұмтылады. Көптеген америкалық саясаттану-

шылар Ресейдің халықаралық аренадағы осындай мінез-құлқын империядан кейінгі синдром деп түсіндіруге бейім.

Путин сондай-ақ Буш пен Обама әкімшіліктерімен сапалы жаңа қарым-қатынас құруға тырысты. Бірақ алдымен 2003 жылы АҚШ-тың Иракқа басып кіргеннен кейін және одан әрі Грузия, Украина және Қырғызстандағы түрлі-түсті революциялардан кейін қарым-қатынастар салқын дегеннен артық өзгерді. Қырымның Ресейге қосылуы және өзара санкциялар енгізгеннен кейін түсінікті себептер бойынша Америка-Ресей қарым-қатынастарының ең төменгі нүктесіне жетті.

Ресейлік стратегтердің пікірінше (мысалы, Сергей Глазьев), «...2013 жылғы украин дағдарысы Құрама Штаттардың, аса сақ еуропалықтарды ысырып, 2004 жылғы «аяқсыз қалған қызғылт сары революцияны» аяқтауға және америкалық гегемонияны («көшбасшылық») нығайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Ресейде таралған пікір бойынша, АҚШ оны Сириядағы химиялық қару проблемасын реттеудегі бастамасын иеленіп кеткені, сондай-ақ жалпы «бас иегені» үшін жазалауды көздейді. Америка Украинада Ресейге қарсы шықты, онысымен Қытайда Оңтүстік Корея мен Тайваньдағы ықтималды қол сұғушылықтан сақтандырды» [196].

Жалпы, Вашингтонның ресейлік стратегиясы Америка Құрама Штаттарында да өткір сынға ұшырады. Көптеген сарапшылар АҚШ-тың «орташа жол» саясаты делінетін ресейлік саясатының тиімсіздігі туралы айтады, бір жағынан, «...жаһандық қауіпсіздіктің негізгі мәселелері бойынша Мәскеумен тығыз ынтымақтастық күтілуде, оларды

шешу үшін РФ қатысуы қажет, мысалы, Иранның ядролық бағдарламасы бойынша. Сонымен қатар, АҚШ НАТО-ны шығысқа қарай бет алу саясатын одан әрі ілгерілетуге, Украинада, Кавказда, аз дәрежеде - Орталық Азияда белсенділікті сақтауға ниеттеніп отыр. Орташа жол «суық соғысты» қоршаған кеңістіктегі аймақтық тәртіп бойынша, Ресеймен келіссөздер өткізбестен болдырмау турасындағы болжамға негізделеді» [197].

ТМД-ның тәуелсіз мемлекеттерінің ұлттық мүдделері тұрғысынан, олардың Құрама Штаттармен толыққанды қатынастарын сақтау және дамыту кейбір жағдайларда қауіпсіздік пен егемендікті қамтамасыз етудің жалғыз кепілі болып табылатыны анық. АҚШ посткеңестік елдердің үлкен ойыншылардың мүдделерінің теңгерімі ретінде өзінің саяси қатысуында қажеттілігін жақсы түсінеді және Мәскеудің еркіне қарамастан олармен қарым-қатынастарды сақтау мен дамытуға мүдделі.

АҚШ-тың сыртқы саясаты бойынша сабақ алуға мүмкіндігі болған, реализм мектебінің америкалық ең беделді халықаралық саясат білгірі Стивен Уолттың пікірінше, америкалық саясатта Ресей мүдделерін бастапқыдан түсінбеушілік бар, бұл, сайып келгенде, екі жақты қарым-қатынастардағы шиеленістің ушығуына алып келеді. Уолт былай дейді: «... ТМД кеңістігі - Ресейдің стратегиялық мүдделерінің аймағы және Батыстың осы елдердің қайта бағдарлануын жүргізуге талпыныстары, тіпті олардың ұлттық элиталарының толық келісімі мен ниеті болғанның өзінде, Ресейдің мүдделеріне өмірлік қайшы келеді. Ресей кеңістікке ықпалынан айырыла оты-

рып, ұлы держава ретінде геосаяси қайта жандандыруға кез келген мүмкіндігінен айырылып қоймай, мемлекет ретінде ыдырауға барлық мүмкіндігі бар. Украина бұл тізімде ерекше орын алады және Киевтің Ресейдің бақылауынан кетуін Мәскеу өзінің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп ретінде қабылдайды. Сондықтан Мәскеудің Украинадағы оқиғаларға, соның ішінде Қырымның қосылуына реакциясын шабуыл емес, қорғаныс ретінде қабылдау керек» [198].

Стивет Уолт дәрістерінде жиі риторикалық сұрақ қоятын: егер Құрама Штаттар шекарасында басқа держава, мысалы, Қытай Мексика шығанағында әскери жаттығулар өткізетін болса, АҚШ-та Украинадағы Ресей сияқты әрекет етпес пе еді?! Әрине, америкалық профессордың пікірімен келіспеуге болады, бірақ реализм мектебі тұрғысынан Ресейдің сыртқы саясатының түрткісі мен тәжірибесін түсіну үшін Стивен Уолттың дәлелдері назар аударуға тұрарлық.

Батыспен қарым-қатынастардың нашарлауы аясында Ресей бүгінде Азия елдерімен, атап айтқанда Қытай, Үндістан, Иран, Түркиямен қарым-қатынасқа көбірек көңіл бөліп, күш-жігерін жұмсайды. Бүгінгі таңда «Үлкен Еуразия» ресейлік тұжырымдамасы шеңберінде Шығысқа қарай стратегиялық бет бұру туралы жиі айтылып жүр. Сонымен қатар, Ресей негізінен еуропалық халық, христиан діндері, өркениеттік құндылықтарымен еуропалық держава болған және қала береді. Сондықтан, Ресей, оның элитасы және халқы, стратегиялық тұрғыдан Батысқа, оның өмір сүру салтына әрдайым ұмтылатын болады. Бұл ұзақ мерзімді перспективада Ресей мен АҚШ қарым-қатынастарын жақсартуға себеп болып, оптимизм сыйлайды. Әзірге, Ресей

Батыспен шиеленісіп тұрған жағдайда, Қытаймен екіжақты негізде немесе көпжақты институттар – БРИКС немесе ШЫҰ арқылы Азиядағы тірек нүктелерін табуға тырысады.

Менің ойымша, америка-ресей қарым-қатынастарын зерттеушілермен келісу керек, олар бұл қарым-қатынастардың болашағы бұлыңғыр және болжауға келмейтіні туралы айтады. Бұл екі державаның саяси жүйелері мен құндылықтары тым әртүрлі. АҚШ үшін Ресей жақын болашақта Ұлыбритания немесе Германия сияқты еуропалық елдер сияқты маңызды және жақын серіктес және одақтас болуы екіталай. АҚШ үшін Ресей бүгін, бұрынғыдай, негізінен теріс тұрғыдан, қауіп ретінде, ядролық қаруы бар болжап болмайтын мемлекет ретінде қарастырылады. Ресей АҚШ-ты «XXI ғасырдың мүмкіндіктері» санатында қарастырмайды және бұл басқа посткеңестік елдерге тікелей әсер етеді. Ресей еуропалық елдер, Жапония, Қытай және Үндістан сияқты экономикалық, технологиялық, инвестициялық ынтымақтастық тұрғысынан да үлкен қызығушылық тудырмайды. Дегенмен, Ресей өмірлік маңызды геосаяси қызығушылық тудырады. Халықаралық саясаттағы қытай факторының, халықаралық проблемалардың артуы аясында, XXI ғасырда Ресей кіммен бірге болады деген сұрақ, бұл АҚШ-ты алаңдатпауы мүмкін емес.

Бүгін Мәскеу мен Вашингтон арасындағы басты проблемалар зор сенімсіздік пен бір-бірінің мүдделерін түсінбеуі болып қала бермек. Тарихи тәжірибе көрсетіп отырғандай, «...мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынастардағы оң немесе теріс бастаулардың мазмұны, сипаты, ауқымы, төмен деңгейі көбінесе олардың бір-бірін қалай көріп,

қабылдайтынына, олардың бір-біріне қандай дәрежеде сенім артатынына байланысты» [199].

Осы тұрғыда кім көбірек себеп болғаны туралы айтудың ешбір нәтижесі жоқ. Бұл қарым-қатынастардың болашақта ушығуына жол бермеу аса маңызды болып табылады, әсіресе мұндай қауіптерді мүлдем негізсіз деп айтуға келмейді. Жаңа «суық соғысты» болдырмау үшін: «...АҚШ пен олардың одақтастарына – еуроатлантикалық құрылымдардың одан әрі кеңеюіне қатысты, ал Ресейге – көршілер ісіне араласуға және әскери саладағы қауіп төндіретін мінез-құлыққа қатысты» шегінуге тура келеді [200].

Нәтижесінде, қатынастардың жаңа деңгейге өтуі үшін сенімді қатынастардың ең төменгі деңгейін қайта құру қажет, екі елдің саяси ерік-жігері қажет. Сонымен қатар, Мәскеудің де, Вашингтонның да ұлттық мүдделерін қозғайтын мәселелер мен сын-қатерлердің объективті шеңбері бар. Олардың ішіндегі ең бастысы-ядролық қару-жарақты бақылау және жаппай қырып-жою қаруын таратпау және осы тұрғыда Иран мәселесі мен Солтүстік Корея, НАТО-ны кеңейту контекстіндегі Еуропалық қауіпсіздік, Арктиканы игеру, жаһандық жылыну мәселелері, әрине, Таяу Шығыс пен Ауғанстанның қауіпсіздік мәселелері.

4.5 Америка ғасыры аяқталып келеді ме? – Джозеф Наймен сырттай әңгіме

Американың жаһандық үстемдік ету уақыты аяқталатыны туралы даулар КСРО ыдырап, АҚШ-тың бір сәтте жалғыз әлемдік ұлы держава рөлінде болған сәттен бастал-

ды. «Дауласушыларды» шартты түрде екі үлкен әртүрлі санатқа бөлуге болады. Біріншісі, «XXI ғасырда АҚШ-тың экономикалық, технологиялық және мәдени салалардағы қуаты, оның соғыстар және дағдарыстармен ұштасуына қарамастан, мемлекет келіп жеткен ғасыр бойы басымдық етеді деп белгілейді» [202].

Егер АҚШ әлемдік көшбасшының рөлін игере алмаса, ал оның орнын тең ойыншы баса алмайтын болса, нәтижесінде әлемдік тәртіпсіздіктің ұзақ кезеңі орын алады. Збигнев Бжежинский болжамына сәйкес, «...америкалық жүйенің кенеттен және ауқымды дағдарысы жаһандық саяси және экономикалық тәртіпсіздікке, жылдам өсетін тізбекті реакция туғызады, ал ислам әлемімен шексіз соғыс тіпті 2025 жылға қарай да жаңа жаһандық мирасқордың пайда болуына мүмкіндік бере қоймас» [202].

АҚШ барлау жөніндегі Ұлттық Кеңесі «әлем көпполярлы болып келеді, ал бұл елдің «бірполярлы» жүйенің орталығы ретінде әрекет ету мүмкіндігін шектейді. Келесі 15-20 жылда Құрама Штаттар кез келген басқа акторға қарағанда халықаралық қатынастар жүйесінің дамуына үлкен әсер етеді, бірақ көпполярлы әлемде соңғы онжылдықтар бойы иеленген билігінен айырылады. АҚШ-тың жетекші рөлге деген қызығушылығы мен әзірлігі де төмендеуі мүмкін, өйткені америкалық сайлаушылар өзінің америкалық көшбасшылықтың экономикалық, әскери және ықтимал шығындарына деген көзқарасын қайта қарайды» [203].

2009 жылы жасалған бұл болжам сайлаушылар әлемдік процестердегі АҚШ рөлін қысқарту және ішкі істерге шоғырландыру жағына қарай өз таңдауын жасаған 2016

жылы ресми түрде заңды болды. АҚШ-тың әскери-саяси қатысуының қысқаруы Барак Обаманың басқару дәуірінде басталды, ол кезде «...Ауғанстан мен Ирактан кету, Иранға қатысты позицияларды жұмсарту Вашингтон «империялық асқын кернеу», неғұрлым бірқалыпты позицияға оралу және саяси пердені, риториканы экономикалық үрдістерге сәйкес келтіру фактісін мойындады» [204].

Осы жағдайда, бүгін АҚШ-тың жеке-дара 25 жылдық көшбасшылығының ғасыры аяқталғанын растайтын бағалар көбірек пайда болады. Көптеген сарапшылар бірнеше жаһандық ойыншылар: Біріккен Еуропа (ЕО), Қытай, Үндістан, Бразилия және Ресеймен көпполярлы әлем құру туралы айтады. АҚШ өзінің көшбасшылық позициясын сақтай отырып, тең мемлекеттер арасында бірінші ғана болады.

Жақын болашаққа қатысты басқа да бағалар бар. Олар әлем америкалық орталық болудан қытайлық орталық болып өзгереді деген болжамға негізделген. АҚШ ғасырының орнына Қытай ғасыры келеді. Алдағы 5-10 жыл ішінде Қытай АҚШ-ты қуып жетіп, әлемдік ұлы держава ретінде алдыңғы орынға ие болады деп болжануда.

Пікірлер - полярлы және олардың барлығында өз дәлелдері, күшті және осал тұстары бар. Әлем өзгеріп келеді, АҚШ-тың рөлі мен орны бұрынғыдай болмайды деген фактімен біреу дауласады деп ойламаймын. Алайда, мен әлі де АҚШ көшбасшылық етуінің таяп қалған ақыры мен Қытайдың дәуірлеуі, не көпполярлы әлемнің қалыптасуы туралы болжамдарға қатысты елеулі пессимизм білдіретін беделді сарапшылардың пікіріне бейіммін.

Осындай әлемдік сарапшылардың бірі «жұмсақ күш» (Soft Power) тұжырымдамасының авторы, Гарвард Кеннеди мектебінің профессоры, әлемдегі ең ықпалды және АҚШ-тағы Халықаралық қатынастар саласындағы ең ықпалды сарапшысы болып танылған Джозеф Най болып табылады.

Маған тірі аңызбен жеке танысудың, онымен әңгімелесудің, соның ішінде АҚШ-тың сыртқы саясаты туралы пікірін естудің бірегей мүмкіндігі бұйырды. Салиқалы жасына қарамастан, ол әлемдік алғысахнада, соның ішінде посткеңестік кеңістікте болған барлық оқиғаларға асқан қызығушылық танытады. АҚШ-тың сыртқы саясатының әдебі бойынша дәріс алған таныс балалар оның курсының басында болған күлкілі оқиғаны айтып берді. Бірінші таныстыру дәрісінде аудитория түсінікті себеппен студенттерге лық толып, бір жерде 60-70 студент жиналған, ал курстың лимиті 30 адамнан аспаған. Талай рет осындай аншлагтың куәсі болған Джозеф Най, қулығын асырып, өзінің талаптарын қойды, атап айтқанда, оның әрбір лекциясы алдында әртүрлі көздерден 100-150 беттен астам мәтін оқып, кез келген сұрақтарға жауап беруге дайын болу талап етілді. Екінші сабақта студенттердің жартысынан көбін жел ұшырып әкеткендей болған. Мен де оның пәнін алуды ойладым, бірақ мен үшін аса маңызды және ерекше қызықты дәрістерді таңдаудан кейін, мен алтын уақытымды бөлу мүмкіндігін бағалап, онымен тек жеке танысумен ғана шектелдім, бұл туралы, айтпақшы, кейіннен неше рет өкіндім. Джозеф Найдың «Америка ғасыры аяқталып келеді ме?» дейтін соңғы жұмыстарының бірін оқуым, «жіберіп алған дәрістердің» толық өтеуі болған жоқ шығар, бірақ мен

үшін АҚШ-тың болашағы мен осы елдің өзгермелі әлемдегі орнын түсінудің бастауы болды.

Бұл сырттай әңгімені бастау алдында, профессор Най «жалғыз ұлы держава болу нені білдіреді, державалық параметрлер нақты неден тұрады?» дегенді түсініп алу артық болмас еді...» деп айтуы мүмкін еді.

Оның пікірінше, «...егер жаһандық ұлы державаларды анықтау критерийлерін негізге алатын болсақ, бүгінде әлемде тек АҚШ-тың ғана ұлы державаға тән барлық сипаттамалары бар: жеткілікті экономикалық, әскери, ғылыми, демографиялық, сондай-ақ мәдени қуатты. Бұл рөлге басқа нақты үміткер мемлекеттер, атап айтқанда: Қытай, Үндістан, Германия, Ұлыбритания, Жапония және Ресей – қандай да бір параметрлер бойынша АҚШ-тан айтарлықтай кейін қалады. Мәселен, Қытай, Үндістан, Жапония және еуропалық елдер ғылыми және әскери салаларда артта қалады. Ресей экономикалық, ғылыми және демографиялық әлеуеті жағынан айтарлықтай артта қалып отыр. Жоғарыда аталған ұлы державаға тән сипаттамаға толықтай сәйкес келетін АҚШ ғана» [205].

Джозеф Найддың пікірінше, бүгінгі таңда қандай да бір басқа мемлекет қарсы шығып және АҚШ-тың орташа мерзімдік перспективада жалғыз ұлы держава ретіндегі орнын басуға дайын деп айтуға ешқандай негіз жоқ. Бірақ Най және басқа да зерттеушілердің пікірінше, стратегиялық көріністе америкалық көшбасшылыққа жүйелі бәсекелес бола алатын жалғыз мемлекет Қытай болып табылады.

Шын мәнінде, көптеген фактілер Қытайдың пайдасына айтылады. ҚХР даму қарқыны - әсерлі және бүгінгі таңда

Бірқатар негізгі параметрлер бойынша Қытай әлемдік көшбасшылықтағы АҚШ-тың жүйелік оппоненті болуға қабілетті жалғыз ел болып табылады. 2014 жылы Қытай валюта сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша есептелетін ЖІӨ бойынша АҚШ-ты басып озды. 2026 жылға дейін ҚХР номиналды ЖІӨ бойынша да АҚШ-ты басып озады деп күтіледі және 2025 жылға қарай әлемдік экономикадағы АҚШ-тың үлесі 14,9%-ға дейін төмендейді деп күтілуде, ал Қытайдың үлесі 17,2% деңгейінде болжануда. 2050 жылға қарай Қытай өз экономикасын қазіргі 10,3 триллионнан 105,9 триллион долларға 10 есеге дейін ұлғайтады. АҚШ экономикасы сол кезеңде төрт есе ғана өседі – 17,4-тен 70,9 триллион долларға дейін. Бұл жағдайда 140 жыл ішінде алғаш рет жаһандық экономикалық көшбасшының ауысуы болмақ!

Бірақ барлығы осылай жатық және біркелкі ме? Осынау «зор цифрлар» астарында қандай нақты шындық бар? «XXI ғасыр Қытай ғасыры» деген тарихшы Нэйл Фергюсон шын мәнінде дұрыс болжам жасады ма?».

АҚШ, Қытай, Жапония, Ресей және еуропа елдерінің әртүрлі даму параметрлеріне толық салыстырмалы талдау жүргізген америкалық, ресейлік, еуропалық сарапшылардың көптеген зерттеулерін жинақтап [207], мынадай негізгі 8 қорытындыға келуге болады:

Біріншіден, соңғы жылдары ҚХР ЖІӨ баяулап келеді – егер 2010 жылы Қытайдың экономикалық өсімі 10,4%-ды құраса, 2011 жылы ол 9,2%-ға дейін, 2012 жылы 7,8%-ға дейін, 2016 жылы 7,7%-ға дейін төмендеді, ал 2019 жылы 6,1%-ға дейін «күлады». Қазіргі уақытта экономистер

ҚХР-ның 23 триллион долларды құрайтын мемлекеттік қарызы қауіптенеді. Салыстыру үшін, АҚШ мемлекеттік қарызы - 17,6 триллион доллар. Қытайдың қарқынды өсіп келе жатқан қарызы – бұл жақында ғана екі таңбалы сандармен көрсетіліп, ал қазір құлдырауға бара жатқан жедел экономикалық өсім үшін жазасы, сондай-ақ сарапшылар Қытай билігі үміттенетін ЖІӨ-нің 7,5%-ға қол жеткізілмеуі мүмкін.

Екіншіден, егер Қытай номиналды ЖІӨ бойынша АҚШ-тан асып түссе де, жан басына шаққандағы ЖІӨ есебінде Қытай (11 868 доллар) Құрама Штаттарды (2014 жылға 54 000 доллар) тағы бірнеше онжылдықтар бойы қуалауына турал келеді, әуелі бұл мүмкін болса!

БҰҰ әзірлеген жаңа статистика ЖІӨ Қытайдың нақты қуатын қаншалықты көпіртіп жібергенін анықтауға мүмкіндік береді. «Инклюзивті байлық» индексі активтерді үш салада бағалайды: 1) өндірістік капитал (жолдар, ғимараттар, құрал-жабдықтар); 2) адами капитал (дағдылар, білім беру, денсаулық сақтау); 3) табиғи капитал (пайдалы қазбалар, экожүйе, атмосфера). АҚШ-тың инклюзивті байлығы жиынтығында 144 триллион долларға бағалануда – ҚХР-ның 32 триллион доллар көрсеткішінен 4,5 есе жоғары.

Американың әлемдегі экономикалық рөлін сипаттау үшін АҚШ-тың 17,4 триллион долларды немесе әлемдік ЖІӨ-нің 22,3% бөлігін құрайтын номиналды ішкі жалпы өнімнің (ЖІӨ) мөлшері бойынша көшбасшы болып табылатынын растайтын деректер жеткіліксіз. Бұл көрсеткішке америкалық трансұлттық корпорациялар өздерінің шетелдік кәсіпорындарында АҚШ-тың ЖІӨ көлемінің шамамен 1/3

бөлігін құрайтын өнім көлемін шығаратынын қосу керек. Сондықтан, егер ЖІӨ есебінсіз, ұлттық компаниялардың шетелдік өндірісін қамтитын жалпы ұлттық өнімді (ЖҰӨ) есептесек, онда АҚШ-тың әлемдік ЖҰӨ-дегі үлесі шамамен 28%-ды құрайды. Экономикалық өсу қарқыны бойынша америка экономикасы басқа ірі дамыған елдерден едәуір озды және соңғы он бес жыл ішінде орташа есеппен жылына 2%-ға ұлғайып келеді, ал ЕО мен Жапония экономикасы ара-тұра тұрақты рецессияны бастан өткереді.

Үшіншіден, АҚШ-тан технологиялық артта қалуы Қытай экономикасының осал тұсы болып табылады.

Қытай «әлемдік фабрика» болды, бірақ әзірге «инновациялар мен жаңа технологиялар фабрикасы» болған жоқ. Бір жағынан, Қытай басшылығы технологиялық серпіліссіз әлемдік ұлы держава мәртебесіне қол жеткізу туралы айту мүмкін емес екенін және қуып жетуші, еліктеуші серіктес рөлінде қалып қою мүмкін екенін түсінеді. Қытай дамуының «Қытайда шығарылды – 2025» жалпы жаңа стратегиясы аясында ҚХР соңғы 7-8 жылда жаңа технологияларға, кадрларға, құзыреттілікке, инфрақұрылымға барынша белсенді инвестиция салады. Қорытынды ретінде, Қытай бүгінгі күні технологиялар саласында тіркелетін патенттер санының көрсеткіші және жоғары технологияларға абсолюттік қаржыландыру, қолдану саласы және т.б. бойынша әлемдік көшбасшы. «Әсіресе, бұл жаңа цифрлық технологиялар мысалында (жасанды санадан 5G-ға дейін) байқалады: АҚШ миллиард салған жерде, Қытай ондаған миллиард инвестиция салды. Классикалық мысал - Қытайда Америкаға қарағанда жақсы дамыған интернет-қаржы және

онлайн сауда. Бастапқы себеп - дәстүрлі қаржы және ритейл нарықтары ҚХР-да жылдам байып келе жатқан тұтынушылар талап еткендей жылдам дамыған жоқ, ал цифрлық технологиялар Қытай нарығына сол кездегі шектеулерді еңсеруге көмектесті». [208].

Сонымен қатар, фабрика елінен инновация мен жоғары технологиялық идеялар туылатын елге дейінгі жол күрделі және ұзақ, 2025 жылдан әлдеқайда ұзақ болады, тіпті 2050 жылды болжауға батылым жетеді. Қытайдың басты проблемалары оның қоғамдық-экономикалық құрылымында жатыр, онда нарықты реттеудегі партия-мемлекеттің рөлі өте жоғары, мемлекет тарапынан гипербақылау, капитал қозғалысын, ой еркіндігін шектеу және т.б.

АҚШ 2013 жылы 128 миллиард долларды қамтамасыз еткен инновациялар бойынша әлемде көшбасшы болып отыр, ал Қытай тек 1 миллиард доллар ғана алды.

Бүгінде қытай экспортының 50%-дан артық бөлігі «өңделме экономикаға» тиесілі, яғни компоненттер алдымен жинау үшін импортталады, содан кейін экспортқа шығады. Бір жағынан, бұл - барлық америкалықтар мен өндірісі дамушы елдерге «ағылып кеткен» басқа да жоғары дамыған елдердің тұрғындарын үрейлендіретін жағдайлардың бірі.

Америкалықтар, әсіресе өндірісте жұмыспен қамтылғандар жұмыссыздық пен «ақшаның ағып кетуі» үшін ыза болады. Бірақ, объективті талдау өндірістің кетуімен байланысты жұмыссыздық экономиканың басқа жоғары технологиялық сервистік салаларымен оңай асып өтеліп жатқанын көрсетеді, ал өндірістен түсетін табысқа

келетін болсақ, тауарлар мен қызметтер өндірісі тізбегінде басты пайданы процестің басында тұрғандар, идея мен инновацияларды сататын тарап алатыны белгілі. Азия өндірісін Қытайға ұқсас елдер жеткізушілер желісінің маңызды бөлігі болып табылатын жаһандық экономика контекстінде қараған жөн, дегенмен тек бір бөлігі ретінде ғана.

Тамаша бір мысал – бұл iPod: ол негізінен Құрама Штаттар аймағынан тыс шығарылады, бірақ қосылған құнның басым бөлігін Калифорниядағы Apple Inc. алып отырады. Компанияның 299 доллар тұратын 30 гигабайтты iPod сатудан түсетін брутто-табысы (2007 жылдың соңында) 80 долларды құрады. Оның 224 доллар тұратын есептік көтерме бағасынан түскен табысы 36 пайызды құрады. (Егер тауар Apple Inc. компаниясының фирмалық дүкенінде сатылған болса, көтерме пайданы қосып есептеңіз). Өнім компоненттерінің жалпы құны 144 доллар болды. Қытайлық өндірушілер өз бұйымдарының құнынан бірнеше пайызы көлемінде маржаны ғана алады.

АҚШ әлемдік технологиялық көшбасшылықты сақтап қана қоймай, сыни технологиялардың жартысына жуығын бақылап қана қоймай, бірінші болып жаңа, алтыншы технологиялық тәртіпке көшеді деп күтілуде. Бұл елге ҒЗТҚЖ бойынша барлық әлемдік шығыстардың 27%-ы тиесілі, ал барлық еуропалық елдерге жиынтығында тек 22% бөлігі тиесілі.

Бұдан басқа, АҚШ – өндірісті озық роботтандыру және 3Д-технологияларды жаппай қолдануды көздейтін төртінші өнеркәсіптік революция процесін жүргізуде, бұл өндірістің өнімділігін 30%-ға арттырады. Бұл химиялық,

болат, аэроғарыштық және басқа да өнеркәсіп салаларын түбегейлі қайта құруға әкеледі. Төртінші өнеркәсіптік революция азайып кететін өндіріс түрлерін өзгертіп қана қоймай, тұтынушылардың жеке талғамына бейімделген болады, сондай-ақ жаһандық сауда ағындарына сыни әсер етеді.

Өнеркәсіптік құрылысты оқшаулау және аймақтандыру болады. Батыс Батыспен, ал Шығыс Шығыспен көбірек сауда жасайтын болады.

Осыған байланысты, АҚШ әлемнің үшінші елдерінен, атап айтқанда, Қытайдан өнеркәсіптік өндірісті белсенді түрде қайтаруды бастады. Себебі өндіріс құнын теңестіру болып табылады – 2018 жылы АҚШ пен Қытайда өнімнің өзіндік құны өнеркәсіптің көптеген салаларында теңеседі деп күтілуде. АҚШ-та «АҚШ-та шығарылған» (Made in USA) брендiне бетбұрыс ұран болады.

Төртіншіден, егер Қытай мен Ресейде АҚШ-тан технологиялық артта қалуда алшақтық едәуір болса, мысалы, Германия мен Ұлыбритания сияқты Еуропа елдерінде осындай артта қалу ең аз немесе мүлдем жоқ.

Алайда Еуропа алдында АҚШ басқа маңызды артықшылықтарға ие, ең алдымен демографиялық. Америкалық кәсіпкерлік институтының ғалымы Николас Эберштадт «2030 жылға қарай АҚШ халқының саны 65 миллионға өседі, ал Еуропада бұл көрсеткіш «негізінен өзгеріссіз» қалады деп болжайды. «Эберштадт пікірінше, Еуропада 15 жастан кіші балаларға қарағанда, 65 жастан асқар қарттар саны екі есе көп болады. Болашақта бұл апатты салдарға әкеледі. Бұл, ең алдымен, еңбек ресурстарының қысқаруы және еуропа елдерінің экономикасына зейнетақы

төлемдерінің үлкен ауыртпалығы» [209].

АҚШ халқының өсуі негізінен иммиграция есебінен, соның ішінде жоғары білікті, яғни әлемнің барлық түкпірлерінен АҚШ-та білім алатын шетелдік студенттер мен ғылыми қызметкерлер есебінен болады. Американың инновация саласындағы артықшылығы - бұл, ең алдымен, иммиграция өнімі. 2010 жылға қарай барлық салалардағы докторлық дәреженің 50%-дан артық бөлігін АҚШ-та білім алатын шетелдіктер алады. Ғылымда бұл сан 75%-ға жақындайды. Силикон алқабындағы жаңа компаниялардың жартысында бір иммигрант немесе бірінші буындағы америкалық құрылтайшы бар, ал АҚШ-тың ең бай 500 компаниясынан 40% бөлігін иммигранттар немесе олардың балалары негізін қалаған. АҚШ-та еңбек өнімділігінің жуырда өсуі, нанотехнологиялар мен биотехнологиялардағы біріншілік, елдің өз болашағын ойлап табу қабілеті - осының бәрі иммиграциялық саясатқа негізделеді.

Бесіншіден, Қытай Парсы шығанағы елдерінен айтарлықтай энергетикалық тәуелділікте болса, АҚШ соңғы онжылдықта «тақтатас революциясын» жасады. АҚШ Энергетика министрлігі тақтатас энергиясының жаңартылатын көздері мұнай және газбен бірге АҚШ-ты энергетикалық тәуелсіздіктің 2 ғасырға жуық қамтамасыз ететінін бағалайды. Бұдан басқа, қазір АҚШ импорттаушыдан Солтүстік Америкадағы сұйылтылған газды экспорттаушыға айналып келе жатыр.

Арзан энергетика америкалық экономикаға өнеркәсіпте, әсіресе химиялық, алюминий, болат және т.б. қуатты серпін береді.

Жақын онжылдықта тақтатас революциясы АҚШ-ты энергетикалық тәуелділіктен толығымен арылтады және импорт пайдасына ойысқан сауда балансын толығымен теңестіруге көмектеседі. Жаңа технологиялар ОПЕК ұйымының «қара алтын» бағасына бақылау жүргізуін әлсіретеді, бұл мұнай бағасының төмендеуіне және мұнай мен газ экспортына тәуелді елдердің экономикасына аса жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін. 2029 жылы мұнайға деген сұраныс өзінің шыңына жетеді, одан кейін қалпына келтірілмейтін төмендеу болады деп болжануда. Ол уақытқа дейін электромобильдер үлесі тоқтаусыз өсетін болады. Мұнай қажет болмай қалады. Бұл барлық мұнай өндіруші елдерге өзгеру керек деген маңызды дабыл.

Алтыншыдан, жаһандық көшбасшылық тұрғысынан алғанда, экономикалық әлеуетті әскери күшке айналдыру қабілеті түбегейлі мәселе болып табылады.

Егер осындай қабілетті қамтамасыз ететін жүйелердің 14 санатын бағаласақ (атомдық соққы беретін сүнгуір қайықтарынан спутниктер мен тасымалдаушы ұшақтарға дейін), барлық салаларда АҚШ айқын басымдыққа ие. Бүгінде АҚШ-тың әскери шығындары (607 миллиард доллар) келесі үздік 8 елдің жиынтық әскери шығындарынан асып түседі. АҚШ теңіз күштері көлемі бойынша келесі 17 елге тең, америкалықтар әуеде, ғарышта және киберкеңістікте басымдыққа ие. Қытайға жалпы артықшылықты айтпағанда, шептердің бірінде осындай қуатқа жақындау үшін көптеген онжылдықтар қажет.

Мысалы, Қытайдың әлі күнге дейін қайыққа қарсы заманауи қаруы жоқ. ҚХР шуыл деңгейі бойынша 1950

жылдардағы үлгідегі америкалық сүңгуір қайықтарға сәйкес келетін атомдық соққы беретін сүңгуір қайықтарды енді ғана жасай бастады, ал АҚШ 60 жыл мен жүздеген миллиард доллар жұмсап, Virginia класындағы аса озық сүңгуір қайықтар әзірленді, олардың абсолютті шуылсыздығына қол жеткізді.

АҚШ қуатты ғылыми-өнеркәсіптік база құрды. Бүгінде АҚШ жыл сайын ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге шамамен 80 миллиард доллар жұмсайды, Қытайға қарағанда 13 есе көп, сондықтан да алшақтықты қысқарту үшін жылдам ілгерілеудің өзі жеткіліксіз.

Жетіншіден, соңғы жылдары планетамыздың барлық негізгі аймақтарында дерлік АҚШ позициясы әлсіреп жатқан жоқ, керісінше, айтарлықтай күшейіп келеді. АҚШ Қытайға онымен көршілес Азия мемлекеттерінің көпшілігін қарсы қоя алды және 2011 жылы жарияланған «тіректер саясаты» шеңберінде өз қарым-қатынасын нығайтып, аймақта өз қатысуын күшейте алды. Филиппин, Вьетнам, Тайвань, Индонезия, Малайзия, Бруней, Оңтүстік Корея, Жапония және Үндістан сияқты елдер мен аумақтар Қытай қуаты мен Шығыс Азиядағы ықпалы күшейеді деп қауіптенеді, осыған байланысты АҚШ-пен әріптестік олар үшін стратегиялық сипатқа ие. Сонымен қатар, Қытайдың мүмкіндіктері кем дегенде осы кезеңде АҚШ-тың Шығыс Азиядағы саясатына тиімді қарсы тұру үшін жеткіліксіз.

АҚШ-та бұрыннан құрылған альянстардың жаһандық желісінің болуы фактісі Қытайға пайда келтірмейді. Вашингтон көп жағдайда одақтастардың аумақтарындағы әскери базалардың және жоғары технологиялық қаруды

бірлесіп әзірлеудің арқасында айтарлықтай аз шығынмен (ЖІӨ-ден 3%) жаһандық әскери әлеуетті қолдай алады. Әлемде ЖІӨ деңгейі бойынша үшінші және төртінші орын алатын мемлекеттер - Жапония мен Германия АҚШ тарапынан тікелей әскери бақылауда – Жапонияда 113, Германияда – 174 америкалық базалар орналасқан.

АҚШ одақтастарының тізімі әлемнің ең дамыған және үлкен экономикаларын (ЕО, Жапония, Аустралия, Үндістан) және әлемнің ондаған елдерінің 240 мың әскери қызметшілерін қамтиды, ал Қытайдың жалғыз сенімді одақтасы – көмегіне қарағанда проблемалары көп Солтүстік Корея және негізінен БҰҰ бітімгершілік миссияларымен жүретін бірнеше мың қытайлық әскерилер. Соңғы жылдары Қытай көршілес Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне ықпалы үшін күресте АҚШ-пен бәсекелестікте жеңіліс тапты.

Сегізіншіден, жаһандық көшбасшылық әлеуметтік-мәдени тұрғыда ұлы державаны дамыту моделінің тартымдылығын болжайды. Қытай даму моделі, оның барлық мәдени байлығы мен көп ғасырлық тарихы бар америкалық модельден айтарлықтай кейін қалып тұр.

АҚШ-тың жұмсақ күші барлық үш бағыт бойынша: 1) сөз бостандығына және адам құқығына негізделген саясиқұндылықтар, 2) америкалық поп-мәдениет, Голливуд, беделді университеттер (әлемнің 20 үздік университетінен 17), ағылшын тілінің жаһандық үстемдігі және 3) тиімді дәстүрлі және қоғамдық дипломатия енді дамып келе жатқан қытайлықтан асып түседі. Қытай жұмсақ күшінің әлеуеті өсуде, соның ішінде қытай тілін (Конфуций институттарын), инвестицияларды танымал ету арқылы, бірақ

ол Азия, Африка және Латын Америкасының бірқатар елдеріне шектелген, ал АҚШ-тың жұмсақ күші бүкіл әлемді қамтиды.

Сонымен қатар, Трамп әкімшілігінің халықаралық көмекті қысқарту және қорғаныс бюджетін 54 миллиард долларға ұлғайту жөніндегі жоспарлары АҚШ-тың саяси және академиялық орталарында елеулі сын тудырды. Олардың пікірінше, қатаң күштің есебінен жұмсақ күштің нашарлауы, денсаулық сақтау, білім беру және гуманитарлық көмекті қаржыландыру бойынша әлемнің ең кедей аймақтарында үлкен проблемаларға алып келуі мүмкін. Бұл жағдайда АҚШ ақпараттық технологиялар ғасырында соғыстағы жауынгерлік шығындармен тең күшті имидждік шығындарға тап болуы мүмкін. Бүгінгі таңда АҚШ-тың күші әлемнің ең қуатты әскерін иелену ғана емес, әлемдік дамуға жәрдемдесетін жетекші мемлекет ретінде оның жұмсақ күші болып табылады.

Осылайша, жалпы Джозеф Най және басқа сарапшылардың АҚШ ғасырының аяқталмағанына қатысты пікірімен жалпы келісуге болады. Жаңа әлемдік көшбасшылыққа басты үміткер – Қытай – шынайы көшбасшылықты анықтайтын бірқатар негізгі параметрлер бойынша АҚШ-тан айтарлықтай артта қалған, ал Құрама Штаттар - жаңа экономикалық және технологиялық өрлеу жолында. Әлемдегі АҚШ позициялары күшеюінің айқын үрдісі байқалуда. Бүгін әлемде АҚШ-тың қатысуынсыз шешілетін бірде-бір маңызды мәселесі жоқ.

Сонымен қатар, әлем өзгеріп, 15-20 жыл бойы жаһандық аренадағы күштердің тепе-теңдігін өзгертетін елеулі

өзгерістер болатыны анық. АҚШ Барлау жөніндегі ұлттық кеңесінің деректері бойынша 2030 жылға қарай бірде-бір ел, ол АҚШ, Қытай немесе кез келген басқа ел болсын, гегемон рөлінде әрекет ете алмайды. АҚШ тең мемлекеттер арасында бірінші болып қалады, бірақ біржақты көшбасшы болмайды. Азия елдерінің жиынтық әсері АҚШ пен Еуропаның бірге алғандағы күшіне қарағанда салмақты болады.

Джозеф Най әлем америкалықтан кейінгі дәуірге кірмейді дегенімен, ХХІ ғасырда Америка ғасырының жалғасы ХХ ғасырдағыдай болмайды. Жалпы алғанда, әлем Қытай әлеміне де, Үндістан әлеміне де, кез келген басқа елдің әлеміне қарай да жылжып бара жатқан жоқ. Сарапшылар, оның пікірінше, жеке полярлы және көп полярлы әлем туралы клишелер қолдануды тоқтатуы тиіс, өйткені біз бір уақытта екі өлшемде өмір сүретін боламыз. ХХІ ғасырда Америка гегемон да, басым ойыншы да емес. АҚШ рөлі - көшбасшы болу және басқаларды тыңдау арқылы, бұрынғы Мемлекеттік хатшы Хиллари Клинтонның айтуынша, олардың «мульти-серіктес әлемде» қолдауына ие болуы тиіс.

Басқа елдердің экономикалық және технологиялық өсуі АҚШ-тың әлемдік ЖІӨ үлесінің бір бөлігінен айырылатынын білдіреді, бірақ бұл процесс инновацияларда, энергетикада және кәсіпкерлікте жетекші позицияларын жоғалтып алған ХХ ғасырдағы Британияның құлдырауына ұқсамайды. Америка пәрменді және қуатты экономиканы сақтап қалады, өзіне қатысты сын-тегеуріндерді еңсеруге шамасы келіп тұрғанда ғылым, технологиялар және өнердегі кейінгі барлық революциялардың алғы шебінде қала береді.

Құрама Штаттар Қытайдың және әлемдік күштің басқа да жаңа орталықтарының көтерілуіне кедергі бола алмайды, бірақ олар АҚШ-тың серіктестерімен соңғы жүз жылдықта әзірлеген және шығарған ережелері мен институттары шеңберінде олардың қуатын қолдануға жәрдемдесетін болады. Бұдан басқа, АҚШ басқаларына қарсы бір көтерілетін әлемдік полності (Үндістан Қытайға қарсы және т.б.) қолдай отырып, қарсы теңгерімдер жүйесін одан әрі құрастыратын болады.

Осылайша, Құрама Штаттардың жаһандық жағдайы әлсіреуі мүмкін, бірақ олар көшбасшысы болып табылатын халықаралық жүйе, кем дегенде, ХХІ ғасырдың бірінші жартысында басым болып қала алады.

АҚШ-тың жетекші рөлін сақтауға басқа мемлекеттер, соның ішінде Ресей де, Қытай да мүдделі. Одақтас елдер америкалық базалар мен АҚШ-тың әскери көмегін сақтауға мүдделі, әлемнің көптеген елдері әлемдік валюта ретінде доллардың күшті позицияларына мүдделі және барлық дерлік елдер, әрине, америкалық бай нарыққа қол жеткізгісі келеді. АҚШ қазынашылық қағаздары Ресей мен Қытайды қоса алғанда, барлық елдер үшін ең сенімді инвестициялық құрал болып қала береді. Сондықтан АҚШ-тың әлемдік экономикадағы және халықаралық қауіпсіздік жүйесіндегі ерекше рөлі Вашингтонның қалауымен ғана емес, сонымен қатар халықаралық қатынастар жүйесінің барлық мүшелерінің практикалық мүдделерімен анықталады деп айтуға болады.

4.6 Вашингтонның Қазақстандағы мүддесі

Қазақстанның сыртқы саясатында АҚШ негізінен сауда-инвестициялық ынтымақтастық тұрғысынан ресейлік, қытайлық және еуропалық векторлардан кейін қалса да, стратегиялық маңызды орын алады. Бірақ үлкен геосаясат, Қазақстанның сыртқы саясатының көп векторлы міндеттері, Орталық Азия мен Ауғанстандағы қауіпсіздікті қолдау тұрғысынан, Вашингтонның аймақтағы рөлі өте жоғары.

АҚШ Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған (1991 жылғы 25 желтоқсан) және біздің елмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан алғашқы елдердің бірі (1991 жылғы 26 желтоқсан). Қазақстан мен АҚШ қарым-қатынасының үш онжылдыққа жуық шарықтауды да, қызығушылық төмендеген кезеңдерді де өткерді, бірақ, ең бастысы, сенім деңгейі әрқашан жоғары болды.

Екі жақты ынтымақтастықтың басты нүктесі – ядролық қару түрінде де, Семей полигонын оңалту түрінде де Қазақстанға КСРО-дан қалған ядролық мұра - айрықша маңызды және күрделі мәселе болды. «...1991 жылдың басындағы жағдай бойынша Қазақстан аумағында жаппай қырып-жою қаруының үлкен арсеналы болды, оған құрлықаралық баллистикалық ракеталар мен ауыр бомбалаушыларға арналған ядролық зарядтар үшін 1216 ядролық оқтықтар кірді. Қазақстан аумағындағы ядролық стратегиялық күштер кешені жаппай қырып-жою және ядролық зарядтарды жеткізудің барлық мүмкін болатын және ең заманауи құралдарын қамтыды» [209].

Бұл фактор Астана мен Вашингтонның қауіпсіздік,

экономикалық өзара іс-қимыл және инвестициялар мәселелерінің кең ауқымы бойынша одан әрі жемісті өзара іс-қимылы үшін негіз болды. АҚШ бастамасымен құрылған Нанна - Лугара бағдарламасы (екі америкалық сенаторлардың тегі бойынша) 1991 жылдан 2013 жылға дейін 22 жыл бойы қолданылды және жаппай қырып-жою қаруы мен ядролық материалдарды түпкілікті жоюды көздеді. Жалпы, АҚШ Қазақстанды ядролық қаруды таратпау және қарусыздану саласындағы қосқан үлесі үшін бағалайды.

XX ғасырдың 90-шы жылдары басындағы қарусыздану тарихы екі ел қарым-қатынасының ең маңызды сәттерінің бірі болды. Вашингтон үшін Қазақстан мен бүкіл Орталық Азия сыртқы саясаттың бірінші де, екінші де басымдықтарының қатарына кірмейді, бірақ үлкен геосаясат, АҚШ-тың Ресей, Қытай және ислам әлемімен қарым-қатынасы тұрғысынан алғанда, аймақтың маңызы арта түсуде. Егер Қытай өзінің «Бір белдеу - бір жол» мега-жобасын іске асыра алса, Азия – Еуропа негізгі транзиттік көпірі ретінде халықаралық қатынастардағы Орталық Азияның рөлі еселенуі мүмкін. Мұны АҚШ-та да түсінеді, бұл жобаға және ондағы аймақтың маңыздылығына қызығушылық танытады.

Жалпы алғанда, Қазақстан – АҚШ қарым-қатынастарының жай-күйін сипаттайтын және Вашингтон саясатының Қазақстан мен жалпы Орталық Азия аймағындағы бүкпе мәнін және болжалын түсінуге мүмкіндік беретін бірқатар маңызды тұстарын атап өтуге болады.

Біріншіден, «...АҚШ Қазақстан экономикасына басты инвесторлардың бірі болып қала береді: 2015 жылғы жағдай бойынша АҚШ-тан Қазақстанға тікелей инвестициялардың

жалпы ағыны 35,4 миллиард АҚШ долларын құрады. Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны құрылымында 1993 жылдан бастап АҚШ үлесіне 26 миллиард доллардан артық бөлігі тиесілі (жиынтық 195 миллиард доллардан). Қазақстан мен АҚШ арасындағы сауда көлемі 2016 жылы 1,4 миллиард долларды құрады. Америкалық инвестицияны салудың негізгі салалары – тау-кен өндіру, жылжымайтын мүлік, жалға беру және кәсіпорындарға қызмет көрсету, қаржы қызметі, кәсіби ұйымдар, қауымдастықтар мен бірлестіктер қызметі» [211].

Екіншіден, геосаясат тұрғысынан, Вашингтон үшін аймақ елдері және Қазақстанмен қарым-қатынас, атап айтқанда, Ресей және Қытаймен ынтымақтастық пен бәсекелестік, ауған мәселесі, иран мәселесі тұрғысынан маңызды. Дәл осы мәселелер кешенінде Орталық Азия аймағына қатысты Вашингтонның сыртқы саяси стратегиясы құрылады. Вашингтон үшін бұл мәселелер өзекті және маңызды болады, Орталық Азия аймағы да маңызды болады, ал Құрама Штаттардың, мысалы, Ауғанстанға қатысты өзектіліктің пен тартылу дәрежесінің төмендеуі, керісінше, тікелей болмаса да, аймаққа деген қызығушылықтың төмендеуіне әкеп соғады.

Үшіншіден, АҚШ-тың Қазақстан мен жалпы аймақтағы саясаты үшін тағы бір маңызды тұсы Кеңес одағын қалпына келтірудің кез келген формаларына қарсы тұру болды. XX ғасырдың 90-шы жылдары посткеңестік кеңістікте орнаған саяси және экономикалық хаостағы дамудың осындай сценарийін де ешкім жоққа шығара алмады. Сонымен қатар, 1996 жылғы президенттік жарыста Ресейдегі билікке

коммунистік күштер сенімді түрде жүрді, олардың келуі Кеңес Одағын реинкарнациялау мүмкіндігін күрт арттыратын еді, бұл ретте Қазақстан да, Ресей, Украина және Беларусь сияқты бұл одақтың өзегі болатын еді.

Әрине, АҚШ КСРО-ны қайтаруға жол бере алмады. Бұған қарсы іс-қимылдың ең пәрменді құралдарының бірі бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі демократия мен еркін сайлау идеяларын ілгерілету және бұрынғы коммунистік элиталарды батысшылдыққа ауыстыру болды. Посткеңестік кеңістікте демократияны ілгерілету АҚШ-тың жалпы жаһандық стратегиясына - либералды әлемдік тәртіпті құруға шынайы сәйкес келді.

Америка-қазақстандық қатынастар да 90-шы жылдары Қазақстанда АҚШ-пен демократия мен адам құқықтары саласындағы белсенді диалог құруды ту етті. Ресми Вашингтонның бағалауында Қазақстанның саяси дамуына қатысты «классикалық» сыни көзқарас сақталса да, ресми Вашингтон саяси реформаларды жасанды түрде жеделдету қаупін ескере отырып, Қазақстан үшін транзиттік кезеңнің қажеттілігін әрдайым түсінді.

Мәскеу (Еуразиялық экономикалық одақ) және Пекин («Бір белдеу – бір жол») жобаларына жауап ретінде Вашингтон өзінің «Үлкен Орталық Азия» аймақтық интеграция жобасын ұсынды, оның идеялық авторы Орталық Азия бойынша белгілі америкалық сарапшы Фредерик Стар болды. Бірақ Вашингтон өз мүддесіне қарай әрекет ете отырып, Орталық Азияның бес елінің интеграциялық жобасына Ауғанстанды да қосуды ұсынумен үлкен қателік жіберді. Ауғанстандағы соғыс және КСРО кезеңінде болған өркениеттік алшақтық

жағдайында Орталық Азия елдері үшін осы мемлекетпен оқшаулау режимін сақтау өте маңызды болды және солай болып қала береді.

Бұл жобаның келешегі жоқ екенін түсіне отырып, АҚШ «С5 + 1» - өңірдің бес мемлекетінің және АҚШ-тың сыртқы істер министрлері деп аталатын аймақ шеңберіндегі ынтымақтастықтың жаңа, табысты бастамасын ұсынды. Қазақстандағы АҚШ бойынша мамандардың бірі, ҚазҰУ профессоры Ф. Кукееваның пікірінше, «С5 + 1» бастамасының ықтимал нұсқаларының бірі ел басымдықтарын ауыстыруды, Қазақстанды бас серіктес ретінде таңдауды болжайтын «оффшорлық теңгерімдеу»; басқа сыртқы күштердің мүдделері мен мүмкіндіктерін мойындау; қауіпсіздік пен демократиялық құндылықтар арасындағы дұрыс теңгерімді іздеу; жағдайға әсер ететін қолда бар тетіктерді неғұрлым тиімді пайдалану болады» [212]. Әрине, осы маңызды бастаманы дамытудың негізгі серіктесті таңдау тұрғысынан да, күн тәртібі тұрғысынан да, оның ішінде Вашингтонның өз қызығушылығы төмендеуі тұрғысынан да басқа да нұсқалары да бар.

2000 жылдары Астана мен Вашингтон қатынастарындағы демократиялық риторика қауіпсіздік мәселелеріне жол берді. АҚШ-тың Ауғанстанда «Мызғымас бостандық» терроризмге қарсы операциясы басталды, Вашингтонға терроризммен күресте жаңа одақтастар шұғыл қажет болды. АҚШ-тың Ауғанстандағы соғысы Вашингтон үшін Орталық Азияның геостратегиялық тартымдылығын күрт арттырды. Қазақстан НАТО күштерінің, оның ішінде АҚШ-тың терроризмге қарсы соғысы үшін әскери емес және әскери жүктер

транзитіндегі маңызды элемент болды. Алматы әуежайы НАТО елдері авиациясының шұғыл қонуы үшін қосалқы болды. 2014 жылдан кейін АҚШ-тың Ауғанстанға әскери қатысуының түбегейлі төмендеуі АҚШ-тың Орталық Азиядағы белсенділігін де төмендетуі заңдылық.

Соңғы жылдары, әсіресе, Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылдың қаңтар айында АҚШ-қа көптен күткен сапарынан кейін және оның Д. Траппен, саясат және бизнес өкілдерімен кездесуінен кейін Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынас біршама жанданды. Негізгі сәттердің ішінде Қазақстаннан АҚШ-қа тікелей авиарейстерді іске қосу жоспарланып отырған «ашық аспан» туралы шартты, ҚР Ауыл шаруашылығын инвестициялауға америкалық компаниялардың қызығушылығы мен жоспарлары, АҚШ-тың Сириядан ҚР азаматтарын қайтаруға көмегін және т.б. атап өтуге болады.

Жалпы, әртүрлі елдердің қарым-қатынастары, оның ішінде АҚШ-пен қатынастар тақырыбын қозғаған кезде, басымдықтарымызды мұқият бағалау және құндылығымыз бен ынтымақтастық ауқымын асыра көрсетпеу өте маңызды. Мысалы, 90-шы жылдардың басында өңірдің жаңа елдерінің әлемдік державалармен, ең алдымен, АҚШ-пен қарым-қатынасын дамытуда энергетикаға үміт артылды. Орталық Азия әлемнің жаңа қоймасы ретінде аталды. Жыл өткен сайын аймақтың энергетикалық маңыздылығы асыра бағаланғаны анық көрінеді. Таяу Шығыс осы мәселеде Вашингтон үшін басты рөл ойнауын тоқтатпайды. Сонымен қатар, әлемдік энергия теңгерімінде күштерді орналастыруға айтарлықтай әсер еткен және ең бастысы –

АҚШ-тың энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз еткен АҚШ-тың өзіндегі тақтатас революциясы болды.

АҚШ үшін Қазақстан басымдықтар қатарына кірмесе де, біздің еліміз үшін АҚШ-пен қарым-қатынас аса маңызды болып қала береді. Ол үшін бірқатар себептер бар.

Біріншіден, АҚШ әлемдік жоғары держава ретінде басқа державалардың, ең алдымен Ресей мен Қытай аймақтарындағы ықпал етудің табиғи геосаяси теңгерімін қамтамасыз етеді және бұл Астананың көпвекторлы сыртқы саясаты тұжырымдамасына толық сәйкес келеді. Вашингтон болжамына сәйкес, Орталық Азияда бірде-бір держава монополиялық ықпал ете алмайды, ал аймақтың тағдыры Астанада, Ашхабадта, Бішкекте, Душанбе мен Ташкентте шешілуі тиіс деген көзқарасы Қазақстан мүддесіне толық сәйкес келеді.

